

С. Дәрібаев, Г. Орда, А. Сатылова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

8



Алматы «Мектеп» 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3(5Қаз)я72
Д21

Шартты белгілер:



Ойланайық



Талқылайық



Бағалап, салыстырайық



Оқырман күнделігі



Жас ғалым

Дәрібаев С., т.б.
Д21 **Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / С.Дәрібаев, Г.Орда, А.Сатылова. – Алматы: Мектеп, 2018. – 176 б., сур.

ISBN 978–601–07–0950–8

Д $\frac{4306020400-037}{404(05)-18}$ 15(1)-18

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3(5Қаз)я72

ISBN 978–601–07–0950–8

© Дәрібаев С., Орда Г.,
Сатылова А., 2018
© «Мектеп» баспасы, көркем
безендірілуі, 2018
Барлық құқықтары қорғалған
Басылғаннан мүлтіксіз нұсқасы
«Мектеп» баспасына тиесілі

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	4
I бөлім ДАНАНЫҢ СӨЗІ – АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ	6
Қорқыт	–
«Қорқыт ата кітабы» туралы	8
Қорқыт – күй атасы	9
«Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жыр» жөнінде	11
Бәмсі-Байрақтың алғашқы ерлігі	12
«Қорқыттың нақыл сөздері» туралы	18
Нақыл сөздер	–
Ахмет Ясауи	22
«Даналық кітабындағы» өмірдің мәні, ақиқат туралы тұжырымдар	23
Жыраулар поэзиясы	28
Ақтамберді жырау	29
«Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы	31
«Балаларыма өсет» толғауы	34
Шалқияз жырау	36
Би Темірге айтқан бірінші толғау	38
I бөлім бойынша бақылау жұмыстары	41
II бөлім КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ САРЫН	44
Мұрат Мөнкеұлы	–
«Үш қиян» толғауы	45
«Сарыарқа» толғауы	48
Шәкәрім Құдайбердіұлы	54
«Еңлік-Кебек» поэмасы	56
«Жастарға» өлеңі	65
II бөлім бойынша бақылау жұмыстары	69
III бөлім МАХАББАТ ПЕН АБЫРОЙ	72
Міржақып Дулатұлы	–
«Бакытсыз Жамал» романы	75
Бауыржан Момышұлы	86
«Үшқан ұя» повесі	88
Дулат Исабеков	95
«Өпке» драмасы	97
Мұқағали Мақатаев	104
«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы	105
III бөлім бойынша бақылау жұмыстары	114
IV бөлім ҚИЯЛ МЕН ШЫНДЫҚ	118
Тахауи Ахтанов	–
«Күй анызы» әңгімесі	120
Ғылыми-фантастикалық әңгімелер	129
Жүніс Сахиев	131
«Айдағы жасырынбақ» әңгімесі	133
«Дабыл» әңгімесі	138
Роза Мұқанова	156
«Мәңгілік бала бейне» әңгімесі	157
IV бөлім бойынша бақылау жұмыстары	168
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	170
Электрондық ресурстар	173

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында қазақ халқының ежелгі және орта ғасырлардағы әдеби жәдігерлері мен хандық дәуірдегі жыраулар мұрасының озық үлгілерімен танысасындар. Тамыры тереңде жатқан әдебиетіміз өзінің терең философиялық ой-тұжырымдарымен қазақ халқының жан азығына айналды.

«**Дананың сөзі – ақылдың көзі**» атты бірінші тарауда Қорқыт ата туралы аңыз-деректермен, Ахмет Ясауидың «Даналық кітабымен», Ақтамберді, Шалқияз жыраулардың толғауларымен танысасындар.

«**Көркем әдебиет және эпикалық сарын**» атты екінші тарауда Мұрат Мөнкеұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары өмір туралы таным-түсініктерінді қалыптастырады.

«**Махаббат пен абырой**» атты үшінші тарауда Міржәкып Дулатұлы, Бауыржан Момышұлы, Дулат Исабеков, Мұқағали Мақатаевтардың шығармалары арқылы ата-анаға, туған-туысқа, ел мен жерге, Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің ана сүті, әке тәрбиесі арқылы бойымызға даритынына куә боласындар.

«**Қиял мен шындық**» атты төртінші тарауда Тахауи Ахтанов, Жүніс Сахиев, Роза Мұқановалардың шығармалары арқылы табиғатты аялауды, қоршаған ортаны көздің карашығындай сақтауды үйренесіндер.

Тамырын халықтың бай ауыз әдебиетінен, сонау сақ-ғұн дәуіріндегі аңыз-әңгімелерден алатын бүгінгі қазақ әдебиеті – дәстүрі берік қалыптасқан, әлемдік әдебиетте өз орны бар әдебиет. Әр дәуірден алынған мұралар сөз өнерінің құдіретін ұқтырса, даналардан қалған асыл сөз сүйіп оқып шығармаларыңа айналады.


Сөз өнерінің табиғатын, ақын-жыраулардан мирас болған терме-толғаулар мен қисса-дастандарды, қаламгерлердің жазушылық шеберлігін түсіну – өзін білімді де білікті азаматтың қатарынан көргісі келетін кез келген жастың мақсаты. Әдебиет әлемінің көкжиегі шығарманың тақырыптық-идеялық және көркемдік ерекшеліктерін талдау, ондағы әр сөздің, әр кейіпкердің жан дүниесіне үнілу, ең бастысы қаламгердің жазу шеберлігін танып білу арқылы кенейе түсері анық. Сөз өнерінің ұлы құдіретін сезініп, көркем шығарманың ғажайып әлеміне ену мүмкіндіктерің зор болады деп сенеміз.

Оқулықтағы «**Сөз сандық**» айдарында бүгінде қолданыстан шығып қалған көне немесе сирек кездесетін сөздердің мағынасы берілген. «**Теория сандықшасы**» айдары әдебиеттану ғылымы термин сөздерінің мән-маңызын түсіндіруге негізделген. Ал «**Таным көкжиегі**» айдарында тақырыпқа байланысты оқушыларға керекті мағлұматтар ұсынылған.

Ғибратқа толы рухани мұраны оқуда өздеріне сәттілік тілейміз!

Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты.

Сергей Малов



I бөлім

ДАНАНЫҢ СӨЗІ – АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ

Халқымыздың даналық ой маржаны мен дүниетанымы – терең философиялық мәні бар асыл қазынамыз. Сақ, ғұн дәуірлерінен, халықтың ауыз әдебиетінен бастау алатын бай мұраларымызда ел мен жер тағдыры, ұрпақ тәрбиесі басты назарда болды. Сонау Күлтегін мен Тоныкөк, Қорқыт ата мен Баласағұн мақсат-мұраттарының ақын-жыраулар поэзиясымен үндес болуы – бүгінге дейін дәстүр сабақтастығының үзілмей келе жатқандығының дәлелі. Дүниеге келген перзенттің жақсы тәрбиеленіп, білім алуы және еліне пайдасы бар келелі іс тындыруы – сөз зергерлерінің мәңгілік арманы. Олар «Келер ұрпақ кім болмақ?», «Не істемек?» деген сауалдарға жауапты өмірдегі түрлі қисындармен түйіндеп, бабалар мұрасындағы ой-тұжырымдармен сабақтастықта қарастырады.

Ақын-жыраулар поэзиясы поэтикалық-көркемдік ерекшелігімен ғана емес, философиялық көзқарастары арқылы да ежелгі әдеби жәдігерлермен байланысып жатқанын аңғарамыз.

ҚОРҚЫТ

Қорқыт ата – барша түркі халықтарына ортақ аңызға айналған абыз жырау. Оның өмір сүрген уақыты туралы ғылымда әртүрлі тұжырымдар бар. Ғалымдардың көпшілігі Қорқыт X ғасырда Сырдария бойында өмір сүрген, оғыз-қыпшақ тайпасында дүниеге келген деген қорытынды жасайды.

Қорқыт дәуірі – ислам діні ілімінің қағидалары өмір салтына айнала бастаған кезең. Абыз картқа қатысты деректер ел аузында сақталған аңыздармен байланысты. Сол аңыздардың бірінде ол өмірге келерде қатты дауыл соғып, дала түнеріп, адамдар табиғатта болып жатқан құбылыстардан қатты қорқыпты деп баяндалады. Жер бетін үш күн, үш түн қараңғылық басыпты-мыс. Оның Қорқыт атануына да ел-жұртты үрейлендірген осы жағдай себеп болыпты делінеді. Сонымен бірге *Қорқыт* сөзінің этимологиясы *құтты адам, құт әкелетін адам* деп те айтылады.

Қорқыт ата – ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан тұлға. Ол өзінің даналығымен, шешендігімен ел билеген әмірлердің ақылшысы да болды. Аңыз бойынша Қорқыттың қайтыс болған жері – Сырдария өзенінің бойы.



Н.Сауытбеков. Қорқыт ата

Қорқыт атаға қатысты аңыздардың бірінде оның «мәңгілік өмір сүргің келсе, өлім туралы ойлама, оны ешқашан есіңе алма» деп аян алғаны туралы айтылады. Алайда бір баспақты қуып жүріп, «өлсем де қуып жетем» деп айтып қалған сәтінде оған әзірейіл жанын алуға келеді. Кеменгер қарт мәңгілік өмірді іздеу үшін ажалдан қашып, дүниенің төрт бұрышын кезеді. Алайда қайда барса да, алдынан көр қазып жатқан адамдарды көреді. «Кімнің көрін қазып жатырсындар?» деген сұрағына «Қорқыттың көрін қазудамыз» деген жауап алады. Тығырыққа тірелген Қорқыт баба өзінің атамекені Сырдария өзенінің бойына келеді. Дария бетіне желмаясының жабуын төсеп, қобызын тартады. Тіршілік несінің бәрі Қорқыт күйінің сазына құлақ түреді. Осылайша ажалды күй сазымен жолатпай, өмір жырын толғайды. Көп күндер артта қалады. Алайда бір сәт қалғып кеткенде, аңдыған ажал жылан бейнесінде келіп шағып алады. Бұл аңыз бүкіл адам баласының, түркі жұртының арман-мұратын бейнелейді және өмірді сүйеге, тек ілгі істер жасауға шақырады. Өмірден озса да, адамның артында тек жақсы амалдары, ізгі қасиеттері, өнері мен білімі мәңгілік жалғасады деген даналық тұжырым жасалады. Жан дүниесі таза, жүрегі иманмен нұрланған адам өмірінің әр сәті – мәңгіліктің темірказығы.



- ◆ Қорқыт ата кім болған?
- ◆ Қорқыт қай кезеңде өмір сүрген?
- ◆ *Қорқыт* сөзінің этимологиясы қандай мағына береді?



- ◆ Қорқыт ата өлімнен қашып құтыла алды ма?
- ◆ Қорқыт атаның өлімі неден болды? Басқаша болуы мүмкін бе еді? Сендер қалай ойлайсындар?
- ◆ Қорқыт ата туралы өздерін не білесіндер?

«Қорқыт ата кітабы» туралы

Абыз өмірінен дерек беретін құнды жәдігердің бірі – «Қорқыт ата кітабы». Жырдағы оқиғалар VIII–X ғасырларда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының өмірінен хабардар етеді. Қаһармандық эпостың ғажап үлгісі саналатын бұл кітапта Қорқыт ата ел басқарған көсем, әулие, жырау ретінде көрінеді. Жыр оқиғаларында Бәмсі-Байрақ, Қазан-Салор, Бисат, Байбөрі, Бану-Шешек және т.б. кейіпкерлер де кездеседі. Кітаптың екі түрлі нұсқасы бар. Оның бірі – Дрезден (Германия) нұсқасы, екіншісі – Ватикан (Италия) нұсқасы. Зерттеуші ғалымдар осы екі нұсқаның ішінде Дрезден нұсқасына ерекше тоқталған. Он екі жырдан тұратын нұсқа әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Жырды В.Бартольд, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, В.Жирмунский, Х.Көрұғлы, Ә.Марғұлан т.б. көрнекті ғалымдар зерттеп, бұл еңбектің адамзат мәдениеті үшін баға жетпес асыл қазына екендігін дәлелдеді. «Қорқыт ата кітабы» 1986 жылы көрнекті ғалымдар Ә.Қоңыратбаев пен М.Байділдаевтың аудармасымен қазақ тілінде жарияланды.

«Қорқыт ата кітабындағы» оқиғалар бізге проза түрінде жеткенмен, жырдың тілі, табиғаты поэзияға жақын, яғни бұл туынды дала поэзиясының үлгісі іспетті. Осы күнге дейін бұл шығарманы зерттеушілер жырдың табиғаты, оқиғалардың тарихи сипаты, уақыты туралы түрлі тұжырымдар жасап, «Оны кім жазды?» деген сауалға нақты жауап іздеп келеді. Орыс зерттеушісі В.Бартольд шығарманың жазылу кезеңін XI ғасырға әкеп тіресе, Э.Росси оны XV ғасырдан іздейді. Ал көрнекті ғалым Ә.Қоңыратбаев «шығарма авторы – халық» деген тұжырым жасады. Белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиев шығармадағы оқиғалар желісі, олардың өткен жері туралы: *«Қорқыт ата кітабы» он екі жырдың қосындысы десек, онда он шақты ғасыр ішінде өмір сүрген он шақты ру, тайпа, ұлыстардың өткен дәуіріне сай оқиғалар суреттеледі. Жыр оқиғасы әртүрлі жағрафиялық ортада өтеді... Соған қоса, біздіңше, «Қорқыт ата кітабына» енген әңгімелер бір кезде оғыздарға қараған өлкелерді жайлаған халықтардың ертегі-аңыздарынан алынып құрастырылған. Сондықтан «Қорқыт ата кітабын» бір ғана халық меншіктене алмайды. Онда қазіргі бірнеше түркі халықта рының үлесі бар»¹*, – деген қорытынды жасайды.

Қорқыт атаның өмір мен өлім, жан мен тән туралы тағылымдары кейін әл-Фараби, А.Ясауи, Абай, Шәкәрім еңбектерінде де жалғасын тапты.



- ◆ «Қорқыт ата кітабында» Қорқыт бейнесі қалай сипатталған?
- ◆ Жыр оқиғаларында кездесетін кейіпкерлерді атаңдар.

¹ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 2006.

- ♦ «Қорқыт ата кітабының» нұсқалары туралы айтып беріңдер.
- ♦ Жырды кімдер зерттеген? Қазақ тілінде қашан, қай ғалымдардың аудармасымен жарық көрді?



♦ Мәтінде берілген В.Бартольд, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, Х.Көрұғлы, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев пікірлерін түсініп оқып, қосымша ізденіп, өз қорытындыларыңды ұсынып көріңдер. Егер «Қорқыт ата кітабының» тарихы қызықтырса, әл-Фараби, А.Ясауи, Абай, Шәкәрім еңбектерін тауып оқыңдар.

Қорқыт – күй атасы

Қорқыт – түркі халықтарының саз өнерінің негізін қалаған тұлға. «Қорқыт ата жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден, ол – оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы баксы. Екіншіден, күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден, әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-мәдени мұра»¹.

Қазақ халқы «Күй атасы – Қорқыт» дейді. Қобыз аспабының шығу тарихы, қобызбен орындалған алғашқы күйлер де Қорқыт есімімен тікелей байланысты. М.Әуезов: «Қорқыт ата жұрттан безіп, айдалаға, табиғат аясына кетеді. Бірақ таулар да, жазықтар да, ормандар да оған өлім күтіп тұрғанын айтады. Содан қорқып, қарағайдан алғашқы қобызды жасап, жер бетінде бірінші болып күй тартады», – деп жазды.

Қорқыттың қобызды қалай жасағандығы туралы төмендегі жыр жолдарында былай баяндалады:

Қарағайдың түбінен	Шанақ қылған, қобызым.
Қайырып алған, қобызым.	Ортекенің мүйізін
Үйенкінің түбінен	Тиек қылған, қобызым.
Үйіріп алған, қобызым.	Бесті айғырдың құйрығын
Желмаяның терісін	Ішек қылған, қобызым...

Қорқыт атадан жеткен күйлердің бірі – «Ұшардың ұлуы». Аңызға сүйенсек, ерте заманда бір кісілердің үміт етіп отырған жалғыз ұлы қайтыс болады. Баласын жер қойнына тапсырған әке-шеше қайғы жамылады. Сол баласының күшік кезінен асыраған Ұшар атты иті бар екен. Бала қайтыс болғанда Ұшар да жоғалып кетеді. Бірде баланың анасы Ұшардың ұлыған даусын естіп, іздеп шығады. Осы кезде ана баласы жерленген төмпешіктің басында песін жоқтап, ұлып отырған Ұшарды көреді. Қорқыт ата осы көріністі қобыз үніне қосыпты.

Ел ішінде аңыз болып қалған «Башпай» атты күйдің тарихы былайша баяндалады: «Қорқыт ата өлімнен қашып, Сырдарияның үстінде қобзын тартып отырғанда, оған Ақтамақ атты қарындасы тамақ әкеп беріп тұрады. Қорқыт ата қарындасына қамқор болып қана қоймай, үлкен құрметпен, сыйластықпен қараған. Бірде қарындасы осылай

¹ Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6-том.



Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалды кешені

ас әкелгенде, алай-түлей толқын тұрып, байқаусызда оған ағасының башпайы тиіп кетіпті. Бұған қатты қысылған Қорқыт ата «Башпай» күйін тартыпты», – дейді. Қорқыт атаның бұдан басқа «Тарғыл тана», «Желмая», «Қорқыт» атты күйлері бар.

«Қорқыт ата кітабында»: «Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңірі зердесіне салған соң, оның болжамдары қатесіз болған... Оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсиетін (билігін) бұлжытпай орындаған», – деп баяндалады ¹. Жыр сюжеттеріне ел қамын ойлаған Қорқыт атаның даналығы, шешендігі, күйшілігі арқау болған.

Сырдария өзенінің бойында, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының орталығынан 18 шақырым жерде Қорқыт атаға арнап қобыз бейнесінде ескерткіш орнатылған. Ескерткіш авторлары – Б.Ыбыраев, С.Исатаев. Бұл ескерткіш қазіргі таңда туристер тамашалайтын тұтас мемориалды кешенге айналды.



- ◆ Қорқыт ата туралы аңыздағы үш түрлі өнер ерекшелігін атаңдар.
- ◆ Қорқыт туралы аңыз бен шындықтан қорытынды шығарыңдар.

Тұлға	Аңыз	Шындық	Қорытынды
Қорқыт			

¹ *Қорқыт ата*. Алматы: Жазушы, 1990.

- ♦ Мұхтар Әуезов Қорқыт ата туралы не деді?
- ♦ Қорқыттың күйлерін атаңдар.



♦ Қорқыт бабадан қалған қазақ халқының киелі қобызының бүтінгі тандағы қолданысы қандай?

♦ Ұлттық құндылықтарымыздың бірі болып табылатын ұлттық аспабымыз ұмыт болып бара жатқан жоқ па? Мәтінді оқып, салыстырмалы талдау жасаңдар.

♦ «РАФТ» әдісі бойынша хат жазыңдар: рөл – Қорқыт; аудитория – жастар; форма – хат; тақырып: «Ата малы нұл емес – баста ақыл болмаса».



♦ Қорқыт ата қобыз аспабын қандай заттардан жасаған? Қандай жан-жануарлардың терісін, мүйізін, құйрығын пайдаланған?

♦ Домбыра аспабын қандай заттардан жасайды? Айырмашылығы мен ұқсастықтарын төмендегі кестеге түсіріңдер.

Аспаптар	Айырмашылықтары	Ұқсастықтары
Қобыз		
Домбыра		

♦ «Қорқыт ата өмірде болған адам ба, әлде мифтік бейне ме?» тақырыбына дискуссивті эссе жазыңдар.



♦ Қазақ халқының көне аспаптарының бірі – қобыздың шығу тарихын қарастырыңдар. Оның халық мәдениетінен алатын орнына пайымдау жасаңдар.

«БАЙБӨРІ¹ БАЛАСЫ БӘМСІ-БАЙРАҚ ТУРАЛЫ ЖЫР» ЖӨНІНДЕ

Қорқыт есімі түркі тілді халықтардың барлығына бірдей ортақ.

Қорқыт ата кітабындағы «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жыр» оқиғасында туған жерге деген сүйіспеншілік, ата-анаға құрмет, махаббатқа адалдық, батырлық дәріптеледі. Ә.Қоңыратбаев «Бәмсі-Байрақ туралы жырды» оғыз-қыпшақ ұлысының ұйымдасу кезенін суреттейтін жырлар қатарында атайды. Жырдағы оқиға желісінің кей тұстары мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті (Бәмсі – Алпамыс, Бану-Шешек – Гүлбаршын, Жарташық – Ұлтанқұл т.б.) «Алпамыс батыр» жырымен мазмұндас. Сонымен бірге «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жырдағы» бір перзентке зар болу, бата тілеу, мүсәпірге көмектесу, той жасап қуанышын бөлісу, құдалық дәстүрі де қазақтың батырлық жырларында да жиі кездеседі.

Мысалы, бір перзентке зар болып жүрген Байбіжанның: «О, бектер, егер Көк Тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің баласына

¹ Мәтінде «Бай-бура» деп берілген.



Қорқыт ата кітабы.
Көне нұсқа

тамыр тартатынын аңғарамыз. Бәмсі-Байрақтың қайсар мінезі, туған жерін қорғауға қашанда дайын екендігі бүгінгі жас ұландарға үлгі-өнеге болары анық.



- ◆ «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жырының» мазмұны не туралы?
- ◆ Жыр оқиғалары қай батырлар жырымен мазмұндас?

Бәмсі-Байрақтың алғашқы ерлігі

Хан нем! Қам-Ғанұлы Баяндүр бір күні төсегінен тұрып, қара жерге өзінің ақ шатырын тіккізеді. «Төбесі көкке жеткен ала шатырлар тігілсін, оған мың жерден кілемдер төселсін», – деп бұйрық берді. Ішкі және тысқы оғыздардың барлық бектері Баяндүр хан тойына жиналды. Баяндүр хан тойына Байбөрі бек те келеді. Баяндүр ханның қарсы алдында найзасына сүйеніп Қара Көне баласы Қара Бодақ, он жағында Қазанның баласы Ораз, солында Қазылық Оғыз бектің баласы Иекенк тұрған еді. Мұны көргенде Байбөрі бектің көкірегі қарс айырылды. Өкіріп жылап, қолына орамалын алып, көздерін сүртті. Сонда бүкіл оғыз елінің тірегі, Баяндүр ханның күйеубаласы Қазан-Са лор тізерлеп отырып, Байбөрі бекке үніле қарады да: «О, Байбөрі бек, мұнша неге қайғырасың?» – деп сұрады. «Хан Қазан, қалай жылап, қайғырмасың? Басына менің тәжімді кнер ұл жоқ. Өкшемді басар іні жоқ. Мен құдайдың қарғысына ұшыраған жан болдым. О, бектерім, мен өзімнің тәжім мен тағымның камын жеп қайғырып отырмын. Күнім жетсе, бір күні

Тірек сөздер

- шатыр
- бұйрық
- қайғыру
- бесік құда
- оғыз елі
- гәуірлер
- садақ, шоқпар, су жылқысы
- сұлу жігіт
- сыйлық
- той қылу
- аты өзіне сай болу

өлемін. Өле қалсам, орныма, үйіме кім не болмақ?» – деді Байбөрі. «Бар тілегің сол ма?» – деді Қазан. Байбөрі оған: «Иә, бар тілегім сол, менің де ұлым болып, ол Баяндүр ханның алдында қызмет істеп тұрса, соны көріп мен де қуанышты болар едім, қайғым кетіп, мақтанар едім», – деді. Бұл сөзді есіткенде барлық оғыз елінің бектері қолдарын жайып, жүздерін көкке жая жалбарынып: «Тәңірі саған ұл берсін», – десті. Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, дұғасы қабыл болушы еді. Сол кезде перзентсіз Байбіжан орнынан тұрып: «Бектер, маған да бір тілек бата беріңдер, тәңірі маған да бір қыз берсе екен», – деді. Барлық оғыз елі қол жайып, оған да дұға оқыды. «Тәңірі жарылқаса, сен де қызды боларсың», – десті. «О, бектер, егер Көк Тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің баласына бесікте жатқанда қоссам деймін, осыған сіздер куәлік етіңіздер», – деді.

Күндерден күн өтіп, тәңірі Байбөріге ұл, Байбіжанға қыз берді. Мұны есіткенде бүкіл оғыз елі қуанып, той жасады. Байбөрі бек өзінің саудагерлерін шақырып алып, бұйрық берді: «О, саудагерлерім, тәңірі мені жарылқап ұл берді. Балам өскенше Рум еліне барып, соған жақсы



кару-жарақ әкеліндер», – деді. Саудагерлер жол шегіп Стамбұлға келді. Бағалы бұйымдар, оған жақсы тартулар сатып алды. Олар Байбөрі баласына бір теңіз жылқысын (су жылқысы), бір емен садақ, бір күрзі (шоқпар) сатып алды, сөйтіп еліне қайта тартты. Бұл уақытта Байбөрінің баласы бес жасқа толып еді. Одан соң ол онға, он беске толды. Өзі сұлу, жақсы жігіт болып өсті. Ерлігі қарақұсқа төнген бүркіт сияқты еді... Байбөрінің баласы атына мініп аңға шықты, аңдарды қуа-қуа ол әкесінің отардағы малдарына келді. Жылқышылардың бастығы оның алдынан шықты да, атынан түсіріп алып, қонақасы берді. Бұлар ішіп-жеп отырған кезде баяғы саудагерлер де еліне жетіп, қара сайға келіп түскен еді. Ннеті қара гәуірлер оларды Оник¹ камалында күтіп тұр еді. Саудагерлер ұйқыда жатқанда, бес жүз гәуір олардың қосына тиіп, дүншелерін тонап алды. Саудагерлердің үлкендері тұтқынға түсіп, кішілері оғыз еліне қарай қашты. Келсе, оғыз жерінің шегіне ала шатырлар тігілген екен, онда хан баласындай бір сұлу жігіт отыр, оны мен солында қырық жігіт. «Бұл оғыз елінің жақсы жігіті болар, соған барып көмек сұрайық», – десті олар. Саудагерлер оған келіп:

¹ Бұл – Басия аймағындағы қамал.

«О, жігіт, бек жігіт. Менің сөзіме құлақ сал, арызымды тында. Біздің сапар шегіп оғыз елінен кеткенімізге он алты жыл болыпты. Біздер оғыз бектеріне гәуірлер елінен сирек кездесетін қымбат заттар алып келе жатыр едік. Соңғы қонған жеріміз қара сайдағы Пасаң даласы¹ болған еді. Бізге Оник қамалында жатқан бес жүз гәуір шапқыншылық жасап, менің ағам солардың қолында кетті. Олар біздің алып келе жатқан барлық бұйымдарымызды тонап алды. Өзім қара басымды сақтап, осында келіп жеттім. О, жігіт, көмек көрсетіп, жаудан кегімді алып бер», – деді. Мұны естігенде жас батырдың сусын ішіп отырған алтын кесесі қолынан түсіп кетті. «Не айтып тұрсың? Сол жерге мені бастап алып жүріндер, жүйрік атымды ерттендер, жарак-жабдығымды түгелдеңдер, мені сүйетін жігіттер түгел атқа мінсін», – деді. Шешім осылай болды. Саудагерлер алға түсіп жол бастады. Гәуірлер бір жерге барып бас құрап, дүние бөлісіп жатыр екен. Солардың үстіне жас батыр, қанды соғыстың арыстаны, ерлердің жолбарысы келіп жетті. Екі ауыз сөзге келместен, ол гәуірлерге қылыш жұмсап, қырғидай тиді...

...үлкен ерлік көрсетіп, саудагерлердің тауарларын өздеріне алып берді. Сонда саудагерлер тұрып: «О, бек жігіт, сен бізге шын ерлерше көмек көрсеттің. Енді қосымызға барып, қалаған затыңнан сыйлық ал», – десті. Жігіттің көзі теңіз жылқысы шұбар айғырға, темірден соққан шокпарға, еменнен істелген садаққа түсті. Оған ұнағаны осы үш нәрсе болған еді. «О, көпестер, маған сыйлық бергілерің келсе, су жылқысын, анау садақ пен шокпарды беріндер», – деді бала. Бұған саудагерлер қиналып қалды. Сонда жігіт: «Неге ойланып қалдыңдар, көпестер? Әлде мен көбірек сұрадым ба?» – деді. Саудагерлердің бірі: «Әңгіме оның көп-аздығында емес. Бұл үш бұйым біздің еліміздің бегінің баласына әкеле жатқан тартулар еді», – деді. Сонда жігіт: «Ол қандай бектің баласы, білесіңдер ме?» – деп сұрады. Көпестер оған: «Ол – Байбөрінің баласы, аты Бәмсі болса керек», – деді. Көпестер өздерінің алдында тұрған жігіттің Байбөрі баласы екенін білмеуші еді. Жігіт үндемей, ішінен: «Бұл заттарды қарыздар болып көпестер қолынан алғанша, қарызсыз өз әкемнің қолынан алғаным дұрыс болар», – деген ойға келді. Сөйтті де, атына қамшы ұрып, жолға түсті. Көпестер оның артынан қарап тұрып: «Бұл тегін адам болмады, қайырымды батыр жігіт екен», – десті.

Жас жігіт үйіне келіп, әкесіне көпестердің келіп жеткенін айтты. Әкесі бұған қуаныш білдіріп, ақ шатырын орнатып, ақ отаулар тіккізді, оған жібек кілемдер төсетті. Сол кілемдердің үстімен ол төрге шықты да, баласын оң жағына отырғызды. Бала өзінің көпестерге қалай болысқанын, гәуірлердің қалайша қырғын тапқанын әкесіне айтпады. Сол кезде көпестер келіп, бастарын піп Байбөріге сәлем берді. Қараса,

¹ Басия аймағының бір жырасы.

баяғы жауды жеңіп, қан төккен жігіт Байбөрінің оң жағында отыр екен. Көпестер балаға жақындап келіп, оның қолынан сүйді. Бұған Байбөрі бек шамданып: «Шттен туған құрбандыққа жарамас» деген. Әкесінің қасында отырған баланың қолынан сүю көргенсіздік болады», – деді. Сонда көпестер: «Хан нем, бұл жігіт сіздің ұлыңыз ба еді?» – деп сұрады. «Иә, ол менің ұлым», – деді Байбөрі. Көпестер бұған таң болып: «Хан нем, мұны біз білгеніміз жоқ еді. Жақсы бопты. Егер біз оның қолынан сізден бұрын сүйіп алған болсақ, оны кешіріңіз, ашу қылмаңыз. Сіздің бұл ұлыңыз бізге болысып, ерлік көрсетпесе, әкеле жатқан тауарларыңыз Грузия жерінде қалған болар еді, біздің бәріміз тұтқында кеткен болар едік», – десті...

Байбөрі барлық оғыз елінің бектерін шақырып, той қылды. Сол тойға менің атам Қорқыт келіп, балаға ат қойды. Тойда отырып ол: «Сөз тыңда, Байбөрі бек! Тәңірі саған ұл берді, өмірі ұзақ болсын. Ол оғыздардың тірегі, ту ұстайтын батыры болсын. Басынан қар кетпейтін биік тауларға шығамын десе, ұлың соның ең биік құзына шығатын болсын. Ағысы қатты өзендерден өтемін десе, тәңірі оның жүзіп өтуіне жар болсын. Ұлың қара ормандай жау ортасына кірер болса, тәңірі оның ісіне сәт берсін. Ұлынның атын «Бамш» деп атап жүр едің, ендігі аты Бәмсі-Байрақ болсын, мінген аты «Байшұбар» деп аталсын. Менің қойған атым сол, тәңірі оның жұрымын берсін», – деді. Оғыз елінің бектері бұл билікке қол көтеріп, жақсы тілек білдірді. «Ұлынның аты өзіне сай болды, бақытты болсын», – деп бата берді...

Теория сандықшасы

САТИРА – әр дәуірдің өмір құбылыстарын немесе жекелеген кейіпкерлер бойындағы өрескел кемшіліктерді өткір сынап, мысқылмен бейнелеу. Ашы мысқылдан туатын, уытты күлкімен суреттеу қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алады. Бай ауыз әдебиеті мұраларында халықтың арман-тілектері мен мұн-мұқтаждарын жеткізетін Алдаркөсе, Қожанасыр, Таза бала тәрізді ұлттық кейіпкерлер бар. Алдаркөсе туралы аңыз-әңгімелерде ашы мысқыл мен уытты тіл басым болып отырады. Ал Қожанасыр туралы әңгімелерде юмор бірінші кезекке шықса, Таза бала туралы өтірік өлеңдерде әсірелеу басым. Бұл кейіпкерлер қашанда бұқара халықтың мақсат-мүдделерін жүзеге асырумен ерекшеленеді.

Сөз сандық

Әулие – бұл жерде: көріпкел, алдағыны болжағыш, адал, рухани таза адам.

Гәуірлер – 1) көне сөз: кәпір деген; 2) ауыспалы мағынада ұрсу сөзі.

Жәдігер – 1) ескерткіш, ғимарат, мұра; 2) жақсының көзі, тұяғы.

Мүсәпір – жоқшылық, кемтаршылық зардабын көп тартқан, өмірден таршылық көрген, бейшара күйге түскен адам.

Болысу – көмектесу, жәрдемдесу, қол ұшын беру.

Жұрым – көне сөз: жұлын, өмір. Бұл жерде: «жұрымын берсін» сөзі өмір берсін, ғұмырың ұзақ болсын деген.



- ◆ Жырдың сюжетін баяндаңдар.
- ◆ Шығармадағы негізгі ойды анықтаңдар.
- ◆ Бәмсіге әкесі Байбөрінің *тұлғар, садақ, шоқпар* беруінің мәнісі неде? Себебін түсіндіріңдер.
- ◆ Жырдағы Қорқыттың балаға бата беруін баяндаңдар.
- ◆ Кейіпкерлер бейнесіне сипаттама беріп, төмендегі үлгі кестені толтырыңдар.

Кейіпкерлер	Жырдағы бейнесіне сипаттама	Кейіпкердің іс-әрекетіне сипаттама
Байбөрі		

- ◆ Жырдағы сатиралық образдар – Қаршар мен суайт Жарташық бейнелерін хрестоматияда берілген мәтіннен тауып оқыңдар.
- ◆ Шығармадан батыр есімін «Бәмсі-Байрақ» атаған үзіндіні тауып оқыңдар. Бұған не себеп болды? Қазақ батырларының ішінде кімнің лақап атын білесіңдер?
- ◆ Батырларға лақап есімдердің қойылу себебін түсіндіріңдер. Мысал келтіріңдер.
- ◆ Кестені пайдаланып, жырдағы негізгі және жанама кейіпкерлердің шығармадағы орнына талдау жасаңдар.

Негізгі кейіпкер	Шығармадағы орны	Жанама кейіпкер	Шығармадағы орны

- ◆ Түсіндірме сөздікті пайдаланып, мұғалімнің көмегімен түсінуге қиын сөздердің анықтамаларын қамтитын глоссарий жасаңдар.



- ◆ Қалай ойлайсыңдар, жырда Қорқыт ата бейнесі қалай көрініс табады (ақылғой, дана, күйші)? Өз ұстанымдарыңды нақты дәлелдер арқылы жазыңдар. Қорқыттың жырдағы басқа кейіпкерлермен байланысы қандай?
- ◆ Жырдан мысал келтіре отырып, Қорқыт ата жырының батамен аяқталу себебін түсіндіріңдер.
- ◆ Сатиралық образ жасаудағы автор стиліне талдау жасаңдар.
- ◆ Жырда автор қолданған көркемдегіш құралдарға (тенеу, эпитет) талдау жасаңдар.
- ◆ Жырдан қандай өмірлік ұстаным шығардындар? Өз өмірлеріңе, іс-әрекеттеріңе септігін тигізетін қорытынды жасай алдыңдар ма? Сараптама жазыңдар.
- ◆ Жырдағы өздеріңе ұнаған оқиғаның суретін салыңдар.
- ◆ Қорқыт атаға «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жырдан» алған әсерлерің туралы өлең жазып көріңдер.



- ◆ Жырда қандай салт-дәстүрлер көрініс табады? Жырдағы салт-дәстүрлердің бүгінгі таңдағы көрінісі қандай? Салыстыра отырып, өз бағаларыңды беріңдер.
- ◆ Шығармада қандай материалдық құндылықтар кездеседі? Бұл құндылықтардың қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы қандай?
- ◆ Төменде берілген үлгі кестені пайдаланып, салыстыр у жұмысын жүргізіндер:



- а) жырдың сюжетін қазақ ертегілерімен салыстырыңдар. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жазыңдар;
- ә) батырлар жырын оқып, Қорқыт шығармасымен салыстыру жасаңдар. Қандай үндестік байқағандарыңды айтыңдар;
- б) Қорқыт ата жырын қазақ ертегілері және қазақ эпостарымен салыстырыңдар.

Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жыр	Қазақ ертегілері	Қазақ эпостары	Батырлар жыры
Ортақ үндестік			

♦ Жырдағы сатиралық бейнелерді батырлар жырындағы кейіпкерлермен салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын қарастырыңдар.

♦ Бәмсі батырдың ерлігі сендерге қандай ой салды? Тарихтағы қазақ батырларына тән қасиеттерді жинақтап, «Қазақтың батырлары» деген тақырыпта шығарма жазыңдар. Шығармаға күрделі жоспар құрыңдар.




♦ Жырда оғыздар туралы сөз болады. Олардың кім екенін тарихи тұрғыдан қарастырып, зерттеу жұмыстарын жүргізіңдер. Нәтижесін қысқаша баяндама түрінде жазыңдар.

«Қорқыт ата кітабы» туралы әдеби сын

«Қорқыт ата кітабын» сөз еткенде оны Қорқыт жайындағы ел аузында жүрген түрлі аңыздармен шатыстыруға болмайды. Ондай ертегілердің арғы тегі осы «Қорқыт ата кітабына» енген жырларға барып тірелетіні рас. Алайда бұл ертегілерде жырдың негізгі сюжеттері қамтылмай, көбіне Қорқыттың өз бейнесі айтылады. Мұндай ертегілер бойынша Қорқыт – ажалдан қашқан сәуегей, ұзан, жырау, қобызшы. Ал «Қорқыт ата кітабына» Қорқыттың өз образы емес, оның жырлаған дастандары енген. Мұнда ол белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүрген адам ретінде суреттелген. Қорқыт – жырлардың төтелей қаһарманы емес, тек айтушысы, оғыздар заманындағы эпостық жырдың атасы. Қазақ арасындағы Қорқыт жайындағы аңыздардың бірқатары оның жәдігеріне байланысты туған сияқты.

Әуелбек Қоңыратбаев, Тынысбек Қоңыратбаев. Көне мәдениет жазбалары. Алматы: Қазақ университеті, 1991.

Кері байланыс: «Емен»



Қолымнан келеді:

-
-
-

Мақсатқа жету үшін жасалған қадамдарым:

-
-
-

Күткен нәтиже:

-

«ҚОРҚЫТТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ» ТУРАЛЫ



А.Дүзелханов. Қорқыт ата

«Қорқыт ата кітабы» – адамгершілікке тәрбиелеп, туған жерді сүйеге, ата-ананы құрметтеуге үндейтін нақыл сөздердің қазынасы. Даналық сөздер кітаптың кіріспесінде де, жыр оқиғаларында да жиі кездеседі. Көпті көрген, өмірден түйгені мол абыз әулие бірде ел билеген бектерін сабырға шақырып ақыл айтса, тағы бірде ұрпақтың жан азығына айналған оймен сабақтайды. Қорқыт өміріне қатысты гибратка толы аңыз-эпсаналар да, абыз ата айтты деген өсиет-нақылдар да адамзат баласының рухани құндылығының ажырамас бөлігіне айналған асыл мұралар. Оғыз бектері Қорқыт атаның өсиеттерін бұлжытпай орындап, ел бірлігін сақтаған. «Қорқыт ата кітабындағы» адамгершілік, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, көркем мінез бен туған жерге деген махаббат – Қорқыт атадан жеткен нақыл сөздердің негізгі арнасы, алтын арқауы. Оның өсиеттері бүгінгі күні де аса құнды. Елдің амандығын, жұрттың тыныштығын тілеген дана қарт құт-берекенің ауызбіршілік бар жерге ғана тоқтайтынын көрегендікпен айтады. Батырлардың ерлігі, ата-ананың парызы, бала тәрбиесі т.б. толғамдар – Қорқыт айтқан өсиет сөздердің өзегі. Қорқыт атаның нақыл сөздері қазақ халқының мақал-мәтелдерімен үндес.

Нақыл сөздер

Қорқыт атадан қалған бір сөз мынадай: «Тәңірге сыйбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірісі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тәңірі пендесінің маңдайына жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажал келіп өлмейді. Өлген тірілмейді, кеуденнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді. Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыным көрмей дүние жияды, байнды. Бірақ соның ішінен ол өзіне тиісті үлесін ғана жейді. Сулар тарам-тарам болып қаншама тасып аққанмен, теңіздерді толтыра алмайды. Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді... Күлді қаншама үйгенмен, төбе болмас. Қара есектің басына жүген таққанмен, тұлпар болмас. Күнге сары пай шапан жапқанмен, бәйбіше болмас. Қар қанша қалың жауғанмен, жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас. Ат қиналмай

Тірек сөздер

- тәңірі
- дүние
- ұрпақ
- тұлпар
- ана, бала
- тәрбие
- өмір
- жігіт
- қылыш
- күн мен түн



Қызылорда қаласындағы ескерткіш-мавзолей.
«Қорқыт ата кітабына 1300 жыл»

жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада. Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. Ұлың өсіп-жетілсе, ол – отбасының мерейі, бас-көзі... Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ. Уа, хан нем, сізді тәңірім сондай ісінің сәті түспегендерден сақтасын!»

Қорқыт ата өзінің ел-жұртына тағы мынадай өсиет айтқан: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшінді сарп етпе... Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық. Ат жемейтін ащы шөптің гүлденіп өспегені жақсы. Адам ішпес ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тумағаны жақсы. Ата данқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп¹, өмір сүрген де аз. Хан нем, сізге сансыз ұзақ ғұмыр тілеймін. Тәңірі сізді жамандықтан сақтап, бақ-дәулетіңіз арта берсін!»

Қорқыт бұдан басқа не айтқан екен, соған келелік, хан нем: «Сайдың шөбін жеген білер, тұздің шөбін бөкен білер. Күн мен түннің келгенін бозторғай білер... Несінің пісін ат білер. Жүктің ауыр-жеңілін есек білер. Қолына қобыз ұстаған ұзан елден-елге, бектен-бекке барады. Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер. Қобызын сарнатқан жырауға думан керек. Уа, хан нем, мынау жарық дүниеде тәңірім (сіз бен бізді) адастырып, жарты жолда қалдырмасын!»...

¹ Баку басылымында бұл сөз үш отыз болуға тиіс делінген. Онысы 90 (көп) жасқа кел дегені.

Сөз сандық

Тәңір – құдіретті күш иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы.

Ғибрат – үлгі, өнеге, тәлім-тәрбие.

Жабы – қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы.

Пай – қымбат, асыл, жылтыраған батсайы матаның бір түрі.

Бақыл – 1) бақұл бол, яғни қоштасу; 2) риза, ықтияр; 3) үн, дауыс, дыбыс; 4) сараң, тойымсыз. Бұл жерде: қорқақ, жігерсіз деген.



♦ Накыл сөздерге ортақ идеяны анықтаңдар. Қорқыттың бұл нақыл сөздерді жазудағы мақсаты не деп ойлайсыңдар? Пікір айтыңдар.

♦ Бұл нақыл сөздер кімдерге бағытталып айтылған деп ойлайсыңдар? Қорқыт атаның нақыл сөздерінен әртүрлі типтегі кейіпкерлерді іздестіріңдер.

♦ Берілген тірек сөздерге не Қорқыттың нақыл сөздерін айтыңдар: *бозторғай, адам, қылыш, бөкен, ана, жомарт, қобыз, ұл, шөп*.

♦ «Күлді қаниама үйгемен, төбе болмас», «Қара есектің басына жүген таққанмен, тұтпар болмас» деген нақыл сөздердің мәнін ашып, қорытынды ой айтыңдар.

♦ Қорқыттың нақыл сөздерін жаттап алыңдар. Жұптарымен бірге «Даналардан шыққан нақыл сөз» тақырыбында пікірлесіңдер. Ой бөлісу барысында Қорқыт атаның нақыл сөздерін қолданыңдар.

♦ Қорқыттың нақыл сөздерін толық оқып, өздеріне ұнағандарын іріктеп, төмендегі кестені пайдаланып, екіжақты күнделікті толтырыңдар.

Нақыл сөздер	Пікірлерін



♦ Қорқыттың нақыл сөздерін тақырыбына қарай жіктендер. Қорқыт атаны қай тақырып көбірек толғандырған екен?



♦ Қорқыт ата аңсаған мәңгілік өмірді оның нақыл сөздерінен де байқауға болады. «Өлімді тоқтатса, тек өнер ғана тоқтатаар» деп шешім қабылдауының себебі неде? Топта талқылап, себебін анықтаңдар.

♦ Накыл сөздерде бір сөздің бірнеше рет қайталануы кездеседі. Мысалы: «Сайдың шөбін жеген білер, түздің шөбін бөкен білер», «Күн мен түннің келгенін бозторғай білер». Автордың сөзқолданысындағы бұл тәсілді қалай түсіндіресіңдер?

♦ Қорқыт атаға бүгінгі жастардың атынан сұрақтар қойып, «Автор орындығын» ұйымдастырып, сұрақтарына жауап алыңдар.

♦ Накыл сөздерге тән ерекшеліктерді атаңдар. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, өздерің креативті нақыл сөздер құрастырып көріңдер. Өз замандастарыңа қандай ақыл-кеңес берер едіңдер?

♦ Қорқыттың нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні қандай? Отбасы құндылықтары, ұрпақтар сабақт астығы жайында айтылған нақыл сөздерді іріктеп, мақала жазындар.



♦ Қорқыт ата «Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ет (дос) болмас» деген екен. Тарихи деректерге сүйеніп, Қорқыт өмір сүрген уақыттағы жаугершілік істерін қарастырындар.

♦ Қорқыт атаның нақыл сөздеріне ұқсас қазақ мақал-мәтелдерін іздестіріндер. Олардың қазіргі қолданысына шолу жасап, жинаған ақпараттарыңды сыныптастарыңмен бөлісіндер.

♦ Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі нақыл сөздерді жинақтап, Қорқыт атаның нақыл сөздеріне мазмұндас, идеясы ұқсас сөздерге талдау жасап, кесте құрастырындар.

♦ Нақыл сөздерде айтылған құндылықтарды рухани және материалдық деп екіге жіктеп, олардың бүгінгі таңдағы маңыздылығына баға беріндер.

Бүгінгі таңдағы маңызы	
Рухани құндылықтар	Материалдық құндылықтар



♦ «Жас буынды тәрбиелеуде нақыл сөздердің ролі» тақырыбында жоба жұмысын дайындап, жұмысты тезис түрінде ұсынындар.



♦ Қорқыт атаның нақыл сөздерін оқи отырып, қандай ой түйдіндер? Күнделіктеріне философиялық тұрғыда ой-пікір жазып көріндер.


Таным көкжиегі: «Қорқыттың көрі» қойылымы

Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі» драмасы аңыз-дастан желісінде жазылған. Заманауи желіде қойылған бұл драма – Еуропаға танымал Литва режиссері Йонас Вайткустың өнер туындысы. Қойылымды сахналас бұрын режиссер түркі халықтарының өмірі мен тұрмысын, шығыс өркениетінің іргетасын қалаушы Қорқыттың өмірі мен шығармашылығын зерттеп, мәліметтер жинастырған. Бұл қойылымда түркі өркениетінде маңызды орынға ие Қорқыт атаның ажалмен арпалысқан сүрлеу жолы, тағдыры философиялық тұрғыда көрсетілген. Бұл – күй атасы Қорқыттың тағдыры арқылы өнерден, мәдениет пен өркениеттен сыр шертетін қайғылы музыкалық шығарма. Қойылым оқиғасы VII–VIII ғасырларда Баят өзенінің, яғни Сырдария бойында өтеді. «Қорқыттың көрі» 2002 жылы Қазан қаласында өткен «Түркі халықтарының театр фестиваліне» қатысып, 2010 жылы Ресей сахнасында қойылған.



Кері байланыс: «321»

- 3 факт
- 2 көзқарас
- 1 тұжырым



АХМЕТ ЯСАУИ



Адамзат баласының руханиятына зор үлес қосқан ғұлама ойшыл, ақын Қожа Ахмет Ясауи шамамен 1093 жылы (кей деректерде 1103–1105 жылдар) Пасы қаласында (қазіргі Түркістан) дүниеге келген. Жастайынан зерек болып өскен Ахмет Ясауи Арыстан бап әулінің шәкірті болып, ислам ғұламаларының еңбектерімен танысқан. Құран аяттарының сырын, пайғамбарлардың тарихын терең зерделеумен бірге түркі халықтарының поэзиясын да жетік білген. Кейін өзі де ислам құндылықтарын уағыздап, артына өшпес мұра қалдырды. Түркі халықтары Қожа Ахмет Ясауиды «Әзірет Сұлтан» деп те құрмет тұтады. Оның бізге жеткен шығармасы – «Диуани хикмет» («Даналық кітабы»). Бұл еңбек – адам баласының рухани жетілу, даналық игеру жолын өрнектеген ғибратты өлең жинағы.

Алғаш 1878 жылы жарық көрген шығарма кейінірек Қазан, Стамбұл, Ташкент қалаларында басылып шықты. Қожа Ахмет Ясауи бұл еңбегінде адам баласының нәпсісін тізгіндей білуі, өмірдің мәні туралы баяндап, адамгершілік, имандылық жөнінде философиялық тұжырымдар жасайды. Өзінің бала кезінен бастап Мұхаммед пайғамбардың жасына келгенге дейінгі өмірін баяндай отырып, адам баласының жан азығына айналар құндылықтарды дәріптейді. Рухани жетілуі үшін білім игеру керек екендігіне мән беріп, ортағасырлық әдеби жәдігерлердің негізгі идеяларының біріне айналған «кемел адамға» тән қасиеттерді саралайды. Нәпсіге құл болған адамның ізгі істерден, жақсы амалдардан алыс болатынын ескертеді. Дүннеқоңыздықтың



Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

кез келген пендені орға жығатынына тоқтала отырып, қайырымды болуға, әрқашан жоқ-жітіктерге көмек беруге шақырады. Елді қанап, әділетсіздік танытқан және арамнан мал жиған адамдарды да өткір сынайды. Адам өз нәпсісін тыймай, халқына адал қызмет ете алмайды.

«Даналық кітабы» түркі халықтарында бұрыннан қалыптасқан өлең үлгілерін кемелдендіріп, байыта түсті. Халыққа қасиетті Құран кітабын түсіндіріп, шариғат негіздерін үйретуде баға жетпес еңбекке айналды. Ақын адам мінезіндегі жағымсыз әдеттерден арылып, кемел адам болуға шақырады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнерінің ғажап үлгілерінің бірі. Ол 1396–1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылған. Жыл сайын Түркістан қаласында орналасқан кесенені көру үшін шетелдерден көптеген қонақтар, саяхатшылар келеді. ЮНЕСКО шешімімен 2016 жыл «Ясауи жылы» деп жарияланды.

Ясауи хикметтерінің сарыны кейін Сүлеймен Бақырғани, Қажы Бекташ секілді шәкірттерінің шығармаларына да ықпал етті. Ясауи ілімі қазақ даласында Абай, Шәкәрім поэзияларында жалғасын тапты.

«Даналық кітабындағы» өмірдің мәні, ақиқат туралы тұжырымдар

Жаратса ықылас қойып ақылға кім,
Жалғанда тұтар соны жақын жаным.
Жедім де жетім-жесір, пақыр қамын,
Жетесіз кердендерден қаштым, міне.

Болса кім жетімдерге ұдайы жар,
Күнәдан тәңірі алдында бұл айығар.
Біліп қой: жыртық үйдің құдайы бар,
Мұстафа уағызын айтып тұрмын, міне.

Жетіде Арыстан бапқа арнап келдім,
Мұстафа өсиетіне қанбақ болдым.
Сол шақта мың бір зікір сарнап бердім,
Алаңсыз Аллаға бет бұрдым, міне.

Құрметтеп, басым сипап құрма берді,
Жөнелді жан дүнием жырлап енді.
Кеудеден ашып басқа нұрлы әлемді,
Мектепте қайнап-тасып толдым, міне.

Алла деп алып білім, тәлім көрдім,
Анадан қайта туған сәби болдым.
Арылып күнәсінан пәни жолдың,
Адалдық мақамына қайттым, міне...

Тірек сөздер

- ақиқат
- иман
- жаратқан
- пенде
- адалдық
- тәлім
- мұрат
- жиған мал
- нағыз мал

* * *

Басынан әркімнің бұл жалған өтер,
 Баянсыз – жатпай жиған мал да бекер.
 Қарындас, атаң-анаң қайда кетті?
 Ағаш ат солар мінген саған жетер.

* * *

Ей, мұсылман, тағат қылсаң, танбағын,
 Ғазиз жаның – аманаты Алланың.
 Харамдыкпен, ұқ, жиған мал жалғанын,
 Қарыш атты жылан қылар малыңды.
 Қайда Қарун мал жинаудан танбаған?
 Өсиет шашқан қане Пірғауын һәм Һаман?
 Қане Фархад, Шырын, Мәжнүн зарлаған?
 Қаһарланса жерге тығар жаныңды!

Көрдің бе адам өлмей тірі қалғанын,
 Білдің бе енді бұл пәнидің жалғанын?!
 Дүние – талап, ризығы – Алланың,
 Алла десе көз жасы боп жауасын.


Ғашық болсаң, асық жолда құрбан бол,
 Дидарды іздеп, дүниеден бет бұрған бол.
 Қайғы-дертке қайырымды нұрдан бол,
 Қаза кезде қадір-құрмет ел қылар.

Алла Тағаланың меіріміне мінажат,
 Хикметтерім – шәкірттердің ырысы,
 Кірмес миға, болса кімнің кір іші.
 Кереметім – келген пәрмен сұхбаннан,
 Ұлы түбі Құран десін ұққан жан.
 Хикметімді аңғарғанға айтыңдар,
 Қара қылды қақ жарғанға айтыңдар.

Хикметімді естімес те надандар,
 Қабыл алмас көңілі кара жамандар.
 Нағыз ғалым тас төсекке байланар,
 Жиһанға ілім жайса, көңілі жайланар...



- ◆ А.Ясауи өлеңіндегі *жырттық үйдің құдайы бар* деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- ◆ Өлең үзіндісінде кездесетін Пірғауын, Фархад, Шырын, Мәжнүн деген кімдер? Мұғалімнің көмегімен және ақпарат құралдарын пайдаланып, олар туралы мағлұмат алыңдар.
- ◆ А.Ясауи өмірдің мәні неде дейді? Мәтіннен түсінгендеріңді айтып беріңдер.



Өмірің өтпес үшін надандықпен

Алланы шын сүйгендер махаббатпен,
Нәпсіден безіп тынды қапалы еткен.
Күйды нұр Құдай өзі шапағатпен,
Содан соң дария болып тастым, міне.

* * *

Дүниекеор малға тойып секіреді,
Астамсып аспан тірер көкірегі.
Күпір боп көрінде ертең өкіреді,
Иманнан жүрдай болып өтер, достар.

* * *

Жүрегі бейнесінің нұрдан жарық,
Жүз де мұң құбылумен құрбан бағып.
Жүреді жылпос сопы жылмаң қағып,
Бакырға бар ғаламды сатар, достар.

* * *

Елпілдеп нәпсіге еріп күбінбе құр,
Көз ілмей, ішпей-жемей жүгін де жүр.
Жаратқан жарылқайды түбінде бір,
Көреді көз ілмеген жамал, достар.

* * *

Өмірің өтпес үшін надандықпен,
Аллаға қызмет қыл адалдықпен.
Жаратқан сенен де ізгі кадам күткен,
Мұратқа қызмет қылған жетер, достар.

* * *

Құлқын құлы өмірді рақат кешу үшін дер,
Міскін Мұстафа айтқан-ды: «Пақырлыққа түсіңдер.
Көңіл бөлмей дүниеге, арамдықтан күсіңдер!»
Хақты сүйген адал құл халық бабын табады.

Дүние менікі дегендер – малға иманын сатқандар,
Құзғын құстай нәжіске белшесінен батқандар.
Молда, мүфти атанып, арамнан мал тапқан бар,
Ақыт¹ кара қылғандар тамұқта ертең жанады.

* * *

Қайғыдан жетті енді аһ ұрғаным,
Қайдасың, қайырымды сақиларым?!

¹ Ақыт – көне сөз. Негізі осы дүние, өмір деген мағынада.

Жаксыдан жүз садаға пақыр жаным,
Жаманнан қашып жерге кірдім, міне.

Жаманға жазатайым басқан кезде
Жалынсаң, жабысады аспан жерге.
Жарамас кол беруге сасқан жерде,
Наданнан жасып, күдер үздім, міне.

* * *

Айдауына жүрсен нәпсі, шакпа зар:
Анырағанмен, болмас онда хақ та жар.
Түн ұйқысын төрт бөліп кім сақтанар,
Басыңдағы нәпсі қусаң, бақ қалар,
Жолдан азып, абыройың тапталар,
Ерттеп мініп шайтан малғұн шаттанар,
Нәпсінді теп, нәпсінді теп, патшағар.

Сөз сандық

Нәпсі – мағынасы көп. *Бұл жерде:* құлқын, тойымсыздық, құмарлық.

Тамұқ – діни ұғым бойынша күнәһар адамға о дүниеде азап көрсететін жер, тозақ.

Қарыш – 1) көне сөз: мүмкіндік, мұрсат; 2) балық түрі. *Бұл жерде:* қарыз деген мағынаны береді.

Мінажат – құдайға сиынды, ғибадат етті, жалбарынды.

Зікір – сопылық ілімде Алланы еске алу, оны ұмытпай, ойлау дегенді білдіреді.

Хақ – айтылған ойдың шындыққа сәйкес келуін білдіретін ұғым.

Сақи – сопылық жолында жол көрсетуші, жетекші ұстаз.

Хикмет – адамдық құндылықтардың ең жоғарғысы, ақиқатқа негізделген ілім.



- ♦ Кітап қай тілде жазылған? Қай ғасырдың жәдігеріне жатады?
- ♦ Ясауи сақтандырған бес нәрсені атаңдар.
- ♦ 63 жасында жер астында қылуға мекеніне түсуінің себебі неде?
- ♦ *Исламның алтын діңгегі* деп неге назар аудартады?
- ♦ «Даналық кітабының» идеялық мазмұнына тоқталыңдар.
- ♦ Шығармадан автордың өмірлік мақсат-мұратын көре аламыз ба? Шығармадан мысал келтіріңдер.



♦ Ясауи өз хикметінде «*Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май болсын*» деген. Ясауидың осы сөзін төрт сөйлеммен тұжырым жасап көріңдер: – пікір; – дәлел; – мысал; – қорытынды.

♦ Автордың ұстанымы қандай? Оны қай хикметінен байқаймыз? Пікірлеріңді дәлелдендер.

- ♦ Ясауи айтқан кемел адам қалыптастырудың жолын сызбаға түсіріңдер.
- ♦ Шығарманың көркемдік ерекшелігіне талдау жасаңдар.
- ♦ Шығарманы толық оқып, «Ясауи сөздігін» құрастырып көріңдер.



♦ Ясауи сөздерінен бүгінгі тәрбиеге сай келетін жолдарды тауып жазыңдар. Ясауи сөздерінің бүгінгі күнде құндылығы неде?

♦ Ясауидың кемел адамы мен Абайдың талық адамы арасында қандай байланыс бар? Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңдар.

♦ Хикметтерден қара өлең ұйқасына құрылған шумақтарын іріктеп, салыстырыңдар. Қазақ поэзиясына тән қандай үндестікті байқадыңдар?

♦ «Ясауитану» жобасының тезисін жасаңдар.



♦ Ясауидың өздеріне ұнаған ғибратты сөздерін күнделіктеріне жазып алыңдар.



♦ Жүрек сопылық ілімде басты орын алады. Ясауи еңбектеріндегі жүрек сөзінің қолданысына талдау жүргізіп, менталды карта құрастырыңдар.

Таным көкжиегі: Қасиетті Тайқазан

Тайқазан – Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қазандық бөлмесінде орналасқан қасиетті қазан. Жеті асыл металдың қоспасынан тұратын бұл қазан 1399 жылы киелі Түркістандағы Қарнақ елді мекенінде Әмір Темірдің тапсырысымен құйылған. Қазандағы араб әрпіндегі қолжазбада оның арнайы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арналып жасалғаны жазылған. Қазан тыныштықтың, тоқшылықтың, береке-бірліктің нышаны қызметін атқарып тұр. Қазанға үш мың литр су сыяды, ал салмағы екі тоннаны құрайды. 1935 жылы Санкт-Петербургтегі Иран шеберлерінің III халықаралық конференциясы кезінде Тайқазан Петербордағы атакты Эрмитаж мұражайына қойылған.

Тайқазан елімізге 1989 жылдың 18 қыркүйегінде, жарты ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін қайтарылды.



Кері байланыс: «Ой сүзгі»

Ахмет Ясауи тақырыбын оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарына рефлексия жасаңдар.



ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ

Жәнібек пен Керей сұлтан қазақ хандығын құрып, дербес мемлекет ретінде нығая бастаған кезеңдегі әдебиетіміз жыраулар поэзиясымен тікелей байланысты. Жыраулар – сөз зергері, дала философтары, хандық жүйедегі ең ірі саяси тұлғалардың бірі. Олар ел іргесінің берік болуы үшін ханға ақыл-кеңес беріп, маңызды шешімдер шығаруға атсалысты. Рухани құндылықтарды (тіл, дін, дәстүр т.б.) келер ұрпаққа бұзбай, саф қалпында жеткізу жолында аянбай күрескен жыраулар хан ордасына сөзін өткізген шешен ретінде де танылды. Мысалы, Асанқайғы, Қазтуған, Шалқиіз т.б. жыраулар өздері куә болған тарихи оқиғаларды жырға қосып, кейінгі ұрпаққа баға жетпес мұра қалдырды. Доспамбет, Ақтамберді жыраулар жаугершілік уақытта сөз зергері ғана емес, әскербасы ретінде де халықтың ықыласына бөленді.

Халық мүддесі үшін жасалуы тиіс ұлы міндеттер пайда болған шақта тарих сахнасына жыраулар шықты. Олар рухты толғауларымен елдің еңсесін көтеріп, хан мен халықтың арасында дәнекер бола білді.

Жырау – синкретті¹ шығармашылық тұлға. Олар өз шығармаларын қобызбен, домбырамен сүйемелдеп орындаған. Бұл ретте ол – әрі ақын, әрі композитор, әрі орындаушы.

Жыраулар поэзиясы өзінің терең философиялық ой-тұжырымдарымен, жүректі нұрландыратын сөздерімен рухани жан азығымызға айналды. Қара домбыраның үні, қылқобыздың сарынымен төгілген толғаулар адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеп, туған жердің қасиетін, ата дәстүрдің сақталуын өсиет етті.

Жыраулар поэзиясының негізгі жанры – *толғау*. Толғаулардың негізгі тақырыбы – туған жерге деген сүйіспеншілік, ел мен жерді қорғау, бірлікке шақыру. Олар кейде ел мүддесі үшін хандардың қателескен тұстарын тура бетіне айтса, енді бірде өз ойын тұспалдап та жеткізеді. Бұған Асанқайғының Жәнібекке, Шалқиіздің Би Темірге, Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан толғаулары мысал бола алады.

Жыраулар мұрасы елдік, әлеуметтік мәселелерді көтерумен ғана емес, көркемдік ерекшелігімен де құнды. Олар өз шығармаларында халықтың көкейіндегі ойды көркем бейнелі сөзбен, афоризмдермен жеткізеді. Ел басына күн туған қиын-қыстау шақтарда көрегендік танытып, ұлт болашағын бағдарлаған жыраулар поэзиясы – қазақ халқының даналық дүниетанымының, сөзге тоқтаған ауызбірлігінің, қайсар мінезінің де куәсі.

Жыраулар поэзиясы Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Мұхтар Мағауин, Қабіболла Сыдықов, Жұмат Тілепов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақ ты баяндалып, құнды әрі

¹ *Синкретизм* – өнердегі тек пен түрдің, жанрлардың және олардың жанрлық түрлерінің әу баста бөлінбей, бірлікте болуы, тұтастығы.



К.Каметов. Керей мен Жәнібек

нақты тұжырымдар жасалған. Ғасырлар қойнауынан мұра болған жыраулар поэзиясы халқымыздың баға жетпес асыл қазынасына айналып, қазақ әдебиетінде дәстүр жалғастығын тапты.

АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

Жыраулық поэзияның көрнекті өкілдерінің бірі – Ақтамберді жырау. Ақтамберді Сарыұлы 1675 жылы дүниеге келген. Әкесінің аты – Сары, анасының есімі – Сырбике. Жыраудың өмірі туралы деректер Үмбетей жыраудың толғауында кездеседі. Үмбетей Ақтамбердіні жоңғарларға қарсы күрескен батырлардың қатарында атайды. Ал XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлы өзінің «Ер Еспенбет» дастанында абыз жыраудың қартайған шағын бейнелейді. Жырауға қатысты деректер Құрбанғали Халидовтің 1911 жылы «Қазан» баспасынан шыққан «Тауарих хамса» атты еңбегінде берілген. Жырау есімі Біржан мен Сара айтысында да аталады. Бұл айтыста Сара Ақтамбердіні атақты ақын әрі батыр ретінде еске алады.

Жырау жастайынан қазақ жеріне көз тіккен жауларға қарсы күреске қатысып, ел намысын қорғайды. Бұл туралы ол өз толғауында былай жырлайды :



Т.Ордабеков. Ақтамберді жырау

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сарысу болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,

Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп құдай тілекке.

Елдің амандығы, ұрпақтың ата дәстүрінен адаспай тәрбиелі болып өсуі – Ақтамберді жырау армандаған асыл мұрат. Ол осы жолда ерлігімен де, сөз маржанын терген жырау ретінде де танылды. Өз мақсатын:

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан,

Жалынды жүрек, қан қайнап,
Елді-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап, –

деп айқындаған Ақтамберді жырау да Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет секілді халықтың жоғын жоқтап, ел іргесінің берік болуы үшін жауға қарсы атқа қонған.

Ақтамберді жырау ағайынның тату болып, қандай қиындық болса да бірлікте болуын өсиет етеді. «Балаларыма өсиет» атты шығармасында өмірден түйген тұжырымын:

Бірлігіннен айырылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,

Қылмасын жұрт келеке,
Араз болсаң алты ауыз,
Еліне кірген әреке¹, –

деп даналық оймен түйіндейді.

Ақтамберді жыраудың сөздері насихатқа, ақыл-нақылға толы. Адам баласын тек адал еңбек қана алға жетелейтінін «**Көк көгершін, көгершін**» атты шығармасында бейнелесе, «Халқы тозып, кем болмас, Әділ болса ұлығы» деп ел абыройы билердің әділеттілігіне де байланысты екендігін ескертеді. Тура жолдан таймайтын адал, жетім-жесірге қарасатын парасатты болса ғана елдің бір мақсатқа бірігетінін меңзейді. Жырау:

...Жан-жағына караған,
Жал-құйрығын тараған,
Жолбарыстай жон түзеген,
Аш күзендей бүгілген,

Ор киіктей жүтірген,
Табаны жалпақ боз тарлап,
Таңдап мінер ме екенбіз?! –

деп батыр серігіне айналған тұлпар қасиетін де шебер суреттейді.

Ақтамберді өз шығармаларында адамгершілік туралы байлам жасап, ел ішіндегі жаман мінез-құлықтарды, қайырсыз байларды, кәсіп менгеруге талпынбайтын жалқауларды да өткір сынайды. Адамның адамнан артықшылығы ақылы мен білімінде екендігіне мән береді. Ер-азаматқа тән асыл қасиеттерді, оның абыройына дақ түсірмейтін көркем мінезді әйелді ардақтайды.

Білімді туған жақсылар,
Аз да болса көппен тең,
Жақсысы кеткен ауылды,
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең... –

¹ Әреке – бәлелі бүлік, даң, жаманшылық.

деп ел берекесі өз ішінен шыққан білімді, жомарт азаматтардың іс-әрекетімен бағаланатынына байлам жасайды.

«Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын шығарма Ақтамберді Сарыұлының азаматтық үнін, өз мүддесінен ел мүддесін биік қойған азамат екенін танытады. Жырау ел басына күн туса жалаулы найзасын қолға алып, ерлік көрсетуге даяр екендігін білдіреді. Толғауда жыраудың өр рухы, қайтпас қайсарлығы, алдына қойған мақсаттары айқын аңғарылады. Толғау академик-жазушы С.Мұқановтың «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің очерктері» кітабында (1942), «Ерте дәуірдегі әдебиет нұсқасы» (1967), «Алдаспан» (1973), «Бес ғасыр жырлайды» (1984) жинақтарына енді. Бұл толғау – өзінің идеясы, көркемдік тұрғысынан да қазақ поэзиясының алтын қазынасына айналған құнды шығарма.

Ақтамберді жырау шамамен 1768 жылдары дүниеге келген.

«Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екеміз.
Күдеріден бау тағып,
Қамқапты кнер ме екеміз?!
Өзенге бие байлатып,
Төскейге орда орнатып,
Төрткілдеп ошақ қаздырып,
Төбел бие сойғызып,
Төменде бидің кеңесін
Біз де бір құрар ма екеміз?!
Құлаты тауға қол салып,
Садақтың оғын мол салып,
Бетпақтың ен бір шөлінен
Төтелеп жүріп жол салып,
Қолды бір бастар ма екеміз?!
Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты
Жұртынан шауып бастырып,
Түйедегі наршасын¹,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екеміз?!
Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам! ..

Тірек сөздер

- жаугершілік
- батырлық
- арман-тілек
- бірлік
- дәулет
- кеңес құру
- олжа қылу
- ошақтың оты

¹ Нарша – жас нар. Нар түйенің, яғни бір өркешті түйе тұқымының бұыршымы.

Құлым бір ұлдай киінсе,
 Көркемін көрген сүйінсе,
 Атымтай жомарт секілді
 Атағым жұртқа білінсе!
 Өзім бір бөлек жайласам,
 Жігіттен нөкер сайласам,
 Ойпаң жерге он отау,
 Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,
 Қонағымды жайғасам!..
 Төскейде кеңес топтанып,
 Жақсылар үйде баптанып,
 Нөкерлер жүрсе сап түзеп,
 Қос-қосымен шаттанып.
 Қиуадан ақыл алатын,
 Қияннан айла табатын,
 Ерлерден салсам нөкерді,
 Дұшпаннан кекті алатын!..
 Көкорай көктем болғанда
 Дауысы бар аздай,
 Желіні бар қазандай,
 Жаралы қудай ыңырантып,
 Жарылған мұздай күңіrentіп,
 Қайрауықтың ащы күйіндей ¹

Қайырып боздап күйлентіп,
 Боталаған боз інген
 Азан-қазан, уда-шу
 О да бір алса мазамды-ай!
 Алғайдың құба жонына
 Жайылған қойым сыймаса,
 Жүз бүркеншек, жүз қоспен
 Қатар жүріп жинаса!
 Көк алалы көп жылқы
 Көлге бір түссе көз жетпей...
 Елден елді аралап,
 Текіден текті саралап,
 Беглердің қызын айттырсам,
 Нұсқасын байқап шамалап...
 Ұзатып алсам сәнменен,
 Көңлімді хош таптырып.
 Бала берсе тезінен,
 Пірлердің бітсе демінен,
 Шілтеннің тиіп шылауы,
 Артылып туса өзімнен!
 Осындай берген дәулетті
 Көтеріп тұра алар ма екеміз?!

Сөз сандық

Күдері – әбден иі қанып жұмсартылған тері.

Қамқап – қама терісінен тігілген бағалы ішік. *Қама* – кішірек келген қара түсті, терісі бағалы аң.

Төскей – таудың қия беткейі, биіктеу баурайы.

Құлаты – соны, тың, бұрын ешкімнің қолы жетпеген деген.

Топыр – кеп болып жиналған топ, ығы-жығы халық.

Беглер – бекзада деген, яғни текті әулеттен шыққан деген сөз.


Шілтен – *миф*: желеп-жебеп, қолдап жүретін, көзге көрінбейтін киелі бейне; қазақтың киелі дүниетанымындағы мистикалық тұлғалар – Ғайып ерен, Қырық шілтен. Мысалы, «Әулиелерден медет сұрап, Ғайып ерен, Қырық шілтенге аманаттарым жалғыз ұлымның амандығы» (О.Бөкей).

Шүлеңгір – қолы ашық, жомарт, мырза адам.



- ◆ Толғаудың тақырыбы мен идеясы қандай?
- ◆ Жырау нені насихаттайды?
- ◆ Толғауда жырланған заман көрінісі қай кезенге тән?

¹ *Қайрауықтың ащы күйіндей* – бұл жерде: қайрауық – үні ащы келетін әуезді аспап.



♦ Тарихтағы қазақ батырларын атаңдар. Олардың ел қорғауға атсалысқан шапқыншылықтары мен көтерілістері туралы мәліметтермен толықтырыңдар.

Қазақ батырлары	Батырлар қатысқан шапқыншылықтар мен көтерілістер

♦ Ақтамберді жырау қазақ батырының бейнесін қалай сипаттаған? Толғаудағы тәуелсіздікті аңсаған батырға мінездеме беріп көріңдер.

♦ Жыр шумақтарының *тілеу*, *қалау* ниетімен аяқталуын қалай түсіндіресіңдер? Толғаудан үзінді келтіріп, өз пікірлеріңді дәлелдендер.



♦ Сендердің ойларыңша батырлық табиғаттың сыйы ма? Адам батыр болып туа ма, әлде батыр болып қалыптаса ма? Екі пікірдің бірін таңдап, оны дәлелдендер.

Батырлық – табиғаттың сыйы, батыр болып туылады	Батырлық – табиғаттың сыйы емес, батыр болып қалыптасады

♦ Толғауда автор бейнесін қалай танимыз? Ақтамберді жырау нені мақсат тұтады, көзқарасы қандай?

♦ Эпитет, тенеу, қайталаудың анықтамасын оқыңдар. Толғаудан көркемдегіш құралдарды тауып, үлгі кестені толтырыңдар.

Көркемдегіш құралдар	Мәтіннен мысал	Түсініктеме
Тенеу		
Эпитет		
Қайталау		

♦ Жырауларша толғайық. «Тәуелсіз, еркін елдің ұланымын...» Ұйқасты жалғастырып, өлең құрастырып көріңдер.

♦ Толғаудағы ақын ойын қарасөзбен жазыңдар.

♦ Жырда көтерілген басты мәселені анықтап, берілген сызба бойынша талдау жүргізіңдер.



♦ Жырау дың арман-тілегі, асыл мұраты қандай еді? Сендердің ойларыңша жырау арман етіп кеткен дүниелер бүгінгі күнде орындалды ма?

♦ Ерлікті жырлаған батырдың ұраны сендерге қалай әсер етті? Бүгінгімің батырлары деп кімдерді атаң едіңдер?

♦ *Тарихшылар* мен *әдебиетшілер* тобы болып топтасып, толғауды тарихи және көркемдік тұрғыдан қарастырыңдар.

♦ Төмендегі үлгі кестені пайдаланып, «Ақтамберді мен Қазтуған жыраулардың жырларындағы үндестік» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізіңдер. Олардың жырларынан ұқсастық табу себебін анықтаңдар.

Салыстырулар	Ақтамберді	Қазтуған
Өмір сүрген кезені		
Қоғамдағы рөлі		
Бір тақырыпқа жазылған өлеңдері		
Өлеңдерінің құрылысы		
Өмірлік ұстанымы		
Қорытынды		



♦ Өздеріне ұнаған үзіндіні күнделіктеріне жазып алындар. Не себепті ұнағандығын түсіндіріңдер.



♦ «Ерлік пен елдіктің өшпес рухын жырлаған жасуынгерлік жырлар» тақырыбында зерттеу жүргізіп, баяндаманың тезисін жазындар.

«Балаларыма өсиет» толғауы

Тірек сөздер

- өсиет
- қасиет
- алты ауыз
- егін
- өлім
- жорық

Балаларыма өсиет:
 Қылманыздар кепшет,
 Бірлігіннен айырылма,
 Бірлікте бар қасиет.
 Тағулық болар береке,
 Қылмасын жұрт келеке.
 Араз болсаң алты ауыз,
 Еліңе кірген әреке.

Талпынып салдым егінді,
 Ішсін деп әркім тегінді.
 Ақылың барың ұғарсың,
 Ойың болса сезімді.
 Тоқсанға жас келген соң,
 Өлім жақын көрінді.

Бар арманым, айтайын,
 Батырларша жорықта
 Өлмедім оқтан, қайтейін!..
 Ел аман болсын ылайым,
 Тілегім берді бәрін де,
 Разымын, Құдайым!

Сөз сандық

Кепиет – 1) ерекше қасиет, кие, құпия күш; 2) кесір, кесапат, қырсық. *Бұл жерде:* екінші мағынада.

Әреке – бәлелі бүлік, лаң, берекесіздік, ынтымақтан айырылу.



- ♦ Жырау өсиетін өз өмірінің қай кезеңінде айтып кеткен?
- ♦ Жыраудың өсиет қалдыру себебін анықтаңдар.
- ♦ Өсиетінде халыққа не айтпақ болды? Жастарды неге үндейді?

- ♦ Ақтамберді жыраудың өсиетін мәнерлеп жатқа айтындар.
- ♦ Жыраудың өсиетінен қандай ой түйіндер? Топтастырып көріңдер.



- ♦ Кесте бойынша өлеңге талдау жасаңдар.

Өлеңдегі автор бейнесі	Мысал	Менің пікірім

- ♦ Берілген үзіндіге поэтикалық талдау жасаңдар: 1) тақырыбы; 2) идеясы; 3) жанры; 4) бунақ; 5) буын; 6) тармақ; 7) шумақ; 8) ұйқас.

Талпынып салдым егінді,
Ішсін деп әркім тегінді,
Ақылын барын ұғарсын,
Ойың болса сезімді.
Тоқсанға жас келген соң,
Өлім жақын көрінді.

- ♦ Тарих қойнауын ақтарып, халқымыздың өткеніне көз жүгіртсек, ырысы мен ынтымағы, бірлігі мен тірлігі жарасқан ел болу үшін ауызбіршіліктің ауадай қажет болғанын байқаймыз. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген тақырыпта эссе жұмысын жазыңдар.

- ♦ Ақтамберді жырауға өсиетті қалдыру себебін сұрап, хат жазыңдар.



- ♦ Сендерге қазіргі уақытта кімдер өсиет айтады? Қандай өсиеттер естерінде қалды деп ойлайсыңдар?

- ♦ Төле бидің батасы туралы шешендік сөзді оқып шығыңдар. Жетестің «өсиетті сөзді» таңдауының себебін қалай түсіндіресіңдер?

- ♦ Ақтамберді мен Төле бидің өсиеттеріндегі ортақ адамгершілік құндылықтарды атап көрсетіңдер. Бұл құндылықтардың мемлекет үшін маңызы қандай? Өз көз-қарастарыңды білдіріңдер.

Төле бидің батасы

Тоғыз жасар Жетес тоқсандағы Төле биге сәлем бере барыпты. Сонда Төле би былай деген екен: «Бата – басқа, қына – тасқа, ақыл – жасқа, не қалайсың, балам?» – депті. Сонда Жетес бала: «О, қасиетті баба! Ат берсеніз өліп қалады, тон берсеніз тозып қалады. Ат, тонға бергісіз өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз соған ризамын», – депті. «Онда қолыңды жай, балам», – дейді Төле би:

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма,
Көп көлдің ағысы бол!
Ақты ақ деп бағала,

Қараны қарала,
Өзегін талса, өзен бойын жағала,
Басына іс түссе, көпшілікті жағала,
Өзіне-өзі кәміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауына қатал бол!
Досыңа адал бол! Әумин!



♦ «Мені тебіренген жырау» тақырыбында ойтолғау жазыңдар.



♦ Өсиет сөздерді басқа да ауыз әдебиеті үлгілерінен іздестіріп, даналық-пәлсапалық ойлардың тәрбиелік мәні жөнінде баяндама жазыңдар.



Таным көкжиегі: Ақтамберді сауыты

Семей мұражайының филиалы, Аягөз өлкетану мұражайында Ақтамберді жыраудың сауыты сақталған. Оны осы уақытқа дейін батырдың ұрпақтары сақтап келген. Алайда 1920 жылғы зобалаң шақта батыр-жыраудың ұрпағы Қытайға үдере көшкен кезде бабадан қалған асыл мұраны жоғалтып алады. Кейін сауыт табылып, Аягөз қаласындағы мұражайға тапсырылған екен. Сауыттың салмағы 10 келідей болады.

Кері байланыс: «Білім пирамидасы»

Есте сақтайтын ең қажет ақпарат
 Менің көбірек білгім келетін екі мәлімет
 Мені қызықтырған үш ақпарат
 Мен білген төрт мәлімет




ШАЛКІНІЗ ЖЫРАУ

Қазақ жыраулық поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі – Шалкніз Тіленшіұлы XV–XVI ғасырларда өмір сүрген. Деректерге сүйенсек, жырау қазақ ханы Жәнібектің, бұдан соң Би Темірдің, Тәуекел ханның жанында ел мүддесі үшін еңбек еткендігі айтылады.

Жырау жастайынан сөз асылын саралап, өз ойын өлеңсөзбен кестелеп жеткізе білген. Қиялы ұшқыр, тілге шешен Шалкніз өз ойын тұспалдап, бейнелеп сөйлейді. Көрнекті зерттеуші-ғалым Х.Сүйіншәлиев өзінің «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде ол туралы: «Шалгез – өзі жасаған дәуірдің жырауы. Оның бойындағы таланттың көзі – халық поэзиясының арнасына құяр бұлақтың бастауындай мөлдір, замана поэзиясы, жыраулық өнердің үлгілі шебері, халықтың поэтикалық тіл үлгісінде сөз өрнегін жасаған ділмар, айтар ойын нақылдап термелеуге дағдыланған шешен»¹, – деген тұжырым жасайды.

Шалкніз мұрасы – қазақ халқының баға жетпес асыл қазынасы. Оның толғаулары XIX ғасырда-ақ хатқа түсіп, «Записки Оренбургского

¹ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 2006.



отдела Императорского Русского географического общества», Ыбырай Алынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» жинақтарында жарияланады. Кеңестік дәуірде Шалқиіз жыраудың толғаулары «Бес ғасыр жырлайды», «Жеті ғасыр жырлайды», «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан» атты жинақтарда жарық көрді.

Жыраудың «Асқар, асқар, асқар тау», «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Алаштан байтақ озбасы», «Жапырағы жасыл жаутерек», «Шағырмақ бұлт жай тастар» атты толғауларында ел мен жер тағдыры, адам бойындағы ізгі қасиеттер, адалдық пен аярлық туралы терең философиялық тұжырымдар жасалады.

Шалқиіз шығармаларының ішінде ғалымдар назарын ерекше аударған – Би Темірге арнаған толғаулары. Би Темір – Ноғай ордасының негізін қалаған Едіге бидің ұрпағы. Шалқиіз Би Темірдің ақылшысы болған. Өз толғауларында жырау Би Темір жүргізіп отырған саясатқа қатысты көзқарасын білдіріп, оның кемшіліктерін де айтып отырады. Әсіресе Би Темірдің теріс пиғылдағы қызметшілерінің сөзіне еріп, хан сарайынан кетіруі Шалқиіз жырауға қатты батады. Бұл жағдайға жырау:

...Жаксынан мені кем көрдің,	Ұялы берікке қос артып,
Жаманынмен тең көрдің.	Сен есенде, мен саула
Жаксынан мені кем көрсен,	Ырысымды сындайын.
Жаманынмен тең көрсен,	Сегіз қиыр шартараптан іздермін!.. –

деп өкінішін білдіреді. Би Темірдің астамсыған сөздеріне әрі ақылға салмай араларын суытқан адамдардың ықпалында қалған шарасыздығына да өз наразылығын былайша а жеткізеді:

...Тебіңнің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде
Тең атаның ұлы едің.
Дәреженді артық етсе, тәңірі етті!

Шалқиіз осы оқиғалардан соң хан ордасынан бір-екі жыл сыртқа кетуге мәжбүр болады. Бірақ Би Темір кейін өз қателігін түсініп, Шалқиізді өз қасына қайта алдыруды көздейді. Ақырында қажылық сапарға баруға ұйғарады. Ол өзі қажылық сапарға шықса, ел билеушісіз қалады деп Шалқиіздің тоқтатарын біледі. Би Темірдің бұл ойы жүзеге асып, кейін екеуінің арасындағы сыйластық қайта жалғасын табады. Шалқиіз жырау Би Темірге елге қамқор болып, халықтың ризашылығына бөленгеннің өзі үлкен парыз екенін де айтқан.

Шалқиіз жыраудың мұрасы туралы Ә.Дербісалин, Х.Сүйіншәліев, М.Мағауин, Қ.Сыдықов, Ж.Тілепов т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде тың тұжырымдар айтылды. Оның толғаулары Бұқар жырауға, XIX ғасырдағы Махамбет пен Мұрат ақынның шығармашылығына да өз ықпалын тигізді. Деректерге сүйенсек, Шалқиіз Тіленшіұлы 1560 жылдары шамасында өмірден озған.

Тірек сөздер

- ел басқару
- би
- ақыл-кеңес
- қауіп
- дұшпан
- елдік
- жалғыз
- көп жаман
- қол арту

Би Темірге айтқан бірінші толғау

Аспанды бұлт құрсайды –
 Күн жауарға ұқсайды.
 Көлдерде қулар шулайды –
 Көкшіліден ¹ ол айуан
 Соққы жегенге ұқсайды.
 Көп ішінде бір жалғыз
 Көп мұнайып жылайды –
 Күйбеңдескен көп жаман
 Сөзі тигенге ұқсайды!
 Алп, алп басқан, алп басқан
 Арабы торым өзіңсің.

Жазылы, алтын, қол кескен
 Алдаспаным өзіңсің!
 Білерді білмес не демес,
 Сұлтан ием, сен менің
 Бармай тапқан Қағбамсың!
 Алтынды кесе сары бал
 Алсам, мен саған ұсынармын,
 Тал мойныма қол артсаң,
 Күліктен бек ұнармын.

Көбең ² семіз торыңмын,
 Көп құлынның бірімін...
 Атаның ұлы жақсыға
 Малыңды бер де, басың қос,
 Бір күні болар керегі.
 Бостаны ³ бар-ды теректің,
 Болаты бар-ды беректің,
 Тұсындағы болған нартың ⁴

қорлама,

Тұсындағы болған нартың қорласаң,
 Табылмас-ты керекте...
 Ақылсыз достыдан
 Ақылды дұшпан артық-ты,
 Дұшпаныннан бір сақын.
 Ел ішінде айқасып,
 Ойнап жүрген достарыңнан мың сақын ⁵.
 Жоғары карап оқ атпа,
 Жуық түсер қасына.
 Жаманға сырынды қосып сөз айтпа,
 Күндердің күні болғанда
 Сол жаман айғақ болар басына.
 Жақсы да келер бұ көпке,
 Жаман да келер бұ көпке,
 Түгел іс қойып болмас бір кепке.
 Сен алтынсың – мен пұлмын,
 Сен жібексің – мен жүнмін,
 Сен сұлтансың – мен құлмын...

¹ Көкшіліден – көкшілі – қыран құстың бір түрі.

² Көбе – оналған, ет алған, қонданған.

³ Бостан – қазақ тілінде мағынасы көп. Бұл жерде: бұтақ, берек, ұрым деген.

⁴ Нарт – асыл, игі, жақсы деген мағынаны білдіреді.

⁵ Сақын – көне сөз: сақтан деген мағынада қолданылады.

Сөз сандық

Арабы – араб тұқымдас жылқы.

Алдаспан – имек қылыш, жекпе-жек шайқаста қолданылатын қару.

Күлік – 1) сәйгүлік, саңлақ, жүйрік ат; 2) әйгілі, атақты деген мағынада.

Берен – 1) пышақ сияқты қару; 2) қымбат, асыл мата; 3) асыл матадан тігілген киім; 4) ұңғысы ұзын шиті мылтық; 5) денеге қару өткізбейтін болат сауыт; 6) шыны пластикалық кеудеше; 7) ауыспалы мағынада батыр, ер деген.


Берек – бұл жерде: құнарлы, нәрлі деген.



- ◆ Шығарма қандай тақырыпта жазылған?
- ◆ Шығарманың негізгі идеясы қандай?
- ◆ Толғауда Би Темір бейнесі қалай суреттеледі? Хрестоматиядан Темірді бейнелеген сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, түрлеріне ажыратындар.
- ◆ Жыраудың Би Темірге ақыл-кеңес беретін сөздерін жинақтаңдар.
- ◆ Толғауды оқығаннан кейін қандай қорытынды шығара алдыңдар?
- ◆ Толғаудың өздеріне ұнаған шумақтарын жаттап алыңдар. «Сен алтынсын – мен пұлмын» деп басталатын шумақта жырау не айтқысы келді?



- ◆ Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, толғауды жұптарымен талдап, сұрақтарға жауап беріндер.



- ◆ Толғауды оқығаннан кейін қандай сұрақтар туындады? Авторға бірнеше ашық сұрақ дайындаңдар.
- ◆ «Аспанды бұлт құрсайды,
Күн жауарға ұқсайды» деген жолдарда жырау нені тұспалдап тұр?
- ◆ Төменде берілген сұрақтарға жауап бере отырып, шығармаға талдау жүргізіп, үлгі кестені толтырыңдар.

Суреттендер	Толғауда жырау өзін қалай бейнелейді?
Салыстырындар	Би Темір мен жырауды не байланыстырады?
Зерттендер	Би Темір кім болған? Қай ғасырда өмір сүрген? Тарихқа көз жүгіртіндер.
Қолданыңдар	Толғауда кездесетін архаизм сөздерді теріп, түсіндірме сөздікті басшылыққа алып, мағынасын түсіндіріңдер.
Дәлелдендер	Жырау «Ақылсыз достыдан ақылды дұспан артық-ты» дейді. Дұшпанның артықшылығын дәлелдендер.
Пікірлерін	Жыраулардың қоғамдағы беделі қандай болған?

- ◆ Толғауда қандай ұйқас түрлері кездеседі? Ұйқас түрлеріне сәйкес мысал келтіріңдер.
- ◆ Шалқиғыз жырауға толғаудан алған әсерлерімен бөлісіп, хат жазыңдар.
- ◆ Жырау ізімен өлең құрастырып көріңдер.



- ◆ Шалкиізге осы толғауды жазуға не түрткі болды? Жырауды толғандырған тарихи шындық қандай?
- ◆ Сендер бүгінгі күннің жастарына қандай даналық сөздер айтар едіңдер?
- ◆ Шалкиіз туралы басқа да тарихи деректер тауып көріңдер.
- ◆ Толғаудағы рухани құндылықтар мен материалдық құндылықтардың жаңашылдығына баға беріңдер. Бұл құндылықтарға жырау неликтен назар аудартады?




- ◆ Би Темірге ел басқару ісін қалай жүргізу керектігі туралы ұсыныс жазыңдар.



◆ «Шалкиіз жырау – халықтың көкейкесті арманының мұңшысы, жырышысы» тақырыбына зерттеу жүргізіп, шағын мақала жазыңдар.


«Даналық сөздер» атты сөзжұмбақты шешіңдер

1. Қорқыт қай өзеннің бойында дүниеге келген?
2. «Даналық кітабы» басқаша қалай аталады?
3. Бәмсі-Байрақ бесікте жатқанда атастырылған қыз.
4. Жыраулық поэзияның бір өкілі.
5. «Балаларыма өсиет» өлеңіндегі Ақтамберді жыраудың өсиеті.
6. Шалкиіз жырау өз толғауында Би Темірді неге теңейді?
7. «Қиуадан ... алатын, Қияннан айла табатын». Көп нүктенің орнына қажетті сөз.
8. «Даналық кітабындағы» әулиенің аты.
9. Қорқыт ата шығармасындағы Байбіжанның құдасы.
10. «Шағырмақ бұлт жай тастар» өлеңінің авторы, жырау кім?
11. Ақтамберді Сарыұлының шығармалары енген жинақ аты.
12. Қожа Ахмет Ясаун кесенесін салдырған кім?
13. Қорқыт күйлерінің бірі.



Кері байланыс: «Көбелек»

Шалқиіз жыраудың шығармаларын оқып, талдап, жоғарыдағы нұсқаларды орындағаннан кейін, көрсетілген жүйе бойынша өз жұмыстарына рефлексия жасаңдар.



I бөлім бойынша бақылау жұмыстары

1. Дұрыс жауабын табыңдар.

- «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жырдағы» Бану-Шешектің ағасы:
 - Байбіжан;
 - Жарташық;
 - Жалғаншы;
 - Қаршар.
- Қорқыттың өмір сүрген кезені:
 - VI ғасыр;
 - XII ғасыр;
 - V ғасыр;
 - X ғасыр.
- Бәмсі-Байрақ гәуірлердің тұтқынына қалай түсіп қалды?
 - анға шыққан кезде;
 - ұйықтап жатқанда;
 - жаугершілікте;
 - саудагерлерге кезіккенде.
- Үзіндінің авторы кім?

Қиуадан ақыл алатын, Ерлерден салсам нөкерді,
Қияннан айла табатын, Дұшпаннан кекті алатын!

 - Шалқиіз;
 - Ақтамберді;
 - Махамбет;
 - Бұқар.

5. Сәйкестендіріңдер.

1	Сен алтынсын – мен пұтмын, Сен жібексін – мен жүнмін...	а) эпитет
2	Жоны бір жалпақ жотадай, Мойны бір жалпақ бұқадай...	ә) қайталау
3	Ойпан жерге он отау, Қыран жерге қырық шатыр тігіп, Қонағымды жайғасам!	б) тенеу
4	Тобыршықты әндіген Толтыра тартар ма екеміз! Тобылғы түбі құралай, Бытыратып атар ма екеміз!	в) шендестіру

- Шалқиіз кімнің кеңесшісі болған?
 - Абылай хан;
 - Би Темір;
 - Жәнібек хан;
 - Есім хан.
- Ақтамбердінің ажал жастығына бас қойған шақта айтқан шығармасы:
 - «Балаларыма өсет»;
 - «Күлдір-күлдір кісінетіп»;
 - «Дұшпаннан көрген қорлығым»;
 - «Жағама қолдың тигенін».
- «Маған Баяндүр ханның жүйрік жылқыларынан екі ат ұстап беріңдер, біреуі ешкі бас айғыр болсын, екіншісі қой бас болсын», Қорқыт атаға бұл аттар несіктен қажет болды?
 - Бәмсіні құтқару үшін;
 - тойға бару үшін;
 - ел аралау үшін;
 - Қаршардан қашып құтылу үшін.

9. Кімнің шығармасынан алынған үзінді?

Елден елді аралап, Беглердің қызын айттырсам,
Тектіден текті саралап, Нұсқасын байқап шамалап.

- а) Қорқыт; ә) Ақтамберді; б) Шалқиіз; в) Доспамбет.

10. Ясаун шығармаларымен тығыз байланысты қала атауы:

- а) Тараз; ә) Түркістан; б) Бұқара; в) Отырар.

2. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Ақтамберді жырау: *«Біртiгiңнен айырылма, Біртiкте бар қасиет»*, – дейді. Жырау өз өсиетінде не айтқысы келді? Тарқатып жазыңдар.

2. *«Қылыш ұрар болсаң, қолдарың қарысын қалады»* деген сөздерден Қорқыттың қандай қасиетін байқаймыз?

3. Ақтамберді толғауында ерлік қалай суреттеледі?

4. *«Жыраулар – тарих – Тәуелсіз Қазақстан»* арасындағы байланысты жазыңдар.

5. Жыраулар шығармаларындағы ұлы тұлғалар бейнесі қалай көрініс табады?


6. Жыраулар сол кездегі ел басқарған хандардың кемшіліктерін ашық айтып отырған. Осыған сендердің бағаларың қандай?

7. Қорқыттың нақыл сөздерінің мақал-мәтелдерге жақындығын байқаймыз. Бұны қалай түсіндірер едіңдер?

8. Жырау және тарих. Жыраулар әдебиетте де, тарихта да маңызды орын алады. Жыраулар поэзиясынан ұлт қалыптасуының көрінісін аңғарамыз. Осы тұрғыда *«Жыраулар сөзі – тарих шежіресі»* тақырыбында эссе жазыңдар.

*Қазақтар шешен келеді, олар мақалдан
сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп
құйылып жатады...*

Василий Радлов



II бөлім

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ САРЫН

XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында қазақ әдебиеті жаңа белеске көтерілді. Жазба әдебиет ерекше қарқынмен дамып, қазақ әдебиетінің тақырыптық-идеялық арнасы кеңейді. Қазақ даласында болып жатқан қоғамдық-саяси өзгерістер мен жаңалықтар әдебиетке де өз әсерін тигізді. Қазақ әдебиеті өзінің ежелгі дәуірлерден қалыптасқан берік дәстүрін сақтай отырып, Шығыс және Батыс әдебиеті арқылы келген жаңа жанрлармен, тың тақырыптармен өрісін кеңейтті. Таңды таңға жалғастыратын жыршылар, қиссашыл ақындар қазақ ауылының ең қадірлі адамы болды. Олар көнеден келе жатқан жыр-дастандарды, шежіре мен тарихи оқиғаларды, аңыз-әңгімелерді жетік білумен бірге өздері де мол мұра қалдырды. Бұл кезеңде қазақ әдебиетіндегі ғасырлар қойнауынан жалғастық тапқан көне эпикалық дәстүр Мұрат Мөңкеұлы, Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Мұрын Сенгірбайұлы т.б. ақындар мұрасымен өз биігіне көтерілді.


МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ



Мұрат Мөңкеұлы 1843 жылы қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Жастайынан өнер-білімге құштар болып өскен Мұрат ел мен жердің тарихы туралы шежірелерді, көне жырларды да жақсы білген. Оның болашағынан зор үміт күткен Есет би өзі баулып, ел тарихы туралы мол мағлұматтар берген.

Дәстүр бойынша *ақын* деген қадірлі атқа ие болу үшін басқа ақынмен айтысып, сыннан өту шарт болатын. Мұрат та өзінің қарымын байқап, Жылқышы деген ақынмен айтысып, мерейі үстем болады. Бұдан соң да Бала Ораз, Жаскелен, Жантолы, Тыныштық, Ізім ақындармен айтысып, оларды сөзден тоқтатады. Бұл айтыстарында ақын өзінің тапқырлығымен, шешендігімен танылды. Ол түре айтыста да, сүре айтыста да суырыпсалма қабілетімен ел ықыласына бөленеді.

Мұрат ақын қай кезде де ұлт мүддесін ру мүддесінен жоғары қойып, алаш баласының іргелі ел болуын аңсайды. Ақынның айтыстары жөнінде академик-жазушы С.Мұқанов: *«Айтыстарында сырт қараған адамға осындай рушыл көрінген, өз руына мінсіз көзбен қарайтын*



Мұрат өзінің ақындық өмірінде рушылдық көлемнің ақыны боп қана қалмайды. Жас кездегі айтыс өлеңдерінде өз руын көтеріп, өзге руға кеміткен көзбен қарайтын Мұрат есейе келе өзге руларды да көре, өзін жалты қазақ ақыны, халық ақыны санап, бертінде, байсалды ақын болған шағында өз руының ғана емес, жалты қазақ халқының жоқшысы боп жырлайды»¹, – деген пікір білдіреді.

Мұрат ақынның шеберлігі «Қарасай-Қазі», «Қазтуған», «Шөлгез» секілді жырларынан да танылады. Бұл жырлар ерлік пен батырлықты, халықтың өткен тарихын, туған топырақтың қасиетін баяндайды. Тілі көркем, айшықты теңеулерге бай бұл шығармалар Мұрат ақынды жыршылық дәстүрді жалғастырушы эпик ақын ретінде де көрсетеді.

Мұраттың «Әттен, бір қапы дүние-ай», «Жалғаншы пәни жалғанды», «Топқа түскендегі толғауы» атты шығармаларында да ел мен жер тағдыры, салт-дәстүр, өмір мен өлім, адалдық пен аярлық мәселелері сөз болады.

Ақынның «Үш қиян», «Сарыарқа» атты толғауларында орыс отаршыларының қазақ жерін иемдене бастағаны, бұрынғы ата дәстүрдің жоғалғаны туралы баяндалады. Мұрат ақын бұл шығармаларда ел ішінде күрделенген ұлттық, әлеуметтік мәселелерге назар аударады, өзінің азаматтық көзқарасын білдіре отырып, келер ұрпақтың болашағына алаңдайды. Тығырықтан шығар жол іздеп, сән-салтанаты келіскен атакөнісін, салт-дәстүріне сызат түспеген күндерін аңсайды. Бұл туындыларда ақын наразылығы адамдардың жан дүниесінің, пейілінің бұзылуымен байланысты өрбиді. Заманның дұрыс болмауын адамның азуынан көреді.

Ақын туралы көп деректерді оның шәкірті болған Мұрын жырау жеткізген. Мұрат Мөңкеұлы 1906 жылы 63 жасында дүниеден озады.

М.Мөңкеұлының шығармашылығы мен өмірбаянын Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Қ.Сыдықов, Ж.Тілепов, Қ.Мәдібай, Б.Омаров және т.б. ғалымдар зерттеген.

«Үш қиян» толғауы

Бұл толғау жаңа нұсқа жүріп, ел «штатқа» көніп, елді ояз, болыс, ауылнайлар билей бастаған заман кезінде айтылған. Айтылуы 1873 жыл шамасында болған.

Заманнан заман оралған,
Дүние шіркін соны алған.
Адыра қалғыр бұ қоныс,
Қайырсыз екен озалдан².

¹ Мұқанов С. Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы: Арыс, 2002.

² Озалдан (озалда) – баяғыда, әуелде, о баста, ертеде деген мағынада.

Тірек сөздер

- жаңа заң
- қоныс
- қиян
- жер
- тартып алу
- қырсық шалу
- замана
- белгі
- болу
- ел басқару

* * *

Қайырсыз неге десеңіз,
Асанқайғы, Қазтуған,
Орақ, Мамай, Телағыс –
Қалған екен солардан.
Біз де бір сондай болармыз,
Артық па едік олардан?!

* * *

Еділдің бойы қанды қиян,
Жайықтың бойы майлы қиян,
Маңғыстау бойы шаңды қиян,
Адыра қалғыр Үш қиян!
Үш қиянның ара бойынан
Жеті жұрт кетіп, жол салған,
Жеті жұрттың кеткен жер,
Қайырсыз болған неткен жер?!
Адыра қалғыр көк Жайық,
Көпір салып өткен жер.
Асанқайғы, Қазтуған,
Орақ, Мамай, Телағыс,
Шораның шұбап кеткен жер...

* * *

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.
Маңғыстаудың үш түбек
Оны дағы алғаны.

Үргеніш пен Бұхарға
Арбасын сүйреп барғаны –
Қоныстың бар ма қалғаны?!
Мал менен басты есептеп,
Баланың санын алғаны –
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны!

* * *

Бәйіт еттім бұ сөзді,
Қайғы шегіп заманнан.
Заман азып не қылсын:
Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады,
Бұның бәрі адамнан.

* * *

Адамның азған белгісі:
Екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.

Екі айырып арасын,
Арасынан пара алған.
Мұсылманның баласы
Қашуды қойды арамнан.
Шапағат, қайыр қалмады
Жақын-жуық жараннан.
Атқа мінген жігітте
Қалмады нәрсе қарардан,
Қайыр кетіп қазаннан,
Қуат кетіп азаннан...

* * *

...Азамат ердің баласы
Айдарына малы жоқ,
Топ көрерге зар болды.
Қара кісі хан болды,
Қоспақтан туған қортықша
Қатарға шығып, нар болды.
Асылзада баласы
Дәулеті кетіп қолынан,

Қоңсысына құл болды.
Асылсыздың баласы
Ақшасына сүйеніп,
Айтқан сөзі пұл болды.
Шыр көбелек айналып,
Замананың адамы,
Заманың мұндай сұм болды...

Сөз сандық

Қиян – 1) жер, аймақ; 2) алыс, шалғай жер, жердің түбі.

Ауылнай – ең төменгі әкімшілік лауазым, ауыл старшыны.

Бәйіт – бір мақаммен, сарынмен айтылатын қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең шумағы. *Бұл жерде: өлең-жыр.*

Қоспақ – бура (екі өркешті түйе тұқымының аталығы) мен нармаяны (бір өркешті түйе тұқымының аналығы) будандастыру арқылы алынған түйе тұқымы.

Асылзада – 1) көне сөз: ерте кездегі ақсүйек тұқымына жататын адам; 2) ардақты, қадірлі, аяулы, зиялы деген. *Бұл жерде: жақсының баласы деген сөз.*

Қоңсы – көрші, ауылдас, бір-бірімен іргелес, қатар отырған. *Бұл жерде: күнкөрісі төмен, әл-ауқаты аз адамдар деген мағынада.*



- ◆ Шығармада қай заманның шындығы жырланған?
- ◆ Халық басына түскен ауыртпалықтың себеп-салдарын қалай бейнелеген?
- ◆ «Үш қиян» толғауында қай өңірдің жер-су аттары аталады? Жыр бойынша Үш қиян өңірінің картасын құрастырындар.
- ◆ Толғауда *жеті жұрт* сөзі қандай мағынада қолданылған?
- ◆ Шығарманы оқып болған соң қандай сұрақтар туындады?
- ◆ Ақын өлеңі арқылы халықты неден сақтандырады?
- ◆ Толғаудың толық нұсқасын хрестоматиядан оқып шығып, шығармадағы *ояз, батыс, ауылнай* бейнелерін сипаттаңдар және мінездеме беріндер.
- ◆ Іргесі шайқалған дәстүр, адамзат ниетінің бұзылуы, атақоныс, шұрайлы жерлерден айырылу – бұның бәрі отарлаудың зардабы. Олардың қазақтың шұрайлы жерлеріне, құнарлы мекендеріне көз тігуінің себебі неде?



- ◆ Шығармадан батырлықты дәріптейтін шумақтарды тауып, мәнерлеп оқыңдар.
- ◆ Автордың ұстанымы мен көзқарасын анықтаңдар. Нақты аргументтер келтіріп, тұжырым жасаңдар.
- ◆ Толғауда қайталаудың қай түрлері кездеседі? Шығармадан мысал келтіріндер.
- ◆ Төмендегі кесте бойынша шығармаға кешенді талдау жасаңдар.

1	Тақырыбы		4	Шумақ	
2	Идеясы		5	Ұйқас түрі	
3	Жаңыры		6	Тәрбиелік мәні	

♦ Елдің іргетасы іспетті өткен тарихымызды ұлықтап, «Тәуелсіз Қазақстан. Бұл күнге қалай жеттік?!» тақырыбында көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, достарына креативті хат жазыңдар.



♦ Толғауда тарихи тұлғалар бейнесі жиі кездеседі. Ақын тұлғалар бейнесі арқылы оқырманның назарын неге аудартқысы келді? Пікірлеріңді жазыңдар.

♦ Шығармадағы көтерілген мәселені басқа да зар заман ақындарының шығармаларынан іздестіріп, үзінділерді жинап, салыстырыңдар.

♦ «*Ай орнынан туады, Күн орнынан шығады. Бұның бәрі адамнан*» деген жырау сөзінен нені аңғарамыз? Өзгеретін заман ба, адам ба? Пікірлеріңе бірнеше дәлел келтіріп, эссе жазыңдар.

♦ Мұрат ақын үшін туған жер, туған ел, туған тарих, салт-дәстүр құнды. Ақын осы құндылықтарды жоғалтып аламыз ба деп қауіптенді. Ал тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде сендерді не толғандырады?

♦ Толғаудағы екінші пен күдік, арман мен үміт толғаныстарынан ел болашағы үшін алаңдаушылықты байқаймыз. Ақын өмір сүрген кезеңдегі тарихи жағдай туралы мәліметтер жинақтап, өлеңмен байланыстырып әдеби эссе жазыңдар.

«Сарыарқа» толғауы

1

Біз көштік Сарыарқадан бермен асып,
Көлденең Сағыз бенен Жемді басып,
Ат мініп, киім киіп, тұқым алдық,
Сүйектес жақын жұртқа араласып.
Сырымнан бір қыстамай сын тағыпсыз,
Қонаққа сүйте ме екен келген сасып.
Қонаққа сүйте ме екен сасып келген,
Алыстан жақын жұрт деп асып келген.
Тәңір айдап Манғыстауға еріксіз қуды,
Ісім жоқ кісі өлтіріп қашып келген.
Женді-нағашылы сүйектес жұрт,
Күн көрдік көшіп-қонып кәсіппенен.
Сөз айтқан өздеріңе сын емес пе,
Ел едік – беріш, адай бірге жүрген...

3

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды¹,
Сарытау, Аштарханның жерін де алды,
Артынан Еділден соң Нарынды алды,
Тоғайдың ағаш, камыс, талын да алды.
Ар жақтан Қайыпалды, Науша қашып,
Тарлықтың сонан бері қаптағаны.
Тәмәмі, су мен нуды орыс ұстап,

¹ Бұл жерде: патша өкіметінің Еділ бойын бағындыруын айтып отыр.



Л.Шарберь. Астрахан маңындағы казак үйі

Қазақтың содан жұтап шалынғаны,
Қуалап Исатайды өлтірген соң,
Заманның сонан бері тарылғаны.

4

Ойды алды үш Оймауыт, тоғыз Торғай,
Кең қоныс мұсылманға қалынбады.
Үш қиян – жеті жұртты тоздырған жер,
Жер үшін қайыры жоқ тарылмалы.
Шекшекей, Құтым қашып, Әбенді ұстап,
Ерлерге ерегіскен не қылмады?!
Бір казак еркек болса Махамбеттей,
Мұны да аңсыз күні жазымдады...

6

...Бұрын да адыра қалғыр құтсыз еді,
Егескен ердің бәрі жер тіреген.
Қонысқа таласасыз бұл заманада,
Біз түгіл Асанқайғы тентіреген...

9

...Әуелі осы жерден ноғай кетті,
Баласы мұсылманның нобай кетті.
Қазтуған, Асанқайғы, Орақ, Мамай,
Әрі өтіп Тесіктаудан солай кетті.
Артынан Телағыс пен Нәрік кетті,
Өзіне ерген жұртын алып кетті.
Жер қарап он екі жыл желмаямен,
Асан би жердің үстін танып кетті..

12

Бұ жерге сонан қайтып қазақ қонған,
 Әдіре талай жұртқа азап болған.
 Бас қосып Кіші жүздің ақсақалы,
 Бойына Үш қиянның қарап қонған.
 Екі адам қарай шыққан ауылынан,
 Кенесіп Әлімұлы, Байұлынан...



- ♦ Сағыз, Жем өзендері Қазақстанның қай өңірінде? География пәнінен алған білімдеріңді пайдаланып, тез-тез жауап беріп көріңдер.
- ♦ «Жиенді-нағашылы сүйектес жұрт», – дейді ақын. Мұндағы жиенді-нағашылы деген туыстық атауды түсіндіріп беріңдер.
- ♦ Толғау үзіндісінде кездесетін жер-су және кісі аттарын бөлек-бөлек жазыңдар.

Нәубет

Наршөккен, Топырақшашты – жылқыға жай,
 Саралжын, Маңғытпенен бәрі де сай.
 Сыймаған маң далаға сонша малдан,
 Құдайым тастамады бір торы тай!
 Алланың құлы болсаң, бізге күлме,
 Боларсың Құдай қылса сен де сондай.
 Бар еді тәуір қоныс Тайсойғандай,
 Ақ шөбі семіртеді жайған малды-ай.
 Шақырып бір-біріне бие сойып,
 Ақсақал тарқаушы еді жанаралдай...

20

Базарбай, Қабыршақты, Кенен, Құрмас,
 Адыра құдық еді суы сырлас.
 Ат мініп алма мойын, ақ үй тігіп,
 Деменіз әлі де біз де кеңес құрмас.
 Байұлы он екі ата жұтаса да,
 Сартылдып бұ секілді біздей қылмас.
 Сөзіме жаман кісі түсінбейді,
 Арнайы ер түсінер сөзге мұндас.

21

Қабанбай, Қарақалпақ, Малайсары,
 Кенжеден көрінеді жұрттың бәрі.
 Су ішіп Көтібайдан өрістеген,
 Мәтештен асушы еді жылқы малы.
 Бұ күнде айтқанменен нанамысың,
 Нешікте тоқталып тұр халықтың бағы.



Қ.Шүкірбеков. Ұлы көш

Тайсойған, Орал бойы өскен жерім,
Кіндігім, кірім жуып, кескен жерім,
Құрбымен жағаласып бірге жатып,
Жарты күрт тату күнде жескен жерім...

23

Төртқұдық, Тұзжағасы, Алдаберген –
Қайран ел қонушы еді көлденеңнен,
Беріштің әр үйіне түскен қонақ
Жылқыдай болушы еді көлге келген.
Бұл күнде елімді айтып зарығамын,
Сағынып қайран жұртты шөлдегеннен...

27

Баймөңке – жер сауырысы, Тілеу, Құлан,
Қайран жұрт көшуші еді толықсыған.
Шай ішіп самаурыннан сәске түсте,
Көп еді тәкапсарсып мырзасынған.
Алланың құлы болсаң, бізге құлм е,
Тап болар тасқан жұртқа мұндай лаң.

28

Дүйсе мен Тоқпақ жайлайды Жездібайды,
Төрт түлік айналасы малға жайлы.
Тай сойған екі кісіге біздің елде,
Кетуші ек сараң десіп Мәтеш байды...

Сөз сандық

Сүйектес – қыз алып, қыз беріскен, сүйегі жақын немесе туыстас деген мағынада.

Адыра – бос, құр, бекер. Ал адыра қалғыр – қарғыс.

Саске – күн көкжиектен арқан бойы көтерілген мезгіл, яғни түс кезі.

Нәл – бұл жерде: аяқкиімнің өкшесі мен табан тұмсығына қағылатын темір тақа.

Зер – бұл жерде: алтын, күміс, мыс талшықтар араластырылып тоқылған қымбат мата, оқа, материал.



- ◆ Отарлау саясатының салдары қандай болды? Шығармадан мысал келтіріңдер.
- ◆ Ел тағдырына байланысты қандай көкейкесті мәселелерді байқадыңдар?
- ◆ Шығармада Асанқайғы бейнесі жиі кездеседі. Себебін қалай түсіндіресіңдер?

Хрестоматиядан толғауды толық оқып, мысал келтіріңдер.

◆ Толғаудан Кіші жүздің жеріне төнген қауіпті байқаймыз. Осы кезеңде қазақ жерінің басқа да аймақтарындағы жағдай қалай болды деп ойлайсыңдар? Тарихқа көз жүгіртіңдер.

◆ География пәнінен алған білімдеріңді пайдаланып, Қазақстанның батыс өңірлерінің табиғи ерекшеліктерін анықтаңдар. Шығармада берілген сол жерлердің суреттелген тұстарын тауып оқыңдар.



- ◆ «Қазақтың хан – шегесі, жер – мұрасы,

Тағынан хан тайған соң бақыты қалды» деп жырлайды акын. Осы жолдардан қазақ халқы үшін туған жер мен ел басшысының орны ерекше екенін аңғарамыз. Ақпарат құралдарын пайдаланып, қазақ тарихындағы хандардың шежіресін жасаңдар. Ел басқару ісіндегі ерекшеліктерін атаңдар.

◆ Елдің берекесі кетіп, халықтың ауыр тұрмысынан қажыған акын өткенді сағына еске алады. Толғауда акынның сағынышы қалай көрініс табады?

- ◆ Шығармадан тенеу мен эпитетті анықтап, көшіріп жазыңдар.

◆ «Ұлтарақтай болса да, атақоныс жер қымбат» дейтін халық тұжырымының өлеңдегі көрінісіне талдау жасаңдар. Төмендегі «321» кестесін басшылыққа алыңдар.

Үш факт			
Екі көзқарас			
Бір тұжырым			


◆ Шығармада көтерілген мәселелерге қатысты мақал-мәтелдерді тауып, оларды тақырыпқа ажыратыңдар. Қандай мақал-мәтелдер естеріңе түсті?

◆ Туған жердің табиғаты суреттелген үзінділерді тауып оқыңдар. Авторға өз туған жерлеріңді таныстырып, креативті хат жазыңдар.

◆ Жер-Ана! Қазақ тарихында жерімізді жаудан қорғау үшін қаншама көтеріліс, қантөгіс шайқастар болған. Елді, жерді қорғау жолында ата-бабаларымыз аянып қалған жоқ. Дарқан даламызды білектің күшімен, найзаның ұшымен бізге аманат етіп қалдырды. «Қазақтың жері – ата-бабалымыздың мұрасы» тақырыбында эссе жазыңдар.



◆ Толғаудағы материалдық және рухани құндылықтарды жіктендер. Олардың жанашылдығына баға беріңдер.



♦ Толғауды ақынның «Үш қиян» шығармасымен салыстырыңдар. Екі шығарманың ұқсастығын анықтаңдар.

♦ Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңін оқып, екі шығармадағы Исатай бейнесін салыстырыңдар.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айырылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорғаны мен едім,
Мен де айырылдым елімнен.
Көл қорғаны сен едің,
Сен де айырылдың көліңнен.

Аспанда ұшқан қызғыш құс!
Сені көлден айырған –
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған –
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып-айтпай немене,
Құсарлықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!

♦ Қазақтардың Ресей империясының құрамына қосылуы дұрыс шешім болды ма? Осы жөнінде жазылған пікірлерді басшылыққа алып, өзіндік сыни пікір жазыңдар.

♦ «Мұрат Мөңкеұлы – ел мұңын жырлаушы» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



♦ Өз беттерінше «Сарыарқа» толғауының шығу тарихын зерттеп көріңдер.

Мұрат ақын және «Үш қиян» шығармасы туралы әдеби сын

Қазақ халқының XIX ғасырдағы әдебиетінде ерекше орны бар, «шашасына шаң жұқпас» өрен жүйріктерінің бірі – Мұрат Мөңкеұлы. Ол – сонау XIV ғасырдың тарихи тұлғасы Сыпырадан басталып, Абылға тірелетін «Қырымның қырық батырын» айлап жырлайтын арқалы жырау, дәулескер жыршы. Ол – Қазтуған, Шалкиіз (Шалғез), Доспамбет, Жиёмбет сынды әрідегі, Махамбет сынды берідегі өзіне дейінгі бірнеше ғасырлық сөз өнерінің небір дүлдүл жүйріктерінің әдеби мұрасының туған жұртына шамасы жеткенінше шашылмай жетуіне барынша еңбек еткен көкірегі ояу елдік тұлға.

Жұмат Тілепов. Ел мүддесі – ерлер еншісі. Алматы: Дәуір-Кітап, 2017.

Таным көкжиегі: Үш қиян

Үш қиян қазақ халқында ұлан-ғайыр ел, байтақ жер деген ұғымды білдіреді. Бұрынырақта «Үш қиян» ұғымы «Қырымның қырық батыры» жырларында кездесе, XIX–XX ғасырлардан бастап Қазақстанның батыс өлкесі ақындарының шығармаларынан көрініс таба бастады. М.Мөңкеұлының «Үш қиян» дегені – қазіргі Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Орал облыстары мен Еділ бойы аймағы.



Кері байланыс: «Түртіп алу жүйесі»

«Бұрыннан білемін» +	«Жаңа ақпарат» !	«Мен басқаша ойтаймын» –	«Сұрағым бар» ?	«Білгім келеді» ???

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ (1858–1931)



Халқының аяулы перзенті, ақын, ғұлама ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келген.

Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың бәйбішесі Күнкеден туған. Ол Абайға немере іні болып келеді. Шәкәрім ата-анасының ерте айырылып, Абай тәрбиесінде болады. Шәкәрім алғаш ауыл молдасынан сауат ашады. Немересінің өленге бейімділігін байқаған атасы Құнанбай Шәкәрімнің көңіліне қаяу түсірмей, еркін өсіреді. Ақын өзінің балалық шағындағы осы сәттерді «Мұтылғанның өмірі» атты өленінде былай баяндаған:

Ардақты, кенже, жетім деп,
Өлпештеді мені көп.
Надандыққа болды сеп,
Қақпай ешкім қабаққа.

Інісінің зеректігін байқаған Абай оның жан-жақты білім алып, талантты ақын, парасатты ой несі болуына зор ықпал етеді. Ол Абайдың кеңесімен түрлі кітаптар оқып, араб, парсы, түрік, орыс тілдерін үйренеді. Сурет салып, саятшылық та құрады. Ән шығарып, домбыра, гармонь ойнауды меңгереді. Ол 1879 жылы жазған «Жастарға» атты өленінде Абайдан үлгі алып, өнер-білім үйренуге шақырады.

Шәкәрім шығармаларының негізгі арқауы – халық тағдыры. Шығыс пен Батыс әдебиетінің озық үлгілерін жетік білген Шәкәрім өмірінің соңына дейін ағартушылық бағыт ұстанып, қазақ даласында болып жатқан оқиғаларға азаматтық үнін қосты. Ол ел ішіндегі алауыздықтың, байлардың кедейлерге озбырлығының негізгі себебін адамның тәрбиесінен, имандылығынан, ішкі мәдениетінен іздейді.

Оның шығармаларында табиғаттың әсемдігі, әлеуметтік жағдайлар суреттелді. «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» өлендерінде өмірдің мәні туралы баяндаса, «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Құмарлық» атты шығармаларында адам бойындағы жағымсыз мінездерді сынады. Ақын адамның пейілі дұрыс болмай, қоғамның ілгері дамымайтындығын алға тартады. Заманның шынайы көрінісін суреттеп, ел ішіндегі күндестік, даңғойлық секілді жаман қасиеттерден арылу қажеттігіне тоқталды. Сонымен бірге «Ғылымсыз адам айуан», «Насихат», «Сен ғылымға», «Сынатарсың өзінді», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» т.б. шығармаларында Абайдың ағартушылық идеяларын жалғастырды. Шәкәрім де Абай секілді бұқара халықты оятуға ұмтылды, ғылым меңгеруге шақырды. Абайдың даналығын, парасаттылығын қазаққа үлгі етті.

Мәскеудегі Ресей Ғылым академиясының Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты мұрағатының 54-қорында сақталған Шәкәрім қажы суреті.

Суреттің түпнұсқасы артында «Казахи, Семипалатинский губ., Семипалат у., уроч. Кенбулак, Шакпактас. Шакарим кажи со своим беркутом. Фильеструп, 1927 г.» деп жазылған.

Бұл суреттің түпнұсқасын Семейдегі Абай мұражайының қызметкерлері тапқан.



1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты шығармасы, 1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан «Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр», «Жолсыз жаза яки кез болған іс», «Мұсылманшылық шарты», «Үш анық», «Ләйлі-Мәжнүн», «Еңлік-Кебек» атты шығармалары жарық көрді.

Абай философиясы Шәкәрім шығармаларында одан әрі жанданып, тереңдей түсті. Ақын өз өлеңдерінде ғалам мен адамды тұтастықта қарастырады. Ар тазалығы, имандылық – Шәкәрім поэзиясының негізгі арнасы. Адам ақиқатты іздеу арқылы ғана өз болмысын сақтай алады деген тұжырымға келген Шәкәрім оқырманын дүние жаратылысынан, тіршіліктің тылсым сырынан ғибрат алуға шақырады.

Ел ішіне кең тараған аңыз-әңгімелерді жетік білген ақын Әбілғазының, Радловтың, Березиннің, Левшиннің еңбектерімен де танысады. Шәкәрім 1905 жылы Меккеге қажылыққа барған сапарында Стамбұл, Париж қалаларының кітапханаларында болып, қазақ тарихына қатысты деректер іздейді. Осы деректер нәтижесінде жазылған «Түркі, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Үш анық», «Мұсылмандық шарты» атты еңбектері Шәкәрімді философ, тарихшы ретінде танытты.

Ақын бұл еңбектеріндегі тұжырымдарын өз өлеңдерінде де баяндайды. Ол «Көнбеймін дінді теріс бұрғаныңа», «Сопының бара қойман құрбанына» атты өлеңдерінде ел ішіне іріткі салған дін бұзушыларды өткір сынайды.

Шәкәрім поэма жанрында да өнімді еңбек етіп, артында мол мұра қалдырды. Ақын қаламынан «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Кірез патша», «Қодардың өлімі», «Қалқаман-Мамыр» секілді дастандар туды. Шәкәрім сонымен бірге Физули жазған «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын нәзира дәстүрімен қазақ тілінде жырлады. 1925 жылы жазған «Әділ-Мария» романы оның проза жанрындағы суреткерлік шеберлігін де даралай түсті.

Шәкәрім Әлішер Науаи, Қожа Хафиз секілді Шығыс шайырларын, А.С.Пушкиннің «Боран», «Дубровский» атты шығармаларын аударды. Әсіресе Л.Н.Толстойды ұстаз тұтып, оның шығармашылығын жоғары

баға лады. Сонымен бірге американ жазушысы Гарриэт Бичер-Стоудың «Том ағайдың балағаны» атты романын да қазақ тіліне тәржімеледі.

Шәкәрімнің «Анадан алғаш туғанымда», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жастық туралы» атты әндері – қазақ музыка өнеріне қосылған ғажайып туындылар. Ақынның жиырмаға жуық әні бар.

Кенестік билік кезеңінде «халық жауы» ретінде ақын мұраларын оқуға, жариялауға қатаң тыйым салынды. Ол озбыр саясатқа көнбей бас көтерген бұқара мен билікті татуластыруға тырысады. Алайда кенестік содыр саясаттың құрбанына айналып, жазалаушылар қолынан 1931 жылы қаза тапты. Ақын есімі 1988 жылы толық ақталды.

«Еңлік-Кебек» поэмасы

Тірек сөздер

- батыр
- абыз
- аңшылық
- қос ғашық
- салт-дәстүр
- уағда
- шарифат
- үш тілек

...Ту тіккен Тобықтының қос басшысы –
Жуантаяқ ¹ Тоқтамыс деген кісі.
Жамағайын жақыны сол кісінің,
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Ол Кебек мықты болған жас басынан,
Тоқан да тастамайды өз қасынан.
Жасы бала болса да, жаны отты деп,
Артық көріп не сабаз жолдасынан...

Ол кезде балгер болған Нысан абыз,
Шын дәулескер бақсының өзі нағыз.
Жыны айта ма, кім білсін, шыны айта ма,
Айтқаны келеді деп қылады аңыз.

Кебек батыр өз бағын сынамаққа,
Әдейі іздеп келіпті балгер жаққа.
Оңашада жалынды абызға кеп:
«Бал ашып бер, – деді де, – біздің баққа»:

«Ей, абыз! Аш балынды, қобызың тарт,
Алар ақың бар болса, мойныма арт.
Балыңа не түссе де жасырмай айт,
Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт»...

Нысан абыз қысылып батқан терге,
Қарады да, сөйледі Кебек ерге:
«Ажалың – биік қабақ сұрлау қыздан,
Батырым, ондай жанға көңіл берме»...

Оны есітіп Кебек кетті өз жайына,
Батса да балгер сөзі шымбайына.
Ойланбай, біржолата кетті ұмытып,
Деді де: «Жынның сөзін тыңдайым ба?»

¹ Жуантаяқ – ру аты.

* * *

Мұнан кейін азырақ заман өтті,
Салқын түсіп, қар жауар мезгіл жетті.
Қарашаның алғашқы қары жауып,
Кебек батыр құс алып аңға кетті...

Бораннан байқай алмай барар бетті,
Түн ішінде адасып Кебек кетті.
Осы Хакан өзенінің аяғында
Қыстаған бір Матайға келіп жетті...

Сол үйге кіріп келсе «Кеш жарық!» деп,
Жатпақ түгіл болған жоқ тамағын жеп.
Ол кезде шай болмайды, сусыны – құрт,
Ұсынды қарсақ жон¹ кып езіп әкеп...

Құрт ішіп әбден көңілі жайланған соң,
Бекітіп шарбаққа аты сайланған соң,
Үй несі қонақтан жөн сұрады,
Асын жеп, әңгімеге айналған соң.

Кебек айтты: «Аң қуған Тобықтымыз,
Мен Кебекпін дегенмен білемісіз?»
«Атым – Кебек» дегенде жалт қарады,
Бағанағы айтылған бойжеткен қыз.

Бай қайтадан сөз сұрап қайырмады,
Әлгі қыз Кебектен көз айырмады...

... «Анық Кебек сен болсаң, арызым бар,
Бір айтармын», – деді де, салды жауып...

... – Өз әлімше сынадым мен де сені,
Сен қалай деп ойладың, айтшы мені?
Қыздан сорлы бола ма бұл жалғанда,
Кез болмаса өзінің сүйер теңі?

Атым – Еңлік, мына шал – менің әкем,
Малы көп, бірақ еркек баладан кем.
Жасында бұл да өзіндей батыр еді,
Қор болып, осы күнде әркімге жем...

Бүгін мұнда кез болдың Құдай айдап,
Атыңды естіп жүруші ем сырттан сайлап.
Тасыр болса, талғамай тап берер деп,
Түні бойы сынадым сізді абайлап.

¹ Қарсақ жон – ашы құрт, сүзбе қатылған майлы сорпа.



Б.Ақанаев. Махабат туралы аңыз

Мен татысам, жігітсің маған татыр,
Міне, осындай ішімде қайғым жатыр.
Ойын емес, өмірлік жолдасым деп,
Беремісің уәде, Кебек батыр?..

– Ей, Еңлік! Айтқан сөзің – сөздің шыны,
Сөйтсе де бір сөзім бар, тында мұны.
Соғысқа сылтау таппай отырғанда,
Бүлдірмелік Матай мен Тобықтыны.

Онсыз дағы біріне-бірі қырын,
Ала ғой деп береді кім жесірін.
Адам түгіл мал үшін ел шабады,
Қыз болсаң да білесің елдің түрін...

– Ей, батыр, бұл сен айтар сөзің емес,
Уайым қып сескенер кезің емес.
Келер істі жалғыз-ақ Алла білер,
Ол сенің өлшеп сатар бөзің емес.

Кімнің көзі жетеді күні ертенге,
Теңін тапқан сені мен жалғыз мен бе?
Ел шабысып кетті ме соның бәрі,
Алып қашып алды ғой талай пенде!..

Кебек те отыр еді азар шыдап,
Сөзін айтып болғанша қызды сынап.
«Сен өлген жерде мен де өлемін» деп,
Қол алысып біржола кетті құлап...

* * *

Ер Кебек тыным алып үйде жатпай,
Еңлікке келіп жүрді дамыл таппай.
Кейде түзден жолығып, кейде қонып,
Алты ай қыс аттың терін бір құрғатпай...

Кебек келді бір күні қызға тағы,
Ойында бар, ел бітсе іс қылмағы.
Еңлік те дайын болды сол арада,
Қара жартас – белгілі табыспағы.

Қыз айтты: – Түнеугі айтқан уағда қайда?
Кел, кетелік, кідірмей осындайда.
Азық-түлік, киерлік киімдерім
Дайындап әкеп қойдым, мына сайда...

Екеуі тәуекел деп кетіп қалды,
Таң атпай-ақ Ордаға жетіп барды.
Ағаштан балаған қып арша жауып,
Бекініп бір дарада¹ жатып алды.



♦ Берілген поэма үзіндісін толық оқып, үш топқа бөлініп, мұғалімнің көмегімен бір-біріне сұрақтар дайындаңдар. Соның негізінде топтық жұмыс жасаңдар.

Бақыт үшін күрескен ғашықтар

Еңлік, Кебек кеткен соң таң тағы атты,
Күн шыққанша кемпір-шал тұрмай жатты.
Қойшы Еңлікті таба алмай іздеп-іздеп,
«Қызың қашып кетті», – деп шалды оятты.

Шал жылап, әлі келді екі көзге,
Қолынан не келеді онан өзге?!
Қойшы барып еліне хабар айтып,
Матай келді жылып осы сөзге.

Жан білмейді Еңлікті кім алғанын,
Қайда кетіп, қалайша жоғалғанын.
Алты ай қыстай кім келіп, кім кетпейді,
Қайдан білсін кәдікті кім қонғанын?

Түлкіні бір Матайдың көзі шалды,
«Мынаны кім берген?» деп қолына алды.
Шал айтты: – Мұны берген – бір Тобықты,
Атын ұмыттым, бір қонып кетіп қалды.

¹ Дара – 1) біреу; жалғыз; жеке; 2) ерекше, өзгеше. Бұл жерде: сай, жыра.

Қойшы айтты: – Оның аты Кебек еді,
Сонан соң да осында келмеп пе еді?
Ұмытпасам, соны Енлік аттандырып:
«Қош, аман бол, келіп жүр, Кебек», – деді.

Қуа-қуа осы сөз анықталды,
Матайлар Тобықтыға кісі салды.
«Қыз дегенің немене, білмейміз», – деп,
Тобықты оны елемей жатып алды...

* * *

Бір күні Қабекене Көбей келді,
Үйге кіріп келді де, сәлем берді.
«Қыз да жоқ, Кебек те жоқ, ел шабысты,
Мен сізден ақыл сұрай келдім», – дейді.

Қабекен сөз айтпайды жұмбақтамай:
– Ей, Көбей, сұңқар қалай, тауық қалай?
Тоқтамыс жолаушылап кетіп еді,
Сол келгенше өтпей ме уақыт талай?

Көбей мұны ұқты да, қайтып кетті,
Тобықты кеңес қылған топқа жетті.
Қабекен екі-ақ ауыз жұмбақ айтты,
Ол сөзінің мағынасы мынау депті:

«Енлікті алып қашқан – Кебек батыр,
Оны айтпай-ақ біздің би біліп жатыр»...

...«Кешіктірмей табалық Кебек алса,
Бір ай тоқта, Тоқтамыс келсін», – десті...



Найманның тым көп болды жиылысы,
Жиылған соң белгілі қылар ісі.
Алдынан бір арылып алайын деп,
Тобықтыға жіберді елші кісі.

«Ел бүлдірмей бітелік, жөнге келсін,
Енлік-Кебек екеуін ұстап берсін.
Шарифаттың әмірімен өлтіреміз,
Малға бітім қылмаймыз, оған сенсін.

Тентегінің жазасын мойынға алсын,
Егер оған көнбесе, дайындалсын.
Қырылыспай бітпейміз таусылғанша,
Не Найман, не Тобықты бірі қалсын»...

Кенбай мен Көбей барды биге тағы,
Сөзін айтып, сәлемін берді дағы.
Қабекеннің қабағы қарыс түсіп,
Мінеки, сондағы айтқан бір жұмбағы:

«Әнет бабаң емес пе менің атам,
Бірақ ондай қабыл ма менің батам?
Көшсем қоныс, отырсам көмегім жоқ,
Көрсетемін, қайтейін, тыныш жатам».

Бұл сөзі – бабаң айтқан сөздің көзі,
Өзі өлтірмей, амалсыз атқызды өзі.
Жеңілсең енді барар орының жоқ,
Көрсетпеуге шама жоқ деген сөзі.

Соны естіп Көбей топқа қайтып келді,
Жұмбағының шешуін айтып келді.
Тобықтылар Найманды ертіп әкеп,
Кебектің жатқан жерін айтып берді.



♦ Осы поэма үзіндісінде қойылған ат дұрыс па? Дәлелдендер. Егер дұрыс емес болса, өздерін тақырып қойыңдар. Оны сынып ішінде талқылаңдар.

Еңлік пен Кебектің өлімі

Ұйықтамайды сақтанып Кебек түнде,
Үш айдай бір дарада жатқан мүлде.
Толғатып Еңлік сұлу бір ұл тапқан,
Айы толып, мезгілі жеткен күнде.

Екеуі сол баланы қылады ермек,
Кезек ұйықтап, сақтанып жүрді сергек.
Қыз ояу, Кебек ұйықтап жатыр еді,
Қозыкүрең кісінеп қағады елек.

Еңлік түртіп оятты Кебек ерді,
Атқа қарғып мінгенше жау да келді.
Күрең атқа мінгесіп жөнелгенде,
Баласы бесігімен қала берді.

Баланы бір Матай кеп қолына алды,
Кебек қашты, жабылып жау да салды.
Қозыкүрең жартастан қарғығанда,
Ауып кетіп Еңлік қыз түсіп қалды.

Не күшті, ойласаңыз, тағдыр күшті,
Кім тоқтатар әзелде болмақ істі.



«Еңлік-Кебек» кесенесі

«Өлсем бірге өлмекші сертім бар», – деп,
Мінгестіріп алуға аттан түсті.

Жау жетті де, қамауда Кебек қалды,
Әрі-бері қанжарлап соғыс салды.
Бірталайын жаралы қылса дағы,
Көпке топырақ шашсын ба, ұстап алды.

Байлап алып жөнелді Ащысуға,
Тамам Найман жиылған қалың дуға.
Қайран жастар қапыда қолға түсті,
Елтіген бөрідей боп жеген уға...

Көп Найман екеуіне тұр анталап,
Бейне бір қоятұғын малға балап.
Еңлік сонда еліне сөз сөйлейді,
Қасындағы жиылған көпке қарап:

– Ей, жұртым! Бір-екі ауыз сөз айтайын,
Әйтеуір, өлтіруің тұр ғой дайын.
«Өлерде үш тілек бар деуші еді» ғой,
Құдай үшін, берсендер, мен сұрайын.

Кебекпен мені азғана араздастыр,
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.
Мына бала – Тобықты баласы ғой,
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр.



Семейден Жидебайға дейінгі
жолдағы Еңлік-Кебекке арналған
ескерткіш

Үш тілегін алсын деп жұрт кеңесті,
Бердік деп екеуінің қолын шешті.
Құшақтасып сүйісіп, қош айтысып,
«Ал енді өлтіре бер, мейлін», – десті.

Екеуінің мойнына арқан салып,
Екі аттың құйрығына байлап алып,
«Матайлап» ұран салып шауып-шауып,
Өлтіріп бір төбеге қойды апарып.

Тастады бесігімен баласын да,
Обалға өшіккен ел қарасын ба?..
Еңлік-Кебек моласы бүгін де бар,
Таймақ пен Ералының¹ арасында.

Надан жұрттың болады діні қатты:
Қабекене тапсырмай аманатты,

¹ Таймақ, Ералы – Семей өңіріндегі жер атауы. Еңлік-Кебектің моласы сол жерде.

Шеткі Ақшоқы басында қалған бала,
Шырқырап күн батқанша жылап жатты...

* * *

Жігіттер! Бұл өленді жазған мәнім:
Емес қой жастықпенен салған әнім.
Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы?
Аларсың көп гибрат байқағаның.

Қыз, қызык, батыр жазар кезім емес,
Жастарды қызықтырған сөзім емес.
Ертегі емес, ертеде болған бір іс,
Ойдан жалған шығарған сөзім емес.

Әншейін әңгіме деп құлақ салма,
Құр ғана қызығымен қызын алма.
Ғаділ, залым, шафқатлі – мейірімсіз,
Соларды айыра алмай қапы қалма!

Сөз сандық

Абыз – жорыққа шығарда бата беретін, болжам жасап, жорамал айтатын сәуегей адам.

Сонар – із түспеген, жаңа жауған қар беті.

Барымта – бұл жерде: кек қайтаруды күн төлеумен алмастыру.

Матай – найман руының ішіндегі бір тармағы.

Жығыт – түлкі терісінен сәндеп тігілген тымақ.

Теория сандықшасы

Пролог (грек. *prologos* – алғы сөз) – көркем шығармаға кіріспенің бір түрі. Көркем шығарманың оқиға мазмұны мен мәнін оқырманға таныстыратын кіріспе бөлімі. Ол шығарма идеясын дұрыс түсіндіру. Мұнда кейде негізгі сюжетке дейінгі бірнеше оқиға баяндалады, кейде бас кейіпкердің өткен өмірінен бірер көрініс беріледі, кейде автордың ой өзегінен аздаған сыр айтылады.

Эпилог – шығармада суреттелінген оқиғалар әбден аяқталып болғаннан кейін жазылатын автордың қорытынды сөзі. Пролог сияқты эпилогтің де шығарма құрылысымен тікелей байланысы жоқ.



- ◆ Еңлік Кебекке неліктен сырын жасырмай айтты?
- ◆ Еңлік пен Кебектің қашып кетуіне не түрткі болды?
- ◆ Екеуінің махаббатына қарсы болу рубасыларына не үшін керек болды?
- ◆ Дастандағы алғашқы талас-тартыстың шығу төркіні неде?
- ◆ Екі жастың өліміне кім кінәлі? Өз пікірлеріне шығарманың толық нұсқасын хрестоматиядан оқып, дәлел келтіріңдер.
- ◆ Шығармадағы Нысан абыздың бал ашум эпизодына талқылау жүргізіңдер. Кебек неліктен абыздың сөзіне құлақ аспады?
- ◆ Поэманы хрестоматиядан толық оқып, шығармадағы прологті анықтаңдар. Ақынның пролог жазудағы мақсаты не?

- ◆ Дастанды өз қалауларын бойынша сюжеттік бөліктерге қайтадан бөліп, әрқайсысына атау беріндер.
- ◆ Шығармаға тезистік жоспар құрындар.
- ◆ Дастандағы кейіпкерлерге тура және жанама мінездеме беріндер.

Кейіпкерлер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу
Кебек		
Еңлік		
Токтамыс		
Еңліктің әкесі		
Нысан абыз		



- ◆ Хрестоматиядан дастанның толық нұсқасын оқып, жер-су атауларын теріп жазып, топонимикалық сөздік құрастырындар.
- ◆ Поэманы сендер қалай аяқтар едіңдер? Ой қосып, жалғастырып көріндер.
- ◆ Шығармаға төмендегі кесте бойынша композициялық талдау жасандар.



- ◆ Шығармадан аллитерация мен ассонанс кездесетін жолдарды теріп жазындар.
- ◆ Шығармадан метафора мен метонимия кездесетін жолдарды белгілендер.
- ◆ «Тауда қалған сәби». Ертегі түрінде дастанды жалғастырындар.
- ◆ Өз беттерінше ізденіп, поэманың прологін тауып оқындар. Онда төмендегі жазылғанға назар аударындар.



- ◆ Шығармадағы тарихи оқиғаға шолу жасандар. Оқиға қазақ тарихындағы қай кезенді қамтиды? Тарих пәнімен байланыстыра отырып салыстырайық.
- ◆ Дастандағы салт-дәстүрлердің бүгінгі күндегі қолданысы қандай? Бүгінгі жастардың шаңырақ құруына салт-дәстүрлер қалай әсер етеді? Салыстырмалы талдау жүргізіп, өз бағаларыңды беріндер.
- ◆ Еңлік пен Кебектің іс-әрекетіне берілген сыни пікірлермен танысындар. Өздерің сыни пікір жазындар.
- ◆ «Еңлік-Кебек» – бақытқа жету үшін күрескен қаһықтардың тағдыры» тақырыбында ойтолғау жазындар.



- ◆ «Еңлік-Кебек» дастанының басқа нұсқалары туралы мәлімет жинақтандар.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасына әдеби сын

Шәкәрім шығармашылығының өнімді саласы – поэма. Ақынның көлемді поэмалық шығармалары – «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Ләйлі-Мәжнүн». Жастардың жүрек сезімін жаншып, жара салып келген феодалдық кертартпа әдет-салттарды сынайды, қара күштің құрбаны болып, арманына жетпей кеткен жас қыршындардың аянышты өмірін суреттейді.

XX ғасырдың бас кезінде феодалдық кертартпа салттар әлі де біржолата жоғалмай тұрған дәуірде Шәкәрімнің сол ескілікке қарсы шығып, Қалқаман мен Мамырдың, Еңлік пен Кебектің жазықсыз өлімін жырлауы жаңа қадам, жақсы талап еді. Сондықтан да мұны Шәкәрім шығармашылығының аса бағалы жағы ретінде қарау қажет.

Еңлік пен Мамыр да, Қалқаман мен Кебек те шығармада махаббат еркіндігін аңсаған, бүкіл адамзатқа тән қасиеттері мол жас жандар ретінде көрінеді. Олардың арасындағы махаббат сезімі шынайы адамгершілікпен ұштасып жатады.

Мүсілім Базарбаев. Замана тудырған әдебиет. 2-басылым. Алматы: Жібек жолы, 2005.

Кері байланыс: «Білім пирамидасы»

Есте сақтайтын ең қажет ақпарат

Менің көбірек білгім келетін екі мәлімет

Мені қызықтырған үш ақпарат

Мен білген төрт мәлімет



«Жастарға» өлеңі

Кел, жастар, біз біртүрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық,
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал енді, олай болса, кімді алалық?
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын іздесек, табармыз шыны ғалым,
Күнде күйлей бермелік бозбалалық.

Сақ болалық, бір шокып, бір каралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, каралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік...

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Өртүрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең – аласың, бос береді,
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан...

Тірек сөздер

- жастар
- ақыл-білім
- мінез
- адалдық
- қулық
- еңбек
- ғылым



Алмасақ үміт үзер тағы жастан,
Өлсек те ұмтылалық осы бастан.
Өткізе алмай, еліне қайтса көшіп,
Қаламыз асыл түгіл ине алмастан...

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық...

Осыған қазақ бар ма жанасарлық,
Ғылым, өнер, ақылмен санасарлық?
Жұрт алмаса, ақылын біз алалық,
Өзгедей надан емес адасарлық...

Жарасымды мінезді жатқа алалық,
Жанға қас жамандықтан сақтаналық!
Арсыз, ғайбат, өтірік, ынсапсыздық –
Бұлардан бой тасалап ақталалық...

Арсыз, арам айланы тастасалық!
Адал іске талаппен бастасалық!
Неде болса білімді ізденелік,
Надандықпен біржола қастасалық!..

Рақым жоқ, қанағат жоқ, арсыз болып,
Жас бойға жаман атақ тағынбалық!
Таза ойлап, татулық іс табалық,
Жау жоқта тіпті жауды сағынбалық!..

Білмегенді білуге тырысалық!
Жалқаулықты көңіл ден сырысалық!..



- ◆ Өлең үзіндісінен ұнаған шумақтарды жаттап алыңдар.
- ◆ Автор өлеңді не үшін «Жастарға» деп атаған?
- ◆ Осы өлең үзіндісінде берілген жақсы адами қасиеттерді, жақсы мінез-құлықтарды жазып алыңдар.

Жақсы білім іздеуге жалықпалық!

Жақсы білім іздеуге жалықпалық!
Табылмаса, тарығып талықпалық!
Салақтықты қоялық, сақ болалық!
Білгенді, білмегенді анықталық!..

Надандар төрт аяқты малға ұқсайды,
Қаңғырған тамақ іздеп аңға ұқсайды.
Өз бетімен табатын өнері жоқ,
Талапсыз, өлі сүйек жанға ұқсайды...

Ар қайда? Рақым қайда? Әдеп қайда?
 Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
 Көз жұмып, «Көппен көрген ұлы той» деп,
 Береді бұл надандық кімге пайда?

Білімдіге білімсіз бағынбай ма?
 Іздесе пендеге жол табылмай ма?
 Ақты қойып, арамды әдет етсек,
 Денеміз дозаққа өзі жағылмай ма?..

Бір күн біреу жалғанмен жүр құтылып,
 Біреу жүр айламенен үзіп-жұлып.
 Ертең көрсең, екеуі қолға түсіп,
 Кескектеген түлкідей тұр тұтылып...

Жаны ашып, жақсы соқпақ тазалапты,
 Жігерленсін, білсін деп табалапты.
 «Жоба көрмей, жүгенсіз кетпесін деп»,
 Қатты сөзбен қайырып қамалапты...

Білмекке талап етіп көрейін деп,
 Шын сөзге көңілімді бөлейін деп.
 Надан болып қорлықты көргенімше,
 Естінің айтқанымен өлейін деп...

Байладым белді бекем буайын деп,
 Жүректі адалдықпен жуайын деп.
 Талпынған мақсат іздеп мақрұм қалмас,
 Адамдық ғылым жолын қуайын деп.

Сөз сандық

Мұқым – 1) біржола, мүлдем, тіптен; 2) бүкіл, күллі, барлық, түгел; 3) берік, сақ, бекем; 4) мықты.

Мақрұм – құр қалу, құралақан қалды деген.

Ғадалат – турашылдық, әділдік.

Пұл – бұл сөздің мағынасы өте көп. Бұл жерде: асыл сөз.



- ◆ Ақын қандай жаман әдеттерден арылуды көздейді? Жастарға жүктеген міндеттері қандай?
- ◆ Шәжәрім қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтарды қалай суреттеген? Ақынды не мазалайды?
- ◆ Ақын өлеңінде қандай тұжырым жасайды? Сендер қандай ой түйдіңдер?
- ◆ Өлеңдегі жастар бейнесіне мінездеме жазыңдар.
- ◆ Ақынның Абай жырларына назар аудартатын тұстарын белгілеп, себебін анықтаңдар.

♦ Шығарма үзінділерінен мысал келтіре отырып, төмендегі үлгіні пайдаланып, өз ұстанымдарыңды дәлелдендер. Тақырып – «Жаһандану және жастар».

Жақтаушы топ		Даттаушы топ	
Ұстаным:	1	Ұстаным:	1
Анықтама:	2	Анықтама:	2
Шешім:	3	Шешім:	3
Дәлел:	4	Дәлел:	4



- ♦ Шәкәрімнің Абайдан үлгі алуға шақыруының мәні неде? Түсіндіріңдер.
- ♦ Бүгінгі жастарға қандай ақыл-кеңес берер едіңдер? Жастарды көшбасшылыққа шақыратын үндеу жазыңдар.
- ♦ Өлеңдегі бір гибратты ойдың мәнін ашатын сюжетті әңгіме жазыңдар.
- ♦ Өлеңдегі теңеу мен эпитеттерді теріп жазып, мағынасын ашыңдар. Теңеу мен эпитеттің аражігін ажыратыңдар.
- ♦ Өлеңнің құрылысына төмендегі ретпен талдау жасаңдар: 1) жанр түрі; 2) шумақ; 3) тармақ; 4) бунақ; 5) буын саны; 6) ұйқас түрі.
- ♦ Өлеңдегі жастардың бойында болу керек ізгі қасиеттерді өсу ретімен, арылу керек жаман әдеттерді кему ретімен үлгіні пайдаланып жазыңдар.



♦ Өлеңде ақын кімдерді сынап, кімдерге мін тағады? Ақын қандай көркемдегіш құралдарды қолданған?



- ♦ Жастар – еліміздің болашағы. Ақын өлеңінде келешек жастарға үміт артады. Ал сендер бүгінгі жастар келбетіне қандай баға бересіңдер?
- ♦ Осы өлеңнің мазмұнына, идеясына жақын Абай өлеңдерін жинақтаңдар. Екі ақынның өлеңдеріндегі үндестікті анықтаңдар.
- ♦ Мағжанның «Мен жастарға сенемін» өлеңін оқып, танысыңдар. Екі шығармалағы ортақ үндестікті анықтап, төмендегі кестені пайдаланып талдау жасаңдар.

Өлеңнің атауы	Авторы	Тақырыбы	Идеясы	Көтерілген мәселе


- ♦ Ақын шығармаларымен танысып, «Шәкәрім жырларындағы рухани-адамгершілік қағидалары» тақырыбында менталды карта құрастырыңдар.
- ♦ Жастарға қойылатын міндет көп. Сендердің ел игілігіне қосар үлестерін қандай болмақ? «Елімнің ертеңгі сенімім» тақырыбында эссе жазыңдар.



♦ Шәкәрім – Абайдың ақын шәкірттерінің бірі. Абай дәстүрін жалғастырушы ақындар аз болмаған. Абайдың ақын шәкірттері туралы мәліметтерді жинақтап, топтастыру кестесін құрыңдар.

«Сарыарқа» сөзжұмбағын шешіндер

1. «Сарыарқа» өлеңінде жырланатын батырлардың бірі.
2. Жерұйықты іздеген жырау.
3. Асанқайғы қызыл тастан үй салдырған қалашық.
4. Кебекке бал ашқан абыз.
5. Үш қиянның бірі.
6. «Үш қиян» толғауында жиі қайталанатын сөз.
7. Тобықтының басшысы.
8. Еңлік-Кебек моласы тұрған жер.
9. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармасының кейіпкері.



Таным көкжиегі: Шәкәрімнің қолөнер бұйымдары

Шәкәрімнің ұлы Ахаттың айтуы бойынша әкесі ұсталыққа, ою ойып, киім пішуге шебер болған екен. Шәкәрім пышақ, кездік, ағаштан ойып ожау жасап, тіпті өз киімдерін де ерекше үлгіде пішіп киетін болған. Оюдың бірнеше түрін де шығарған. Ақынға ұсталықты анасы үйреткен. Ақынның өз қолымен жонып жасаған шоқпары мен саптаяғы Абайдың қорық-мұражайындағы құнды жәдігерлердің қатарын толықтырып тұр.



Кері байланыс: «Қызық, Қиын, Құнды»

Жапырақ бөлімдеріне Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңін оқу барысында біз үшін қызық, қиын, құнды болған тұстарын жазып, ой қорытайық.



II бөлім бойынша бақылау жұмыстары

1. Дұрыс жауабын табындар.

1. «Еңлік-Кебек» шығармасында көтерілген басты мәселені анықтандар:
 - а) махаббат; ә) тарихи шындық; б) әлеуметтік теңсіздік; в) әйел теңсіздігі.
2. «Еңлік-Кебек» дастанындағы абыздың есімі:
 - а) Құрманбай; ә) Сабырбай; б) Нысан; в) Өтеміс.
3. «Еңлік-Кебек» шығармасындағы оқиғаның шиеленісуі:
 - а) Кебектің Еңлік үйіне келуі; б) Нысан абыздың бал ашуы;
 - ә) Кенгірбайдың үкімі; в) Еңлік пен Кебектің елден қашуы.
4. «Еңлік-Кебек» шығармасындағы алғы сөзде не туралы баяндалады?
 - а) Кебек туралы; б) Еңлік пен Кебектің танысу жайы;
 - ә) Еңліктің әкесі туралы; в) қазақ-қалмақ шайқасы туралы.

5. Төмендегі үзіндінің мазмұнына жақын макалды табыңдар:
 Бір күн біреу жалғанмен жүр құтылып,
 Біреу жүр айламенен үзіп-жұлып.
 Ертең көрсен, екеуі қолға түсіп,
 Кескектеген түлкідей тұр тұтылып.
- а) Біреуге ор қазба, өзін түсесін.
 ә) Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.
 б) Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады.
 в) Заманың түлкі болса, тазы боп шал.
6. Шәкәрімнің «Жастарға» өлеңінде «... сөз айтса, «сырым» дейді, Біліп қойсаң, «бұл да бір қырым» дейді» деген жолдар бар. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді тауып қойыңдар:
 а) талапсыз; ә) білімділер; б) өтірікші; в) жалғаншылар.
7. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Жастарға» өлеңінде кімнен үлгі алуға шақырады?
 а) Ясауидан; ә) жыраулардан; б) Абай Құнанбайұлынан; в) әл-Фарабиден.
8. «Үш қиян» шығармасында «жана нызамның жүріп» деген сөз неі білдіреді?
 а) құбылыс; ә) дәстүр; б) заң; в) билік.
9. Автор қолданған көркемдегіш құралды тауып қойыңдар. Жайықтың бойы – ...
 а) майлы қиян; ә) қанды қиян; б) шанды қиян; в) Үш қиян.
10. «Сарыарқа» жырының тақырыбын анықтаңдар:
 а) қазақ жері туралы; б) отаршылдық туралы;
 ә) тарихи тұлғалар туралы; в) қазақ жайында.

2. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. «Еңлік-Кебек» дастанында жастар халықтың ғасырлар бойы қалыптасып қалған дәстүріне қарсы шығады. Осы дұрыс па, бұрыс па? Үш дәлел келтіріп, өз пікірлеріңді дәлелдендер.

2. Еңлік бойындағы қасиеттерге баға беріңдер. Өздеріне қай қасиетін үлгі тұтар едіңдер? Ойларыңды жазыңдар.

3. Қазіргі жастардың бойынан Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқан кемшіліктердің қайсысын көбірек байқайсыңдар? Шәкәрімнің айтқан ақыл-кеңестерін жастарға қалай насихаттауға болады? Өздеріңнің ұсыныстарыңды жазыңдар.

4. Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мұрат Мөнкеұлы шығармаларындағы тарихи оқиғалардың негізгі ойды ашудағы рөлі қандай? Өз көзқарастарыңды жазыңдар.

5. М.Мөнкеұлының екі шығармасында да өзекті тақырыптардың бірі – атамекен, туған жер туралы. Тәуелсіз Қазақстанның ұланы ретінде осынау кен-байтақ жерді аманат етіп қалдырған ата-бабаларымыздың, ерлеріміздің ерлігін, еңбегін мақтан етіп, еліміздің гүлдене түсуіне болашақта өздерін қандай үлес қосатындарыңды жазыңдар.


6. «Еңлік-Кебек» шығармасында жетім қалған баланың тағдыры не болды деп ойлайсыңдар? Баланы кім алып кетуі мүмкін? Өз болжамдарыңды жазыңдар.

7. Мұрат Мөнкеұлының «Сарыарқа» шығармасындағы көркемдегіш құралдардың қолданылуына талдау жасаңдар. Автор туған жерге, туған елге деген сезімін қалай бейнелеген?

8. Сендер оқыған шығармалардағы құндылықтардың қазақ отбасы үшін маңызы қандай? Өр шығармадағы құндылықтарды талдай отырып, «Қазақ отбасы және құндылықтар» тақырыбына эссе жазыңдар.

***Кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе,
әсіресе адам баласын бауырым деп білсе,
сол адамды ізгі деп атаймыз.***

Мағжан Жұмабаев



III бөлім

МАХАББАТ ПЕН АБЫРОЙ

Абай «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосындар» деген еді. Абай айтқандай, адам өмірі махаббаттан тұрады. Махаббат – кіршіксіз сүйіспеншілік пен құштарлықтың жиынтығы. Адам бойында анаға, балаға, сүйген жарға, туған жерге деген шексіз махаббат бар. Оларды бір-бірінен бөле қарауға болмайды. Себебі олар бірінен-бірі туындап, бірін-бірі толықтырып отырады. Бұл тарауда махаббаттың адам өмірінен алатын орнына жауап іздейміз. Қазақ ақын-жазушылары бұл тақырыпты жоғары деңгейде суреттей білді.

М.Дулатұлы «Бақытсыз Жамал» романында бостандық іздеген қазақ қызының махаббат үшін күресін Жамал трагедиясымен көркемдеді.

Кенес Одағының Батыры, жазушы Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінде «Отан отбасынан басталатынын» өз өмірі арқылы бейнеледі. Ата-ана, бауыр-жолдасқа деген сүйіспеншіліктің туған жерге, Отанға жалғасатынын батыр өмірі растайды.

Д.Исабековтің «Әпке» драмасына апа-сінлі, аға-інілер арасындағы сүйіспеншілік арқау болған. Бауырлардың бір-біріне деген махаббатына ешқандай күш бөгет жасай алмайтынын, кез келген адам бауырларына бар өмірін арнай алатынын көрсете білген.

М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан махаббат атты тылсым күштің құдіретін ұғып, сыңарынан айырылған аққулардың бастарын өлімге тігетінін көре аламыз.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ
(1885–1935)

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы қараша айында Торғай уезінің Сарыкопа болысының бірінші ауылында (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданы) туған.

Екі жасында анадан, он екі жасында әкеден жетім қалған Міржақыпты ағасы Асқар 1897 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне оқуға береді. Міржақып мектепті бітірген соң, бес жыл мұғалімдер дайындайтын курста оқиды. Мұғалім куәлігін алғаннан кейін мектепте бала оқытады. М.Дулатұлы өз бетінше ізденіп, саяси көзқарасын қалыптастырып, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, публицист, ағартушы, ұстаз ретінде қызмет етті.

Бұл патша өкіметінің отаршылдық саясаты асқындап тұрған кез болатын. Міржақып талауда жатқан қазақ халқын жаппай сауаттандыруды көздеді. Ол Омбы қаласында өткен қазақ зиялыларының басқосуына қатысты. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхандармен бірге қызмет

етті. Патшаның отарлау саясатына қарсы Қарқаралы қаласында болған ереуілді көрді. Орал қаласында болған съездің делегаты ретінде Петерборға барды.

Міржақыптың «Оян, қазақ!» атты жинағы Қазан қаласында басылды (1909). Білімге сусап отырған халық ақын жырларын жатқа айтты. Сұранысқа ие болған кітап 1911 жылы қайта басылды. Осы кітабы үшін патша әкімшілігі қуғындап, бірнеше рет түрмеге жапты. Десек те, шығармашылықтан қол үзбеген оның «Бақытсыз Жамал» (1910), «Азамат» (1913), «Терме» (1915) атты кітаптары шықты.

М.Дулатұлы әміршіл патша өкіметінің қуғындауынан бір жерде тұрақтап жұмыс істей алмады. Бірде тілмаш, бірде бала оқытып, қазақ балаларына орысша сабақ берді.

1913 жылы Орынбор қаласында А.Байтұрсынұлы екеуі «Қазақ» газетін шығарды. Бұл газет халықтың саяси көзқарасын ашты. Ол «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметін құруға белсене араласты. Кейінгі жылдары «Ақжол», «Еңбекші қазақ» газеттерінде журналистік қызмет атқарды. Ұстаздық қызметпен айналысқан ол қазақ балаларына оқулық жазды. «Есеп құралы», «Қирағат кітабы» (хрестоматия) сынды оқулықтар дайындап бастырды.

Міржақып ұстаз, баспагер, ақын, жазушы, аудармашы ретінде қазақ жұртшылығына танылды. 1928 жылы қазақ оқығандары қатарында тұтқынға алынып, 1930 жылы ОГПУ коллегиясының үкімі бойынша ату жазасына кесілді. Кейін бұл үкім 10 жыл абақты жазасымен алмастырылды. 1935 жылы 5 қазанда Ақтөзіз-Балтық каналының бойындағы Сосновец стансысында, лагерьдің лазаретінде қайтыс болды.

М.Дулатұлының ісін Қазақ КСР-інің прокурорының қайта қарауымен Республика Жоғарғы Сотының коллегиясы 1988 жылы 4 қарашада біржола ақтады.

Міржақып Дулатұлының негізгі еңбегі – «Оян, қазақ!» кітабы. Ақын қазақ халқын білім-ғылымға шақырады. Надандықпен өткен күнге өкініп, оянатын уақыт жеткенін айтады.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал Һараб¹ боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

¹ Һараб (араб.) – күйреу мағынасын береді.



«Оян, қазақ!»
жинағының мұқабасы.
Қазан, 1909 ж.

Кітап ұйқыдағы халықты оятуға, жарқын болашаққа ұмтылуға үндеді. Жазушы қазақ жеріне орыс мұжықтарын орналастыруда үлкен саясат жатқанына күйініп, халық трагедиясын ашық суреттеді.

«Таршылық халіміз хақында аз мінәжат» туындысы ақынның негізгі ұстанымын танытты. Мансапқорлық пен партияшылдық арқылы сайлау жүйесін әшкереледі. Ескі жүйеден құтылудың жолы өнер-білімде деп түсінді. Сондықтан барша қазақты оқу-білімге шақырды. Бірлік пен ынтымаққа жетудің жолы да өнер-білімде деп түсіндірді.

«Азамат» жинағында ақынның негізгі идеясы жалғасын тапты. Оның өлеңдерінің көпшілігі үгіт-насихатқа құрылды. Сондықтан да ол өлеңнің мазмұнына ерекше көңіл аударды. «Сырым», «Мұн», «Арманым» өлеңдері оның негізгі кредосын танытты. Ақын «Кім үшін тусам, сол үшін өлу – борышым» деп түсінді. Қазағының жарқын болашағы үшін құрбан болуға бас тікті.

«Қажыған көңіл», аты айтып тұрғандай, шерлі өлең. Ақын халықтың «сужүрек» болып, бұғып отырғанына күйінді. Адасқан халықты алып шығар сәулені өнер-білімнен іздеді. Осы саладағы еңбегінің нәпжесіз болуы жанын жаралады. Еш кеткен еңбегіне аһ ұрады, қынжылады.

Міржақып шығармаларынан әйел тағдыры елеулі орын алды. Әйел теңдігін алғашқы өлеңдерінен бастап, көптеген шығармаларына арқау етті. Осы тақырыпта «Жесір даулары хақында» өлеңі, «Балқия» пьесасы, «Бақытсыз Жамал» романы жазылды.

«Балқия» – 1922 жылы Орынборда жазылған пьеса. Пьеса оқиғасы Балқия мен Қасымның төңірегінде өрбиді. Балқия мен сіндісі Сағила – теңдік ансаған қазақ қыздарының жиынтық бейнесі.

Драматург бір сәттік көрініске үлкен мәселелерді сыйғызған. Құлтас, Қасым, Ахметжандар – ХХ ғасыр басындағы алаш зиялыларының көркем бейнесі.

М.Дулатұлы шығармаларына ұзақ жылдар тыйым салынды. Оның туындылары тәуелсіздік тұсында ел игілігіне айналды. Халқының азаттығы жолында құрбан болған ол үлкен құрметке лайық.



♦ Міржақып Дулатұлы «Алаш» партиясының мүшесі, қоғам қайраткері ретінде аялбай еңбек етудегі басты мақсат-мүддесі қандай еді? «Алаш» партиясының құрылуы, қызметі және ұлт зиялылары туралы мәліметтерді іздестіріп, ақпарат жинақтаңдар.

♦ Міржақып Дулатұлы қандай әлеуметтік тақырыптарды қозғаған?

«Бақытсыз Жамал» романы туралы

1910 жылы Қазанда басылған «Бақытсыз Жамал» – қазақтың тұңғыш романы. Проза үлгісінде жазылған романда өлең жолдары араласып отырады. Бұл – ұлттық әдебиетте прозаның толық қалыптаспағанының көрсеткіші.

Романға қалыңмалға сатылған Жамалдың қасіреті арқау болған. Оқыған, көзі ашық қазақ қызының қайғылы қазаға ұшырауы өкінішті. Жазушы оның аянышты тағдыры арқылы заман трагедиясын әшкерелеген. Сәрсенбай бір перзентке зар болып, құдайдан сұрап алған қызын қалыңмалға сатады. Бұл – сол дәуірдің шынайы көрінісі. Сәрсенбайда ескі салтқа қарсы шығатын дәрмен жоқ. Қазақ қыздарының тағдыры қалыңмалмен өлшенетіні – өмір шындығы. Оны Жамалдың Байжанның таз баласына ұзатылуынан көреміз. Өз бақытын іздеген қыз Ғалимен қашып кетеді. Жамалдың ұзатылған жеріне баруына Ғалидың өлімі себеп болады. Қорлықтан қашып шыққан Жамал боранда үсіп өледі.

Жамал мен Ғали өз заманының озық жастары ретінде бейнеленген. Соның бір көрінісі – жастардың ескі салт-дәстүрмен күресуі. Өлеңмен жазылған хаттар олардың ақындығын, ақылдылығын көрсетеді. Бұл – ХХ ғасыр басындағы жастардың мұң-зарының көрінісі. Жұман – Жамал мен Ғалиға қарама-қарсы бейне. Жұман – сол кездегі сүйкімсіз, надан бай балаларының жиынтығы.

«Бақытсыз Жамал» – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің табысы.

«Бақытсыз Жамал» романы

... Бас аман, малы түгелдердің көңілі шаттықта, Жамалдың көңілі һәмән¹ қайғыда болумен біраз уақыт өтіп еді. Жамал қанша қайғылы болса да, сырын халыққа білгізбес үшін, һәм жабыққан көңілін көтеру үшін қыз-бозбала жиналған ойын-тойдан қалмаушы еді. Және де Жамал болмаған ойынның қызығы аз секілді көрінуші еді.

Қыс ортасы болған еді. Бір күні сол елде бір байдың баласы болмай жүріп, жамағаты ұл тапқанға, қыз-бозбала үшін үлкен мәжіліс-шілдехана болды. Атырабындағы ауылдың қыздары тамам келіп, Жамал да әзір болды. Ағаш үйдің кең бір бөлмесіне төрінен есігіне шейін халық толған еді. Бұл елде ойын-сауық әлі қалмаған, болғанға бір қыз, бір жігіттен қатар отырғызатын әдет бар еді. Жиылғандар бірі өлең айтып, екіншілері қалжыңдасып, ойын әлі қызып бастала қоймаған уақытта есіктен: «Кеш жарық!» – деп, бір-екі жігіт кіріп келді. Бағзы бозбалалар:



«Бақытсыз Жамал» романының мұқабасы. Казан, 1914 ж.

Тірек сөздер

- шілдеhana
- билік
- махаббат
- хат
- қызғаныш
- бостандық
- қасірет
- қалыңмал
- боран

¹ Һәмән – біржола, әрдайым деген мағынада.



А.Қабылбек. Инкәр сезім

– Міне, бір сыпайы жігіттер келді. Қай жерге **сырғым?** – деп ақылдаса бастап, көп кешікпей біреуін Жамалдың қасына әкеліп отырғызды. Бұл жігітті біздің Жамал танымайтын еді. Ләкин¹ Жамалдың қасына отырғызудан бір тәуір жігіт екендігі аңланды. Бұл жігіт отырып болған соң, үйдегілерге қысқа-қысқа сөзбен амандасып, сонынан Жамалға қарап:

– Сіз де саламатсыз ба? – деп қойды. Бұл жігіт орта бойлы, қияпатты, бетінде азырақ қорасан дағы бар, жана мұрт шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, әдепті, киімі ноғайшалау Ғали есімді бір зат еді. Көлденеңнен қарап салыстырғанда, бұл үйдегі жігіттердің абзалы – Ғали, қыздардың абзалы – Жамал секілді көрініп, екеуінің қатар отырулары да бек жарасып кетті.

Ғали бір болыста басқа ауылнайға караған Дүйсебек деген кісінің баласы еді. Жасынан талапты болып, Қызылжар, Троицкідегі медреселерде оқып жүріп және де частный учительден оқып та орысша азырақ сөйлеп, жазарлықтай шамасы бар еді. Мұсылманша жақсы оқыған болса да, елге шығып молда болмай, соңғы уақыттарда оқуды да қойып, азырақ саудаға айналысып еді. Атасы бай адам болмаса да, Ғали инабатты жігіт болып, әрдайым алыс-беріс істерінде уағдасында опашыл болғандығы көрінгенге, байлар шамалап несие беруден тартынбаушы еді. Әуелгі уақыттарда оқуда болып, бұл уақытта саудамен жүрген себепті елде тұруынан тұрмауы көбірек болып, өзін халық, халықты өзі анық танымайтын да еді. Тек сыртынан: «Дүйсебектің

¹ Ләкин – егер де, алайда.

баласы талапты, еті тірі жігіт, қысы-жазы үйде отырмай оқу оқып, кәсіп қылады», – деуші еді.

Жаңада өткен бір жәрменкеде алыс-берістерін бітіріп, бір-екі жүз теңгелеп пайда қылып, үйіне қайтып, ағайынды аралап амандықта жүргенде, осы ойынға кез келген еді. Ғали Жамалмен қатар отырған соң, бір-бірінің халін һәм кім екендіктерін сұрап-білісті. Ғали Жамалдың бұрынғы көріп жүрген жігіттерінен сөзге ұстарак, сұраған сөзіне толық жауап қайтарып, һәм өзі де ләззатты сөздер сөйлей бастағанға, маңайындағылардың не істеп, не сөйлеп, не ойнап жатқанын естімеген секілді ұмытып, шын ықыласпен кеңеспек те еді...

IX

Бұл күні Ғали мен Жамал әбден сөйлесіп, әрқайсысы хал-ахуалын біліскен еді. Іштерінен бір-біріне ұнағандығы білініп: «Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс», мұнан былай да кез келіп жүрерміз», – деп бұл сапарда айырылысқан еді. Ғали әлі қалың бермеген бір талапты жігіт болғанға, Жамалдың күйеуіне наразылығына қарай екі тараптан да бір-біріне махаббат байланды деуге лайық болды. Не үшін десеніз, екеуінің де сол ойын болған түндегі сөздері көңілдерінен кетпей, һәмән бірін-бірі ойлайтын болды...

Бір күні Ғали «Қалаға бара жатыр едім» деген болып, Сәрсенбайдың үйіне келіп қонды... Екеуі бірдей қазақтың ғұрпында болған қаталарды, жәбіршіліктерді сөйлеп, Жамал өзі ес білгеннен бергі уайымдарын бір минуттың ішінде ұмытып, енді Ғалиды көрмей тұрған минуттар бір жылдық көрінерін Ғалиға айтып білдірді.

Осылайша Ғали, Жамал дос болып, әрбір лайықты уақыттарда жолығып, сұхбаттасып жүріп, қыс өтіп, жаз да келді. Бұл екеуінің көңілдерінде бір ғана ой бар еді. Бірақ бір-біріне бұл күнге шейін айтуға әрқайсысы өздеріне сенбеген секілді болып, үндемей жүруші еді. Бұл ойын Жамал сөйлесе, Ғали қабыл алуы, Ғали сөйлесе, Жамал қабыл алуы шүбәсіз болса да, сөйлеуге екеуінің ойындағы мақсаттар бір болған секілді, қауіптері де һәм бір еді.

Жамал мен Ғали аз күнгі ойын-күлкінің қызығымен өздерін дүниедегі бақытты адамдардан санап жүргенде, бір күні бұларға үлкен қасіретті хабар естілді: «Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы уағдалары болып, енді бір айда Жұман күйеу ұрын келіп¹, қалыңдық ойнайды», – деген өсек расқа шықты...



♦ Шығармада Жамал мен Ғали мәжіліс-шілдеханада танысады. Бала дүниеге келгенде жасалатын басқа да рәсімдерді атаңдар. Бұл салт-дәстүрлер баланың өмірлік қадамы үшін қандай маңызға ие?

¹ Ұрын келу – көне сөз: болашақ күйеужігіт қыз жемгелеріне сый-сияпат алып, айттырылған қыздың ауылына жасырын келуі.

- ♦ Жамал мен Ғалидың тез тіл табысып, достасып кетуін қалай түсіндіресіңдер?
- ♦ Жұманның ұрын келетінін білген жастардың ендігі әрекеті қандай болмақ? Оқиға қалай өрбімек? Шығарманың дамуына болжам жасап көріңдер.

Бақыт жолында

Байжан әуелгі қыз қашып, халық жиналған күннен бері һәр жерге қыз бен жігітті іздеуге күпня кісі жіберген екен; әрбір барар деген шүбәлі орындардың һәммасында жоқтығын сезіп, ақырында қалада Фатихолла байда екендігіне көзі жетіп: «Шаһар ішінен қол іс қылып ала алмаспыз, Фатихолла байдың бұл елде алатын екі мың теңгедей неснесі бар ғой. «Енді бұл қашқындарымызды сақтап, халқымыздың жақсыларының тентек деген кісісін шығарып бермесен, несненді бергізбейміз» десек, қорқар», – деп мәслихат етті. Осы сөзді айтуға келген кісіге Фатихолла бай ішінен қауіптеніп, былай болуы да бек ықтимал деп ойлап, жауап берді:

– Дұрыс, әуелгі уақытта ұлыққа арыз беру үшін ғана бізге үш-төрт күн болып қонған еді. Қазір де бізден кетті, қайда екенін білмеймін. Егер де мұнан былай бізде екендігі білінсе, халқыңыздың не қылғанына разымын, – деді. Бұл кісі Фатихолла байдың әлгі сөзіне нанып, елге қайтты. Фатихолла бай Ғалиға сөйледі:

– Мына кәсірлердің сырлары өзіңе мәлім ғой, енді басқа бірнеше жерге барып паналағаның өзіңе де, бізге де пайдалы болар еді.

Ғали да бұл сөзге түсініп:

– Қайыр, Фатихолла абзи!¹ Мен сізге разымын, залымдар не қылады деуге болмайды. Олай болса, мұнан үш шақырым жерде атамның нағашысы бар, сонда барайын, – деп, ертеніне жүруге даярланды. Ғалидың өзінде жегуге екі ат бар еді...

Ғали әуелден ноғайша киініп жүретін һәм Жамалды да ноғайша киіндіріп, шәлі бүркендірген² соң, жолда көрген кісілер шүбәсіз ноғай деп біліп, бұлардан қауіптенбей, көңілдері шаттанып, онашада ойындағы сөздерін сөйлесті. Ғали сұрады:

– Егер жаман айтпай, жақсы жоқ, өстіп жүргенде қолға түсіп, сені менен айырып әкетсе, қайтер едің, көніп кетер ме едің? – деді. Жамал:

– Құдай сақтасын, не айтасың, жаным сенің жолыңда құрбан, сенен тірі айырылғаннан өлім маған көп артық, – деді. Бұлар бұл секілді сөзбен келе жатқанда, сәске түс болып, жолшыбай ағаштарды аралап, бір көлдің жағасынан өтті...

Ғали, Жамал жолда төрт қонып, Қырыққұдықтағы нағашысы Бабас деген кісінің үйіне келіп жатты. Көңілдері орнығып, қорқынышсыз күннің өткенін де білмей жатқанда, елдегілер бұрынғы қалпынша дауласып, қағаз үстінен қағаз айдап, бір берекесіз, аяғы үзілмейтін

¹ Абзи – татар тілінде егде жастағы ер адамдар деген.

² Бүркендірген – бүркену – бұл жерде: әйел адамның орамалды байламай басына жәй салуы, яғни басқа жабатын жамылғы.

дауға кіріскен еді. Ғалидың нағашысы да һәм сол елдің жақсы кісілері де: «Енді бұлар бізді пана тұтып келді ғой, біз де елдігімізді көрсетіп қорғалық, көп болса екі жыл дауласар, оның ар жағында өздері де шаршар», – деп жастардың көңілін бұрынғыдан да қуантқан еді.

Бұл мүсәпірлердің бақытсыздығына қарсы бір күні Ғали төсектен ауырып тұрды. Нағашылары да үршісіп қалып, Жамалдың түсі қорыққанынан өзгеріп кетті.

Ғали: «Тұла бойым қызып, сүйектерім сырқыраған секілді болып тұр», – деп тынши алмай, науқасының күштілігі көрініп, төсектен тұрмай жатты. Науқасы күннен-күнге ауыр тартып, төрт-бес күннің ішінде бек қауіпті секілді көрінді. Әрбір тамыршы дәрігерлерді әкеліп тамыр ұстатып,



Б.Баймен. Бақыт туралы әңгіме

ұшықтатып-қақтырып көрсе де, тәуір болмады. Жамалдың көзінен қанды жастар төгіліп, ас ішпей, кірпік қақпай зор қасіретке кірісті. Бір минут Ғалидың қасынан кетпей, һәмән ауырды деген жерлерін сипап, мөлдіреген көздерін Ғалидан алмай қарап отыратын болды.

Екеуінің қасында кісі жоқ уақытта:

– Менің бақытсыздығым өз басымнан асып, кесапаты саған да тие бастады, ақыры қайырлы болсын, – деп, Жамал Ғалиды құшақтап жылап та алушы еді. Ғали:

– Жылама, Алла сақтар, жазылармын, қазынасы кең бір сағатын жіберер, – деп өзін, өзінен де Жамалдың көңілін жұбатқушы еді. Сөйтсе де, дерт күшейіп, Ғалидың халі нашарға айналды. Нағашылары: «Еліне хабар жіберелік», – деп еді, Ғали рұқсат етпеді.

– Алланың жазғанынан қашып құтылмаспын, құдай сақтар, жібермеңіздер, – деп тоқтатты.

Он күнде науқасы сонша ауырлап, хәттә арыздаса бастады. Жамал бейшара княли болған кісідей бағзы уақытта басы айналып, талып та қалып, Ғалидан:

– Мен енді қайтемін, сенен қайтіп тірі қаламын, сенсіз дүниеде мен не боламын? – деп неше мәрте сұраса да, Ғали:

– Құдайға тапсырдым, – дегеннен басқа еш жауап айта алмады.

Барлығы он үш күн ауырып, бейсенбі күні түс кезінде жаңа гүл шашып келе жатқан бақшадай жанып тұрған жас ғұмыр сөнді. Алла рақмат тілесін... Жұма күні халық көп жиналып, жаназа оқып, Көкен моласы деген зиратқа апарып қойды.

Ғалижан тәсілім қылғаннан бері Жамал ессіз болып жатқан еді. Нағашылары да үлкен уайым қылып: «Бір сапар бізге мұндай жұмысты болып келгенде бейшаралар бүйтіп қалды, қолымыздан өлтірген секілді болдық-ау», – деп, өздері ақылдасып, естіртіп һәм хабар айтуға кісі жіберді.

Хабаршылар Ғалидың үйіне, Жамалдың үйіне кісі салып естіртті. Екеуінің де ата-аналары қағазға жазып келтіре алмастай жылап, зарлап, қайғыланып, дұшпандары һәм сол дәрежеде табалап, шатланған еді. Көп тоқтамай Ғалидың ата-анасы һәм Жамалдың шешесі қасына жолдастар алып, аянышты өлім болған жерге жетті. Келісімен жылап-сықтап, зиратқа барып мауқын басып, ауылға келді. Жамал бейшара аз күннің ішінде сүзектен тұрған кісідей болып, келген ата-аналарымен жылап көрісуге де халі келмеді. Жамалдың шешесі:

– Жылама, балам, бақытсыздығыннан көр, құдай жазбаған, обалын бізде секілді. Әуелде қазақшылық қылмасак, мұндай іске себеп болған секілді болар ма едік? Тентектік қылсаң да, теңді тауып едің, Алла лайық көрмеген соң, жылағаныңмен не өнеді? – деп бірсыпыра насихат айтты. Ғалидың шешесі де жылап:

– Қарағым Ғалижан мен Жамалжан қашан елдің сөзінен құтылып, оң жағымды қарайтып отырар деуші едім, ол тілегіме құдай жеткізбеді, – деп, сөздің аяғын бітіре алмай, еңкілдеп жылап жіберді.

Бұлар үш күн қонып, қайтатын күні Ғалидың зиратына дұға қылмақшы болып келген еді. Молда Құран оқып болған соң, Жамал Ғалидың қабірінің басын құшақтап отырып, көзінен жас ағызып сөйледі:

– Ғали! Ғали! Бақытсыз болған Жамалдың қасына келіп тұр, Алла Тағала маған сенің қабіріңді көрсеткенше, мені алғаны жақсы болатын еді, бірақ бұйрықсыз жан шықпайды екен. Дүниеде бірге рақат ғұмыр өткеремін, Ғали тұрғанда еш жаманға қор болмаймын дегенім тәкаппарлық екен. Алла қабыл етпеді, үмітім кесілді, Ғали. Қып-қызыл шоктың ішіне тастап, алыс сапарға жөнелдің, өзің үшін қайырлы болсын! Мен сорлың кеудемде шыбын жаным барда сені ұмытпаспын... Мен сорлың опасыз дүниеде қонақтай алмай адасып қалдым, қош, жаным. М... м... қош...о...ш, – деп, Жамал талып кетті. Зират басындағы халық Жамалға су бүркіп, кішкене тәуір болған соң алып қайтты. Сонда да Жамалдың есі бүтін кірмей, әлденендей мағынасыз сөздер сөйлеп келе жатты. Зираттан қайтқан соң, Бабастың үйіне келіп, енді жолаушылар қайтпақшы болды. Ғалидың ата-анасы үйіне кетіп, Жамалдың шешесі Жамалды өз үйіне алып қайтты.



◆ Жамалдың мойнына оралған қыл тұзақтан құтылу мақсатында жасаған шешіміне қандай көзқарас білдіресіңдер?

◆ Фатихолла байдың өз басын қатерге тігіп, екі жасты паналатуына не ықпал етті?

♦ Ғалидың ауыр қазасынан кейін Жамал ауылына қайтып барады. Ендігі қыз тағдыры қалай жалғасын таппақ?

Заман қасіреті

Жамал үйіне келіп тұрған соң күннен-күнге уайым-қайғысы артып, жаман болып, адам баласы аярлықтай жүдеді. Байжандар істің ақыры мұндайға айналған соң: «Енді қайда барар дейсің», – деп, дауды да көп қозғамай, тыныш жата берді. Жамал өз үйінде бір ай тұрғаннан кейін Байжанға да, Сәрсенбайға да бірдей көлденең ағайындар дәлелат¹ қылып, Байжанға:

– Енді сіз келінінізді алдырыңыз, пәлен-түген деген кек қылманыз, әуелден еш кінәніз болмаған соң, Алла Тағала жақ болып, ақыры мұндай болды ғой, – деп, һәм Сәрсенбайға да:

– Енді сіз де баланызды әуелгі разы болған жеріңізге беріңіз, – деп насихат айтты. Бұл сөзге екі жағы да разы болды.

Шолпан кызынан сұрады:

– Қарағым Жамал, жұрт мынадай деп жатыр, енді қайтеміз? – деп. Жамал:

– Апа, енді мен үшін жаманатты болмаңыз, маған енді Ғали болмаған соң бәрібір, суға батырып, отқа жандырса да, ықтияр бере беріндер, Алла Тағала менің мандайымды ашайын десе, Ғалиды мұндай қылмас еді, – деп қасіреттеніп, мұңлы дауыспен жауап берді.

Жұман мырза Жамалды өзі келіп алуды намыс көрген соң, Байжанның қатыны келіп алып кетті. Бір күндерде Жамал кәміл бақытты бір қыз болып, жұрттың аузына ілігіп, құрбысының алды болып жаркылдап жүрген дәрежеден түсіп, ақырында мұндай қадірсіз, мұндай кемшілікке душар болып, барымтаға түскен малдай біреуден-біреу алып жүргенін көрген халықтан Жамалды аямаған жан қалмады. Жиын-той болғанда көлге қонған аққудай көрінетін Жамалды енді көрген кісі танымай қалатын болды.

Жамалды Байжан үйіне келтіргеннен кейін, болыс арқылы қағаз жазып, ұлыққа білдірді. Құдай қазасы болып, Ғали Дүйсебек баласы опат болғаннан кейін, билердің үкімі бойынша ата-анасы Жамалды алып келді. Жамал да енді «бұрынғы күйеуіме разымын» деп қол қойып, подписке берді. Жамал болып: «Енді екі тарапымыздың да бір-бірімізден сұрайтын хақымыз, дауымыз жоқ», – деген соң, күллі бұл іс хақындағы арыздар атказ деп, начальниктен хабар келді. Бұл оқиғалар тамам болғанда қазан жұлдызы жетіп, жұрт қыстауларына кіре бастаған еді.

Жамалдың еш уақыт ойынан Ғали кетпей, бір минут көңіл ашып, езу тартып күлмеуші еді; ешкіммен сөйлеспей, сөйлеген кісінің сөзін

¹ Дәлелат – бұл жерде: ұсыныс деген мағынада.

ұқ пай я естімей, біртүрлі днуана кісідей болып жүрді. Жұман ерегісіп, «бұрынғыларын алдына келтіремін» дегенсіп, не сөйлесе ұрсып, боқтап сөйлеп, бағзы уақытта түртіп, түйіп қалып, қорлап жүрді... Осылай қыстың бір-екі айы өтті. «Жамалдың көрген қорлық, кемшілігін мұсылман баласына бермесін», – деп айтарлыққа лайық болып, тұрса аяққа, отырса басқа ұратын болды. Нендей ұрып-соғып қинаса да, Жамал бір сөз қарсы айтып көрген жоқ еді.

Бір күні Жұман тағы да бір себепсіз боқтаған соң, Жамал шыдай алмай:

– Мені өлтіретін болсаң, біржола өлтір, әйтпесе өзі күйіп жүрген жанымды күйдірме! – деді. Жұман мына сөзді ести салып... кеудеге тепкілеп, Жамалды талдырып тастады. Бұлардың үстіне Жұманның шешесі келіп, айырып алып, Жұманды ұрсып:

– Енді сен кісі өлтіремісің, – деп, үйден шығарып жіберді. Жамал бір сағаттан кейін есін жиған соң, ақырғы ақылын жиып: «Мен бүйтіп жүріп тіршілік қыла алмайды екенмін, мұнан да бұл иттің қолынан өлгенше, басқа жаққа кетіп өлейін», – деп ойлады. Жамалдың бармақшы болып ойлағаны – қаладағы Фатихолла бай еді. «Әйтеуір, онда жетсем, біреудің самаурынын қайнатып қызметін қылсам да, қор болып, халық көзіне көрінбес едім» деп, осылай ойлап жүргенде күн де батып, түн болып, ел де жатты. Жамалдың бұл ойлағанына қарай осы түні Байжанның ерттеулі аты таң асып тұрған еді.

Жылырақ киім киініп, ептеп шығып Жамал әлгі атқа мініп, үлкен жолмен: «Құтқардың ба, Құдай?» – деп жөнелді. Жамалдың ісі әуелде теріске басып келе жатқанмен, бұл сапарда істің сәті болмай тұғын белгісі көріне бастады. Жамал шыққан уақытта азырақ жаяу борасын бар еді. Жамал жиырма шақырым шыққан уақытта боран көтеріліп, жол көрінбей бастады. Бара-бара боран әбден күшейіп, алды-артын орап алды. Қорқыныштың не екенін һәм жан-тән рақатын ұмытқан Жамалдың ойында Ғали ғана болып келе жатқан уақытта, аты бір жерге келіп тұрып қалды. Сол уақытта ғана байқаса, ат әлдеқашан жолдан шығып кетіп, бір қалың омбы қарға тоқтаған екен. Атты кейін бұрайын десе, екі қолы қатып қалып, тізгінді ұстауға келмей тоңып, һәм күллі денесінің қалтырағанын сезді. Жамал бар күшін жинап алып, атын бұрып жүрген болып еді, еш нәрсе көрінбей, жол табылмайтын болды. Осылай адасып түн ортасына шейін жүріп, өзі әбден жаурап, не болғанын білмеске айналды. Тым болмаса аттан түсіп, жаяу жүрсем жылынар ма екенмін деп, түсіп жүріп көріп еді, қалың қарға жығылып-тұрып жүре алмай, бір жерге келіп біржола құлады. Күндізінде мініліп жүріп, түнде һәм болдырған ат Жамалдың қасынан ұзай алмай тұрып қалды. Жамал да жан ұшырып, тұла бойы қызып бара жатқан секілді болып, үстіндегі киімдерін әр жерге шешіп лақтырып, бар даусымен:

– Ғали, Ғали, қиналды жаным, қайдасың? – деп, ақырғы тіршілігінің минуты осы болып, бір ояздай елге әнгіме болған сұлу Жамал мақсатына жете алмай, жапан далада, желтоқсанның тынымсыз боранды түнінде жантәсілім қылды...

Сөз сандық

Стражник – бұл жерде: орыс шенеунігінің шені мағынасында.

Зекет – мұсылмандардың бес парызының бірі, міндетті садақа.

Ұсұл жадид – мұсылмандарда әріп танытудың жаңа әдісі. Бұл әдіс ауылдарға 1905 жылдан бастап келе бастады. Қазақ балаларын қазақ тілінде емес, татар тілінде оқытатын оқытудың жаңа дыбыстық әдісі.

Сүзек – қатты сандырақтап ауыртатын жұқпалы ауру.

Ояз (уезд) – Ресейдегі губернияның құрамына кіретін әкімшілік-аумақтық бөлік.

Махиар – мұсылман діні ұғымы бойынша өлгеннен кейінгі адам баласының күнәсі тексерілетін жер.

Теория сандықшасы

ПЕРИФРАЗ (грек. *periphrasis* – айналым) – ауыстыра қолданудың бір түрі. Құбылыстар мен заттарды атымен емес, олардың айрықша қасиет-белгілерімен орын ауыстыра қолдану. Ауыстыру тәсілінің бұл түрі көркем туындының идеялық-эстетикалық көркемдігін арттырып, мағыналық әсерлілігін күшейтеді. Мысалы: тұз патшасы (арыстан), дала кемесі (комбайн), дала қонырауы (Ббырай Алтынсарин), кара алтын (көмір), ақ алтын (мақта), пәниден бақи кетті, аққу ұшып көлге кетті (өлді) және т.б.



♦ Жамал тағдырға мойынсынып, Байжан босағасына баруға келісім береді. Қалай ойлайсындар, оның басқаша шешім қабылдауына мүмкіндігі болды ма?

♦ Жұманның қорлығына шыдамаған Жамал қашып шыққанмен, боранда адасып қаза табады. Автор дүлей боран мен қыз арпалысы арқылы қандай ойды жеткізгісі келді?

♦ Шығармадағы басты мәселе Жамалдың бақытсыздығы ма, әлде басқа да мәселелер көтерілген бе? Пікірлеріңді аргументтермен дәлелдей біліңдер.

♦ Жазушының сипаттауы бойынша кейіпкерлер портретін жасаңдар.

♦ Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сөйлеу тілін қарастырып, мінездеме құрастырыңдар. Барлығына ортақ қазақи мінезді көрсетіңдер.

♦ Жамал – Сәрсенбайдың сағынып күткен перзенті, алайда сүймеген адамға ұятуының себебі неде? Қалай түсіндіресіңдер? Шығарманың толық нұсқасын оқып, себебін анықтаңдар.

♦ *Арыздасу, ерулік, лау байлау, естірту, тізгін* сөздерінің мәнін ашып, шығармадағы орнына тоқталыңдар. *Үлгі:*

Сөздер	Мағынасы	Шығармадағы орны
Ерулік		
Лау байлау		



- ♦ Әйел тағдырына деген жазушының көзқарасы қандай? Жамал бейнесі арқылы жазушы неден хабардар еткісі келді? Дәлелді жауап беріңдер.
- ♦ Төмендегі сызба бойынша жазба жұмысын орындаңдар. Шығарма бойынша үш факт: 1. _____ 2. _____ 3. _____
- Авторға туындаған екі сұрақ: 1. _____ 2. _____
- Қызығушылық танытқан бір нәрсе: 1. _____
- ♦ Перифраз терминінің анықтамасымен танысып, шығармадан мысал келтіріңдер. Автордың перифразды қолданудағы мақсаты қандай?
- ♦ Халық төмендегі екі ұстанымның қайсысын жақтады, қайсысына қарсы болды? Пікірлеріңді дәлелдей біліңдер.
- 1. Әйел құны – бес байтал. 2. Теңін тап та, тегін бер.
- ♦ Автор көрсеткен қазақ әйеліне тән құндылықтарды жазыңдар. Шығармадан мысал келтіріңдер.

Құндылықтар	Мысал

- ♦ Жамал немесе Ғали кейпіне еніп, монолог жазыңдар.



- ♦ Автордың негізгі ойын заман көрінісімен байланыстырып, сыни пікір айтыңдар.
- ♦ Шығармадағы тарихи оқиғаның қазақ өміріндегі маңызы қандай болды? Белен алып жатқан өзгерістерге халықтың көзқарасы қандай еді? Мысал келтіріңдер.
- ♦ Романда кездесетін салт-дәстүрлердің сол кездегі және бүгінгі таңдағы көрінісіне баға беріңдер, қолданысына назар аударыңдар.
- ♦ Шығармадағы дала саясатының тізгінін ұстайтындардың халық өміріне келтірген зияны қандай еді? Сол кездегі ел басқару жүйесіне шолу жасап, шығармамен байланысын жазыңдар.
- ♦ Сол кездегі қазақ жазушыларының әйел теңсіздігі тақырыбына қалам тербеуіне не себеп болды? Кестені толтырыңдар.

Шығарма атауы	Ортақ мәселе	Ерекшелік	Өзіндік пікір

- ♦ Бүгінгі күнде әйел құқығы қаншалықты қорғалған? Қазіргі замандағы әйел затының қоғамдағы рөлі қандай? Шығармамен салыстырып, пікір айтыңдар.
- ♦ Шығармадағы заман көрінісі, қоғамдағы ерекшеліктер жөнінде не ойлайсыңдар?



- ♦ Бүгінгі күнде әйел құқығы қаншалықты қорғалған? Қазіргі замандағы әйел затының қоғамдағы рөлі қандай? Шығармамен салыстыра отырып, сыни пікір жазыңдар.

Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романына әдеби сын

Міржақып Дулатұлының әдеби мұрасында ерекше орын алатын бір төбе туындысы – «Бақытсыз Жамал» романы. Романның көлемі үлкен емес. Шағын хикаят қатарлы. Бірақ оған қарап жанрлық анықтамасына күмән келтіруге болмайды. Бұл – тарам-тарам желілері

бар, оқиғалы сюжетке құрылған күрделі шығарма. Сол желілерді қатар дамытып, жүйе-жүйесімен тартымды баяндайтын композициялық құрылымы да жинақы.

Әрдайым қысқа қайырып, мiрдiң оғындай өткiр тiлiмен отағасысын пiсiп алып отыратын Шолпанның, не айтса да әр жағында зiл жататын Қалампырдың сөздерi, кiмнiң аузынан шыққаны белгiсiз, бiрақ жақындар айтты, ағайындар ұйғарды деген жалпы сөзбен ауыл адамдарының психологиясын ашатын кiрме диалогтер, романның басындағы жайлауға жаңа шыққан ауылдың сыртқы сәнi, Жамал мен Ғали қаладан нағашыларына бара жатқандағы шалқар көл мен дала табиғатының әсем көрiнiсi тағы басқа осы сияқты бейнелеу құралдары романның көркемдiк дәрежесiн көтерiп, толыстырып, оған жанрлық айқындық берiп отырады.

Жұмағали Ысмағұлов. Мiржақып Дулатұлы. Кiт.: Қазақ әдебиетiнiң тарихы (10 томдық). 6-том. Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2006.

Таным көкжиегi: Мiржақып Дулатұлының бүркеншiк есiмдерi

Мiржақып Дулатұлы бiрнеше бүркеншiк аттарды иемденген. Мерзiмдi басылымдарда, газет-журналдарда жазушының мақалалары *Арғын*, *Мадияр*, *Түрiк баласы*, *Таймiнер*, *Азамат* сияқты бүркеншiк есiмдерiмен жарияланып тұрды. Бүркеншiк атпен мақала жариялау 1920–1930 жылдары қазақ публицистикасында кеңiнен қолданылды. Бұған себеп халыққа, билiк басындағыларға көкейiндегiсiн ашық жеткiзудi мақсат тұтуы мен олардың қуғынға ұшырауы едi. Арғын есiмiмен жазушының «Оян, қазақ!» жинағы шықса, *Мадияр* есiмiмен «Қылмыс заңының» қазақша тәржiмесi туралы «Ақ жол» газетiне сыни мақаласын жазды. *Түрiк баласы* есiмiмен жарияланған «Қазақтың тарихы» мақаласы қазақ шежiресi туралы сөз қозғаған.

«Қазпочта» АҚ шығарған М.Дулатұлына арналған марка

Қазақстанның алғашқы маркасы 1992 жылы шығарылған. Ол «Алтын адам» деп аталып, тәуелсiз мемлекеттiң тұңғыш маркасы болды.

Сонымен бiрге «Қазпочта» АҚ «Мерейтойлар, ұмытылмас және мейрам күндерi» сериясы бойынша М.Дулатұлының туғанына 125 жыл толуына арналған пошта маркасын айналымға енгiздi. Марка 3 000 000 дана таралыммен шықты.



Керi байланыс: «Түртiп алу жүйесi»

«Бұрыннан білемін» +	«Жаңа ақпарат» !	«Мен басқаша ойлаймын» -	«Сұрағым бар» ?	«Білгім келеді» ???

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ (1910–1982)



Бауыржан Момышұлы 1910 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында дүниеге келген. Ол – казак әдебиетін соғыс тақырыбымен байытқан майдангер жазушы. Кеңес Одағының Батыры, ҚР Халық Қаһарманы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Бар ғұмырын кеңес армиясы қызметіне арнаған қолбасшы. Ол майдан шебінде жүргенде де қаламын тастаған емес. «Офицердің күнделігі», «Біздің семья», «Ұшқан ұя», «Соғыс психологиясы», Қанмен жазылған кітап» – ұлттық әдебиетке қосылған қазына. Бауыржан ұрыс дағасыңдығы қолбасшылық, батырлық тұлғасын қаламгерлікпен ұштастырды. Ол – соғыс тактикасын терең тани білген қолбасшы, адам психологиясын еркін игерген қаламгер.

Жазушы қаламына тән ерекшелік – адам жанына терең үнілу. Ол – әрбір жауынгердің ішкі сезіміне үніле білген психолог. Оны «Жон арқа» әңгімесіндегі капитанның бір сәттік көрінісі растайды. «Қорқаққа қол бастатса, адамдар текке қырылатынын» ойлаған қолбасшы бұйрықты дереу өзгертеді. Оның орнына орынбасары, аға лейтенант Молярчукты жібереді. Молярчук – Отан үшін кеудесін оққа төсеген ержүрек жауынгер.

Жазушының стильдік ерекшелігі – мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін қолдануы. Ол жауынгерлердің намысын қайрауда, жігерлендіруде мақал-мәтелдерді көп қолданады. «Жаным – арымның садағасы», «Қырық жыл қырғында да ажалды өледі», «Көз – қорқақ, қол – батыр», «Қорыққанға қос көрінеді», «Ұйқы – өлімнің інісі» және т.б. мақалдарды жиі пайдаланған.

Б.Момышұлы қаламынан «Соғыс – жатқан жұмбақ», «Ерлік – ер басына жүре бітетін қасиет», «Ар, намыс анасы – тәрбие», «Білген адамға карта – жердің айнасы» т.б. көптеген нақыл сөздер туған. Олардың халыққа сіңісіп кеткені де қаншама?!

Б.Момышұлы шығармаларында деректілік басым. Көбіне 1942 жылдың нақты күндері көрсетіліп отырған. Көп кездесетін жер-су атаулары шығармаларының деректілігін арттырады. Мысалы: С. қыстағы, Л. өзені, К. стансысы, Н. армиясы, Н. бригадасы және т.б. Генерал Панфилов, Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллиндер – өмірден алынған тарихи тұлғалар. Момышұлы шығармаларының негізгі ерекшелігі – ғұмырбаяндық сипатында. Ол «Ұшқан ұясымен» Екінші дүниежүзілік соғыстың көркем бейнесін жасады. Жазушы шығармалары өмірден алынған шыншылдығымен бағалы. Бұл шығармалардың өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудегі мәні зор.

Әңгімелеріне жекелеген оқиғалар негіз болса, оларды жинақтап роман жазды. «Москва үшін шайқас» романына Волоколамск түбіндегі шайқастар арқау болған. Майдан шындығын көркемдеген роман төрт кітаптан тұрады. Әр кітап өз ішінен жеке-жеке тақырыптар бойынша бөлінген. Жекелеген тақырыпшалар жинала келіп, романның біртұтастығына қызмет етеді. Төрт кітаптағы оқиға бірінен-бірі өрбіп, бірін-бірі толықтырып отырады. Романда Алматыда жасақталып, майданға аттанған панфиловшылардың ерлігі суреттелген.

Бауыржанның ұстазы – генерал Панфилов. Ол әкесіндей болған генералдан көп тәрбие алды. Кейін ол да әрбір солдатқа ерекше көңіл бөліп, ұстазы сияқты жауынгерлерге қамқорлық жасайды.

Жазушының мақсаты – оқырманын отаншылдық сезімге баулу. Автор аталған шығармасында бұл мақсатына жетті. Бұл – соғыс шындығын шынайы бейнелеген деректі роман. Жазушының негізгі жетістігі – нақтылық. Ол оқиғаларды тарихи, әлеуметтік, психологиялық жағынан жинақтауда бірсыпыра табысқа жетті. Бұл – өмір шындығын көркем шындыққа айналдырудағы қазақ романының жеткен биігі. Кейін бірнеше тілдерге аударылған шығарма барлық оқырмандардың көңілінен шықты.

Б.Момышұлының да жанкешті ерлігі туралы көптеген шығармалар жарық көрді. А.Бек «Волоколамское шоссе», Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» романдарын жазды. «Қазақфильм» киностудиясы «Ел басына күн туса» атты көркем фильм түсірді. Фильмде жазушы шығармаларындағы негізгі оқиғалар сол қалпында сақталған.



Тараз қаласындағы
Б.Момышұлының
ескерткіші



♦ Бауыржан Момышұлының Екінші дүниежүзілік соғыстағы ерлігі туралы жазылған мақалалармен, шығармалармен танысып, «Жауынгер тұлғасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіндер.



♦ «Бауыржан Момышұлы» телехикаясы мен «Ел басына күн туса» көркем фильміндегі батыр бейнесінің сомдалуы жөнінде сыни пікір жазыңдар.

«Ұшқан ұя» повесі туралы

«Ұшқан ұя» – этнографиялық бояуы қалың ғұмырбаяндық туынды. Онда ұлттық келбет, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар анық көрінеді. Шығарма Мемлекеттік сыйлыққа ие болды (1976). Шығармадан болашақ батырдың балалық шағы, өскен ортасы туралы толық мәлімет аламыз. 3 жасында анасы Рәзия қайтыс болып, әжесінің қолында өседі. Әжесінен естіген аңыз-әңгімелерден жаратылыс туралы мол мағлұмат алады. Өмір туралы түсінігі осы әңгімелер арқылы қалыптасады. Автор тәрбие бастауы халықтық педагогикада жатқанына назар аударады. Әкесі Момыш – өз бетімен сауат ашқан, көзі қарақты жан. Ол елге ағаш ұстасы, етікші, зергерлігімен танылған.

Шығармаға ХХ ғасыр басындағы оқиғалар негіз болған. Олар: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, Кеңес өкіметінің орнауы, ұжымдастыру науқаны. Бауыржанның қалыптасуына әсер еткен – ұшқан ұясы. Оның сезімтал, елгезек болып өсуіне әже тәрбиесі ықпал еткен. Ақылды, қайсар әже немересін табанды, батыл етіп тәрбиеледі. Жазушы: «Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын», – дейді. Автор тәрбие бастауы тал бесікте екеніне көңіл бөледі. Оны өз өміріне қатысты оқиғалардан көреміз.

Жазушы көненің көзіндей болған ұлттық құндылықтарымызды насихаттай білді. Ұлы дала елінің мәңгілік мұраттарын паш етті. «Ұшқан ұя» – өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейтін туынды.

«Ұшқан ұя» повесі

Тірек сөздер

- отбасы
- тәрбие
- балалық шақ
- салт-дәстүр
- өскен орта
- шежіре

...Аспанмен тілдескен ақбас шоқылар есімде. Күн шығып келе жатса керек. Ақ шоқылар алаулап көз қарығар алмастай жарқырап ала жөнелді. Күнде бұл уақытта киіз үйде пырылдап ұйықтап жататын бала, әлдеқалай оянып кетсем керек, әлгі күннің тау шоқыға асыла шығып келе жатқанын көргенде, дүниенің бұл кереметіне түсіне алмай тұрып қалған болармын. Тау бөктерінің таңғы самалы тіс сақылдатады. Мына күннің шығып келе жатқан суретіне қадала қарап қалған қалпымды салқын самал да бұза алмаған болар.

Ойпаңда қаз-қатар киіз үйлер. Бөктерді жағалай қой өріп барады. Қойтас екенін, қой екенін біліп болмас, тау бөктері толы мал. Күн көтерілгенше шығыстағы шоқынның ұзын көленкесі шатқалды көлегейлеп жатып алады. Күн көтеріле көленке де қысқара береді. Шатқал алтын нұрға малынып, дүниенің бір шалқыған шағы басталады.

– Ойбай-ау, мына күшіктің әлден тұрып кеткені несі, – деп киіз үйден апам шығады. Әжемді мен «апа» деймін. – Кішкентай ғана

құлыным менің, ерте тұрып кеткенің қалай? – деп апам мені қолымнан жетектеп алады. Мен тырмысып, үйге басқым келмейді. Әлгі бір күн шоқыдан шығып келе жатқан шақтағы ғажайып суреттен айырылғым жоқ-ақ.

– Жүр, кымыз құйып берейін, ақыр ерте тұрыпсың ғой, – дейді апам. Мен жаланаяғымды тасқа тіреп, тыртысып бағамын. Сөйтсем, кәрі апам:

– Жүрмесең мейлің, кымызды түк қалдырмай өзім ішіп юмың – деп үйге кіріп кетеді. Сонда барып мен бақыра жылап, апамның соңынан тұра жүгіремін.

Қайран балалық-ай, десенші! Алыста қалған арайлы адал таңдарым менің. Онда мен кіп-кішкентай сәби едім. Ал айнала таулар да, үйлер де, қойтастар да, жылқылар да – бәрі-бәрі үлкен болатын. Адамдардың бәрі «айналайыннан» басқа сөзі жоқ, кілең мейірімді жандар болып көрінетін... Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұрар еді маған. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, шашбаулары сылдыраған қыз-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқағандай болармын. Солардың бәрі мені сүю үшін жаратылған жандар сияқты сезілуші еді.



- ◆ Бала Бауыржан баяндаған таңғы көріністің суретін салыңдар.



◆ *Мейірім* сөзімен байланысты сөз тіркестері мен тұрақты тіркестерді еске түсіріп, *мейірімді* адам ұғымының мәнін ашындыр. Жазушының *мейірімді* жандары мен өздерің *мейірімді* жан деп есептейтін адамдар бейнесін салыстырып көріңдер.

«Отан отбасынан басталады»

Ол – ол ма, анау асқар таулар, етектегі еңісті шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымындаған жұлдыздар, толықсып туған ай, жасыл жайлау – бәрі-бәрі тек маған ғана елжірей қарап, мені ғана аймалап әлдилейтін сияқты еді. Дүние сенің сәби кезіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны – күмбез, желі – жібек, әдемі ертек болып тұра берсе, кәне.

Тек окта-текте ауылдың үстін, тау бөктерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда үн-түнсіз шаруақор менің әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса – жас баланың көз жасындай, кімді аяйтындымды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жаңбыр жауса жылағым келер. Биелер шұрқырап, құлындар құтырып, ауылды айнала шауып еріксіз елендетеді. Алақұйын айдалаға сен де жүгіре жөнелгің келеді. Енді бірде аспанға аң-таң боп қарап қаласын. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп шауып бара жатқан асау айғырлар сияқты. Кейде шөгіп

жатқан түйелер сияқты. Кішкентай қолдарынды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипалағын келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгенінде шығар. Кейін есейе келе әлгі бұлттың су екенін, күннің қызуымен бу болып ұшатынын білу қандай қатал. Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертеқ айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сінбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын. Ал менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті! Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда. Бөстекке отырып алып, басымды бауырына қысып, кәрі алақанымен арқамнан томп-томп қағып қойып:

Балам менің қайда екен?
Қыздарменен тауда екен.

Тауда неғып жүр екен?
Алма теріп жүр екен... –

деуші еді-ау.

Кейде қиястықпен қыңқылдап мазасын ала берсем, алдына алып отырып:

Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін... –

деп мәпелейтін еді. Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып балбырап ұйықтап кетер едім.

Қайран сол балалық, қайта келермісің, сен! Кей кезде сол бір алаңсыз балалығыңды аңсап, еріксіз сағынасың. Әлдеқайдан асыр салып, жол шаңын бұрқыратып, тұлымын жалбыратып, екі бетін албыратып, дүниені данғыратып сол балалығым шыға келетіндей айналаңа жал-тақтай беретін кездерің жиі болады. Алайда бал балалық қайдан келсін. Ойыңа сол шақтардың өрнектері ғана, үзік-үзік бөлшектері ғана, сапырылысқан ретсіз саздары ғана оралады. Сен соны тұшынасың да тамсанасың. Тамсанасың да еріксіз жымиясың. Осы сәтте бір шеттен балалық дәуірдің бір елесі де жымшып тұрғандай сезіледі. Біздің кейде өткенді еске алсақ, тұтас тұлға іздеп, бүтін бір жүйелі оқиға іздеп, кесек-кесек кереметтер іздеп, ерекше мән беріп қарайтынымыз бар. Дәл осы өлшем балғын кезге келе бермейді. Өйткені бала жүрегі, бала көңілі, бала ойы алғашқы көргенін, алғашқы сезгенін, алғашқы тұшынғанын қаз-қалпында, тұнық күйінде болмысына ұйытып алады да, сол қалпында сақтай біледі. Бала қиялы ол көргендерінен көлемді ой түйіп жатпайды, қайта үзік-үзік үміттің өзінен рақат сезімге бөлене береді. Дәл қазір менің көз алдыма да сонау сәби кездегі қызық пен қуаныштың елестері түйдек-түйдек жаңғырып, жанымды жай таптырмай отыр. Көзге ыстық көне суреттерді қайта қарағандай соның бір-екеуін келтіре кетейін...



♦ Әжелерің айтатын бесік жырын еске түсіріп көріңдер. Өздерің де қазақ ауыз әдебиетіндегі бесік жырының бірін жаттап алып, нақышына келтіріп айтыңдар.



♦ Өз туған жерлеріңнің табиғатын суреттеп жазыңдар.

«Балалық шаққа саяхат»

Міне, Үбиан әпкем үлкен үйден шықты да, қазан басына бет алды. Мен оны көре сала борсандап, сүріне-қабына еркелей жүгірем. Әпкем аяғымды жерге тигізбей қағып алып, аспанға көтереді. Мен сықылықтай берем. Әпкем биікке мені бой созырып мәз болады. Сонан соң ол кенет ет бауыры елжіреп мені қамзолының омырауын ашып, қойнына жасырып алады да, жүгіре жөнеледі. Бауыр құшағы қандай ыстық еді, шіркін...

Енді бірде ортаншы әпкем Әлиман мені ойнатып жүріп, үйдің ескі-құсқысынан дөңгелек қора жасады. Сол қораға еліктіріп әкеп қамап, аузын ермен бекіткені бар. Өзі көрші қыздармен кетіпті. Содан қоршаудан шыға алмай, жалғыз өзім бақыра беріппін, бақыра беріппін. Бұл «азаптан» жеңгем келіп құтқарып: «Әй, жаман қыз-ай!» – деп әпкемді жазғырып, мені әлдилеп еді. Көпке дейін ортаншы әпкемді жек көріп жүрдім...

* * *

Әлі есімде... Әкемнің кенже інісі мені оң алақанына тік тұрғызып алып, алты қанат үйдің ортасында әрлі-берлі жүріп алды. Мен болсам



зәре-құтым қалмай қорықсам да, тіземді бүкпей қазнып тұра беріп-пін. Көкем: «Қаз! қаз!» – деп өзімен-өзі. Атамның ескі түлкі тымағына отырғызып, мені керегеге іліп қойған да сол көкем ғой. Өзі киізге жайғасып алып ұзақ уақыт әуестікпен әурелеп еді. «Ал, кәне, балапаным? Қанаттанып қашан ұшасың?..» деп қояды. Мен қыңқылдап жылай бастағанымда, «дуана келіп қалады» деп қорқытқан... Содан бастап көкемнің көзіне түспеуге тырысатынымын...

* * *

Әкем базардан келе жатқан. Үлкен әпкем мені әкемнің алдынан алып шықты. Әкем қоржынды түзулеп, ерге мені отырғызды. Жалмажан ердің қасынан шап беріп ұстай алдым. Әкем ат тізгінін жетектеп келеді. Үйге дейін отыз шақты қадам болса да, мен ердің екі жағына алма-кезек ауытқып, қоржын ішіне сырғып түсе бердім. Әкем рақаттана күліп алып, қайтадан ерге отырғызады. Әпкем болса қатарласа жүріп: «Қорықпа, қорықпа! Берік отыр!» – дейді.

Бұл менің ат жалына алғашқы қол артуым еді.

* * *

Тағы бір жай ойыма оралады... Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отыр екен... Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағым: «Сен немене, аталарына сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?!» – деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: «Ассялам алейкүм, аталар», – деп әр сөзді қадап-қадап айттым. Бұған, әрине, бәрі күлісіп жатыр. Әйткенмен мені араз етіп алмау үшін бәрі де бірауыздан «Алейкүм салам!» десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жаксы сөзге мәз болып, мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді», – дейтін.

* * *

Әкем маған ататегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

– Кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол.

– Мен Момыштың ұлымын.

– Момыш кімнің баласы?

– Момыш – Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін.

Елтанудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген...

Сөз сандық

Шіл – қырғауыл тұқымдасына жататын құс.

Адуынды – азулы, өжет, өткір, өктем, қызба.

Тарамыс – теріден, былғарыдан жасалған бұйымдарды тігетін, ірі қараның сіңірінен алынған берік жіп-таспа.

Быламық – ұннан, талқаннан, бидай жармағынан жасалатын ботқаның түрі.

Шабандоз – епті, атқа жақсы отыратын, ат бәйгесіне қатысатын адам.

Бөстек – ешкі, құлын, елік, бөкен терісінен илеп жасалған жұмсақ төсеніш.



- ◆ Шығарманың «Ұшқан ұя» аталу себебі неде деп ойлайсыңдар?
- ◆ *Елтану* ұя сөздерінің мағынасын ашыңдар, қолданысына мән беріңдер.
- ◆ Ұлттық тәрбие, салт-дәстүрге қатысты нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді жазып, жаттап алыңдар.
- ◆ Шығармадағы кейіпкер, текті әже образы сол кездегі қазақ әжелерінің жиынтық образы ма? Жазушы әже бейнесін қалай бейнелеген? Хрестоматиядан шығарманы толық оқып, әже образын бейнелейтін үзінділерді тауып, мағынасын ашыңдар.



- ◆ «*Бауыржан Момышұлы өткен даналық мектебі*» тақырыбына постер жасаңдар. Даяқты қолбасшы, қарымды жазушының ұлы тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен ортаны көрсетіңдер.
- ◆ Төмендегі рөлдер бойынша талқылау жүргізіндер.
Баяндамашы . Бауыржан Момышұлының өмірі, шығармашылығы.
Әдебиетші . «Ұшқан ұя» шығармасы және көркемдік ерекшелігі.
Зерттеуші . Шығармадағы ертегілер мен аңыздардың ұлттық тәрбиедегі орны.
Құрастырушы . Әңгімеде көтерілген мәселе бойынша күрделі сұрақтар құрастыру.
Бағалаушы . Бауыржан Момышұлы: «*Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына ананың алди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керек бол қалмаса деп қорқамын*», – дейді. Сендердің осы туралы пікірлерің қандай? Сендер ертегі мен бесік жырын тындап өстіндер ме?
Бейнелеуші . «Ұшқан ұя» шығармасындағы қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін суретін салыңдар.
- ◆ Түсіндірме сөздікті пайдаланып, жазушы тілінің сөздігін құрастырыңдар.
- ◆ Қай тақырып сендерді толғандырады, кімге өсиет айтар едіңдер? Жазушы ізімен нақыл сөздер құрастырып көріңдер.
- ◆ «*Жеті атасы н білмеген – жетесіз*» деген сөздің мәнін ашыңдар.



- ◆ Шығармадағы ұлттық тәрбие мен қазіргі қазақ отбасындағы тәрбие туралы не айтар едіңдер? Салыстырмалы талдау жасаңдар.
- ◆ Бауыржан Момышұлының нақыл сөздерімен танысып, «Ұшқан ұя» әңгімесіне сай келетін нақыл сөздерінің мәнін ашыңдар. Шығармадан мысал келтіріңдер.
- ◆ Әңгімедегі құндылықтарды тауып, оларды материалдық және рухани құндылықтарға жіктендер.

	Рухани құндылықтар	Материалдық құндылықтар
Автордың бағасы		
Өз бағалары		

♦ «Тәрбие – тал бесіктен» деген сөздің мәнін ашып, бүгінгі қазақ отбасындағы тәрбие туралы сөз қозғандар.

♦ Шығармада ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлінің ерекше екендігін аңғарамыз. «Әке көрген оқ жоңар, шеше көрген том пішер» деген халық даналығы да текке айтылмаған. Бауыржан Момышұлының әкесінен алған тәрбиесінің ерекшелігіне тоқталып, өз көзқарастарыңды білдіріңдер.

♦ «Ұшқан ұя» шығармасы қамтитын уақыт кезеңіне тоқталыңдар.

♦ Әңгімеден көненің көзіндегі салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыз қазақтың ұлттық болмысымен астасып жатқанын байқандар. Құндылықтарымызға сусындаған қазақ баласының бейнесін жасандар.

♦ Балалық шағындағы қызықты сәттермен бөлісіңдер. Жазушының балалық шағымен үндестікті байқадыңдар ма?

♦ «Ел балам десен, бесігіңді түзе» тақырыбына эссе жазыңдар.

Артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттеп, үш себепті белгілеңдер.

Бірінші себеп (фактілер мен тәжірибелер). Демек, _____

Екінші себеп (фактілер мен тәжірибелер). Демек, _____

Үшінші себеп (фактілер мен тәжірибелер). Демек, _____

Мысал: _____

Қорытынды: _____



♦ «Ұлттық педагогиканың бала тәрбиесіндегі орны» тақырыбында мақалаға жоспар құрыңдар.

♦ Б.Момышұлы туралы білетін ақпараттарыңмен ой бөлісіп, сұхбат құрыңдар.

Таным көкжиегі: Бауыржан Момышұлы туралы фильмдер



1. Бауыржан Момышұлы туралы 1968 жылы «Ел басына күн туса» фильмі жарыққа шықты. Бұл фильм Волоколамск тасжолында соғысқан Панфилов дивизиясы жайында. Фильм желісі қаһарман жазушының «Артымызда Мәскеу» кітабы негізінде жазылған. Б.Момышұлының жас кезін Асанбек Өмірәлиев, соғыстан кейінгі кезеңін Кәукен Кенжетаев сомдаған. Режиссері – Мәжит Бегалин.

2. «Волоколамск тасжолы» фильм-қойылымы 1984 жылы А.Бектің «Волоколамск тасжолы» повесінің желісі бойынша түсірілген. Режиссері – Всеволод Шиповский, батыр рөлінде Борис Щербаков ойнаған.


3. 2010 жылы «Қазақфильм» киностудиясында режиссер Қалила Омаровтың «Қазақтың Бауыржаны» деп аталатын деректі фильмі шықты.

4. 2014 жылы «Sataifilm» кинокомпаниясы түсірген «Бауыржан Момышұлы» телехикаясы түсірілді. Басты рөлді Еркебұлан Дайыров сомдады. Бұл фильм халықаралық кинофестивальда «Мәскеу қорғаушылары» аталымы бойынша үздік деп танылды.

Кері байланыс: «Нысана»

Б.Момышұлы шығармаларынан алған білімдеріңді нысанаға түсіріңдер.

1. Шығарманы түсіну.
2. Шығарманы талдау.
3. Салыстыру.
4. Өз пікірін білдіру.



ДУЛАТ ИСАБЕКОВ
(1942 жылы туған)

Дулат Исабеков 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданында дүниеге келген.

Д.Исабековтің еңбек жолы әдебиет пен өнер төңірегінде тоғысады. Ол «Қазақ» радиосында, «Жұлдыз» журналында, «Жалын» баспасында, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінде, Қазақ телевидениесінде түрлі жауапты қызметтерде болды. «Жазушы» баспасының, Қазақ мәдениеттану ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметтерін атқарды. Қазіргі таңда «Мәдениет» журналының шығарушысы және Бас редакторы.



Балалық шағы Екінші дүниежүзілік соғысына тұспа-тұс келген. Дулат – майданға кеткен әкесін күтумен өткен ұрпақ өкілі. Әкесі Исабек Отанды жаудан қорғау жолында қаза тапты. Ол – Сталинград түбіндегі шайқаста шаһид болған қазақтың бірі. Он төрт жасында анасы Күміскүл қайтыс болды. Әкесінен жастай, анасынан ерте айырылған Дулат бауырларының тәрбиесінде болды.

Мектепті бітірген соң екі жыл ауылда болып жұмыс істеп, 1961 жылы Қазақ университетінің филология факультетіне оқуға түседі.

Д.Исабеков студент кезінен әдебиетке араласты. 1963 жылы «Замандастар» деген жинаққа «Жолда» атты тұңғыш әңгімесі енді. Сол жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінде «Шойынқұлак» әңгімесі жарық көрді. Осы әңгімесі оны оқырман қауымға жақынырақ таныстырды. Әңгімелерімен таныла бастаған соң, повесть жазуға кірісті. Ол – студент кезінде жинағы шыққан каламгердің бірі. 1966 жылы «Бекет» атты жинағы жеке кітап болып шықты. Осылайша ол әңгіме мен повесті қатар жазды.

Жазушының «Шойынқұлак», «Қара шаңырақ», «Кемпірлер», «Ақырамаштан наурызға дейін», «Шалдар», «Ескерткіш», «Талахан-186», «Бонапарттың үйленуі», «Ай-Петри ақиқаты» және т.б. әңгімелерін оқырман жылы қабылдады. Жазушы аталған әңгімелерінде қазақ ауылдарының тіршілігіне жан бітірді.

Д.Исабеков әңгімелерінің ұлттық бояуы қанық, себебі ол – ұлттық этнографияны жақсы білетін жазушы. Оның әңгімелерінің негізгі өзегі – ауыл өмірі. «Қара шаңырақ» әңгімесінде Шөмішбай қарт қаладағы баласына екі пұт ұн, екі пұт қауын алып келеді. Ондағы ойы – немересі Қуатжанды ауылға алып қайту. Балаларын бергісі келмегенін сезген шал нан ауыз тимей кетіп қалады. Оның ұғымында үйде балашаға шулап жүру керек. Немерелер қара шаңырақта өсу керек. Оның «...өздері келмек түгілі, бір жапырақ жаман немелеріне зар қылды-ау» деп ренжуі орынды. Осы болмыс-бітімі оның қазақы мінез-құлқын көрсетеді. Қарт «мылтығын» алып келгенде селт етпейді. Келіні мен немересінің келетінін естігенде қолды-аяққа тұрмай тағатсызданады. Әңгімеде ата-әжелеріміздің бейнесі шынайы бейнеленген.

«Кемпірлер» әңгімесінде ауыл әжелерінің жарқын бейнесі жасалған. Сырғақұл, Зеркұл, Қалампыр, Қатира апалар – қазақ аналарының типтік бейнесі. Әңгімеде сүйінші сұрау, сүйіншіге сұрағанын беру, қоржынның аузын ашу сияқты эпизодтар кездеседі. Жазушы кейіпкерлері ұлттық мінез-құлқымен ерекшеленеді. Автор осы әңгімелерінде ұлттық болмысымызды мақтан етеді.

Жазушы қаламынан «Бекет», «Кеш туған жұлдыз», «Гауһар тас», «Дермене», «Тіршілік», «Сүйекші», «Мазасыз күндер», «Тыныштық күзетшісі», «Біз соғысты көрген жоқпыз» және т.б. повестері туды. Жазушының кең құлашты эпикалық романы – «Қарғын». Бұл туындылар да ғылыми қауымнан жоғары баға алды. Жазушы кейіпкерлері – өмірден алынған қарапайым тіршілік иелері. Олардың өмірлері арқылы жазушы қазақ қоғамынан сыр тартады. Қарапайым адамдардың тіршілігі арқылы заман тынысын танытады.

Қазіргі таңда Д.Исабеков драмалық шығармалар жазумен айналысуда. «Ректордың қабылдау күндері», «Әпке», «Ертенді күту», «Мұрагерлер», «Кішкентай ауыл», «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор», «Актриса», «Акку-Жібек», «Мұнлық-Зарлық» және т.б. пьесалар жазды. Бұлардың барлығы да республика театрларында сахналанып келеді. «Әпке» пьесасы Алматыдағы М.Әуезов атындағы Академиялық драма театрында қойылды.

Драматургтің өзіндік айтары бар пьесасының бірі – «Әпке». Оның ата-анасынан ерте айырылғаны өмір тарихынан белгілі. Әпкесі анасының жоғын білдіртпей, аялы алақанына салды. Дулат бала кезін «Әпке» пьесасына арқау етті. Драматург бұл пьесада әпкелеріне деген шексіз махаббатын үлкен тебіреніспен суреттеді. Мұнда әулет жүгін арқалаған қыздардың типтік бейнесі жасалды. Драматургтің «Әпке» пьесасынан көрермен өз әпкелерін көрді.

Шығарма шынайылығымен де жоғары бағаланды. Туынды бүгінгі таңда Қазақстанның облыстық театрларында қойылып келеді.

Д.Исабековтің көптеген пьесалары Қазақстандағы орыс театрларында, ТМД театрларында (Ресей, Башқұртстан, Тәжікстан) қойылуда.

Жазушының прозалық, драмалық шығармалары неміс, чех, венгр, болгар, қытай, түрік тілдеріне аударылды.

Жазушы шығармалары негізінде бірнеше көркем фильмдер түсірілді.

Автордың 1992 жылы «Ай-Петри ақиқаты» атты повестер мен әңгімелер жинағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Ол «Құрмет» орденімен, «Астана» медалімен марапатталды. Жазушы Қазақ ПЕН-клубының және платиналы «Тарлан» сыйлығының лауреаты.

Дулат Исабеков – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар каламгер. Ол проза, драматургия жанрларына бірдей үлес қосты.



♦ «Дулат Исабеков және қазіргі қазақ драматургиясы» тақырыбында шағын зерттеу жұмысын жүргізіп, жазушының қазақ драматургиясына қосқан үлесіне баға беріндер.

♦ Шетелде сахналанған драмалық шығармаларға әдеби экскурсия жүргізіндер. Экскурсия тақырыбы – «Шекспирдің отаны мойындаған қазақ драматургиясы».

«Әпке» драмасы

Үйде – Омар, Нәзила, Гауһар. Қамажай кіріп келгенде, Нәзила орнынан ұшып тұрады.

Нәзила. Жолдастар! *(Қамажай аңырып тұрып қалады.)* Біздің әпкейдің жеке мәселесін қарауға арналған үй жиналысын ашық деп жариялаймын. Түрлі себептермен жиналысқа екі адамымыз қатыса алмай отыр. Тимур қызбен кездесуге кетті. Ермек түнгі сағат он бір болғандықтан, жиналысқа қатыса алмайтынын мәлімдеп, ұйықтауға кетті. Жиналыс ашық дегендеріңіз қол көтеріңіздер! *(Өзі бастап бәрі қол көтереді.)*

Қамажай. Ойбай-ау, сендердің... бұларын не? Мен... сәл... кешігіп қалғаным...

Нәзила. Жолдас Оспанова, отырыңыз.

Қамажай. Мыналардың дені сау ма, ей? «Оспановась» несі? Әпке немесе әлгі мамуля демеуші ме едіңдер?

Нәзила. Сіз бұл жайында өзіңізге сөз берілгенде айтасыз. Сонымен, іске кіріселік. Осы шанырақтың белді мүшесі әрі басшысы Оспанова Қамажайдың өзге отбасы мүшелерімен ақылдаспай, өз бетінше жұмысқа орналасқаны бәріміздің ашуымызды қоздырғаны белгілі. Бұл мәселе жөнінде кімнің қандай ойы бар?

Гауһар. Мен Қамажай апайды ертенгі жұмыс күнімен құттықтаймын. Бірақ бізге айтпағанына өкпелімін.

Омар. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, әрбір адам өз қоғамына қай жағынан болса да пайдалы болуға тиіс. Өйткені қоғам – адам

Тірек сөздер

- әпке
- бауыр
- бақыт
- отбасы
- жұмыс
- еңбек
- татулық
- жастық

ойының жемісі. Қол еңбегі мен ой еңбегінің арасында айырмашылық жойылып, еңбекті творчество деп карауға калыптасып келе жатқан жаңа психологияның тұсында...

Нәзіла. Сіз халық университетінде лекция оқып тұрған жоқсыз, сондықтан нақты сөйлеңіз.

Омар. Ғылымға негізделмеген дәлел әлсіз болады, сондықтан сіздерге түсініктірек болсын деп...

Нәзіла. Иә, әйтеуір, тез айтып болшы.

Омар. Бұл кісінің жұмысқа орналасуы заңды, бірақ біз үшін тым күтпеген жай. Демек, біздің отбасымызда шығын көп те, кіріс аз деген сөз. Бұл кісі финанс тапшылығын ескеріп, ұлттық табысқа өз үлесін қосуды ойлаған. Өзіміздің әлсіздігімізді, финанс тапшылығын сезіну – бізге рухани соққы. Ал бұл кісінің, әйтеуір, бір кезде қоғам өміріне араласуы тиіс екенін ескеріп, кәсіп таңдау жағына өз басым қарсы екенімді білдіремін. Бұл мәселені өз қабырғамызбен кеңірек ойласып, жедел шешім қарастыру керек.

Нәзіла. Болдың ба, әйтеуір?

Омар. Болдым.

Нәзіла. Онда тезірек отырыңыз.

Қамажай. Е-е, міне, гәп қайда? Сендер менің жұмысқа орналасуымды намыс көріп отыр екенсіңдер ғой. Бұлардың дұрыс емес. Сонда мен үйде қол қусырып отыра бермекпін бе?

Нәзіла. Жоқ, сіздің «кондуктор боламын» дегеніңіз ұнамайды.

Гауһар. Иә, нә.

Омар. Иә, нә.

Қамажай. Бұлардың дұрыс емес. Жұмыстың жаманы жоқ. Оның үстіне, әжептәуір жалақы алып тұрсам, біз үшін артық бола ма? Ермақжан есейді. Үйде өзі қала тұрады. Кейде өзімен бірге алып кетермін. Биыл мектепке барады. Ұзартылған күн деген бар екен ғой, соған берерміз.

Үйге Тимур мен Сұлтан кіреді.

Сұлтан. Саламатсыздар ма?

Бәрі. Саламатсыз ба?

Қамажай. Түн жарымында қайдан жүрсіңдер? Түрлерің қату ғой, тыныштық па?



Сұлтан. Тыныштық. Өткен жолы ұятты боп қаппыз. Сіздерден кешірім өтінемін.

Қамажай. Иә, айып бізде де бар. Үйге келген қонақты қуып шыққандай болдық. Қарындасың балалық жасаса, кешірерсің. Отырыңдар, неге состнып қалғансыңдар? Қазір шай қоямыз.

Нәзіла. Сіздің ерте тұрып жұмысқа баруыңыз керек қой. Ұйықтамайсыз ба?

Қамажай. Жұмыссыз-ақ ерте тұруға үйренгенмін ғой.

Тимур. Жұмыс? Ол не жұмыс?

Нәзіла. Сіздің мамуляңыз, құрметті таксыр, ертеннен бастап жұмысқа шығады. Автобустың кондукторы. Айлығы әжептәуір. Тоқсан сайын қосымша төленетін сыйлық ақшасы тағы бар.

Тимур. Мамуля, рас па?

Қамажай. Рас, рас.

Тимур. Біз ше?

Қамажай. Бізі несі? Онда не болушы еді?

Тимур. Біз дегенім... ім.. ім-ім.

Қамажай. Әй, сендерге не болған? Сөздерінде береке жоқ қой. Бір нәрсені бүлдіргеннен саусындар ма?

Тимур. Мамуля... Біз... мен... үйленемін.

Қамажай. Үйленемін?..

Сұлтан. Иә, үйленеді.

Нәзіла. Осыған жетіп тындым де... «Прощай, оружие».

Қамажай. Кімге?

Тимур. Камаға...

Пауза .

Нәзіла. «Котенок мой хороший. Котенок мой курящий».

Тимур. Наз. Дәл қазір қалжындайтын ретің жоқ. Қойсаңшы.

Қамажай. Мен... мен не дейін? Бақытты болындар. Бірақ...

Тимур. Мамуля, Ом, Наз, Гауһар сен де. Сендер немене, менің үйленгеніме қуанбайсындар ма? Бәрің құшақтап... былай... бетімнен сүйіп, құттықтайтын шығар деп алып-ұшып келсем... Қайғылы хабар естігендей тұнжырадыңдар да қалдыңдар. Мен сендерге бөтенмін бе? (Білегіне маңдайын қойып, қабырғаға сүйенеді .)

Қамажай (көзіне жас алып). Теміржан, қой карағым (Келін оны құшақтап, маңдайынан сүйеді), Сені... сені бөтен деп... Тойды жасаймыз, дүрілдетіп тұрып жасаймыз. Ақша деген табылады...

Тимур (басын көтермей). Менің Госстрахта ақшам бар...

Қамажай. Госстрах?

Нәзіла. Вот страховщик. Зәлімін қарашы-ей өзінің.

Қамажай. Теміржан, көтер басыңды. Иә, жөнделіп тұр. Токта-тындар күлкіні. Енді ағаңның алдына бар. Ең әуелі соның рұқсатын алуың керек.

Тимур. Мен өзім де... солай етейін деп едім. Батылым жетпеді (Омарға жақындайды). Ом, рұқсат бересің бе?

Омар (галстугін түзен). Ім... ммм... Отбасы – кішігірім мемлекет. Оны басқару үшін жалғыз махаббат жеткіліксіз. Отбасы басшысының бойында ұстамдылық, көрегендік, кешір імділік, мейірбандық сияқты көптеген компоненттер жинақталуы тиіс. Оған қосымша отбасы басшысы нәзік дипломат болғаны да жөн. Егер осы қасиеттер...

Т и м у р. Ом, бұл сенің рұқсат бермеймін деген сөзің емес пе?

О м а р. Егер осы қасиеттер адам бойында қалыптасқан болса...

Т и м у р. Қалыптасқан.

С ұ л т а н. О-о, қалыптасқан, қалыптасқан. Үш айдан асты.

О м а р. А?.. Мұндай жағдайда мен өз тарапымнан інімнің үйленуіне рұқсатымды беремін...

Әулет жүгін арқалаған қыз

Түн. Бақ ішіндегі сәкіде Қабен отыр. Сағатына қарайды. Темекі тұтатады. Орнынан тұрып, әрі-бері жүреді. Қамажай Қабенге келеді.

Қ а б е н. Япыр-ай, сен, шынымен, келдің бе?

Қ а м а ж а й. Көріп тұрсың ғой.

Қ а б е н. Кейде өз көзіңе сенгін келмейтін кезің болады екен. Сені көрмегелі қашан? Осы күндердің бәрінде де менімен бірге болдың. Қамажай. Айтшы, сен мені ойладың ба?

Қ а м а ж а й. Қолым тимеді.

Қ а б е н (*күліп*). Міне, тамаша. Ойлағың келіп еді, бірақ қолың тимеді. Егер қыруар жұмыстан сәл ғана қолың қалт етсе, мені ойлайтын едің ғой, солай ма?..

Қ а м а ж а й. Мен сені түсінемін. Бірақ амалым не? Үйдегі төртеуі төрт азамат болмай, өз басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып әке кетті, талқаны таусылып шеше байғұс арманда ол кетті. Тағдырдың соққысынан есенгіреген естерін енді жинап, көкіректерінен қайғы ұмыт бола бастағанда «не болсаң, о бол» деп өз жөніме мен кетсем, олардың күні не болмақ? Жо-жоқ, Қабен, кешір мені. Бақытыңа кедергі болғым келмейді. Сенің жолың басқа. Інілерімнің біреуі шығып қалса, ұят болар. Сау бол. Танертең ерте жұмысқа баруым керек. Өмірімде бірінші рет (*Күледі*). Балалардың тамағы бар, жуатын киімі бар. О-о, тірлік деген бастан асып жатыр.

Қ а б е н. Жұмысқа өзім-ақ орналастыратын едім ғой.

Қ а м а ж а й. Егер жұмысқа сен орналастырсаң, мен саған борышты боламын. Тұрмысқа шықпаймын деп айту қиын боп қалады.

Қ а б е н. Мүмкін, әлде де ойланарсың?

Қ а м а ж а й. Ойланып болғаным осы.

Қ а б е н. Тағы да күте тұрайын.

Қ а м а ж а й. Жоқ, күтпе й-ақ қой. Ал сау бол. Қош. Қош...

Сөз сандық

Қыдыр – ел аралап жүретін әулие, дәулет, құт әкелуші мифтік бейне.

Нигилист – моральдық, мәдени нормаларды, түсініктерді, қоғамда қалыптасқан құндылықтарды жоққа шығарушы.

Феодосия – Қара теңіздің оңтүстік-шығыс жағалауындағы Қырым қаласы.

Диалектикалық материализм – табиғат пен қоғам дамуының, сондай-ақ ойлаудың жалпы заңдары туралы ғылым.

Теория сандықшасы

ПРОНИЯ (келе меж, кекесін) – бір қарағанда мақтау тәрізді көрінгенмен, оның астарында әжуа, кекесіннің басым болуы. Мұндағы сөздер қарама-қарсы, кекесін мағынасында қолданылады. Мысалы:

Ол рас, аталарын шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырмақ, тенге алыпты...
Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз»...



♦ Әпкелерінің жұмысқа шығуына бауырлары қарсы. Сендер осындай жағдайда не істер едіңдер?

♦ Нәзила ағасының Камилаға үйленуіне қарсы. Сендер Нәзиланың орнында болсаңдар, не істер едіңдер?



♦ «Отбасы – шағын мемлекет». Осы тақырып жөнінде ой өрбітіп, пікірлеріңді дәлелдермен негіздендер.



♦ Драмалық шығармаларға тән ерекшеліктерге төмендегі ретпен талдау жасаңдар: – тақырыбы; – кейіпкер бейнесі; – тартыс сипаты.

♦ Шығарманың тақырыбы мен идеясына талдау жасаңдар, кестені толтырыңдар.

Тақырыбы	Автордың ойы	Автордың бағасы

♦ Қандай өзекті мәселелер көтерілген? Бұл мәселелердің адамзатқа ортақ сипатын анықтаңдар. Нақты дәлелдер келтіріп, мәселелердің шешу жолдарын көрсетіңдер.


♦ Пьесаның толық нұсқасын оқып, басты оқиғаларды тізбектеп жазыңдар.

♦ Қамажай туғандарының болашағы жолында өзінің жеке өмірін құрбан етеді. Бұның себебі неде?

♦ Әке-шешесін жоқтатпай, бауырларын мәпелеп баққан әпке еңбегі ақталды ма?

♦ Шығармадағы жанама кейіпкерлердің рөлі қандай? Кейіпкерлер дүниесіне талдау жасаңдар.

♦ Әпке сөзі сендердің түсініктеріңше қалай? Кластерді толтырыңдар.





- ◆ Шығарма мәтінін хрестоматиядан толық оқып, Нәзиланың сөзінде кездесетін проныяны анықтаңдар.
- ◆ Шығарманың құрылымына төмендегі ретпен композициялық талдау жасаңдар.



◆ Кейіпкерлердің сөздері мен іс-әрекеттері негізінде мінездеме жазыңдар. Төмендегі кадамдарды орындаңдар: 1) кейіпкердің іс-әрекеті; 2) кейіпкер тілі; 3) автордың пікірі; 4) өзіндік мінездеме; 5) жанына жақын кейіпкер. Себебін дәлелді түрде түсіндіріңдер.

◆ *Эллипсис* ұғымына тән ерекшеліктерді атаңдар. Шығармадан эллипсис кездесетін үзінділерді белгілеп, қолданылу себебін түсіндіріңдер.

◆ Шығармада кездесетін көркемдегіш құралдарға талдау жасаңдар. Автор кейіпкерлерді сөйлетуде қандай көркемдегіш құралдарды қолданған?

◆ Омардың пікірінше, «Бақыт деген – жеңіс не жеңіліске апаратын күрес». Бақыт дегенді қалай түсінесіңдер? *Бақыт* ұғымының сызба моделін құрастырыңдар. Түрлі пікірлер мен көзқарастарды, нақыл сөздерді қолданыңдар.



- ◆ Егер сендер автор болсаңдар, шығарманы қалай аяқтар едіңдер?
- ◆ Әпкеге қандай сұрақтарын бар? Көркемдеп хат жазыңдар.

Теория сандықшасы

Эллипсис (көне грек. *сөз тастау, қысқарту, кеміту*) – сөйлем ішінде немесе өлең шумағында атап айтпаса да, түсінікті кейбір сөздерді әдейі жазбай тастап кету. Эллипсис сөйлемнің, ойдың ықшамдылығын, әсерлілігін, өткірлігін арттырады. Эллипсис адамдардың бір-бірімен сөйлесу барысында, диалог түрінде көбірек қолданылады.

Бір сөйлем мүшесін жазбай кету, сөздерді ықшамдап жазу басқа жанрларға қарағанда поэзияда көбірек кездеседі.



◆ Шығармада кездесетін отбасылық құндылықтарды атаңдар. Сендер шығарма кейіпкерлеріне қандай кеңес айтар едіңдер? «Менің айтарым...» деп бастап, өз кеңестерінді жазыңдар.

♦ «Әпке» пьесасы туралы жазылған ғалымдардың пікірлері мен өз пікірлерінді тұжырымдап, қорытынды шығарыңдар.

Ғалымдар пікірі	Өз пікірлерін	Қорытынды

♦ Төмендегі үлгі бойынша шығарма туралы пікірлерінді білдіріңдер: 1) мені сүйсіндірді; 2) мені таңғалдырды; 3) мені ойландырды; 4) мені уайымдатты.

♦ «Әпке» мен «Ұшқан ұя» шығармаларын салыстырып, айырмашылығы мен ұқсастықтарын анықтап, кестені толтырыңдар. *Үлгі:*

Шығармалар	Айырмашылығы	Ұқсастығы
«Ұшқан ұя» повесі		
«Әпке» пьесасы		

♦ Әр адамның «өжеке өмірі» деген түсінік бар. Осы тұрғысында сендердің ойларың қандай? Шығарманы оқығаннан кейін қандай пікір қалыптасты?

♦ Егер мен Қамажай (Омар, Тимур, Нәзіла, Гауһар) болсам, онда Кейіпкерлердің орнында өзін болсаң, қандай шешім қабылдап, қандай қадамдарға барушы едіңдер?

♦ Шығарма желісі бойынша қойылым қойыңдар.

♦ «Әпке» шығармасының тәрбиелік мәні тақырыбында эссе жазыңдар.

♦ «Менде бір толғаныс бар». Шығармада сені не толғандырады? Ойтолғау жазыңдар.



♦ «Әпке» шығармасындағы көтерілген мәселеге қатысты проблемалық сұрақтар құрастырып, талқылау жүргізіңдер.



Дулат Исабековтің «Әпке» пьесасы туралы әдеби сын


Пьеса – автордың драматургия жанрындағы елеулі ізденісі. Онда жастардың өмірі суреттеліп, бейнелері жасалған. Пьеса кейіпкерлері болашақ өмір жолындағы күрестің үстінде шыңдалып, ой-өрісі, түйсік-түсінігі кеңейеді, азаматтық келбеті қалыптасады. Отан алдындағы борышын айқындайды, жас адамға тән парасат биігінен көрінуге ұмтылады. Драматургтік пайымдар ой-түйіні де осыған саяды.

«Әпке» – бүгінгі жас замандастарымыздың өмірін суреттейтін, жақындар арасындағы сырткөзге шалына бермейтін нәзік қарым-қатынас, бір-бірімен сыйластық, отбасы мен қоғам алдындағы азаматтық борыш мәселелерін мезгілінде көтерген шығарма.

Бағыбек Құндақбаев. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). 9-том. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005.

Кері байланыс: «321»

- 3 факт
- 2 көзқарас
- 1 тұжырым



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
(1931–1976)



Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қарасаз ауылында туған. 1948 жылы мектеп бітіргеннен кейін өз ауылында кеңес қызметіне араласты, мектепте мұғалім болды. 1962 жылы Алматы қаласына көшіп келген соң, «Қазақ» радиосында дикторлық қызмет атқарды. Республикалық «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімін басқарды. Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының әдеби кеңесшісі болды. Мәскеу қаласындағы Максим Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының жанындағы қысқамерзімді курстан өтті. КСРО Жазушылар одағында қазақ әдебиеті бойынша кеңесші міндетін атқарды.

Мұқағалидың алғашқы өлеңдері 1948 жылдарда Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газеті беттерінде жарияланды. Кейін «Әдебиет және искусство» («Жұлдыз») журналында бір топ өлеңдері жарық көрді. Тұңғыш кітабы «Нлыч» 1964 жылы жарық көрді. Ақын көркем аудармаға да біршама үлес қосты. Әлем классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Тәуелсіздік кезеңде ақын мұрасын жанаша тануға деген көзқарас қалыптасып, ақын жырлары Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Мұның өзі ақын мұраларының өміршеңдігін көрсетті.

Басқа ақындар секілді Мұқағали да өз заманының перзенті. Ақынның «Құрметтендер, XX ғасырды», «Менің ғасырым», «Мен – Октябрь» т.б. өлеңдері өз қоғамын мақтан етуден туған.

Ол сол кезеңдегі өзекті мәселелерді жыр жолдарына арқау етті. Соның бірі – Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тыл өмірі. Ел өміріндегі бұл кезең Мұқағали замандастарының бәріне де ортақ. Ақын өлеңдерінің дені сұрапыл соғысқа айтылған лағынет тәрізді. «1941 жыл. Ақпан», «Қайран жеңгем», «Абысындар», «Қырқыншы жылдар» өлеңдерінде сол заманның жанды картинасын жасады.

Кіндік кескен туған өлкесін «Хан тәңірі», «Апыр-ай, туған жер-ай!», «Бозқараған», «Туған жерге», «Қайран Қарасазым-ай!» және т.б. өлеңдерінде жырға қосты. Келе-келе ақын жырларының географиясы ұлғайып, «Алматының аспаны», «Жездіде» т.б. өлеңдерінде қазақ елінің жетістіктерімен мақтанды. «Елім барда», «Отан», «Қазақстан», «Отан туралы», «Елім! Саған ғашықпын», «Қазақ жері» өлеңдерінде Отан ұғымы кеңейді. Осы өлеңдердің идеясын «Алтай-Атырау» деген поэмасында жалғастырды. Сөйтіп, ақын қазақтың кең сахарасын түгел жырға қосты. Бұл өлеңдерінде ақын қазақ болып туғанына мақтанды, шаттанды.

Махаббат туралы өлеңдер акын шығармасында ерекше орынға ие. Сонымен бірге акын шығармаларында жеке адамдарға жазған арнау өлеңдер де кездеседі. Акын өлеңдерінің бірсыпырасына ән жазылды. Олардың қатарында «Арулар», «Сәби болғым келеді», «Дарига, домбырамды берші маған», «Аңса, жаным», «Есіңе мені алғайсың», «Жас қайын», «Саржайлау», «Сөнбейді, әже, шырағын», «Кел, еркем, Ала-тауына» және т.б. өлеңдерін атауға болады.

М.Мақатаев – казак поэзиясына өршіл рухпен келген акын. Оның жырлары рухани қорымызды көркем де бейнелі дүниелермен байытты. Ол «Райымбек», «Мавр», «Шлыч», «Большевиктер», «Чили – шуағым менің» поэмаларын жазды. Акынның «жаралы жүректерді емдеу үшін» жазған жырлары өз мақсатына жетті. Ол – казак поэзиясына жаңа ырғақ, соны серпін алып келген акын.

Мұқағали 1976 жылы қайтыс болды.



- ♦ Акынның жырларымен танысып, төмендегі кестені толтырындар.

Акын лирикаларының тақырыптары	Акын жырларында көтерілген мәселе	Акын жиі қолданатын сөздер



- ♦ Ақынның сөздеріне жазылған әндерді топтастырып, әдеби-сазды поэзия минутын ұйымдастырындар.

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

60-жылдардағы казак әдебиеті жетістігінің бірі – аңыз-әнгімелерге жан бітіру. Акын ауызша тараған аңызды халқымен қайта табыстырды. Оған «Аққулар ұйықтағанда» атты поэмасы мысал.

Поэmanın эпиграфында аққулардың содан кейін «Жетім көлге» оралмағанын айтады. «Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар, Шошыса, екінші рет оралмайды», – деген түйін жасайды.

Бала сырқаты

...Бала жатыр төсекте албыраған,
 Әке жатыр еденде қалжыраған.
 Түн күзетіп ана отыр, қос жанары
 Шарасыздан шаршаған, жаудыраған.
 Түні мынау – тамыздың маужыраған,
 Тауың анау – шымалдық салбыраған.

Тірек сөздер

- ана
- ауру бала
- аққу
- махаббат
- батырлық
- ырым
- тәуіп
- жылқышы
- қасиет
- қасірет

Биік барып жаралған жер бетінен,
Сол байырғы «Жетім көл» келбетімен.
Айдынында аққулар ұйықтап жатыр,
Сайдан соққан самалмен тербетілген.
Жер бетінде тыныштық, көл бетінде,
Қауышыпты кара орман, көл де, түн де.

Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,
Баласының ана отыр күйін бағып.
Қайдағы бір қатыгез, сұрқай ойлар,
Мнын қарып барады, мнын қарып.

«Сарқытындай өлімнің қалған қарға,
Екеу болса, дүние-ай, арман бар ма!..»
Арагідік назарын аударады,
Төрт бүктеліп еденде қалған жарға.
Қауіптеніп түндерге, таңдарға да,
Үн шығармай ішкүса, зарлауда ана.

«Мана, күндіз, тәуіп шал не деп кетті?!
Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті..
– Аққуменен баланы аластандар, –
Деді дағы, жәйімен жөнеп кетті...»

– Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,
Неткен жансың санасыз жаратылған?!
Манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі,
Ұмытылып кетті ме санатыңнан?..
Айналайын аққудың канатынан,
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.

«Жетім көлге» барып қайт таң жамылып,
Таң атқанша қалайда тауға ілік.
Біреулердің көзіне түсіп калып,
Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік!
Кім білсін, мүмкін, бәрі жалған үміт..

– Апыр-ай, қалай барам, қалай барам?!
Атармын аққу құсты қалай ғана?!
Айдынның аққулары ұйықтағанда,
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,
Барлығы қасиетке қарайлаған,
Оқ атам қасиетке қалай ғана?..
Бармаймын, бара алмаймын, қалай барам? !

Адуынды жан екен алған жары:
 – Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі!
 Балам өлсе, бақыттың керегі не?!
 Топан су басып кетсін қалғандарын.
 Перзент сұрап несіне армандадың?!
 Құрысын онсыз сенің жанған бағың!
 Мылтықты әкел!
 Атты ертте!
 Жалған бәрі!..



- ◆ Тәуіп шалдың айтқаны қаншалықты рас?
- ◆ Баланың әкесі аққуды атуға бара алмады. Неліктен?

Тамыз таңы

Оятып дүннені дел-сал кылып,
 Тамыздың таңы да атты тамсандырып.
 Сай-сайдан бошалаған боз ала таң,
 Таудағы тіршілікке ән салдырып,
 Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,
 Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,
 Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

Қасқа таң,
 Бұлбұл үні,
 Көл бетінде,
 Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле,
 Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
 Таңданып тәкаппар құс келбетіне.

Тығып ап тұмсықтарын мамығына,
 Айдын төсек аспанды жамылуда,
 Арша, шырша, жартастар жағадағы,
 Сұғынып бәрі көлге табынуда,
 Аласұрып, қан ойнап тамырында,
 Ана-жүрек тыпыршып қабынуда,
 Не қыларын біле алмай жабығуда...

Қызғанып қызғыш байғұс шыр айналды,
 Абыржып ана-көңіл мың ойланды,
 Ғазиздің көзінде емес, көңілінде,
 Айдын көл астан-кестен лайланды.

Дәстүр, ырым, жәйімен Құдай қалды,
Жалғыз ұлдан басқасы былай қалды.
Айдынның ақуының орынынан
Көргендей көзі тұнып құмайларды...

Аққулар

Аққулар...
Аққу мойын, сүмбе қанат,
Алаңсыз тарануда күнге карап.
Айдынның еркелері, білмей тұрмын,
Етермін тағдырыңды кімге аманат?!

Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!
Бір мамығы майысса ауырсынып,
Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,
Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,
Құм тұрса да бір түйір ауырсынып,
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!

Ақ қанатын сабалап, асыр салып,
Бірде суға сүнгіді басын малып...
Ойнасыншы, ойнасын ерке құстар,
Тыныштығын олардың қашырмалық.
Мерген отыр жағада.

Ей, ақша бұлт,
Жаулығынмен оларды жасыр барып.

Бас бағады шыршаның қалқасынан,
Қаруынан қолында қан сасыған...
Ал, аққулар,

Аққулар тарануда,



Сусып түсіп су моншақ арқасынан,
Қарайды ана шыршаның қалқасынан.

«Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,
Құлынымның қасынан неге кеткем?!
Ошақ қасы, отбасы, көрмеппін ғой,
Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?!»



♦ Халқымыз аққуды неліктен киелі санаған? Аққуға байланысты қандай ырым-тыйымдарды білесіңдер?

Жетім көл

Ана отыр
Озбыр ойлар қамалауда,
Қамалауда, әлдекім табалауда...
Аққулар ақ айдынды қалдырды да,
Тартты кеп ана отырған жағалауға.

Шошымай шолжаң өскен батырларын,
Ана отырған шыршаға жақындады.
Көзі тұнған бейбағың топ аққуға,
Білмей қалды мылтықтың атылғанын,
Көздің алды көк түтін, ақыл жарым,
Білмей отыр жаңағы тыныштықтың,
Сүт ұйыған тегешін сапырғанын!..

Пю-кию көл маңы, астан-кестен,
Жер айналып, тау құлап, аспан көшкен.
Жанғырығып, жар салып жартастар тұр,
«Жетім көлдің» қайғысын бастан кешкен,
Көріп-біліп, таныпты тастар да естен.

Алып аспан астына сыя алмай бір,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.
Мөлдіреген «Жетім көл» көкке қарап,
Мөлтілдеген көз жасын тыя алмай тұр,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.

Сан айналып сұңқылдап ұшты дағы,
Сапар жолға мезгілсіз түсті дағы,
Бетін түзең, батысқа бағыт алып,
Қарғыс атқан мекеннен көшті бәрі.



Тау жанғыртып тамаша құстың әні,
Қош айтысып көлменен ұшты бәрі.
Көл бетінде көлбеңдеп, жаралы аққу,
Ұша алмайды, ұшпақ боп күш қылады...

Сыңар қанат сынық құс байлауда тұр,
Тағы бірі айдында жайрап жатыр.
Қан аралас қалқыған мамығымен,
«Жетім көлдің» толқыны ойнап жатыр...
Қаспетке оқ атып, жойған пақыр,
Қалай алып кетерін біле алмастан,
Сүле-сопа жағада ойлауда құр...



- ◆ Тәуіп шалдың берген кеңесіне ана неліктен құлақ түрді?
- ◆ Ананың әрекеті дұрыс па? Бұл шешімге келу анаға онай соқты ма?

ЭПИЛОГ

...Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым,
Жерді аңсаймын...
Жалғыз-ақ сол – арманым.
Қиын екен қимасың екі бірдей,
Көз алдында ғайып боп жоғалғаны...

Көрдің бе бір-біріне дөп келуін,
Бір қырсық бір қырсықпен шектелуін?
Балам-ай, мынау өмір-дарияның,
Білмейсің қайда екенін өткелінің.

Аққулар...

Аңыз көп қой олар жайлы,
Көзіңмен көргеніңдей бола алмайды...
Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар,
Шошыса, екінші рет оралмайды.

* * *

Орнында екен «Жетім көл», жоғалмапты,
Ортаймапты немесе тола алмапты.
Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,
Қасиетті аққулар оралмапты.

Сөз сандық

Шүрегей – бұл жерде: жабайы үйректің ең кішкентай түрі. Кейде кішкентай, уақ, майда, әлсіз деген мағынада қолданылады.

Құмай – мағынасы өте көп. Бұл жерде: биік таулы жерлерді мекендейтін ірі жыртқыш құс.

Кәззан – 1) арам ниетті адам; 2) өтірікші, қу, алаяқ; 3) жауыз, қаныпезер.

Сүмбе – 1) түзу, сұңғақ; 2) ауыспалы мағынада дене тұрқы, бойы.



- ◆ Сұрақтардың шешімін жан-жақты қарастырып көріңдер.
- Ана аққуды атпас бұрын жылқышы қарт жолыққанда, оқиға қалай өрбитін еді?
- Тәуіп шалдың әрекеті бүгінгі қоғамда орын алып жатыр ма? Егер бар болса, не себеп? Тәуіп шалды ақтап алуға бола ма? Дәлелді пікір білдіріңдер.
- Ананың шарасыздықтан жасаған әрекетіне автордың көзқарасы қандай?
- ◆ Шығармадан өздеріне ұнаған эпизодты жаттап, мәнерлеп айтыңдар.
- ◆ Поэмадағы оқиғаларға мазмұндас мақал-мәтелдерді жинақтап, жаттап алыңдар.
- ◆ Кіме әлде махаббат? Автор қайсысын биік қояды? Бұл жайында сендердің пікірлерің қандай?
- ◆ Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқын білдіретін үзінділерді белгілендер.
- ◆ Кейіпкерлердің мінезін қайдан танимыз? Кестені толтырыңдар.

Кейіпкер	Үзінді	Қандай мінездің адамы?



- ◆ Поэманың мазмұны бойынша күрделі жоспар құрыңдар.
- ◆ *Адам, табиғат және жазушы* немесе *ана, бала және аққу* арасындағы тығыз байланыстың шығармадағы көрінісіне талдау жасаңдар.
- ◆ Екі пікірдің бірін таңдап, нақты аргументтермен дәлелдендер. Пікірлеріңді дәлелдеу барысында *аққу*, *ана* туралы мақал-мәтелдерді қолданыңдар. Шығармадан мысал дәлел келтіріңдер.
- 1-пікір: «Аққуды ағу – күнә».

2-пікір: «Ана махаббаты өзінен биік тұрады».

Екі пікірді автор идеясымен байланыстырып, тұжырым жасаңдар.

♦ Хрестоматиядан поэманы толық оқып шығыңдар. Шығарманың құрылымын ескере отырып сәйкестендіріңдер.

Оқиганын басталуы	Аққудың киесі және баланың өлімі
Оқиганын дамуы	Ананың аққуды атуы
Оқиганын шиеленісуі	Жетім қалған көл
Оқиганын шарықтау шегі	«Жетім көл» туралы аңыз
Оқиганын шешімі	Ауру бала және тәуіптің емі
Эпилог	Қасиетті аққулар оралмапты

♦ Төмендегі реттілікті сақтап, поэмаға кешенді талдау жасаңдар: 1) тақырыбы; 2) идеясы; 3) жанры; 4) өлең құрылысына талдау жасаңдар: а) шумақ; ә) тармақ; б) бунақ; в) буын саны; г) ұйқас түрі.

♦ Автордың көркемдегіш құралдарды қолдану ерекшелігі қандай? Төмендегі үлгі кестені пайдаланып толтырыңдар.

Көркемдегіш құрал түрі	Анықта-масы	Шығармадан мысал	Ақынның көркемдегіш құралды қолдану себебі
метафора			
тенеу			
эпитет			
кейіптеу			
пейзаж			
эпифора			
анафора			
аллитерация			
ассонанс			

♦ Баласынан айырылған ананың халін автор қалай суреттеген? Анаға жұбату хатын жазыңдар.



♦ Шығарманы оқығаннан кейін өздерін өзекті деп есептеген мәселе бойынша үш күрделі сұрақ құрастырыңдар. Жұпта мәселенің шешу жолын қарастырыңдар.

♦ Шығармадан құндылықтарды анықтаңдар. Қай құндылықты ерекше атап көрсетер едіңдер?

- ♦ Ақын аққу құстың сұлулығын қалай бейнелеген?
- ♦ Кейіпкерлердің іс-әрекетіне, адами қасиеттеріне баға беріңдер.
- ♦ Поэманы оптимистік оймен қалай аяқтар едіңдер?
- ♦ Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, эссе жазыңдар.
- ✓ «Бәрі де адам үшін жаратылған »
- ✓ «Аққуды атуға болмайды »
- ✓ «Ана махаббаты бәрінен де құдіретті »
- ✓ «Аққу – құстың төресі »

♦ Шығармадағы эпизодтарды бүгінгі өмірмен байланыстырындар. Поэмадан өздеріне ұнаған эпизодтың суретін салындар.

♦ Шығармада кездесетін наным-сенімдердің мәнін ашындар. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ халқының салт-дәстүрінде наным-сенім ерекше орын алған. Бүгінгі күнде халық наным-сенімдерге сенеді ме? Аргументтер келтіріп, ойларыңды дәлелдендер.


♦ С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасын оқып, екі шығармадағы қасиет пен қасірет арасындағы тартыс бейнеленген үзінділерді белгілендер. Аққу құстың киелділігіне қатысты қандай ой түйдіңдер?

♦ «Сұтулық, махаббат, зұлымдық» деген тақырыпта ертегі жазындар.



♦ «Қазақ халқының ырым-тайымдарының шығармаларда көрініс табуы» тақырыбында ғылыми баяндама дайындаңдар.

«Қазақ әдебиеті» сөзжұмбағын шешіндер



1. «Ақиқат пен аңыз» шығармасының авторы.
2. Дулат Исабековтің қалам тербеген жанрының бірі.
3. Бауыржан Момышұлының әжесінің есімі.
4. «Әпке» драмасындағы Нәзиланың құрбысы.
5. Міржақып Дулатұлының кітабы.
6. Баланы аққумен аластауға кеңес берген адам.
7. Бауыржан Момышұлының әкесін ауыл әйелдері қалай атаған?
8. «Бақытсыз Жамал» романындағы Ғалидың әкесінің аты.
9. Жамалдың сандығынан табылатын кітаптың бірі.
10. «Әпке» драмасындағы басты кейіпкерлердің бірі.
11. Мұқағали Мақатаев поэмасы.
12. «Бақытсыз Жамал» шығармасындағы саудагер бай.
13. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы көл атауы.

Таным көкжиегі: Мұқағали ақынның әдеби-мемориалдық мұражайлары



1. Ақынның Қарасаздағы мұражайы 1991 жылы 60 жылдық мерейтойында пайдалануға берілді. Бүгінде бұл мұражай мәдени, рухани орталықтың біріне айналған. Жыл сайын бұл жерде мүшәйралар мен жыр байқаулары өткізіліп тұрады. Мұражай жәдігерлері қатарында ақынның кітаптары, қолжазбалары, шахмат тастары мен тақтасы, киімдері және т.б. заттары сақталған.

2. Алматыдағы М.Мақатаев атындағы №140 гимназиясында ақынға арналған мұражай бар.

3. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылындағы №13 орта мектебінде де ақын мұражайы орналасқан. Мұражай ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында құрылған. Мұражайда ақынның қаламсабы, галстугі, дойбысы, патефоны, тұрған үйінің макеті қойылған. Одан басқа ақынның өмірі мен шығармашылығынан хабар беретін суреттер сыр шертеді. Бұл жерде жыл сайын көрмелер ұйымдастырылып тұрады.

Кері байланыс: «Бес саусақ»

Ақ параққа алақанымызды қойып, жиегін айналдырып бастырайық. Салынған саусақтарға төмендегі сұрақтар бойынша жауап жазайық.

Бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

Балан үйрек – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?

Орған терек – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылшыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?


Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім?



III бөлім бойынша бақылау жұмыстары

1. Дұрыс жауабын белгілеңдер.

- «Үшқан ұя» шығармасында Бауыржанға арабша хат тануды үйреткен кім?
а) әжесі; ә) молда; б) көкесі; в) әкесі.
- «Аққулар ұйықтағанда» шығармасындағы оқиғаның шиеленісуін табындар:
а) тәуіп айтқан ем; б) баланың өлімі;
ә) ананың аққуды ағуы; в) ауру бала.
- Төмендегі өлең жолдарын оқындар. Жамалдың «жапалақ» дегені кім?
«Оралдын ілер деуші ем ақығы,
Бір жаманға тең еттің,
Шынымен жапалаққа болам ба қор».
а) Ғали; ә) Байжан; б) Жұман; в) Ғазиз.



4. Сәйкестендіріңдер.

1	Омар	а) Қайтеміз, тойды өзіміз өткіземіз де. Бүгін көңілденетін күн еді, ән салатын күн еді.
2	Қамажай	ә) Сіз конференцияда лекция оқып тұрған жоқсыз, сондықтан нақты сөйлеңіз.
3	Нәзила	б) Енді жамау костюм киноім қалған екен ғой. Түу, осы үйден бір береке таппай-ақ қойдым-ау!
4	Тимур	в) Бақыт деген – жеңіс немесе жеңіліске апарар күрес.

5. «Әпке» шығармасында үй жиналысының өткізілуіне қандай мәселе түрткі болды?
 а) Омар үйленетін болғандықтан; б) Қамажай мен Тимурдың үйленуі;
 ә) Нәзиланың еркелігі; в) Омардың зерттеу жұмысы.

6. Қай шығарма кейіпкері және кімнің портреті берілген?

«Бұл жігіт орта бойлы, қияпатты, азырақ бетінде қорасан дағы бар, жаңа мұрт шығып келе жатқан».

- а) «Ұшқан ұя», Момынкүл; б) «Әпке», Тимур;
 ә) «Бақытсыз Жамал», Ғали; в) «Бақытсыз Жамал», ұстаз.

7. Қай шығармада эпилוג кездеседі?

- а) «Ұшқан ұя»; б) «Аққулар ұйықтағанда»;
 ә) «Әпке»; в) «Бақытсыз Жамал».

8. «Бақытсыз Жамал» романының негізгі идеясы қандай?

- а) салт-дәстүрді дәріптеу; б) білім алуға шақыру;
 ә) үлкенді сыйлау; в) қыздардың бас бостандығы.

9. Берілген мақал-мәтелге тән шығарманы сәйкестендіріңдер.

Тәрбие – тал бесіктен	«Әпке»
Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада	«Бақытсыз Жамал»
Қыздың құны – қырық жеті	«Ұшқан ұя»
Баланың білегі ауырса, ананың жүрегі ауырады	«Аққулар ұйықтағанда»

10. «Ұшқан ұя» шығармасында жазушының отбасын Гончаровтар отбасымен не байланыстырушы еді?

- а) балалардың достығы; б) малшаруашылығы;
 ә) баспана; в) шабындық.

2. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. М.Әуезовтің «... әйел басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күзін қарамайды. Ал қазақ мешет болып қалам демесең, бесігіңді түзе! Оны түзейін десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзін «Бақытсыз Жамал» шығармасымен байланыстырып, мәнін ашыңдар.

2. «Аққулар ұйықтағанда» шығармасында анаға тәуіп шал кездеспегенде, оқиға қалай аяқталушы еді?

3. Сәрсенбай Жамалды Жұманға беруге неліктен көне кетті? Шолпанның: «Екі дүниеде Жамалдың обаты саған болсын, би болмақ тұрсын, патша болсаң да Жамалды неғып сондай жаманға қиып бермекші боласың?» – деген сөзінен нені аңғарамыз?

4. «Әпке» шығармасының соны Қамажайдың: «*Өзіміз-ақ өткіземіз. Өзіміз-ақ ! Олардың қолдары тимейді . Өзіміз-ақ... Өзіміз-ақ !*» – деген сөзімен аяқталады. Аналарының 60 жас мерейтойына келе алмаған бауырлардың іс-әрекеті туралы не айтар едіңдер?

5. Бауыржан Момышұлы сусындаған ұлттық тәрбиенің бүгінгі күндегі көрінісі қандай? Қазіргі қазақ отбасы бала тәрбиесінде неге көп көңіл бөледі?

6. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында ананы қасиетке оқ атуына итермелеген қандай күш? Ананың әрекетіне сендердің көзқарастарың қандай?

7. Осы тарауда берілген шығармалардың арасында байланыс бар ма? Төрт шығармаға ортақ дүниелерді тауып, талдаңдар.

8. «*Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің*» деген қазақ мақалы бар. Мақалдың мәнін ашып, «Ұшқан ұя» шығармасымен байланыстырып, әдеби эссе жазыңдар. Өз бағаларыңды беріңдер. Көркемдегіш құралдарды қолданыңдар.

***Жер үстінде адам өмір өткізер,
Бар нәрсеге білім қолды жеткізер.***

Жүсіп Баласағұн



IV бөлім

КИЯЛ МЕН ШЫНДЫҚ

Шындық шынайы өмірде болып жататын оқиғалардан құралады. Ал қиял адамдардың асыл армандарынан пайда болады. Өмірде кейде адам нанғысыз оқиғалар болып жатады. Осындай таңғажайып оқиғалардың бірі Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесінен байқалады.

Адам баласының қиялы жүйрік. Бір кездері арман болған техникалық құралдар бүгінде қолжетімді. Бүгінде Ай, Күн, Марс ғаламшарлары туралы болжамдар жасалуда. Жерден басқа ғаламшарлардың тіршілігі әлемді қызықтырып отыр. Жүніс Сахнев «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» әңгімелерінде осындай сауалдарға жауап іздейді.

Қазіргі таңда қоршаған ортаны таза ұстау – қоғам өміріндегі өзекті мәселенің бірі. «Судың да сұрауы бар» дегендей, не нәрсеге де аса жауапкершілікпен қарау керек. Табиғатты аялау қажеттігін Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесін оқыған соң түсінетін боламыз.

ТАХАУИ АХТАНОВ
(1923–1994)



Тахауи Ахтанов 1923 жылғы 25 қазанда Ақтөбе облысының Шалқар ауданында дүниеге келген. Болашақ жазушы Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түскен. Тахауи ел басына күн туған сын сағатта майданға аттанды. Екінші дүниежүзілік соғыстың қан майданынан өтіп шыңдалды.

Т.Ахтанов 1948 жылы соғыстан оралғанда біраз өлеңдер алып келді. Ол әдебиетке әдеби сын арқылы келді. 1956 жылы «Қаһарлы күндер» романын оқырманға ұсынды. Бұдан соң «Махаббат мұны» (1960), «Көкқұтан» (1968), «Үндістан хикаясы» (1971) кітаптары жарық көрді. Соңғы романы – «Шырағың сөнбесін» (1973, 1981).

Т.Ахтанов көркем аударма саласына біршама үлес қосты. А.Пушкин («Алтын әтеш» ертегісін), А.Толстой («Азапты сапарда»), С.Бабаевский («Алтын жұлдызды жігіт»), И.Тургенев, М.Горький шығармаларын қазақ тіліне аударды. Киностудияда сценарий бөлімінің бастығы болды. «Жұлдыз» журналының Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі Көркемөнер Бас

басқармасының бастығы, республикалық Кітап палатасының директоры қызметін атқарды.

Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, екі рет «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды. «Дала сыры» романын толықтырып, өңдеп, «Боран» романын жазды. Романға Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Қазақстанның халық жазушысы атағына ие болды.

«**Алғашқы ән**» – әдебиеттегі тұңғыш әңгімесі. «Қызғаныш» (1959), «Күй анызы» (1960) әңгімелері шығармашылық адамының құпияларынан сыр шертеді. «Алғашқы ән» әңгімесінде Серәлі деген сазгер жігіт шығармашылық дағдарысқа тап болады. Оны тығырықтан Гауһарға деген кіршіксіз сезімі алып шығады.

«**Қаһарлы күндер**» – Мәскеу түбіндегі шайқас туралы роман. Жазушы соғыс тақырыбын және бір қырынан толықтырды. Бас кейіпкерлер – дивизия командирі Панферов пен капитан Мұрат Арыстанов. Олардың прототипі – генерал Панфилов пен Б.Момышұлы. Жазушы даңқты 28-гвардиялық панфиловшылар дивизиясының ерлігін паш етті. Волокалам тасжолындағы шайқаста Ержан, Раушан, Көжек тәрізді қазақ жауынгерлері танылды. Романда халықтар достығына көңіл бөлінді. Мұрат бейнесі қазақ халқының жауынгерлік рухын асқақтатты. Ал Ержан соғыс даласында айбынды командирге айналды.

Жазушы араға көп жыл салып соғыс тақырыбына қайта оралды. Он жеті жылдан соң оқырманға «**Шырағың сөнбесін**» романын ұсынды. Роман қарапайым ауыл қызы Нәзіраның атынан баяндалады. Командирлердің жұбайларымен жау тылында қалған ол толысады, шыңдалады. Ол – қазақ әдебиетіндегі әйелдер галереясын бір қырынан толықтырған кейіпкер.

Жазушы «Дала сыры» (1963) повесін толықтырып, «**Боран**» деген роман ретінде ұсынды (1965). Роман одақтас республикалар мен неміс, түрік, парсы тілдеріне аударылды. Авторы Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды (1966).

Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» повесіне (1960) мәңгілік тақырып негіз болған. Нияз бен Ләззат арасындағы махаббат көп сырға қанықтырады. Нияз – әйелі барын жасырып, жас қызды алдап соққан алаяқ. Ләззаттың көп жылдар бойы сезім жетегінде жүруі өкінішті. Шығарманың аты айтып тұрғандай, мұнда махаббат мұңы басым.

Тахауи Ахтанов 1960 жылдардан бастап драматургияға көңіл бұрды. «Сәуле» (1962), «Боран» (1966) пьесалары М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры репертуарынан орын алды. 1964 жылы Семей облыстық драма театрында «Арыстанның сыбағасы» пьесасы қойылды. 70-жылдары драматург бес пьеса ұсынды. Олар: «Күтпеген кездесу» (1970), «Ант» (1973), «Махаббат мұңы» (1974), «Күшік күйеу» (1976), «Әке мен бала» (1975).

Тахауи Ахтанов – әдебиеттің бар жанрына түгел үлес қосқан қаламгер. Поэзия, проза, драматургия, әдеби сынмен бірге көркем аудармаға да еңбек сіңірді. Тарихи тақырыптан бастап, өзі өмір сүрген қоғам шындығын шығармаларына арқау етті. Қай жанрда болса да ел өміріндегі өзекті мәселелерді көтерді. Қоғамның дендеп кеткен дертіне шипа іздеді. Дәруменді кейіпкерлер бойынан тауып, оларды үлгі-өнеге етті.



- ◆ Тахауи Ахтанов қалам тербеген жанр түрлеріне шолу жасаңдар.
- ◆ Тахауи Ахтановтың қай әңгімелерінде өнер және өнер иелерінің тағдыры жөнінде сыр шертіледі?
- ◆ Жазушы шығармаларынан соғыс тақырыбының ерекше орын алу себебі неде?

«Күй аңыз» әңгімесі

Тірек сөздер

- күй
- күйші
- нар, боз іңген
- қолқа
- бойжеткен
- күдірет
- махаббат
- шәкірт

Екі салт атты адырдың басына желе-жортып шықты да, аттарының басын іркіп, алақан астынан алысты шолды. Төмен қарай көлбеп бара жатқан кең жазықтың шетінде мұнартып оқшау тұрған жалаңаш тау көрінді.

– Анау Ипан тауы ғой, – деді жас жігіт қамшысымен нұсқап.

Жас жігіттің даусы аңсағанын көргендей қуанышты шықты. Оның астында жалын өрген қылаң бесті, үстінде өңіріне зер ұстаған көк мақпал қамзол,

талдырмаш белін қызыл күдері белбеумен қынай бұған, басында төбесін көк мақпалмен тыстаған құндыз бөрік. Тек ер-тұрманы ғана жұпынылау. Бір кезде көк сауырлап, жез шегені тізілте қаққан ері басқа біреудің астынан ауысқан сияқты әбден тозып, бояуы оңып, жарғақтанып кеткен. Ердің артындағы ұзын қызыл қоржыннан шекпен қап кигізген домбыраның мойны шығып тұр. Оның қасындағы күрең атты – жасы елуді алқындырған, әдемі дөңгелек қара сақалды, биік дөңес мұрынды, кішілеу өткір қоңыр көзі биік қабағының астында терең ұялаған қағылез кісі. Бұл осы өңірге аты кең жайылған Естемес күйші еді. Ол маңдайына тосқан қолын түсіре берді де, етсіз салалы саусағымен қамшысының ұшын қағып алды.

– Бұл маңдағы ауыл көшіп кеткен-ау, – деді Естемес ойланғандай болып.

– Неге? Ауыл ылдида – Ипанның етегіндегі қайнарда болар, – деді жас жігіт.

– Қыбыр еткен бір қара көрінбейді. Бұл ауылдың малы әрі Ипан аспай, бергі осы бозда жайылатын еді ғой.

Жаңа ғана Ипанды көргенде балапандай талпынып сергіген жас жігіт енді басылып қалды.

– Не, мал көрінбейді, – деді ол даусы солып.

Естемес жас жігітке өңі жылып, есіркей карады.

– Шаршаның білем, ә? Оқасы жоқ, ел болмаса да, кайнарда ат шалдырып, тынайып алармыз. – Ол сәл күрсінгендей болды. – Күйшінің өмірі осы. Қамшыны тастай беріп, домбыра ұстайсың. Домбырадан босап кетсе, қолың тағы да тізгінде болады, солай. Оразымбет шырағым. Ал аттың терін басайық.

Енді екеуі асықпай аянмен келеді. Естемес қайтадан сөз бастады.

– Қарағым Оразымбет, маған ергеніне жыл болып қалды. Құлағың сақ, қолың жүйрік жігітсің. Түбі жақсы күйші сен боларсың. Бірақ күйімді үлгі етсең де, менің өмірімді үлгі етпе. Жас елуге келді. Менің өмірім тұрлаусыз болып барады. Қанша ел көрсем де, жер көрсем де, қайтып оралар бір қазығым жоқ. Жар сүймей, бала сүймей кетіп барам. Енді бір айналғанша қарттық келеді. Нағыз отбасының жылуын аңсайтын кез сонда болар.

Естемес ауыр күрсініп қойды. Оразымбет ұстазын аяп кетті. Қабағы кірбіңсіз, көңілі ашық көрінген ұстазын іштей кемірген зор уайым бар екен.

– Сізге қарттық қайда, Есеке? Әлі де біреуді айттыруға болады ғой. Алпыстағы Түлкібай да былтыр қыз алған жоқ па? – деді ол ұстазының көңілін аулап.



- ♦ Қандай қазақ күйлерін білесіңдер? Домбырада күй тарта аласыңдар ма?
- ♦ Естеместің Оразымбетке «Күйімді үлгі етсең де, менің өмірімді үлгі етпе» деген сөзі сендерге қандай ой салды?
- ♦ Өнер адамдары туралы көзқарастарың қандай?

Жапандағы жалғыз нар

Естемес ашы мырс етті:

– Анғыртсын-ау. Немді көріп құда түсем? Күйге қыз берген қазақты әлі көргенім жоқ.

Осы әңгімеден екеуінің де көңілі жүдеп, үнсіз келе жатты. Кенет суалып қалған жырада жалғыз нар көрінді. Жолаушылар үйреншікті мал емес, жапанда жалғыз қалған адам көргендей әлденеден тітіркеніп, аттарының басын тежеп, іркіліп қалды.

Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші қамшылар жағына қисая бастаған. Тамыры құраған ағаштай семіп, кішірейіп бара жатқан ірі тұлғасы, күйіс қайырмай, қыбыр етпей тұрған мүсәпір бейнесі, әсіресе телміре қараған жасқа толы үлкен мөлдір көзі екі күйшіге қатты әсер етті.

Оразымбет үршип нарға қадалып қалған Естемеске бұрылды.

– Есеке, дұға оқып жіберіңізші. Елсіз далада мал кейпінде жын-шайтан жүреді деуші еді.

Өз сөзінің соңын көміп, нар боздап қоя бергенде, Оразымбет: «Астапыралла», – деп күбірлеп, кеудесін ұстады. Ішінен дұға оқып тұр ма, әлде айуанмен үнсіз тілдесіп тұр ма – Естемес бұған бұрылған жоқ. Нар аяғы жерге кіріп кеткендей ыргала ауыр қозғалып бұрылды да, тенселе аяндап кете берді. Төбе құйқанды шымырлатып, зарлап, боздап барады.

– Ботасы өлген боз інген, – деп күбірледі Естемес атын тебініп қозғала беріп. Ойынан енді ғана сергіп, Оразымбетке бұрылды. – Көрмейсің бе, ботасы өлген ғой аруананың. Зары қандай ашы еді! Түйе деген жануар баласын адамнан артық жоқтайды.

– Мен қорқып қалдым, – деп Оразымбет шынын айтты. – Киелі шығар жануар.

Естемес аз уақыт үн шығармай, іштей ыңылдап, толқып келе жатты. Кенет атының шылбырын Оразымбетке тастай беріп, қолын кейін созып, қызыл қоржындағы домбырасын суырып алды.

Естемес домбыраның құлағын бұрап, күйге келтіріп алып, машықты әуенмен қағып-қағып жіберді. Епті ұзын саусақтар пернені жоғарыдан төмен бірнеше қайтара жүтіріп өтті... Күй шым-шымдап ішке кіріп, көңілді босатып, қабақ астында қатып қалған жасты жібітіп, енді бір кез майда рақат самалымен желпіп сергіткендей болады.

Оразымбет тарамыс денелі, қатқыл өнді, егде кісіден дәл осындай жүрек қылын шертетін нәзік күй шығады деп ойламап еді. Ол ұстазының бетіне қарап, оны жаңа көргендей болды... Естемес ыза болғандай домбыраны қатты бір қакты да, бұрылып, артындағы қоржынға салып қойды. Күйге еліккен Оразымбет ұстазының қолынан ұстап алып:

– Есеке, ар жағын... – деді дауыстап. Естемес еңкейіп, атының тізгінін қолына алды.



– Ай, шырағым-ай, мені қинайтыны да сол ар жағы ғой. Бұл өзі көптен көңілді тербеп жүрген бір күй еді. Дәл осы арадан аса алмай-ақ қойдым. Қашан кемеліне келтіргенше, күйді көп алдына салмаған жөн. Халықтың құлағын қажаған күйші күйден садаға кетсін. Қашаннан әдетім: күйімді әбден нақыштап алғанша, жанға естіртпеуші едім. Ең аяғы қасымдағы жолдасым сенен де бүгіп, осы күйді оңаша толғап жүр едім. Жанағы бір оқиғаның қозғап жібергені ғой. Ар жағын алып кетем бе деп едім... Әлі де бір түрткі жетпей жатыр-ау. – Естемес көңіл толқуын баса алмай, аз бөгеліп, қайтадан сөйлеп кетті: – Күй деген де ойдан туады. Қолың қанша жыпылдағанмен, көңілің қуыс болса, күй шықпайды. Жанағы жарты күй осы жасқа келгенше ойланып-толғанып, түйгенім сияқты көрінеді өзіме. Қам көңілді жұбатсам деген бір арман еді. – Естемес ауыр бір күрсініп, ойынан қалт сергіді. – Нарымыз ұзап кетті ғой, кәне, сол ойсылқараның сонынан ерелік, бір қараға жеткізер, – деп, күйші атын тебінді.



- ♦ «Күйшінің өмірі осы» деген Естеместің сөзінен нені аңғарамыз?
- ♦ «Күйге қыз берген қазақты әлі көргенім жоқ» деген Естеместің жасы елуге келсе де, отбасын құрмау себебін қалай түсіндіресіңдер?

Қараша үйі

Нар сонынан «әудем» жер еріп отырған екі атты Ипан тауынан бергі ылдидағы қайнарда жұпыны ғана жалғыз қараша үйді көрді. Нар үйге жеткенде, басына үкілі такия киген, талдырмаш денелі қыз шығып, бұйдасын шешіп, есік алдындағы қазыққа байлады. Екі атты да сау етіп келіп, «қарбалас-ау» деп аттан түсті. Қыз бала қаймықпай, жолаушылардың қасына келіп, ізетпен үйге шақырып, Естеместің тізгінін алып, белдеуге өзі байлады.

– Әкемнің ұлы жоқ, айып етпеңіздер, – деді даусы сыңғырлап.

«Даусының әсемін-ай, құлақты қытықтап барады. Әрі еркін, әрі ибалы, мінезі де оңды екен», – деді Естемес ішінен.

Түндігі бүркеулі қаракөленке үйдің ішінде жалғыз шалдан басқа адам жоқ екен. Ол орнынан тұрып, қонақтардың сәлемін алып, екі күйшіні төрге отырғызды.

– Жаңыл-ай, қалқам, түндік ашшы, – деп дауыстады.

– Ал, жол болсын, шырақтарым?

– Әлей болсын. Біз ел аралап жүрген күйші боламыз. Менің атым – Естемес. Мына жігіт – Оразымбет күйші.

– Өзім де шырамытып отыр едім. Ана жылы ел осы қайнарда отырғанда екі күй тартып, құлақ құрышын бір қандырып кетіп ең-ау.

Осы кезде үйге Жаңыл кіріп, төменгі жаққа келіп отырды. Естемес қабак астымен қыздың тұлғасын шолып өтті. Жасы он алты-он жетілер

шамасында болар. Қою кара қасты, мөддіреген кара көзді, дөңгелек жүзді, кара торының сұлуы екен...

Шал аз уақыт тұйықталып, төмен карап отырды да, бір кезде басын көтеріп алып:

– Естемес шырағым, – деді. – Өлімнен ұят күшті. Сен келгенде бір тостаған сусын тауып бере алмай, жерге карап отырмыз.

– Жоқ, ақсақал, сіз қиналмаңыз.

– Неге қиналмайын, карағым. Биылғы жұт елді титықтатып кетті ғой. Арқалайтын да, асырайтын да жалғыз нарымыз анау жатқан. Ауыл көшерде бошалап кетіп, ботасыз қайтты. Суалып қалды. Қансытып, тандайды кептіріп отыр, – деп шал ауыр күрсінді. Содан кейін қызына бұрылды. – Жаңыл калқам, қайнардан су әкеліп бер. Қонақтар шөлдеген шығар.

Жаңыл піліп, тостағанмен су ұсынғанда, Естемес тағы да ұзағырақ карады. Қыз көзіне көзі түсіп кеткенде, жүрегі бұлк ете қалды. «Сақалды басыммен сабырдан айырылғаным қалай?» – деп кейіді өзіне. Бірақ көңілі құрғыр әлденеге талпынып алып барады. Сонау бір жастық шағы қайтып оралғандай еліге құмартады. Талайдан аңсағанын көргендей көз жазғысы келмейді. «Атастырған адамы болмас, өйтсе, шалды жұртқа тастап кетпейді ғой. Және ұзатылар уақыты да жеткен ғой», – деп ойлады ішінен. Күйші осы күнге дейін аумалы-төкпелі халге түсіп, қыл үстінде тұрғандай қалтырайды. «Кім біледі, жер ортасынан асқанда тәңірінің сарғайтып барып бұйыртқаны осы болар», – деген де ойға тіреліп, қайта ауытқиды. Көңіл аптығын басу үшін Естемес домбырасын алып, ақырын шерте берді.



♦ Жапан далада кез болған нардың төбе құйқаны шымырлатып боздауын Естемес күйші қалай түсіндіреді?

♦ Ботасынан айырылған боз інгеннің зары күйшіге қалай әсер етті? Күйді аяқтай алмай, тосылуын қалай түсіндіресіңдер?

♦ Түйенің жасына қарай аталу ерекшеліктерін жазыңдар.

♦ Күйшінің ішкі толғанысы қандай еді? Шығармадан мысал келтіріп, дәлелді жауап беріңдер.

♦ Жаңылдың іс-әрекетіне қандай баға бересіңдер?

Күй күдіреті

Ойланып қалған шал басын көтеріп алып, тағы да тіл қатты.

– Апырым-ай, осы мал жарықтықтың күйге елігетіні болады деуші еді. Естемес шырағым, өнерінді салып көрсен қайтеді? Хақ Тағала көз жасымызды көрсе, кім біледі, нарымыз піп кетер. Салшы өнерінді, карағым. Қолымнан келсе, не сұрасан да берейін.

– Не сұрасам да бересіз бе? – деп, Естемес жалт етіп Жаңылға көз тастады.

– Беремін, карағым.

Жаңыл сытылып үйден шығып кетті.

– Аксақал, сіз де елде жоқ қолқа салып отырсыз. Мен де елде жоқ қолқа салайын. Осы күнге дейін жар сүймей келе жатыр едім...

Шал Естеместің қолқасын түсініп, төмен қарап, ойланып қалды.

– Апырым-ай, мынауын, шынында да, елде жоқ қолқа екен, – деді ол сәлден кейін. – Ай, бірақ сен де бір азаматсың ғой. Баламды қор қылмасын. Сөзім – сөз. Өнерін жетсе, тілегінді бердім, карағым.

Сол кезде Жаңыл есіктен қарап:

– Екі күйші, өнерлерінді бірдей салындар, – деді.

– Мейлі, болсын. Кәне, Жаңыл карағым, нарынды тұрғызып, шелегінді тоса бер, – деп, Естемес домбырасын ұстап орнынан тұрды.

Жаңыл нарды үйге жақынырақ әкеліп байлады. Шал тулақ алып шығып, нардың алдына төседі. Естемес: «Кепкен шандырынды жібіте алар ма екем?» – деп, сынағандай нарды шолып өтті. Түйенің ендігі түрі манағы көргеннен бөлек. Балшықтан құйғандай денесінде қыбыр еткен тірлік белгісі жоқ. Басын манағы келген жағына бұрып, сонау алыс адырға құрғақ, жансыз көзін қадап қатып қалған. «Апырым-ай, мына жануарды жібіту қиын болар?!» – деп секем алып қалды Естемес. Осы кезде Жаңыл келіп түйенің мойнынан құшақтап, басынан сипады. Нар сонда ғана селт еткендей болды. Естеместің көзі тағы да Жаңылға түсті. «Мал баласына осылай пейілің түскені... жас та болсаң, аса мейірбан боларсың» деп ойлап, күйшінің іші жылып кетті. Жаңыл қарындағы шелегін алып, түйенің желініне тосып, саууға ынғайланды. Күйшінің жіті көзі қыздың әр қимылын қапысыз бағады. Бай ауылда күң, сауыншы аталатын еңбек әйелінің әр қимылында жарасымды



ширактық, әсем ептілік барына сүйсіне қарайды. Жаңыл бұрылғанда байқады, қыз жүзін ай бетіндегі мұнардай бір мұң шалып тұр екен. Естемес ішінен: «Қасымда тұрсаң да, алыстағы арманым екенсің, күйі қанатымен қуып көрейін», – деп, Жаңылға телміре қарап сәл тұрды.

Күйші жүгіне беріп: «Я, сәт!» – деп домбыраны қағып-қағып жіберді.

Жасы ұлғайып, қимылы ауырлап кеткен ұстазының жас жігіттей құлшынып шыға келгеніне Оразымбет таңырқай қарады. «Бір жылдан бері мен аңдамаған мінезін осы бүгін көрсетті-ау», – деп ойлады. Әншейінде жайғасып малдасын құрып, тіпті шынтағына жастық қойдырып тартатын күйші, қазір бір тізерлеп тулақ үстіне жүгініп отыра кетіп сілтей жөнелді. Домбыраны қатты қағып, нарды бір елең еткізіп алды да, күйді бастап кетті. Алғашқы ырғағынан-ақ Оразымбет бұл жол үстіндегі өзі тыңдаған күй екенін танып: «Есеке-ай, манағы тірелген жерінде тағы да тайып, туламасаң не қылсын?!» – деп сескеніп қалды. Бірақ Оразымбет бұл күдігін тез ұмытты... Күйшінің саусағы домбыраның сағағына таман келіп, безек қағып, күй аз бұлқынып, жоғары өрледі де, суырылып барып асқақтап жүре берді. Күйшінің қиналған жерден өтіп кеткенін сезіп, Оразымбет: «Аһ, сабазың, шыныраудан суырып шығарды-ау», – деп сүйсінді. Алдынан кең өріс, алыс қиян ашылғандай оның да бойы сергіп қалды...

Естемес күйге елігіп, өзге дүниені ұмытып кетті. Талайдан бері арқаны құрыстырып, кеудені кернеп, булықтырып жүрген нәрсе түйіні шешіліп, қыртысы таралып, жанын сергітіп, әсем сазды күйі болып дүниеге келе жатыр. Сарылтып іздегені оңай табылып, шиеленісіп қинағаны тез шешіліп, күйші көңілі де күй қанатына ілесіп алысқа самғады. Сәл іліп, талдырмаш тұлғасы әсем майысқан қыз бұлдырап алыстап биіктеп кетеді. Сонау көкжиектен, сағым арасынан, сынғырлап күліп, еліктіре шақырғандай болады. Күйші көңілі соған талпынады.

Естемес қиялынан сергіп, нарға қарады. Нардың тақырдай қатып қалған қайыс жоны жұмсарып, қан жүгіргендей. Денесіне тіршілік дірілі еніп, бір-екі рет қозғалып, теңселгендей де болды. Жанағы қадалған қырдан басын бері бұрып, үлкен көзі жасқа толып, жаудырап тұр екен. Күйші осы кезде күй ырғағын баяулатып келіп, ақырын дірілдетіп көтерді де, ботадай боздатып жіберді. Анадан айырылған жас ботаның алғашқы зарлы үні үзіліп-үзіліп шығады. Аруана осы тұста бір ыңыранды. Естемес оны да домбыраның шегіне іліп әкетті. Күйші көзі Жаңылға түсті... Қыз нардың емшегін қысып ұстап, қатып қалыпты. «Апыр-ау, бұл неге саумай тұр?» – деп ойлады Естемес. Нардың желіні тырсынып барады. Естемес қыздың әдейі саумай тұрғанын байқады. «Екі күйші, өнерлеріңді бірдей салыңдар», – деген қыз сөзінің астары енді ашылып, есіне қайта түсті. Дір етіп, бір шошынып қалған күйі әлгі тапқан жайма-шуақ биігінен төмендеп, қайтадан мұңлы сазға ауысып,

күн іреніп барады. Сәлден кейін жалт еткен арманынан айырылып қалғандай күй тағы бір талпынды. Естемес Жаңылға енді бір қарағанда, сығымдап қысқан сүйіріктей ақ саусақтың арасынан шым-шымдап сүт тамып тұрды. Күйшінің де көзінен жас тамып кетті: «Заманым өткен екен ғой!» – деп аһ ұрып, жалт бұрылды да:

– Ар жағын сен тарт, – деп саңқ етіп, домбыраны Оразымбетке тастай берді.

Оразымбет домбыраны алып жалғастырып тарта жөнелгенде, нардың сүті де шелекке сауылдап құйыла берді.

Біз қайдан білейік, ел «Нар идірген» күйі осылай туыпты деседі.



- ◆ Келген жолаушыларға үй иелерінің ішерге еш сусын ұсына алмауы.
- ◆ Қайнардағы жалғыз қара үйдің қалуы.
- ◆ Боз інгенің бошалап кетуі.

Сөз сандық

Адыр – бір-біріне ұласып, тұтасып жатқан биік қырқа, дөңес жер.

Мақпал – 1) тығыз тоқылған түкті әрі жұмсақ, қалың мата, яғни барқыт; 2) ауыспалы мағынада жұмсақ, майда деген.

Ойсылқара – 1) қазақтардың наным-сенімі бойынша түйе малының сақтаушысы, пірі; 2) түйе малының жалпы атауы.

Бұйда – өгіздің не түйенің мұрындығына тағылатын ұзындығы 2-3 құлаштай бау, бас жіп, яғни жетек жіп.

Тулақ – бұл жерде: 1) төсеніш ретінде қолданылатын, жүні алынбаған мал терісі; 2) көп мінілген, азып-арыған ат.

Теория сандықшасы

ГРОТЕСК (франц. *grotesque* – таңғажайып, өзгеше келбетті) – шынайы, нақтылы өмір мен фантастиканың шарпысуынан, әдепкі және таңғажайып оқиғалардың, кейіпкерлердің тоғысуынан тұратын, жақсы мен жаманды, қайғы мен күлкіні т.б. шендестіруге құрылатын, ажуа, күлкіге ерекше мән берілетін көркемдік бейнелеу тәсілі. Түпкі мағынасы грот (үңгір) деген сөзден шыққан, себебі ескі заманнан қалған үңгірлерде кездесетін, адамның келбетін, жануарлар мен өсімдіктердің әлпетін батыстырып, бір-бірімен араластыра бейнелеген әшекейлі өрнек суреттер осылай аталған.



- ◆ Шығармаға берілген үлгі кесте бойынша талдау жүргізіндер.

Тақырыбы	
Идеясы	
Жанры	
Кейіпкерлер әлемі	
Қысқаша мазмұны	

- ◆ Өңгіменің «Күй аңызы» аталу себебін түсіндіріңдер.
- ◆ Өңгімеде жана күйдің пайда болуына не түрткі болды?
- ◆ Кейіпкерлердің мінезін ашатын үзінділерді тауып, мінездеме беріңдер.
- ◆ «Екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар» деген қыз сөзінің мәнін ашыңдар.



◆ «Атырым-ай, осы мал жарықтықтың күйге елігетіні болады деуші еді» деген қарт сөзінен нені аңғарамыз?

- ◆ Шығарма желісі бойынша сурет салып, әңгімелеңдер.
- ◆ Түсіндірме сөздікті пайдаланып, әңгімеде кездесетін таныс емес сөздерге глоссарий жасаңдар.
- ◆ Шығармаға композициялық талдау жасаңдар. Оқиганын шешімінен қандай ой түйдіңдер?



Оқиганың шешімі
Оқиганың шарықтау шегі
Оқиганың шиеленісуі
Оқиганың байланысуы
Оқиганың дамуы
Оқиганың басталуы

◆ Өнер туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді жазып алыңдар. Өңгіменің мазмұнына жақын мақалдың мәнін ашып, шығармамен байланыстырып, күй өнері туралы ой ербітіндер.

◆ Естемес пен Оразымбетке берілген портретті анықтаңдар. Жазушы қандай көркемдегіш құралдарды қолданған?

◆ Өңгімеде гротеск элементтері қолданылған үзіндіні табыңдар. Көркемдегіш құралдардың қолданысын талдап, автор стилін анықтаңдар.

◆ Шығармадан төмендегі теориялық ұғымдарға сәйкес үзінділерді тауып жазыңдар. *Үлгі:*

Баяндау	Мысал
Суреттеу	Мысал
Диалог	Мысал
Монолог	Мысал



- ◆ Қазақ күйлерінің шығу тарихын қарастырып, жинақтаңдар.
- ◆ Ботасынан айырылған боз інгеннің зары күйшіге қалай әсер етті? Күйді аяқтай алмауын қалай түсіндіресіңдер?
- ◆ А.Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» кітабында «Нар идірген» күйінің шығу тарихы берілген. Мәліметпен танысып, шығармамен байланысын анықтаңдар.
- ◆ «Күйдің құдіреті деген осы» тақырыбында ойтолғау жазыңдар.



◆ Қазақтың күй өнерінің тарихын қарастырып көріңдер. Жинақтаған мәліметтер негізінде хронологиялық кесте құрастырыңдар.

Таным көкжиегі: «Бозіңген» күйі

Іңгендері боталап, малы төлдеп, көктемнің жайма-шуақ күнінде жайбарақат отырған шаңыраққа аяқастынан шапқыншылар басып кіреді. Үйді ойрандап қана қоймай, малды да ала кетеді. Өрістегі малмен бірге қырда жайылып жүрген боз іңген де ботасынан бөлініп қоса кетеді. Ботасынан айырылып қалған боз іңген көзінен жас сорғалап, зар илеп боздайды. Бірталай жол жүргеннен кейін боз іңген ебін тауып қуғыннан құтылып, кері қашады. Қуғыншыларға жеткізбей қашып құтылады. Боз іңген бірнеше күндік жол жүріп, құр сұлдері қалып, әрең дегенде ботасымен қауышқан екен. Аңыз бойынша «Бозіңген» күйі осылай пайда болыпты-мыс.



Кері байланыс: «Ой сүзгі»

Т.Ахтановтың шығармасын оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарына рефлексия жасаңдар.



ҒЫЛЫМИ-ФАНТАСТИКАЛЫҚ ӘНГІМЕЛЕР

Фантастика (грек. *phantastike* – көзге елестету өнері) – өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанр. Фантастикалық туындылардың бастауы фольклорда жатыр.

Адам қиялы ертегі кейіпкерлерінен көрініс табады. Батырлар жырындағы кейіпкерлерді қиял-ғажайып ертегілермен шатастыруға болмайды. Ертегі кейіпкерлері қиялдан туса, ол батырлар бейнесі асыра дәріптеледі. Сонымен бірге фантастика мифологиялық және діни шығармалардан байқалады. Оған Гомердің «Одиссеясы», Овидийдің «Метаморфозалары», шығыс халықтарының «Мың бір түні» мысал.

Қазақ жазба әдебиетінің бастауы ауыз әдебиеті үлгілерінде жатыр. Ауыз әдебиетіндегі фантастикалық идеялар жазушылардың шығармаларына негіз болды. Қазақ жазба әдебиетіндегі фантастикалық оқиғалар Абай дастандарынан басталады. Ақынның «Масғұт», «Ескендір» дастандарында қиял-ғажайып оқиғалар кездеседі. Мұндай мысалдар С.Ерубаевтың «Келешек соғыс туралы» повесінде, М.Әуезовтің «Дос – Бедел дос», «Елу жылдан соң» пьесаларында да бар.

Халық қиялынан туған фантастика әдебиеттің бір жанры болып қалыптасты. XX ғасырдың 50-жылдарынан фантастика дами бастады. Жас ұрпақты өнер-білімге баулуда фантастиканың атқарар қызметі мол. Ғылыми-фантастикалық шығармалар, біріншіден, көркем әдебиеттің қызметін атқарады. Екіншіден, оларда ғылым мен техниканың дамуына көңіл бөлінеді. Ғылыми болжамдар ұсынылған А.Машановтың «Жер астына саяхат» повесі (1957) ғылыми-фантастикалық әдебиеттің тууына ұйытқы болды. Медеу Сәрсекенің «Ғажайып сәуле» (1959), «Көріністің көлеңкесі» (1960), Талап Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын» (1964), «Лұхман хакім» (1966), Шокан Әлімбаевтың «Данышпандық альфасы» (1967), Төлеу Шахановтың «Көгілдір мұнаралар» (1968), Тімур Сүлейменовтің «Жұлдыз адамы» (1969), «Әл-Фараби көпірі» (1968), Абдулхамит Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз» (1972) повестері қазақ фантастикасына елеулі үлес қосты. Ал Төлен Әбдіковтің «Айтылмаған ақиқат» (1980), Машкар Гумеровтің «Жұмбақ сәуле» (1981), Советхан Ғаббасовтың «Кәусар» (1985), Нарбин Кенжеғұлованың «Қиын шешім» (1985), Раушанбек Бектібаевтың «Ионосферадағы алаң» (1988) атты жинақтарында болашақ өзгерістер туралы болжам айтылады.

Фантаст-жазушы Т.Сұлтанбеков 1960 жылдары шығармаларымен жиі көрінді. Оның фантастикалық «Мидағы жазу» әңгімесі ғылыми тәжірибеге негізделген. Жазушының «Тізгін» әңгімесінің кейіпкерлері де ғылыми жаңалық ашуды көздейді. Мұндағы ғылыми тәжірибелер түрлі жануарларға жасалған. Автор болашақта жануарларды қалай көбейтуге болатындығын болжайды.

А.Нұрмановтың «Тіршілік жалғаса береді» атты фантастикалық әңгімесінің өзіндік айтары бар. Әңгіме оқиғасы қызғылықты өрбиді. Автордың айтпағы – азып-тозған табиғат экологиясын жаңа құрылғылармен тазарту. Табиғат экологиясы – XXI ғасырдың өзекті мәселесі. Жазушы осы мәселені шешудің жолдарын қарастырады. Ғылыми болжамдарын ұшқыр қиял негізінде ұсынады.

Р.Бектібаевтың фантастикалық «Жұмбақ жігіт» әңгімесі де қиялдан туған. Уранның зиянын жоюға басқа планета адамдары көмекке келеді. Жер шарына басқа планетадан көмекке келген – «жұмбақ жігіт». Жазушы екі планетаның адамдары бір-біріне көмектесе дейді. Бұл – жер бетіндегі адам қолымен жасалған кесіп-қатқарға жауап іздеу.

Қазіргі таңда қазақ әдебиетінде бірсыпыра фантаст-жазушылар бар. Олардың қатарында Ш.Әбдіраман, Р.Бектібаев, А.Мархабаев, Ж.Сахнев, Т.Шаханов, С.Исаковтарды атауға болады. Ал М.Сәрсекке, Ж.Сахнев, Б.Қойшыбаев, Д.Өтекеевтер балаларға арналған фантастикалық әңгімелер жазып жүр. Ғылыми фантастикамен айналысып жүрген жазушының бірі – **Жүніс Сахнев**. Оның сериялы романдары қазіргі фантастиканың аяқ алысын байқатады. Ол қоғам болашағы туралы болжамдар ұсынып жүр. Өзге планеталардан келген қонақтар қазақ

деген халықтың өркеніетіне қызығады. Бұл жазушының ұлы дала өркеніетін әлемге танытуынан туған. Қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспайды. Мұның өзі қазақ тегінің тазалығын көрсетеді. Сондықтан қазақ қаны таза халық ретінде ерекшеленеді. Бүгінде мұның бәрін ғалымдар ғылыми тұрғыдан дәлелдеуде. Олай болса, автор қиялының шындыққа айналуы даусыз.

Бүгінде ғылыми-фантастикалық шығармаларды ғылыми тұрғыда фантаст-жазушы А.Мархабаев тиянақты зерттеді. «Қазақ фантастикасының поэтикасы» деген монография жазды. Онда қазақ фантастикасының туу, қалыптасу, даму дәуірлері қарастырылды.



- ◆ Қазақ жазба әдебиетінде фантастика жанры бастауын қайдан алады?
- ◆ Қазақ жазба әдебиетінде фантастика жанрына қалам тербеген жазушылардан кімдерді білесіңдер? Оқыған шығармаларын туралы әңгімелендер.
- ◆ Ғылыми фантастикаға негізделген әңгімелер қандай тақырыптарды қозғайды?

ЖҮНІС САХИЕВ (1950 жылы туған)

Жүніс Сахиев – Қазақстанда алғаш сериялы ғылыми-фантастикалық романдар жазған белгілі фантаст-жазушы. Ол – О.Жандос атындағы әдеби (1994), Халықаралық Байқоңыр (2011) сыйлықтарының лауреаты. КСРО Ғылым академиясының Физика-математика бөлімі құрамындағы Бүкілодақтық Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі (1990).

1950 жылы 1 наурыз күні Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданында дүниеге келген. Төрт жасында әкесі Сақ дүниеден өтіп, анасы Құлханыстың тәрбиесінде жұлдызды әлем туралы аңыз-әңгімелер тыңдап өскен. Бала күнінен өзге жұлдыздар жүйесіне ұшып баруды армандап, мектепке бармай жатып жұлдызды әлем туралы әңгіме құрай бастаған.

1957 жылы 4 қазанда бірінші жасанды Жер серігі қазақ жері – Байқоңырдан ғарыш кеңістігіне ұшуымен *ғарыш дәуірі* басталды. 1961 жылы 12 сәуірде адамзат баласының Байқоңырдан тұңғыш ғарыш кеңістігіне самғауы Ж.Сахиев арманына канат бітірді.

Ж.Сахиев мектепте орта білім алғаннан кейін, 1966–1972 жылдары түрлі жұмыстар жасайды. Жазушы әскерде әскери радиостансыларда радио байланысшы болды. Ж.Сахиев 1977 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді. Одан соң «Спорт» газетінде, Қазақстан Республикасы Баспа, полиграфия



жән е кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік комитетте, «Қазақ» энциклопедиясында, «Фоллиант» баспасында, «Ел» газетінде жауапты қызметтерін атқарды.

Ж.Сахнев 1971 жылдан бері «Кеңістік көшпенділері» деп атаған айдармен қазақ әдебиетінің ғылыми жанрында тұңғыш авторлық сериялы ғылыми-фантастикалық романдар жазып келеді. Бүгінге дейін «Тіршілік ұясы» (1983), «Борыш» (1987), «Шенбердің түйісуі» (1991), «Көктен келген көшпенділер» (1999), «Марстан шыққан жаңғырық» (2002), «Қимайтын әлем» (2003), «Шолпанға көшкен ауыл» (2004), «Космотарих куәсі» (2006), «Су әлемінің саздары» (2008), «Жасампаздық қырында» (2009), «Ғарыштан келген гүл» (2011), «Күзетші» (2013) ғылыми-фантастикалық романдары жарық көрді. «Үлкен энциклопедия» сериясымен алғаш қазақ тілінде жазған «Астрономия» энциклопедиясы (2014), «Жүніс Сакүрпағы, Жунис Сахнев, Zunis Sakurpagy» биобиблиографиялық көрсеткіші (2008, 2010, 2015) шықты.

Серияның «Қимайтын әлем» ғылыми-фантастикалық романының журналдық нұсқасы қазақ ғылыми фантастика жанры тарихында тұңғыш шетел асып, Прагада шығатын «Nemesis» ғылыми-көпшілік журналында чех, ағылшын тілдерінде жарияланды. 1989 жылы Латыш Республикасында өткен фантаст-жазушылардың Бүкілодақтық семинарында КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдануға кепілдеме алды.

«Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-фантастикалық романдарында адам баласы өмір сүре алатын ғаламшар кеңістігі мен құпиясы мол өзге жұлдыз жүйелері туралы сөз болады. Автор жұлдызаралдар мен жеке ғаламшарларға сапар шеккен ғарышкер кейіпкерлерінің бастарынан кешірген шым-шытырық оқиғалары мен тағдырлары арқылы адамзат қоғамының болашағын суреттейді. Табиғатты қорғаудағы, дүние әлемін танып білудегі адамзаттың жоғары өркеніетті үлгісін оқырманға ұсынады.

Мерзімді баспасөз беттерінде қазақ, орыс тілдерінде бірнеше ғылыми мақалалар жариялады. Мысалы: «Керуен тізбегі үзілмесін», «Жер астынан ғарышқа...», «Ғылыми жанр тынысы», «Қазақ ғылыми жанрының батыл болжамдары», «Английский научный жанр», «Болгарский научный жанр», «Бразилский научный жанр». Орыс ғалымдары М.М.Дагаев пен В.М.Чаругиннің «Астрофизика», Е.П.Левитанның «Астрономия» оқулықтарын қазақ тіліне аударды. Гректің ұлы философы Платонның аңызға айналған Атлантида аралы жөніндегі әйгілі «Тимэй», «Критий» жазбаларын «Егемен Қазақстан» газетінде жариялады.

Еңбек жолын техника саласынан, телеграфшы мамандығынан бастаған Ж.Сахнев жастайынан жұлдызды әлемді ғылыми тұрғыдан зерттеумен айналысты. Оның 1975 жылы Айдың толық тұтылуына жасаған ғылыми зерттеуінің нәтижесі Мәскеуде шығып тұратын «Земля

и Вселенная» ғылыми-көпшілік журналында жарияланды. 1988 жылғы қыркүйек айында Қызыл ғаламшар – Марстың Жермен мейлінше жақындасуы кезінде 170 есеге жақындатып-ұлғайтумен түрлі түсті шыны арқылы көрген құбылыстарының 60 суретін салып, олардың ғылыми түсіндірмелерін жазды. Астрономия ғылымына қосқан осы ғылыми еңбегі жоғары бағаланып, ол КСРО Ғылым академиясы Физика-математика бөлімінің құрамындағы Бүкілодақтық астрономия-геодезия қоғамына толық мүше болды.

Қазақ ғылыми жанры тарихында 2001 жылы ҚР Ұлттық кітапханасында тұңғыш көрме өтті. 2011 жылы Ж.Сахиевтің «Кеністік көшпенділері» сериялы ғылыми-фантастикалық романдары мен ғылымтанымдық еңбектеріне арналған «Ғылыми жанрға жол ашқан» деген шығармашылық көрме ұйымдастырылды.

2011 жылы қазақ фантаст-жазушыларының Халықаралық бірінші конгресінде Жүніс Сахиевке Халықаралық Байқоңыр сыйлығының лауреаты дипломы берілді. Жазушы қазіргі таңда «Кеністік көшпенділері» сериялы ғылыми-фантастикалық романдарын жалғастырып жазуда.



- ◆ Жазушының ғылыми фантастика жанрында жазған шығармаларын атаңдар.
- ◆ Жазушының бала киялы жеткізген жетістіктері туралы әңгімелендер.
- ◆ Жүніс Сахиевтің шығармаларына арқау болатын оқиғалар ойдан, киялдан құрастырылған ба, әлде шындыққа негізделген бе?

«АЙДАҒЫ ЖАСЫРЫНБАҚ» ӘҢГІМЕСІ

Жаңа оқу жылының алғашқы коңырауы... Айнадай таза, кен де жарық класс бөлмесі көңілімізді сергітіп жіберді. Жазғы ұзақ каникулдан кейін бір-бірімізді кәдімгідей-ақ сағынып қалыппыз.

Бір кезде есік ашылып, Гүләйім апай кіріп келді.

– Сәлеметсіздер ме, оқушылар!

– Сәлеметсіз бе, Гүләйім апай!

Гүләйім апай орындығына жайғасып, алабұртқан жүзімізге бір көз тастап қойды.

– Ал жағдайларың қалай? Жазғы демалысты қалай өткіздіңдер?

– Жаксы! – дедік біз көңілді үнмен.

– Ендеше, алғашқы сабағымызды соған арнаймыз. Кім қайда болды, не көрді, не түйді?

Біз бір-бірімізге қарап, жымнысып қоямыз. Сол кезде Жантемірдің:

– Апай, жазғы каникулда Мерген планетолог әкесі Ертілеспен бірге Айда болып қайтыпты. Олармен бірге Сартай да барыпты. Солар айтып берсін, не көргендерін! – деген дауысы санқ ете қалды.

Тірек сөздер

- қиял
- жазғы демалыс
- ғарышкемесі
- Ай
- саяхат
- көлеңке
- жасырынбақ
- табиғат

– Бұл жақсы жаңалық екен, – деді апай елең етіп. – Қане, Мерген, Сартай, Айдан не қызық көріп қайттындар?

– Онда пәлендей ештеңе көрген жоқпыз, – деді Сартай жақтырмағандай Жантемірге бір қарап қойып. – Айда біз жасырынбақ ойнадық!

Бәрі ду күлді. Гүләйім апай да сәл жымнып алды. Класс іші тынышталған кезде мен апайға:

– Жасырынбақ ойнағанымыз рас. Бірақ ол Жердегі жасырынбақ емес. Мен бәрін айтып берейінші, – дедім...

– Біз Айға ғалымдардың арнайы кемесімен бардық, – деп бастадым мен әңгімемді, – Жермен екі арадағы геосинхронды, геостационарты деп аталатын айналым жолдарды артқа тастаған соң, қонуға дайындалдық. Отырған орындығымызды тікейтіп, белдігімізді байладық. Соны күткендей ғарышкемесінің дүрілі күшейіп, бейтаныс ғаламшар табиғатына қарай күлділай берді. Ай бетіне табан тіреуге жақын қалғанымызда қараңғы дүниеден денеміз түршікті. Өзіміз тани білетін Дауыл мұхиты, Жанбырлар теңізі, Дағдарыс теңізі делінетін сусыз ойпаттар мен аттары есімде жоқ жыпырлаған қазаншұңқырлар қарайып көзге шалынды. Қала шамдары жымындамады. Қолшам тәрізденіп көз қарықтырды да тұрды.

Көп кешікпей кемеміз Ай бетімен жанасты. Біраз жылжып барып, ғарышайлағының алдына тоқтады. Сыртта бізді арнайы көлік күтіп тұр екен. Соған мініп «Ғалымдар үйіне» жеттік. Көкем, Сартай және мен үшеуміз бір пәтерге орналастық. Сол бір сәт екеуміз үшін әлі қорқынышты. Өзіміз жатқан бөлменің үлкен терезесі сыртындағы Ай термометрі 200 градус суықты көрсетті де тұрды. Сартай екеуміз көпке дейін көз іле алмадық. Жердегі қараңғылық жай екен. Ай аспанындағы жұлдыздар да жымындамайды. Айналаның бәрі бейне бір күл шаңының астында қалғандай көңіл құлазытады. Тіршіліксіздіктің нағыз көрмесі де сонда екен. «Пәтердегі жылу жүйесі сөнсе, әп-сәтте мұз болып қатып қаламыз-ау» деп те қорықтық.

Айдағы таңның атуы, Күннің көтерілуі ұзаққа созылды. Күн өзіміз Жерде жүріп карағанда батыс жағы дейтін оң жақ шетінен – Дағдарыс теңізі жақтан шығады екен. Айда ол – шығыс. Ондағы жарты күн Жердегі екі аптаға тең. Оны бәріміз де білеміз. Біз Жерден өліара қарсаңында аттанғанбыз. Өліара кезінде Ай Күн мен Жердің арасында болады ғой. Сөйтіп, ол Күнмен қабат шығып, бірге батады. Ал бірер күннен соң Ай Күннің сол жағына өтіп, Жердің батыс жағынан қияктанып көрінеді. Біз оны жана Ай туды дейміз. Ал сол кезде Айда, шын мәнінде, таң атып, Күн шығады екен. Сартай екеуміз қазақ халқының оны ежелден-ақ дәл білгеніне қайран қалдық.

Жер есебімен екі тәулік өткенде қалашық орналасқан аймақ жарықтанды. Бірақ Жердегідей емес. Тас қараңғы ғарыштағы Күнге

шағылысқан бір домалақ дененің бетіне сәуле түскендей ғана көрініс. Не көгілдір көкжиек жоқ, не аспанды шарпыған әсем бұлт жоқ. Күннің сәулесі де шашырамай бажырая қалған. Көз қарықтырады.

Күн сәулесі Дағдарыс теңізін жартылай жарықтандырған кезде Сартай екеуімізге сыртқа шығуға рұқсат берілді. Ал көкем бастаған ғалымдар зерттеу жұмысына әлдеқашан кірісіп кеткен. Назарымызды Ай бетін дірілдете баяу жылжып бара жатқан зауыт бөлді. Көкемнің түсіндіруінше, олар Ай топырағынан оттегі және тағы басқа Ай базасына қажетті технологиялық заттарды өндіруге арналған.

Жер бізге қара аспанға іліп қойған шыны шар тәрізденіп көрініп тұрды. Оның бірінші ширегі – толуы, соңғы ширегі әрбір жиырма төрт сағат сайын айналып келіп жатты. Алғашқы кезде оған қарай беретінбіз, бірақ кейіннен көзіміз үйреніп кетті...

Ай бетінде қазаншұңқырлардың көп екені бәрімізге белгілі. Біз қалашық орналасқан Дағдарыс теңізінің тегіс деген жерлерімен жүрдік. Сөйтіп, шағын бір шұңқырға тап болдық. Ол оншалықты терең емес екен. Қарайған көлеңкесі әлі де болса бір жағына жантайып, қаратушы төгілген сауыттай болып жатыр. Сол кезде мені «Шұңқырға түсіп бір байқасам кайтеді?» деген әуестік биледі.

Содан абайлап шұңқыр ернеуіндегі тастарға аяғымды тіреп, қолмен де ұстап, жайымен ішіне түстім. Сартай сыртта, маған бір жағдай болғанда қол ұшын беруге әзір. Шұңқырдың іші әжептәуір үлкен, кең әрі тегіс еді. Мен көлеңкеге ендім. Сол-ақ екен, комбинезонымның сол жөніндегі термометрдің түтікшесіндегі қызыл түсті сынап төмен қарай жылжи жөнелді. Денемді суық алғандай күй кешіп, сәл кібіртктеп қалдым. Бірақ қайта шығуға намыстандым. Сөйтіп, қап-қараңғы дүниеге тап болдым. Айдың Күн сәулесі түсіп тұрған жағы өзінше бір бөлек дүние сияқты. Төбемде әлгінде ғана көмескі көрінген жұлдыздар жыпырлайды.

– Мерген! Ей, Мерген! – деген хабар жетті шыны дулыға ішіндегі дыбыс қабылдағыштан.



Мен жалт бұрылып, жоғары қарадым. Ойыма «Сартай бірдемеге ұшырады ма?» деген күдік келген-ді. Қарасам, ол көз алдын оң алақанымен қалкалап, әлдекімді іздеп тұр. Мені көрмейтін тәрізді.

– Не болды саған, Сартай? Кімді іздеп тұрсың? Әлде көзіне ұшатын беймәлім бірдеме елестеді ме?

– Жоқ! – деді Сартай іліп алғандай. – Көзіме ештеме де елестеген жоқ! Мен сені таппай тұрмын!

– Таппағаның қалай? Мен ешқайда кеткен жоқпын!

– Көлеңкеге енген бойда зым-зия болдың! – деді ол толқып.

– Ал сен менің көз алдымдасың!

– Көлеңкеден шықшы! – деді енді Сартай дегбірсізденіп.

– Жарайды. Қазір.

Мен көлеңкеден шықтым. Сартай мені жоғалтып тапқандай қатты қуанды. Шұңқыр ернеуіне шыға бергенімде қолымнан тартып алып, құшақтай алды. Ренінің бозарғаны да шыны дулығаның ішінен апанық көрініп тұр.

– Енді сен түсіп көрші! – дедім мен.

– Одан да Жердегі сияқты жасырынбақ ойнасақ қайтеді? – деді Сартай.

– Қалайша?

– Не қалайшасы бар? Сен іздеуші, мен жасырынушы боламын. Көзінді жұмып, елуге дейін санайсың. Содан соң іздей бер!

– Жарайды, ойнасақ ойнайық, – дедім мен.

Санап болған соң, көзімді ашып іздей бастадым. Жым-жырт. Мана жүрген жылжымалы зауыт-автоматты жүйелер де алыстап кеткен. Шұңқыр ішін әрі-бері қарап Сартайды көре алмадым.

– Сартай! А, Сартай! Қайдасың, көріп тұрған жоқпын! – дедім енді өзім де үрейленіп.

– Мұнда тұрмын ғой! – деді ол мәз болып.

Артынша кеңк-кеңк күлгені де микрофонды қырылдаттып жіберді. Мен де күлдім. Бірақ сонда да сыры беймәлім табиғатқа сенбей жүрексінемін. «Айда серуендейміз деп жүріп бір-бірімізді жоғалтып алсақ» деген үрейлі ой билей бастады. Әрі-бері қарап:

– Ойын бітті, Сартай! Мен жеңілдім! Шыға бер! – дедім.

– Қазір! – деді ол.

Бір мезетте Сартай көлеңкенің шетіне шыға келді. Ол шұңқырдың ернеуіне жеткенде қайта жоғалтып алардай қолынан шап беріп ұстай алып, өзіме қарай тарттым. Сөйтіп, ешқашан ойымызға келмеген жасырынбақ ойынын ойнадық. Кешікпей Ай табиғатын зерттеу жұмысын аяқтап көкем келді. Тамактанып болғаннан кейін пәтерде отырып, екеуміз жаңағы көрген қызықтарымызды айтып күлдік...

Озондық ойықтың ұлғаюы нәтижесінде Күн радиациясының электрмагниттік ағымы, оған коса қысқа толқынды диапазондағы рентгендік және ультракүлгін сәулелер ғаламша р бетіндегі тіршілікті

жойып жіберген. Ай беті жалаңаштанып, шектен тыс қызып, жасыл желек біткен қурап, бұлақ, көл, теңіз бен мұхит буланып ғарышқа ұшып кеткен. Қныр ғарыштан қаңғып келген аспан тастары ғаламшардың бетін әжімге толтыра берді. Ай беті жыпырлаған қазаншұңқырларға толды. Ғаламшардың күнгеі жағы құрғап, түнгі жағындағы ішкі суы мәңгілік мұз болып қатып қалды. Ай өз осінен айналуын мейлінше баяулатты. Біздің ғылыми зерттеуіміз осыны дәлелдеді...

Әкем мән-жайды Сартай екеуімізге түсіндіріп болған соң, өзінше ойға батып, үнсіз қалды. Біз үлкен терезеден сыртқа көз тастадық. Жнегі кара пердемен тұтылғандай қап-қараңғы Ай аспанында менмұндалап әсем Жеріміз көрініп тұрды. Бір кезде Сартай:

– Енді мұнда жасырынбақ ойнамайықшы, – деді.

– Жарайды, енді ойнамаймыз, – дедім мен іле қостап, – онан да ана көрініп тұрған Жеріміздегі атмосферамыздың, гидросфера мен биосферамыздың тазалығын ойлайықшы.

– Табиғаттың болашақ тазалығы сендердің қолдарында, – деді сол кезде көкем Сартай екеуіміздің сөзімізді тыңдап болып, – достарыңа да түсіндіріңдер мұны...



- ♦ Жер, Ай, Күн планеталары туралы не білеміз?
- ♦ Айдағы тіршіліктің Жердегі тіршілікпен ұқсастығы бар ма?
- ♦ Планетологтер нені зерттейді?

Сөз сандық

Геосинхронды айналым – Жер айналасындағы орбита.

Геостационарлы айналым – Жер экваторының дәл төбесінде шеңбер бойымен орналасқан орбита.

Өліара – батар Айдың соңғы екі күні мен жаңа туған Айдың көзге көрінбейтін алғашқы екі күні.

Қазаншұңқыр – 1) жер бетінің ойыс келген жері, ойдым; 2) құрлық немесе мұхит, теңіз бетіндегі ойыс; 3) ғимараттардың іргетасын салуға арналып қазылған шұңқыр.

Озондық ойық – атмосфераның озон қабатында озон молекулалары жоқ ойық.



- ♦ Автордың осы әңгімесі арқылы оқырманға айтпақ болған ойы қандай?
- ♦ Айдағы жасырынбақты балалардың қалай ойнағанын баяндап беріңдер.
- ♦ Әкесі балалардың жасырынбақ ойнағанына неліктен реніш білдірді? Планетолог Айдағы көлеңкенің пайда болу себебін қалай түсіндірді?
- ♦ Мерген мен Сартайға олардың шығармадағы іс-әрекеттерін ескере отырып, мінездеме беріңдер.
- ♦ Ғарышты зерттеуші ғалымдарымыздан кімдерді білесіңдер? Мәлімет жинақтап көрейік.
- ♦ Әңгімеде маңызды мәселе көтерілген үзіндіні тауып оқыңдар. Осы туралы өз пікірлеріңді айтыңдар.



- ♦ Әңгіменің сюжеті бойынша жоспар құрыңдар. Құрған жоспарларыңды басқа оқушылардың жоспарымен салыстырып, сюжеттік талдау жасаңдар.
- ♦ Сендер қиял-ғажайып түс көресіңдер ме? Өздеріңнің бір түстеріңді негізге ала отырып, шағын фантастикалық әңгіме жазыңдар.
- ♦ Жазғы демалысты қалай өткіздіңдер? Демалыс кезіндегі қызықты сәттерді сыныптастарыңа әңгімелеп беріңдер.
- ♦ Фантастикалық жанрдағы кинолардың балалар қызығушылығын арттыру себебі неде? Қиял-ғажайыпқа сенесіңдер ме?
- ♦ Айдағы тіршілікті суреттеуде қолданылған көркемдегіш құралдарды көшіріп жазып, түріне қарай талдаңдар.
- ♦ Табиғатқа қатысты мақал-мәтелдерді тауып, жаттап алыңдар.
- ♦ «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деген сөздің мәнін ашып, табиғат пен адам арасындағы байланыс туралы пікірлеріңді білдіріңдер.
- ♦ Фантастика жанрының мағынасын ашатын топтастыру жасаңдар.



- ♦ Айда тіршілік болған дегенге келісесіңдер ме? Ғылымда Ай туралы қандай деректер келтірілген екен? Астрономия ол туралы не дейді? Ай туралы ақпараттарды жинақтаңдар. Шығармадағы пікірмен салыстырыңдар.
- ♦ Мергеннің әкесінің «табиғаттың болашақ тазалығы сендердің қолдарыңда» деген сөзін басшылыққа алып, эссе жазыңдар. Бүгінде табиғатты қалай қорғап, бағалап жүрміз?
- ♦ Өздерің оқыған фантастикалық шығармаларға тән ерекшеліктерді атаңдар. Сендер атаған ерекшеліктер «Айдағы жасырынбақ» әңгімесінде кездеседі ме?
- ♦ Сендер ғалым болсаңдар, ғылымның қай саласын зерттеп, қызығушылық танытар едіңдер? Ойларыңмен бөлісіңдер.



- ♦ «Табиғатты тиімді қорғау жолдары» тақырыбында жоба жасаңдар. Жобаның қысқаша мазмұнымен таныстырыңдар.

«ДАБЫЛ» ӘҢГІМЕСІ

I

Ғарыштан келіп, Жер атмосферасына іліккен созылыңқы тамшы пішінді үлкен тас таң сәрідегі шырт ұйқыда жатқан ауыл үстінен ысқыра ағып өтіп, тау аңғарын жанай ұшып, жолындағыны күйдіріп-сыдырып барып қара жерге жантая қадалды...

* * *

Ауыл ортасын қас жарып өтетін үлкен көшенің оңтүстік-шығыс жағындағы екі қабат үйдің шамы бүгін ерте жанды. Ондағылар кеше кешке бүгін Ақтау баурайындағы кең сайға серуен құрып қайтпақ болып келіскен. Оның басты себебі осы үй иесі Төленнің туған інісі

Жасағанның алыс астанадан келуі еді. Жасаған – жасы елуден асқан, орта бойлы, шашы сиреген, қыр мұрынды, қой көзді кісі. Қазаққа белгілі түрколог. Ғылым докторы. Жұмысы әр кез қауырт өтіп жатқаны. Қазақ халқының қоныс тепкен ата жерінің талай-талай құпия сырларын ашқан ол жаңалықтың шегі болған ба? Жасаған уақытын бос жіберген жан емес. Қай кезде де ой үстінде жүргені.

Ол еңбегі еленбей қалған жоқ. Халқының сүйікті азаматтарының бірі болды. Осы ауылда оны ағасы Төлен ғана емес, күллі ел болып құрмет тұтып қарсы алады. Ал Жасаған болса оны тәкаппарлық көргендей ыңғайсызданып: «Осы ауылда туып-өстім. Енді оған мейман болғаным ұят. Құрмет атаулы бұл жерде маған артық. Бала кезімдегідей саф ауаны еркін жұтып, еркін жүріп-тұрғым келеді», – деп қашқалақтайды. Төлен де мұнысын түсінеді. Жүзіне қарап ештеме айтпайды. Бірақ бәрібір ол келгенде қуанышын қайда қоярын білмей тыпыршиды. Әйтеуір, бірдемені ойластырып қояды...

Ауылда туып, ауылда өссе де, қаланың шуы мен газ-түтінінен жалыққан Жасаған атшаптырым бақтың ішін аралап жүріп те алды. Содан соң Төленмен бірге қораға барып, сояға дайындаған қойды алысып шықты. Соның артынша гүр деген дыбыс естіліп, Төленнің құрдасы Қазыкен арнайы тауға ыңғайланған, дөңгелекпен де, адымдап та жүре алатын бесаспап көлігімен жетті. Төлен қақпаны ашатын түймені нұқи қойды. Ол ашыла бере, Қазыкен көлікті үй ауласына қарай туралады.

Төлен көліктің ішке қарай дұрыс енуін қадағалап тұрды. Ол деген жеріне жетіп, кілт тоқтап, дыбысын сөндірді. Артынша есігі ашылып, іштен бірнеше адам түсті. Бастаушысы – бойшаң, арық, шашын сол жағына жантайта қайырған, көзілдірік таққан сары кісі Әбен мен оның жолдасы, орта бойлы, мұртты, қыр мұрынды, даусы гүрілдеп шығатын Танатар. Онан кейін түскендер – осы үш еркектің әйелдері. Бірі – дөңгелек жүзді, тәмпіш мұрын, арық келген Айгүл, екіншісі – орта бойлы, арық, бірақ жүзі ренді, бетінде шамалы секпіл бар Ұлдай, үшіншісі – дөңгелек жүзді, толық бет, балық ауыз, бота көз Әсел. Айгүл – Әбеннің, Ұлдай – Қазыкеннің, Әсел – Танатардың жұбайы. Бұлар бір-бірімен жиі араласатын туыстар. Бүгін де абыр-сабыр бас қосып, сен, мен демей әрқайсысы өз істеріне кірісіп кеткен. Жолаушылар көлігіне ұқсайтын салонның артқы жағындағы арнайы бөлімге қой жайғастырылды. Содан кейін табақ-аяқ, құралдар қойылды. Көліктің екінші қабатындағы ашылмалы-жабылмалы тор қораптың ішіне алты канат киіз үй бекітілді. Осындай ауызбірлік пен ынтымақтың арқасында туыстар уақыт өткізбей жолға шықты.

Тірек сөздер

- ғарыш
- ғылым
- ғалым
- тастағы жазулар
- күнгейліктер
- қазақ алфавиті
- тарих



- ♦ Жасағанның ауыл адамдары алдында беделі неліктен жоғары?
- ♦ Ағасына деген сағынышын Төлен қалай білдіреді?
- ♦ Төлenniң үйіне келгендер кімдер? Және олар қайда жолға шықты?

Туған жер

Көлік Ақтауға қарай бет алды. Іште отырғандар көңілді еді. Әйел жағы әндетіп те қоя берген. Көлік шыныларынан көрініп тұрған табиғат аясы кім-кімнің де көңілін сергітер еді. Ән мен табиғат астасып, алыстан, әсем астанадан келген Жасағанның жан дүниесін тербеді. Ол ойға шомып, айнала төңіректі көзімен шолып өтті. Өзінің балалық шағын еске алды. Талай-талай шарлаған тау шатқалдарын, сайлардағы бұталарды, жабайы алма, алмұрт терген алыстағы күндерін ойлады. Одан бері қаншама жылдар өтсе де, Жасаған үшін бұл таудың барлық сыры ашылған емес. Әрбір тас өзінің қойнында бір-бір сырды жасырып жатқандай. Өзі де тауқұмар еді-ау. Сол тау мен тас енді өзінің халқының өткен тарихын, жазба ескерткіштерін алдына жайып берген жоқ па? Иә, сонау бір замандағы ата-бабаның нақыл сөздерін, жырларын, әдет-ғұрпы жөніндегі мәліметтерін қойнында сақтап, «Міне, оқып ал!» дегендей еді.

Балалық шақтан таныс үлкен сай аңғарына қарай бұрылғанда, Жасаған көлік терезесінің бірінен Ақтаудың ұшар басын қарады. Ол да мұның келе жатқанын жылы қабылдағандай. Күн сәулесіне шағылысып, әсемдене, тәкаппарлана түскендей. Жасаған шыдап отыра алмады. Иығындағы фото-кинобейне камерасын алып, тау табиғатын түсіріп алды. Көлік қия жолмен жылжып, үлкен пектен аса бере камера тетігін тағы басты. Әргі жақтан таныс табиғат менмұндалап шыға келген. Аңғар ортасында гүрілдеп өзен ағып жатыр. Оның екі жағалауына топтана өскен қарағай ағаштар таудың сонау басталар басына қарай кеткен. Өзен жағасында жылқылар жүр. Алыстан тал бастарына қонып, қайта ұшып кетіп жатқан торғайлар да көзге шалынады. Оның кейбірі желмен ойнағандай қалбалақтап-қалбалақтап барып, аңғарға қарай күлділай жөнеледі.

Көлік пектен асып, өзенге қарай құлаған бетте манадан бері тыйылып қалған ән де жалғасып кетті. Енді бір кезде ән тоқтап, әңгіме-дүкен басталды. Сөйлеуін сөйлеп отырса да, бәрінің көздері аңғар табиғатында. Осы кезде Әбен:

– Өзеннің арғы жағындағы тегіске тоқтадық, – деді Қазыкенге бұрылып, – мына жермен дөңгелекті көлік өте алмайды. Адымдағыш аяғын қос.

Орта бойлы, денесі мығым, дөңгелек жүзді, қыр мұрынды, қысыңқы көзді Қазыкен «мән-жайды түсіндім» дегендей басын шұлғып қойды. Көлік өзен жағасына жетіп кілт тоқтап, сәл кідірді де, аяқтарын түсіріп,

адымдап баса жөнелді. Су оның сирағынан да келген жоқ. Бірақ өзен арыны қатты, қойтастар көп еді. Көлік аяқтары қойтастардың ара-арасына гүмп-гүмп түсіп, түйеше теңселді.

– Міне, заманымыздың нағыз түйесі! – деп рақаттана күлді Танатар.

– Әйтеуір, бәрі темірге айналды ғой! – деп қойды Әсел.

– Қай нәрсенің де бір артықшылығы, бір кемшілігі бар. Қайтеміз, заман осы. Бұл менің күнделікті нан тауып отырған көлігім, – деп, Қазыкен суға бір карап қойды.

Көлік теңселе-теңселе арғы бетке өтті. Қазыкен бір тетікті басқанда ол түйеше шөгіп барып, дөңгелектеріне жатты. Енді жұмсақ жылжып, Әбен көрсеткен тегіс алаңға тоқтады. Бұл – ауыл тұрғындарының жиі-жиі демалыс өткізетін орны...



♦ Туған жердің тау мен тасы Жасаған үшін несімен қымбат?

♦ «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Туған жерге тағзым» жобасының идеясы қандай? Осы жоба барысында елімізде қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?

♦ Күлтегінің «Түркінің қасиетті жер-суының қарғысына қалма» деген сөзінің мән-мағынасын ашып, әңгімедегі негізгі оймен байланыстыра талдаңдар.

Көне түркі жазулары

Әркімнің қалаған өз мамандығы, кәсібі бар. Мамандар өз тұрғыларынан айтты. Бірі өзінің көлігін айтса, екіншісі есеп-қисабын, үшіншісі мал жайын сөз етті. Жасаған ғана ілтипат сақтап, отырғандардың әңгімелеріне құлақ түріп қалған еді. Бір кезде Танатар Жасағанға бұрылып:

– Ал, Жәке, ендігі сөз өзіңізде. Әйтпесе мына түрімізбен сөз қалдырар емеспіз. Ауыл әңгімесі бітер ме? – деп күліп қойды.

– Жасаған жасынан тауқұмар, – деп килікті сөзге сол кезде ағаретінде Төлен, – мына тауда бұл кезбеген жер қалмаған шығар-ау. Ақыры сол мақсатына жетті. Ғалым болды. Ру-тайпамыздың сонау әрті жағындағы жазба ескерткіштерін зерттеді. Ал ендігісін өзі айтсын...

Жасаған аты шыққан үлкен ғалым болса да, аға алдында ініше ұстамдылық жасап, отырғандарды көзімен бір шолып өтті. Содан соң өзіне ұсынылған кесесін еппен қойып, кейін қарай бір көсіліс алды да, сөзін бастады.

– Ағам мені асырынқырап жіберді, – деді ол Төленге көз тастап, – шынды айтсам, осы ғылымға біржолата бет бұруыма басты себеп болған өзі еді. Аға ақылы деген осы болса керек-ті. Жарайды, ағайынды екеуіміз бір-бірімізді мақтай бермейік. Жана өздеріңіз де қалаған маман-

Тірек сөздер

- Ай планетасы
- Талас жазуы
- жұлдызды әлем
- Күнгей ғаламшары
- әуе кемесі
- таңба

дықтарыңыздың жетістіктері жайлы айтып өттіңіздер. Мен де өзімнің өмірлік кәсібімдегі жетістіктеріме көшейін. Түркологияның онай ғылым емес екенін өздеріңіз де білесіздер. Мен Талас жазба ескерткіштерін мұқият зерттеп келемін. Әрине, өздеріңізге бұрыннан белгілі Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінде VI-VIII ғасыр тұсындағы түркі қағандары мен бектерінің, алып батырларының басынан кешкен ерлік жорықтары сөз етіледі. Ал біздің о бастан іздеп келе жатқанымыз жалпы түркі мәдениетіне ортақ осы мұралар тілінің қоры қазақ тілінде қаншалықты сақталғанын анықтау болатын. Бұл мақсат бұрыннан бар-ды. Ал бірақ осы жазуларды ғалымдар түрлі саққа жүгіртті. Тіпті кейбірі бұл жазуды сырттан келген деп те қашыратты ¹. Ал бүгінде біз оның халқымыздың төл жазба таңбасы болғанына көз жеткіздік...

– Мен бір нәрсені түсінбеймін, – деп сөзге араласты осы кезде Жасағанның мүдірген сәтін пайдаланған Таңатар, – сіздер талай уақыттан бері тастағы таңбалардың нендей сыр шертетінін ашумен келесіздер. Оның қазақ халқына да көп қатысы бар екені анықталып отыр екен. Тіпті ол, менің түсінуімше, біздің түпнұсқалы жазу әрпіміз.

Жасаған мына пікірдің түп төркінін ұға қойып, сәл қозғалып алды. Содан соң шайынан бір ұрттап алып, сөзін жалғады.

– Тәке, ойыңыз дұрыс, – деді оған қарап, – біз ата-бабамыздың тасқа салып, «Көріңдер», «Біліңдер», «Әрі қарай жалғастырыңдар» деген өсиеттерін орындай алмадық. Заман ағымы, шынында да, дәстүр-салтымызға көп-ақ кеселін ² тигізді. Менің түсінуімше, сіз осы кезге дейін неге өз алфавитіміз жоқ дегенге келтіріп отырсыз?

– Иә, иә, – Таңатар өз сұрағынан өзі ыңғайсызданғандай сәл қысылып жалғады, – біз енді қанша дегенмен ауыл адамы...

– Олай деменіз, – деді Жасаған отырғандарды да көзімен шолып өтіп, – біздің тарихымыздың, жазба мәдениетіміздің қалған тұстары осы – ауыл, мына сіздер. Жазба тарихымызды зерттегенмен, мен қалада тұрамын. Ауылдың әдет-ғұрпынан шеттеп қала беремін...

Біраз қуырдақ желініп, шай ішілген соң, үй іші тағы да әңгіме-дүкенге ауысты. Әңгіменің төркіні әлінде ғана айтылған ежелгі жазба ескерткіштерден көп ауытқып кете қойған жоқ еді. Отырғандардың көбісінің іштейгі сұраныстары да енді соған ауған. Қай-қайсысы да алыстан келген ғалымның көкейіндегі бар нәрсені біліп алғысы келеді. Осыны сезгендей Жасаған да сөзін содан бастады.

– Ежелгі қазақ таңбасын қай-қайсысымыз да білуге міндеттіміз, – деді ол кішкене серпіліп, – біздің әулетіміз түгел оқи алады. Оқып қана қоймайды, жазады, сөйлейді. Ал жуық арада оның негізінде қазақ алфавитін шығарсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Мұны жасау менің ойымда әуелден бар. Тек кейбіреулердің «Соның не қажеті бар? Бүгінгі

¹ Қашырату – бұл жерде: алыстату, болжау мағынасында.

² Кесел – бұл жерде: зиянын тигізді, жағымсыз әсері болды деген.

әріміз жетпей ме?» деп қалатыны бар. Ал әріптік таңбасы жоқ ұлт қандай ұлт болмақ?..

– Ежелгі таңбаларымызды Төлен де жақсы біледі, – деді бір кезде Қазыкен оған қарап. – Дауыстап оқығанын, сырғытып жазғанын көрсең.

– Бұл таңғаларлық жаңалық емес, – деп ынғайсызданған сынап танытты Төлен бұл сөзге. – Тарихымызды білмесек, кім екенімізді қайдан ұғамыз? Менің көкейімді кегжейтін ¹ бір нәрсе – ана халықтың алфавитіне бір, мына халықтың алфавитіне бір жабысамыз. Айып-лайындар-ау, сонау заманнан бері тасқа қашалып өзімізге жеткен таңбамызды неге ескермейміз? Неге біз сол таңбалардың негізінде өзіміздің төл алфавитімізді жасамаймыз? – деп Жасағанға маза бермей келе жатқан мына менмін.

– Бұл саған мақтаныш емес! – Таңатар қызуланып кетті. – Ал бірақ сенің осы мәселені қозғағаныңа, мына күллі ауыл тұрғындары, қала берді күллі қазақ баласы, біз мақтануымыз керек! Жасасын. Біз тек тілектеспіз...

– Рақмет, – деді сол кезде Жасаған қоныр үнмен. – Ниеттеріңізге көп рақмет! Менің бұған дейінгі отыз жылдық ғұмырым осы таңбаны зерттеу жолында өтті. Ендігі қалған өмірім алфавит жасауға арналады. Мына дәм үстінде уәде беремін.

– Мақсатыңа жет! – деді оған Әбен жасының үлкендігін білдіріп. – Қане, әумин делік!

– Әумин! – десті отырғандар.

– Ал енді былай шығып бой жазсақ қайтеді ет піскенше? Мына тау табиғатын тамашалайық. Жоғарырақта әлгі мың қой емін-еркін сыйып кететін алапат ² үңгір бар емес пе? Соны көрелік, – деп Жасаған тұруға ынғай берді.

Бәрі бата берісіп, орындарынан түрегелді. Келіншектер ер кісілерге жол берді. Бұлар бір-бірлеп сыртқа шықты. Үй маңында қойдың бас-сипрағын үйітушілер мен ет асушылар ғана қалды. Әбен, Төлен, Жасаған, Таңатар мен Қазыкен жартасқа қара й бет алды.



- ◆ Түркология ғылымы туралы не білеміз?
- ◆ Түрколог ғалымдардан кімдерді танимыз?
- ◆ Көне түркі жазуы туралы не білеміз?
- ◆ Талас жазулары туралы не білеміз?
- ◆ Орхон-Енисей жазуымен жазылған жәдігерлер туралы не білеміз?

¹ *Кегжейтін* – бұл жерде: ойымда жүрген нәрсе, алға қойған мақсат немесе көкейкесті мәселе дегенді білдіреді.

² *Алапат* – 1) ауыртпашылық, қауіп-қатер, қиыншылық; 2) болмыс, тұрпат; 3) күш, қуат; 4) орасан зор, керемет, ғаламат. Бұл жерде: үлкен, көлемді, ауқымы кең деген.

Ғарыштан түскен ғажайып тас

Тірек сөздер

- ауыл
- үңгір
- қара тас
- ирек таңбалар
- сұрту
- ғарыш
- әуе кемесі
- Ай беті

Олар біраз жер өрлеген соң, айналаның көрінісі кеңейіп, иектің арғы жағындағы ауыл мұнартып көрінді. Сай аңғарындағы, өзен жағалауларындағы жайылып жүрген жылқылар күн көтерілген соң аздап шыбындай бастаған. Бастарын төмен салып, құйрықтарын анда-санда желпіп қойып тұр. Манайы тынымсыз ұшып-қонған торғайлар да тым-тырыс. Самал жел де тына қалған. Бәрі де тауға өрлеушілердің көңіл күйлеріне кесел келтіргілері келмегендей тыныш. Төлен өзі бастап келеді. Ол бұл үңгірді жиі көреді. Оның отарларға баратын жолынан қашық емес. Сондықтан ол жеңіл көлігімен жүйткіп өтіп бара жатып бір қарап қоятын. Енді оның қарайған алапат аузына жақындап келеді. Қалғандар да тас-тасты сипалай ұстап ілесуде. Бір кезде Таңатардың сол жағындағы кішкене бұтаның түбінен бірдеме ирелең ете қалды. Селк ете түскен ол ытқып домалақ тас үстіне шығып кетті. Бұл оқыс қозғалысқа қалғандар да бұрылып қараған еді. Қаудырап қалған шөп жапырақтарын сытырлатып бір кара шұбар жылан суылдап кетіп барады екен. Таңатар бір қатерден аман қалғанына қуанып, жылан ұзап кеткенше күтіп тұрды. Содан соң «Тағы да жоқ па?» дегендей айналасын жіті¹ бақылап алып, ілгері қозғалды...

Бәрі үңгірдің төріне дейін өрледі. Ол тұстағы үлкендігі киіз үй шаңырағындағыдай тесіктен сыртқа қарады. Онан көгілдір аспан көрінеді. «Мына үңгір өзі алып ошақты көзге елестетеді екен» деп қойды ішінен Жасаған. Соны ойлап болмайынша, үңгірден қайтып шығып кеткен Қазыкен:

– Бері шығыңыздаршы! – деп дауыстап қалды.

«Тағы да кара шұбар жылан ба?» деп қалған бұлар асыға басып, майда тастарды сықырлата сыртқа шықты. Онан оңға бұрылды. Қазыкен үңгірдің сол қапталын ала кара жерге жантая қадалған бір үлкен тастың алдында тұр. Тас қандай да бір жалынның ыстығынан қарайып күйген. Бір қарағанда-ақ жер тасына ұқсамайтын сияқты. «Бұл неғылған тас болды екен?» деген ой бәрінің де ми кыртыстарын шарлап өтті. Енді қай-қайсысы да неше кара шұбар жылан келсе де қорқатын емес. Бар есіл-дерттері әлгі алып кара таста. Мына үңгірдің оң жақ тұсынан келіп ішіне кіріп кеткендіктен, оны ешқайсысы көрмеген еді. Енді қайран болып тұр. Біреу әдейі әкеліп тап осы жерге қадап кеткендей. Жасаған қолындағы фотобейне камерасымен ғажайып тасты бірнеше рет сырылдатып түсіріп алды. Сөйтті де, сәл ойланып:

¹ Жіті – 1) қырағы, көргіш, байқағыш, өткір; 2) ширақ, жылдам, тез, шапшаң. Бұл жерде: екінші мағынада.

– Менің пікірімше, бұл тас аспаннан түскен, – деді оның ол жақ, бұл жағын қарайлап, – үлкен жылдамдықпен келіп қадалғаны көрініп тұр. Аспанда атмосферадағы ауа үйкелісінен лапылдап жанғандықтан, төңірегі қарайып күйіп кеткен.

– Берірек келіңіздерші, – деді сол кезде тас бетін көзімен жіті шолып шыққан Төлен, – мына таңбаны қараңыздар.

Қарайған тастың бір бетіндегі прек-прек бірдемелерге көзі түсіп кеткен Жасаған алтын тапқандай алқына ілгері ұмтылды. Қалғандар да жетті. Бұған дейін Төлен мен Қазыкен кара күйені саусақтарымен үйкеп-үйкеп жіберген еді. Әлгі прек таңбалар сәл де болса анықталды. Жасаған тағы шыдап тұра алмады. Қалтасынан беторамалын алды да, оның тазалығына қарамастан жазуларды үйкеп сүртіп, олардың өзіне таныс таңба-әріптерден құралғанын көргенде жүзі бал-бұл жанды.

– Мынау Талас жазуы ғой! Қайсысыңызда тағы беторамал бар? Сүртіңіздерші тезірек! – деді шыдамсызданып.

Әркім қалтасында барын шығарып сүртіп жатты. Орамалы жоғы жерден кішкене таякша алып, күйелерді өшіре бастады. Жасаған енді қалтасында үнемі жүретін кішкене бәкісін¹ алып, таңбалардың ізін қазды. Олар алғашқыдан да анықтала түсті.

Жазулардың бәрі сүртіліп біткен кезде Жасаған кейін шегініп барып тастағы жазуларды бірнеше рет фотоға, бейнефильмге түсірді. Содан соң қайта жақындап, ондағы жазуларға үнілді. Ірі-ірі таңба-әріптермен кашалып жазылған жазуларды оқып шыққаннан кейін ол былай деп аударды:

«Жұлдызаралық жолымыздағы тоғыз ғаламшардан құралған осы бір жұлдыз жүйесіндегі көгілдір кезбешар назарымызды айрықша аударды. Оның өзіміз аялдаған жалғыз табиғи серігінен мұқият бақылау жүргізгенімізде тіршілік пелері – адамдармен қатар, олардың тасқа ойып жазған жазуларын да кездестірдік. Ол жазулар арқылы Талас делінетін өзен бойын мекен еткен халықтың тарихын білдік. Енді бір келгенімізше олар жоғары мәдениет дәрежесіне жетеді. Сонда біз олармен осы тілде сөйлесетін боламыз. Ал оған дейін олар осы серікке ұшып келе қалса, бұл ескерткішімізді оқып, біздің осында келгенімізді біледі. Бұл тасты сол мақсатта қалдырып отырмыз. Күнгеі ғаламшарының ғарышкерлері».

Жасаған соңғы сөзді оқып-аударып болған соң, жанындағыларға қарады. Бұлар үн қатқан жоқ. Жасағанға мән-жай түсініксіз болса, қалғандар не айтсын?!



¹ Бәкі – 1) ұстара; 2) түйенің терісінен жасалатын кебіс. Бұл жерде: ашпалы-жаппалы шағын қалта пышағы.

Ғалым ә дегенде мұндай жазу шығады деп ойламаған-ды. Енді қараса, мәселе Жерден тыс жағдайға көшкен сияқты. «Сонда мұның қалай болғаны?» деген ой мазалай бастады Жасағанды. Тастың жылылығына қарағанда ол я түнде, я болмаса таң ата құлаған. Мұны әзірге ешкімнің байқамауы да содан болса керек-ті.

Бәрі оның айналасын қарай бастады. Тастың аспаннан келіп түскеніне жанағы сөздерден басқа да бұлтартпайтын дәлелдер бар екен. Ұшу траекториясы осы сай қиясының көлбеулігіне параллель келген. Сондықтан ол қыр көлбеуін жанай ұшқан да, желімен де, отымен де талай тастар мен шөп бастарын күйдіріп барып, осы жерден дамыл тапқан. Қиғаштаған бойы қара жерге найзаша қадала кеткен. Жазуы бар беті де тұп-тура «Мені көріндер, жазуымды оқындар» дегендей ауыл жаққа қарапты.

– Бұл жөнінде тездетіп астанаға хабарлау керек! – деді аз үнсіздіктен соң Жасаған қолындағы сағатына көз салып. – Тамақ жеп болған соң осы іске кірісуіміз керек!

– Сонда мұның не болғаны? Түсінсем бұйырмасын?! – деді Қазыкен тас бетін алақанымен сипап қойып.

– Ғарыштан келгені анық. Ал не жазылғанын өздеріңіз жана тыңдадыңыздар.

– Сонда біздің ата-бабаларымыздың жазулары сонау қиыр кеңістіктегі ғаламшар тұрғындарына да мәлім болғаны ма? – деп тасқа бір, Жасағанға бір қарады Таңатар.

– Соны мензеп тұр. – Төлен тасқа жақын барып, жазуларды бір шолып шықты.

– Ал, ендеше, киіз үйге баралық, – деді сол кезде дегбірсіздене бастаған Жасаған...

IV

Ет желініп болған соң, демалушылар сорпа ішті. Онан кейінгі кезек шайдікі еді. Манадан бері тамақты асығыстау жеп, ішінен дегбірсізденіп, бірақ мәдениеттілік сақтап отырған Жасаған шай жөнінде айтылғанда:

– Шай қойыла берсін. Қарсылық жоқ. Бірақ біз оған дейін жедел іс тындыралық, – деді тұруға ыңғай беріп, – мына жаналықты астанаға хабарлауымыз керек. Бесаспап¹ әуе кемесін жіберсін. Қолды далада жуармыз.


– Ол жаққа тіпті жана ғана өзіңіз түсірген суреттердің көшірмесін де жібермейміз бе, Жәке?! – деді сол кезде Қазыкен.

– Телефакспен бе?

– Иә, көлікте қалағаныңыздың бәрі бар.

– Ендеше, тұралық.

¹ *Бесаспап* – бірнеше жұмысты қатар атқаратын, әмбебап.



Бата берілген соң бәрі сыртқа шығып, өзенге келіп, қолдарын жуды, ауыздарын шайды. Жасаған фотобейне камерасының кішкене саңылауынан бірнеше фотосуретті суырып алып, ішінен жақсысын тандап, Қазыкеннің көлігіне қарай беттеді. Бұл кезде Қазыкен көлігінің басқару пультіндегі ауыл орталығымен байланыстыратын бейнетелефонды қосып үлгерген еді. Жұмсақ орындыққа Жасаған жайғасты.

– Қарағым, бұл Жасаған ағаң еді, – деді ол кішкене экраннан көрініп тұрған жас қазақ қызына, – мені астанамен жалғастыра қойшы.

– Қазір, – деді қыз...

– Амансыз ба, Жанқуат Пазылұлы! – деді Жасаған сабырлы үнмен. – Туған ауылымның тау бөктерлерінің бірінде тұрмын. Белгілі Ақтау ғой. Демалыста едім.

– Иә, білемін. Халің қалай, Жасаған? Денсаулығың жақсы ма? – деп, басшы жылы шырай таныта сөйлеп кетті. – Бала-шағалар аман ба? Демалысың қалай өтуде?

– Рақмет, Жанқуат Пазылұлы! Бәрі ойдағыдай. Демалып жатырмын. Бүгін бір жақын ағайындар бірігіп мына тауға демалуға шығып едік...

– Әрине, ауыл табиғатына не жетсін?! Біз ғой мына қала шуымен арпалысып... Иә, не жағдай, Жасаған? Жай ма?

– Мен мына өзіңіз экраннан шет жағасын көріп тұрған табиғат ортасында бір жаңалықтың куәгері болып тұрмын.

– Иә, ол не жаңалық? – деп елең етті Жанқуат. – Тағы да жазба ескерткіш таптың ба?

– Жазба ескерткіш. Бірақ оның жөні басқа. Жердікі емес.

– Жердікі емесі қалай?

– Ғарыштан келіп құлапты.

– Ғарыштан?

– Иә. Тастағы жазу соны дәлелдеп тұр.

– Сонда ол қашан болған нәрсе?

– Жобалауымша, осы бүгін таң ата түскен. Біз ұстаған кезде ол әлі жылы еді.

– Жазуларын оқи алдың ба?

– Оқыдым.

– Қай тілде екен? Не жазылыпты?

– Мұның ең ғажабы Талас таңба жазуы болып шықты.

– Не дейсін?

– Дәл солай болып тұр, Жанқуат Пазылұлы!

– Мұның қызық екен!

– Көргініз келсе, мен қазір...

Жасаған бейнепульттегі кішкене қақпақты ашып, ішіне тастың суретін салды да, қайта жауып, түймелердің бірін басты. Бұл кезде ғалым да телефаксін қосып, бейне күтіп отырған еді. Бір кезде тілдей жалпақ саңылаудан су етіп сурет түсті. Жанқуат оны еппен қолына

алған да ол жылы еді. Үлкен ғалым тас пішініне, ондағы қым-қуат жазуларға үніле қарап алды. Суреттің эмульциялық бетін шам жаққа қарсы қаратып та барлады. Ал бұл көріністің бәрін Жасаған көліктегі бейнетелефонның кішкентай экранынан ап-анық көріп отырды. Бірер минутқа екі жақта да тыныштық орнаған еді. Әлден соң басшы экранға қайта бұрылды да:

– Мынауың ғажап жаңалық, Жасаған! Құттықтаймын! Алаң болма, айналасы сағат жарым уақыттың ішінде бесаспап жүк тасушы әуе кемесі сонда болады! Күте тұрыңдар. Сол кемемен өзің де бірге келерсің. Қалған мәселені осында шешеміз, – деді...

VI

Төлен көп нәрсенің байыбына бара алса да, ол қауесеттердің бәріне ақыл қойып құлақ салды. Өйткені олардың бәрінде де ой саларлық, адам нанарлық ақыл-кенестер бар еді. Оның ендігі арманы інісі Жасағанның сол тастың қайдан келіп түскенін тезірек анықтауы еді. Көп кешікпей ол ой да жүзеге асты. Бір күні таң алагеуімнен астанадан бейнетелефон соққан Жасаған мынаны хабарлады:

– Күрделі түрлі құралдарымызбен мұқият зерттеу нәтижесінде жұлдызшылар мен түркологтер мынадай қорытындыға келді, – деді ол қолындағы кішкене қағазды көрсетіп. – Тас Айдан келген!

– Айдан?

– Иә, Айдан келген. Таңданатын ештеме жоқ. Бұл ғылымға ежелден белгілі жайт. Айдан ұшып Жерге түскен, Жерден ұшып Ай бетіне жеткен тастардың талайы екі жақтан да табылған. Бірақ мына тас өзгеше.

– Сонда ол...

– Оның сыры былай. Күнгей ғаламшарының тұрғындары Ай бетіне орнатып кеткен бұл тастың жанына қиыр ғарыштан келген үлкен аспан тасы құлаған. Ол күрс етіп Ай топырағын опыра ойып жіберген кезде таңба жазуы бар тас қиыршық шаң-тозанмен бірге ғарышқа қарай серпілген. Содан ұшу жолы Жерге, келіп құлаған тау аңғарына сай шыққан. Былайша қарағанда, біреу әдейі бізге «Көріңдер», «Оқындар жазуын» деп әкеліп қоя салғандай. Мұндай да сәйкестік болады екен-ау!

– Ғажап-ақ! Ал енді олардың жүзін көретін күн туар ма екен?

– Кім білсін, жұлдызаралық сапар күнгейліктерге түк те емес сияқты. Бірде болмаса, бірде келер. Ал жақсы. Осыны айтайын деп едім.

Жасаған қоштасып, бейнетелефонды сөндіруге айналды. Төлен де қош айтып, бейнебайланысты айыратын түймені нұқыды. Сөйтті де, дайын болып қалған дастарқан басына келіп, бір-екі кесе шай ішті. Мән-жайды жұбайы Перузатқа қысқаша түсіндірді. Таулы жерге арналған көлігіне отырып, өзінің қарамағындағы отарларды бір аралап, қойларға ем-дом жүргізіп келу үшін жүріп кетті...



- ◆ Жасағандар үнгірдің жанында қандай құбылысты байқады?
- ◆ Тастағы таңбаларда қандай мәлімет болды?
- ◆ Тастағы жазудың Талас жазуы екенін қалай түсіндіресіңдер?
- ◆ Жасаған ауылдағы жаналықты кімдермен бөлісті?

Айдан келген қонақтар

Төлен болса ыңылдап ән де айтып қояды. Енді біраздан соң ол көлікті сәл иекке қарай бұрып, өткендегі тас табылған жерді бір көрмекке құмарланды. «Апаратын көлік, жаяу жүрер мен жоқ», – деп іштей түйді ол. Сөйтті де, көлікті оңға қарай бұрып, жолсыз жермен келіп, иекке көтерілетін таныс жолға түсті.

Содан сәл жүргенде көлік айнасына бірдеме жарқ етіп шағылысқандай болды. Алғашында Төлен «Сонымда тағы бір көлік келе жатыр ма?» деп қалған еді. Ол екінші рет жарқ еткенде кейіннен емес, төбе тұсынан екені сезілді. Төлен көлікті кілт тежеді де, есігін ашып жерге қарғып түсті. Шағылысқан дене, шынында да, аспанда екен. Алып транзистор тәрізденген бірдеме тарбия қалықтап сай аңғарына қарай түсіп барады. Еш дыбыс жоқ. Егер ол күн сәулесіне шағылысып жарқ етпегенде, Төленнің оны аңғаруы неғайбыл еді. «Мынау әлгі ұшатын беймәлім дененің дәл өзі емес пе?» деген ой сап ете қалды Төленге. «Біздің ауылға да жетіпті-ау пәтшағарын» деп тағы бір қойды. Сөйтті де, артынша көзге түсіп қалмайын дегендей көліктің тасасына жасырынды. Енді оны оталдырудың реті жоқ еді. Әлгілер біліп қоймақ.

Төлен сәл еңкейіңкіреп иекке қарай жүгіре жөнелді. Жолдың он қапталында, иектің дәл үстінде бір-біріне түйісе орналасқан үлкен екі тас бар еді, Төлен соны туралап жөнелді. Ал бұл кезде әлгі ұшатын беймәлім дене өзен аңғарына қонып үлгерген. Төлен еңтіге басып екі тастың арасындағы саңылаудан қарағанда, аспан кемесінің тап өздері киіз үй тіккен орынға қонғанын көрді. «Енді қайтер екен? Кімдер болды екен бұлар? Неде болса бір көріп алатын болдым! Үлгі тек газет-журналдан оқып, радио-теледидардан естіп-көруші едім, енді өз көзіммен көріп тұрмын! Өз көзіммен!» деп іштей қуанды Төлен.

Аспан кемесі біршама уақыт тым-тырыс тұрды. Сонан соң астыңғы жағынан сыр етіп кішкене кабина жерге түсті. Кабина ішінен үш адам шықты. Киімдері ақшаңқай түсті. Өздері денелі. Белдеріне жалпақ өрнекті белдік буынған. Шаштары қысқа. Сақал-мұрт қойғандары да алыстан аңғарылады. Қолдарында қолшамы тәрізді бірдемелері бар... Жайымен жоғары өрлеп, әлгі таңба жазуы бар тас табылған

Тірек сөздер

- Таңбалы тас
- Талас жазуы
- Аспан адамдары
- Кит шоксұлдызы
- Күнгей ғаламшары



жа кка барды. Айналаны бақылап, нықтарындағы құралдары ызындап жатты. Төлен енді өзін еркін ұстап, тас қуысынан сәл шығып, иегін көтере жоғары қарап еді, бір сәуле жарқ ете қалды. Бұл тез бұғып, қуысқа қайта тығылды. Сол кезде жолдың сол жағындағы үлкен жалпақ тас бетінен түтін будақтады.

Ештемені түсінбей, Төлен не істерін білмей қуысқа тығыла түскен

еді, әлгі будақ түтін сейілгенде тас бетінен ойылған таңба жазулар бадырайып көзге бірден ұрды. Таныс таңба, Талас жазуы. Төлен оны «Біз сізді манадан байқап тұрмыз. Қорықпаңыз. Тілдесуге шақырамыз» деп күбірлеп оқып шықты. Бірақ сонда да болса сенімсіздік білдіріп, «Өздерімен бірге әкетіп қалса қайтемін? Ауылдың бір адамы да білмейді» деп те уәйім кешіп үлгерді. Бірақ аспаннан келген бейтаныстар тыныш қалмады. Әлгі тастың беті тағы түтінденді. Түтін сейілгенде алдындағы таңба жазулардың зым-зия жоғалып, орнына басқасының пайда болғанын көрді. «Қорықпаңыз, бері шығыңыз» деп жазылыпты онда. Төлен оны оқып болып, иекке қарай бұрыла бергенде үш денелі адамның қарсы алдында қаз-қатар тұрғанын бір-ақ байқады. Сасқанынан сәл кейін шегініп барып, сабыр сақтап тоқтады да, олардың бет-жүздерін, дене мүсіндерін көзімен тез шолып өтті. Сол кезде олардың ортадағысы:

- Сіз кім боласыз? – деп көне түркі тілінде сөйледі.
- Қазақ деген ел боламыз, – деді Төлен де сол тілде.
- Қазақ...
- Иә.
- Мына таңба жазуды қай кезден білесіз?
- Жыл есептеуіміз бойынша VI–VIII ғасырлардан бері.
- Түсінікті, – деді аспан адамдарының ортадағысы. – Сіздер бүгінде де осы таңба-әріпті қолданып, осы тілде сөйлейсіздер ме?
- Иә... – деп, Төлен көкейінде «Біз әлдеқашан басқа ұлттың әріптік жүйесіне ауысып кеткенбіз» деген сөз сайрап тұрса да, сасқанынан жалған айта салды.
- Бізге керегі де осы еді, – деді аспан адамдарының оң шетіндегісі.
- Жолымыз болды, – деді сол шеттегісі.
- Мына тауға құлаған жазуы бар тасты сіздер алдыңыздар ма?
- Иә, – Төлен аспан адамының бет-жүзіне тағы бір барлап қарады.
- Түсінікті.

Аспан адамдары бір-біріне қарап қойды. Содан соң Төленге әлі сенбегендей бір-бір адым жақындап:



– Жаза білесіз бе? – деді.

– Білемін. Оқи да білемін, – деді Төлен кішкене еркінсіп.

– Есіміңізді ана тасқа жазыңызшы, – деп, ортадағысы қолындағы қолшам тәрізді құралын Төленге ұсынды.

Төлен оның бір түймесін басып калып еді, тас бетінде әріптер пайда болды. Сол замат түймені қайта босатып жіберді де, екіншісін нұқыды. Әлгі әріптер лезде жоқ болды. Мән-жайды түсінген Төлен енді аспан адамдарына бір қарап алып, жалпақ тасқа «Төлен» деп жазды. Аспан адамдары ризашылық білдіріп, бастарын изесті. Төлен құралды қайтарып берді. Олар тағы да бір-біріне қарасты. Содан ортадағысы:

– Бізге бәрі түсінікті. Қайтамыз. Сау-сәлемет болыңыз. Тіліңізді, әріптік жүйеңізді ешқашан ұмытпаңыз. Бұл тіл, бұл жазу біздің байланысымызға басты дәнекер болады. Біз өздеріңіз Кит дейтін шоқжұлдыздағы жұлдызды жүйеден келіп тұрмыз. Тұрағымыз Күнгей деп аталады. Біз әлі ораламыз.

– Сау болыңыздар, – деді Төлен аз уақыттың ішінде бауыр басып қалғандай сүлесок.

Аспан адамдары кейін бұрылып, өзен аңғарына қарай түсіп кетті...



- ♦ Тасты зерттеген түрколог мамандар қандай қорытындыға келді?
- ♦ Тас түскен жерді көрмек болған Төлен қандай ғажайыпқа тап болды?
- ♦ Төлен аспан адамдарымен қалай тіл табысты? Аспан адамдарының жерге түсудегі мақсаты не еді?

Жарық ғаламшарының тұрғындары

Ел санасы ояна бастады. Ежелгі тастағы жазуларға мән бермейтін жастардың өздері де енді оның алфавитін күтуде. Талай түрколог-ғалым Жасаған Қайдарұлының атына тележазба жіберді, хат жазды, бейнетелефон соқты. Бәрі де ол қазақ алфавитінің жуық арада болатынын, газет-журналдарда жарияланатыны жөнінде жауап алып жатты. Ауылда атабаба қалдырған асыл мұра – таңба жазуды түрлі кітаптардан өз бетінше оқып, жазып, сөйлеп үйренгендері де аз болған жоқ. Соңғы күндері әсіресе жастар жағы Төлenniң үйінен үзілмейтін болды. Бәрі де төл жазуын қойындәптерінде ұстап жүргені.

Ауыл тұрғындарын да, қазақ жері тұрғындарын да, күллі Жер шары тұрғындарын да басты елендеткен нәрсе олардың «Біз қайта ораламыз» деген бірауыз сөздері еді. Бұл қаны қазақтың бәрінің жадында жаттаудай жатталып қалған. «Оған дейін біздің төл алфавитіміз ғана емес, осы ана тілімізде барлық адам сөйлейтін болуы тиіс» деген ой әркімнің де көкейінде жүрді. Төлен болса да әбігер. Өзіне келушілерді күн-түн

Тірек сөздер

- Жер шары
- Кит шоқжұлдызы
- Жарық ғаламшары
- Мерген шоқжұлдызы
- Көгілдір ғаламшары

деме й үйретумен отырады. Еш жалыққан емес. Қайта қуанып, тек таңба жазудың өзіндік ерекшеліктерін, оған сонау бір алыс жұлдызды жүйедегі жоғары саналы азаматтардың ерекше бағалап отырғандарын, оны білмеу өзімізге ұят болатынын, ұлт қана емес, қазақ деген ұлт атына, өзіміздің таңба-әрпіміздің жоқтығына кір келтіретінін бар жан-тәнімен түсіндіріп жатқаны. Соның әсері ме, ауыл аймағындағы тастарда Талас таңба жазулары көбейіп кетті. Арнайы қоршалған сай аңғарындағы үлкен тастың біріне «Біз сіздерді асыға күтеміз, аспан адамдары!» деген үлкен таңба жазу қашалып жазылды. Сөйтіп, аз күннің, аз уақыттың ішінде-ақ Жер шарында жаңа бір алфавит – қазақ алфавиті бірінші орынға шықты.

Өзіне ғана рұқсат етілгендіктен, Төлен күн сайын отарларды аралауға бара жатқанда аспан адамдарымен тілдескен сай аңғарына бір көз салып өтеді. Ішінен қуанып, ерекше бір жігерленіп, ежелгі тілде күбірлеп сөз айтады. Отардан қайтып келе жатқанда да осыны істейді. Әйтеуір, сол араға көзі бір тоймайды. Ал осы жаңалыққа дейін соған кім осыншалықты назар аударып көріпті?! Тас кәдімгі тас, сай кәдімгі сай, өзен сол өзен қалпымен күркіреп ағып жатқан еді. Жаңалықтың күдіреті деген осы. Айналасы екі аптаның ішінде Жер шарына әйгілі орынға айналып шыға келді.

Бүгін Төлен отардан оралған бетте Жасағанға бейнетелефон соғып, ауылда болып жатқан жаңалықтарды айтты. Өзінің күн сайын тас түскен, аспан адамдары қонған сайды бақылап жүретінін, әзірі ештеме өзгеріс болмағанын хабарлады. Сонан кейін әдеттегісінше алфавиттің жайын сұрады. Жасаған оны жасап біткенін айтқанда қуанышында шек болған жоқ. Төлен телефакс арқылы оның бейнесін көшіріп алды.

Ертеңінде ол алфавит күллі газет-журналдарға жарияланды, радио, теледидар арқылы хабарланды. Бұл тіл Жер шарындағы негізгі тіл болып саналып, барша халық оны үйренуге кірісті. Жұлдызды әлемнен келетін меймандармен емен-жарқын сөйлесуді кім-кім де армандайтын еді. Оны үйренуді тіпті ел басшыларының өздері де дәреже санаған. Өйтпеген күнде аспан адамдарының алдында кешеуілдеп қалғанын танытып алмақ. Олар осы жағын баса ойланған еді.

VIII

Осы іс-әрекеттер жүріп жатқан кезеңде дүниежүзінің ең ірі-ірі деген расытханаларындағы жұлдызды әлемді зерттеуші ғалымдар Кит шокжұлдызындағы тіршілікті ғаламшарлардан хабар күтумен болғанды. Соның бір орталығы Алматы маңындағы Асы-Түрген жотасында еді. Мұнда Қазақ расытханасының диаметрі мың метрлік радиотелескопы орнатылған-ды. Онда көптеген ғалымдар жұмыс жүргізуде-тін. Оларға академик Балбек Ерқуатұлы басшылық етеді. Бүгін ол кезекті зерттеуге өзі келген, Балбек алапат құралдың бірнеше бөлмелерін аралап өтіп, жерден тыс мәдени дамудан дабыл қабылдайтын құрал орнатылған арнайы орынға келді. Ондағы түрлі компьютерлердің

жұмысы н бақылап шығып, әзірге ешқандай хабар-нышан білінбеген соң, екінші қабатқа көтеріліп, балконға шықты. Жана Ай туар күннің қарсаңы болғандықтан, ашық аспанда тек жұлдыздар ғана менмұңдалап жымындаумен көз тартты. Жұлдызшы ғалым балалық шағынан арман еткен осы бір мамандығына дән риза болғандай аспан күмбезін бұрыла қарап шықты. Тіршілікке қолайлы ғаламшарлар болуы мүмкін-ау делінген шокжұлдыздарға айрықша назар аударды. Күні кеше ғана Кит шокжұлдызынан келіп кеткен бөгде ғаламшарлықтардан әлі хабар жоқ. Егер бір шокжұлдыздан адамдар келген болса, онда басқа жұлдыз жүйелерінде де тіршілік болуы тиіс. Жұлдызшыларды осы ой айрықша еліткен. Сондықтан да өзге әлемнен туыстар іздеу ісі қауырт кезең алған.

Балбек біраз тұрған соң ішке кіріп, балкон есігін жапты да, тынымсыз ызындап жұмыс істеп тұрған құралдар бар әлгі бөлмеге қарай бет алды. Сол кезде оның құлағына айрықша дабыл шалынды. Балбек бір құбылыстың болғанын тез түсіне қойды. Тепкешекпен жылдам басып бірінші қабатқа түсіп, жерден тыс мәдени дамумен байланыс ұстайтын құралдар орнатылған бөлмеге жақындағанда оның ашық қалған есігінен жыпылық қакқан қызылды-жасылды шамдар да көзге шалынды. Балбек келген бойда шұбатылып еденге түсіп жатқан жіңішке таспаға жармасты. Екі алақанын жайып жіберіп, зер сала қарағанда күні кеше ғана әлемдік тілге айналған таңба жазу көзіне оттай басылды... Балбек енді осы жазуларды есте сақтайтын құралға көз тікті. Ондағы жұмыс жүйесі де ойдағыдай екен. Ғалым барлық істі асықпай тиянақты жасады. Содан кейін жұлдызды әлемге хабар таратқыш құралдың алдына отырды да, кішкене ақ қағазға Талас таңба жазуы негізінде жасалған қазақ әрпімен «Жарық ғаламшарының тұрғындарына! Радиодабылдарыңызды алдық! Елшілеріңізді асыға күтеміз! Сәлеметте жолығайық! Жер тұрғындары атынан академик Балбек Ерқуатұлы» деп жазып, астына қолын қойды. Сонан соң оны жұлдызды әлемге дабыл таратқыш құралдың тілдей саңылауына салып жіберді. Артынша шағын экран бетінен әлгі жазған сөздері прек-прек болып жылдам жылжып өтіп жатты.

Дабыл беріліп біткен соң, Балбек көрші бөлмедегі бейнетелефон торабына келді. Онан Жер шарындағы барлық ірі расытханаларға шұғыл хабар берді. Соында ғалым Жасағанның үйіне ойысты. Ол тез жауап берді. Жасаған әдеттегісінше түннің бір уағына дейін кітап оқып отыр еді. Белгілі жұлдызшы Балбек Ерқуатұлының бал-бұл жанған жүзін көргенде таң болды. Бұл аман-саулықтан соң қуанышты жаңалығын айтты.

– Тарих тағылымы деген осы да, – деді аз үнсіздіктен соң Жасаған, – Жерден тыс әлемнен жұлдызнамашы ғалымдарымыз қанша уақыттан бері осындай саналы хабарды күтіп келді десеңізші. Енді, міне, көктен іздеген туыстарымыз да табылды.

– Мұның бәрі де сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесі, – деп жымиды бейнетелефон экранында Балбек.

– Олай деу артығырақ болар. Алғысымызды ата-бабаларымызға айтуымыз керек. Міне, солардың тасқа жазып қалдырған жазба ескерткіштерінің арқасында халқымыздың ұлылығын Жер шары ғана емес, күллі әлем мойындап отыр.

* * *

Осы оқиғадан кейін бірер күн өткенде академик Балбек Еркуатұлы қазақ әрпімен жұлдызды әлемнен жеткен тағы бір дабылдың куәсі болды. Бірақ ол енді Мөрген шокжұлдызындағы Көгілдір делінетін ғаламшардың тұрғындарынан жеткен сәлем еді.

Сөз сандық

Жазба ескерткіштер – жазба тіл қалыптасқанға дейінгі хатқа түскен, жазылған, басылған тарихи жазба мұралар (Орхон-Енисей, Талас жазбалары).

Түркология – түркітөктес халықтардың тілін, әдебиетін, тарихын, мәдениетін зерттейтін ғылымдар жиынтығы.

Расытхана – астрономиялық құбылыстарды бақылау мен зерттеуге арналған орын.

Ұшу траекториясы – бұл жерде: тастың өткен жолы.




- ◆ Шығарма қандай тақырыпқа жазылған? Тақырыптың өзектілігі неде?
- ◆ «Дабыл» әңгімесінде көтерілген мәселені анықтандар.
- ◆ Әңгіме неліктен «Дабыл» деп аталған? Сендердің көзқарастарың қандай?
- ◆ Жасаған мен Төленин бойындағы қандай қасиеттер ұнады? Қай қасиеттерін өздеріне үлгі тұтар едіңдер?
- ◆ Әңгіменің идеясына сәйкес қандай мақал-мәтелдер, нақыл сөздер айтар едіңдер?
- ◆ Шығарманың мазмұнын ашудағы прологтің орны қандай? Прологте берілген мәліметті талқылаңдар. Автор прологте қандай ой айтқысы келді?
- ◆ Шығарманың сюжеттік-композициялық жоспарын құрыңдар. Оқиғаның шешімінен қандай қорытындыға келдіңдер?

Экспозициясы	Дамуы	Шарықтау шегі	Шнеленісуі	Шешімі

- ◆ Шығармада автор ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын сипаттауда қандай құндылықтарға баса назар аударды? Дәлелді жауап жазыңдар.
- ◆ Жазушының портрет беру шеберлігіне талдау жасаңдар. Кейіпкерлер портретін оқу барысында сендердің көз алдарына қандай адамның бейнесі келді?



- ◆ Шығармадағы көтерілген мәселені қатыстырып, инфографика бойынша мәтін құрастырыңдар.



Петроглиф (лат. петрос – тас және грек. глиф – жазу) – тақтатаас, жартас-тарға салынған суреттер, бейнелер.

ҚАЗАҚ АЛФАБИ									
А	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д	Ә	Ж	З
И	Й	Қ	Қ	М	Н	Ң	О	П	Р
С	Т	Т	У	Ұ	Ү	Ұ	Ф	Х	Х
Ц	Ч	Ш	Щ	Ъ	Ы	Й	Э	Ю	Я
а	ә	б	в	г	ғ	д	ә	ж	з
и	й	қ	қ	м	н	ң	о	п	р
с	т	т	у	ұ	ү	ұ	ф	х	х
ц	ч	ш	щ	ъ	ы	й	э	ю	я

Көне түркі жазуы (басқаша – Орхон-Енисей жазуы) – б.з.б. V ғ. – б.з. X ғ. түркі тайпаларының жазуы.

- ◆ Төл әліпбиімізді қандай үлгіде көресіңдер? «Қазақтың төл әліпбиін» құрастырып көріңдер.
- ◆ Төлен мен күнгейліктердің арасындағы диалогті өңдеп, оларға «Мен қазақтың баласымын» тақырыбында креативті хат жазыңдар.
- ◆ Автор қазақ даласының табиғатын суреттегенде қандай көркемдегіш құралдарды пайдаланған? Түрлеріне ажыратып жазыңдар.
- ◆ Егер сендер күнгейліктермен жолығып қалсаңдар, қандай сұрақтар қояр едіңдер? Көтерілген мәселенің шешімін табуға жетелейтін төрт сұрақ дайындаңдар. Осы сұрақтарды талқылап, хат жазыңдар.
- ◆ «Қазақтың мәдени мұрасы» тақырыбында өлең құрастырып көріңдер.



- ◆ Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштері туралы ғалымдардың еңбектерімен танысып, тастағы жазулар туралы білімдеріңді толықтырыңдар. Ғалымдардың зерттеуі мен кітапта берілген мәліметтегі үндестікті анықтандар.
- ◆ Автор тарихы тереңде жатқан тастағы жазуларымыздың құнын жоғары бағалайды. Сендердің ойларыңша тастағы жазулардың құпиялығы неде?
- ◆ Қазақ жазуының тарихын қарастырыңдар. Қазақ жазуы неше кезенді өткерген екен?
- ◆ Фантастикалық шығармаларға тән ерекшеліктерді іріктеп, осы жаирда әңгіме өрбітіп көріңдер.
- ◆ Төл әліпбиіміз ұлттық мұрамыздың бірі болып саналады. Автор жасаған төл әліпби қандай үлгіде болды деп ойлайсыңдар?
- ◆ Автор қиялының астарында жасырынған шындықты тарқатып жазыңдар.



- ◆ Көне түркі жазба ескерткіштерінің тіліне қатысты ғылыми әдебиеттермен танысып, тезистік жоспар құрыңдар.

Таным көкжиегі: НАСА агенттігі

НАСА (Аэроавтика және ғарыш кеңістігін зерттеу жөніндегі ұлттық басқарма) – 1958 жылы құрылған, АҚШ-тың Вашингтон қаласында орналасқан агенттік. Оның мақсаты – ғарышқа ұшу мен аэроавтика саласында зерттеулерді жүзеге асыру. Бұл агенттіктің негізгі орталығы Флорида штаты болып табылады. Нақтырақ айтсақ, Кеннеди ғарыш орталығындағы Канаверал мүйісі. Басқарма өз жұмысын 1958 жылы «Пионер» ғарышкемесін ұшырып бастаған. Агенттіктің зерттеулері нәтижесінде көптеген ғылыми жаңалықтар ашылып жатыр.



Кері байланыс: «Түртіп алу жүйесі»

Ж.Сахиев шығармаларын оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарына рефлексия жасаңдар.

«Бұрыннан білемін» +	«Жаңа ақпарат» !	«Мен басқаша ойлаймын» -	«Сұрағым бар» ?	«Білгім келеді» ???

РОЗА МҰҚАНОВА
(1964 жылы туған)



Роза Мұқанова 1964 жылы 14 қазанда Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданында дүниеге келген.

1987 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдады. Орталық мұражайда, Қазақстан Жазушылар одағында, Қазақстан Республикасы Ақпарат, Мәдениет министрліктерінде, ҚР Парламент Сенатында жауапты қызметтер атқарған. Қазіргі таңда Ұлттық өнер университетінде шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаз.


Жазушының «Жарық дүние» (1994), «Дүние кезек» (1997), «Құдірет-Кие» (2000) кітаптары жарық көрді. Рабғузидың «Қисса-сұл-әнбийя-и» кітабын қазақ тіліне тәржімеледі (2001).

Р.Мұқанова Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Жалын» журналының, Т.Айбергенов атындағы сыйлығының (1989), Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2002).

Жазушы шағын жанрдағы әңгімелерімен, драмалық туындыларымен танымал. Оның шығармалары түрлі тақырыпты көтеруімен ерекшеленеді. Ол «Мәңгілік бала бейне», «Өзің», «Композитор», «Тұтқын», «Тұл», «Мұқағали», «Патша қатын У» атты әңгімелер жазды.

Жазушы шығармаларынан байқалатын бір мәселе – өнерге құштарлық. Оны «Өзің», «Композитор», «Мұқағали», «Тұтқын» әңгімелерінен көруге болады. «Өзің» әңгімесінің бас кейіпкері – белгілі орыс суретшісі Калмыков. Суретші бейнесінен шығармашылық пелерінің бойындағы еркіндік анық байқалады. Алайда жазушы кейіпкері үшін «атақ пен мадақ» маңызды емес. Тобырға мысқылдай күлетін кейіпкердің өзі туралы пікірі жоғары.

«Тұтқын» әңгімесіндегі айтар ой да қызғылықты. Автор «Тұтқынды» актер, суретші тәрізді өнер иесі ретінде алған. Өнер пелерінің калыпқа сыймайтыны тәрізді оның болмысы бөлек. «Патша қатын У» әңгімесінің желісі кейіпкердің қан қысымымен анықталады. Жазушы нәзік жандыларды саясаткер, күрескер тұлғаға көтереді.



Р.Мұқанова әңгімелерін сахнаға ыңғайлап драмалық туындылар жазды. «Мұқағали» әңгімесінің желісінде «Муза» драмасы тұды. Драмалық туынды ақын ақын Мұқағалиға арналған. Автор ақын өмірінің соңғы сәттеріне жан бітірген. Мұнда да өнер мен өнер иелері туралы мәселелер көтерілген.

«Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің негізінде «Қыз жылаған» пьесасы жазылды. Бұл пьеса «Мәңгілік бала бейне» деген атпен М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театр репертуарынан орын алды. Шығармаға XX ғасырдың 90-жылдарындағы Семей полигоны негіз болған. Қазақ халқының қасіреті әлем трагедиясы ретінде суреттелген. Әлемді алаңдатқан полигон зардаптары адамзат баласына ой салады.

Ләйлә – Абай мен Шәкәрімді сыйлаған Қарауылдың тумасы. Қазақты әлемге танытқан ақындардың елі бүгінде шерменде күй кешуде. Қазақ даласы кенестік дәуірде сынақ алаңына айналды. Адам қолымен жасалған жауыздықтардың зардабын бейкүнә жандар тартуда. Автор қоғам дертіне айналған осы қасіретке шипа іздейді. Мүгедектігінен жасқана беретін Ләйланың Теренсайға жасырынып, Аймен сырласуы аянышты. Оны Ай ғана үнсіз тыңдай алады. Ай ғана қорғансыз періштеге мейірін төге алады. Ал екі аяқты пенделердің қыз жанын түсінбейтіні қандай өкінішті.

Пьесадағы трагедиялы кейіпкердің бірі – Шөкіш. Оның қасіреті Ләйләдан да асып жатыр. Жарымжан баласының болашағынан қорыққан ана шаранадан құтылғанша асығады. Баласын тірідей суға ағызғанмен, өзі айықпас дертке шалдығады. Осындай қасіретті оқиғалар жиынтығы еңсеңді басады. Себебі бұл қазақ халқының қасіреті еді. Автор кейіпкерлерін типтік бейнеге көтерумен қоғам қасіретін әшкерелеген.

М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында «Мәңгілік бала бейне» пьесасы 1996 жылы қойылды. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы осы әңгіменің желісімен 2001 жылы кино түсірді.



- ◆ Роза Мұқанованың қызметтік жолы туралы баяндаңдар.
- ◆ Жазушы шығармалары қай жанрдан орын алады?
- ◆ Өнерге құштарлық жазушының қай әңгімелерінен көрінеді?

«МӘҢГІЛІК БАЛА БЕЙНЕ» ӘҢГІМЕСІ

Менің еу қалпы, дел-сал болып мүлгіген жым-жырт түнді бетке алып терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлдебір бейне қараңдап, сусып барады. «Жап ан түзде жүрген неғылған жан?» –

Тірек сөздер

- жарылыс
- бала бейне
- терең сай
- Аймен сырласу
- сезім
- Қарауыл
- қара жамылу

дейді қыз көңілі алабұртып. «Мен адамдар әулетінің рухымын», – дейді бейтаныс үрейлі үн сонау алыс бір жақтан дауыс салып. Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындай меніреу түнді, сол түнмен айналасып, толықсып тұратын қияқтай әдемі Айды сырлас еткен. Көкірегін кеулеген мұң-арызын осы арада, терең сайда сыбырлайтын. Дөп-дөнгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін. Кейде үніліп қарап қалған кіп-кішкентай Ләйлә-қыз бен быт-шыт болып айырылып жатқан Қарауылдың жеріне есіркей қадалатын. Біресе осы түнді де, кішкентай ауылды да менсінбей қиғаштай шалқайып керіліп жатып алатын. Бәлкім, сонда үнірейіп, ойылып жатқан жаралы жерге қарап: «Апыр-ай, сенде шынымен-ақ қасиет қалмаған ба? Тозған шүберектей осынша жырым-жырым болып не күн туды? Түн ішінде сайға келіп жасырынған мынау неғылған жан? Он алтыдағы бойжеткен қыздың кейпі ме? Сорлы-ау, мәңгі бақи бала кейіпте қалуына не себеп болған, бұл азаптың қай түрі?» – деп бұлардың өздеріне кінә артып тұра ма? Әлде Қарауылдың жеріндегі бар сойқанды сезіп, әлдекімдерге көктен аңырап, қарғыс айта ма, әйтеуір, жанындағы жұқалтаң бұлттарға екі бүйрегін кезек тіреп алып, зарлап тұрғандай көрінеді. Ләйлә Айға қараған қалпы қалғып бара жатыр екен, селт етіп көзін ашты. Жанарынан үзілген бір тамшы жас дір етіп иегіне құлады.

«О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес, адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Алла Тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан», – дейді. Солай ма, жарық Ай? Мен саған ғана, сенің өзіңе ғана сенемін. Тым болмағанда үмітімді сен ақтарсың. Сонда бұл жұрт нені айтады? Мен кіммін осы? Мәңгілік пе? Шынымен-ақ мәңгілік өспей қалған бала кейіп пе?»

Ләйлә-қыз сөйлеп отыр. Мылқау Ай дөңгелеп алыстап барады. Ләйләны да, жерді де аймалап барады. «Өз жасыма лайық қыз болғым келеді. Иә... иә... Менің де әп-әдемі, нәп-нәзік қыз болғым ке...л...е...ді...» Ләйлә жанағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты. Жасаурап, үкідей қадалған қыз көзінен сүп-сұлу, аппақ Ай үрке қашып бара жатқандай көрінді. Сол сегіз жасар мәңгілік бала бейнеде өспей қатып қалған Ләйлә тамыры адырайған егде қолдарын сермеп көкке көтерді.

– Е...е...е...ей... Қашпа менен, қашпа! Бәрібір сені тауып аламын. Жаскандың ба, сен де менен жиіркенемісің, сен де менен қорқамысың жарық Ай?!

Ай барған сайын алыстап, сырғып барады... Мүтедек қызды да, жырым-жырым болып айырылған жер бетін де менсінбей, қап-қараңғы түн серігін қолтықтап, толықсып, кергіп барады, ұзап барады. Ләйлә-қыз одан сайын дауыстап, қол бұлғап айғайлап тұр.

– Ертең де қайта оралшы. Ертең де терең сайда кездесейік. Мен сені сонда күтемін. Терең сайдан күтемін жарық Ай! Ең соңғы сөздерді айтқанда негі кемсендеп, жүрегі құрғыр алай-дүлей соғып, езіліп кетті...

Қыздың көзі жарқ етті. Қатира мырс етіп, айызы қанғандай қыздың аяқ-қолына сұқтана қарады. Ләйлә-қыз мүтедек денесіне сабырлылық жинай алмай, ызаға булығып, қалшылдап барады. Қолы мен аяғына әлдекімнің көзі түсе қалса, қу жанын қоярға жер таба алмай намыстанып, есі шығатын. Мынау шамадан тыс үлкейіп бара жатқан егде қолдар мен жетілмей қалған аяғына ешкімнің көзі түспесе екен, байқамаса екен деп зар қағатын. Ал Қатира болса әдейі қақшып, шошына іменіп, мұның жанды жеріне тиісе түскісі келгендей сұқтана, жиіркене көз тастады. Осындайда Ләйлә-қыздың жаны шырқырап, жасырынар жер таппай аласұрады.

– Қайда болдың деймін? Мал қораға қайтып, қол жетпей у-шу болып жатқанда қайда қашып кетесің? Айт деймін енді, ойбай!

Ләйлә көзін жерден алмаған қалпы:

– Адам емеспіз бе? – деп ақырын күбір етті. Сол-ақ екен, Қатира ыршып түсті.

– Сөзді кара! «Адам емеспіз бе?» – дейді. – Адам сиқы жоқ кейпіне неге қарамайсың, а?

Қатираның ашы тілі сумандап, Ләйләның бала жүрегін қып-қызыл қан жоса етіп тілгілеп, пара-парасын шығарып түтіп жатыр, түтіп жатыр. Бұрын осындайда жанына тиер сөзді естігенде шыр-пыр болып, зар қағып, жылап еңірейтін қыз бұл жолы бедірейіп қатқан қалпы өңі қуарып, Қатирадан көзін алмады...

Жетілмей қалған сәби бетін жап-жалпақ алақанымен басып алып, жүресінен отыра кетті. Сол қалпы пысылдап бастап, төзімі таусылып, көз жасына ерік берді. Мұндайда бүкшініп босағада жылап отырған Ләйлә-қызға бірде-бір жан: «Әй, мынаған не болды, тиіскен кім?» – деп сұрамайды да. Бәлкім, осылай бейшара күй кешіп, жылап отыруы заңдылық деп ойлай ма? «Ей,



байғұс, көз жасыңды біз емес, құдай көрсін. Соның ілтипатын күт, пейілін көр!» – дей ме, теріс қарап күбірлеп өте шығатын. Ләйлә мұны да сезетін. Түн ішінде жарқырап, толықсып шығатын мылқау Айды есіне алып, терең сайға қарай жүгіре жөнелгісі келетіні де сондықтан.

Терең сайға түскен Ай сәулесі бұрынғысынан да жап-жарық. Жер бетін кезіп, жылжыған қалпы Ләйлә-қызды іздеп жүр. Қарауылдың суынан да, жерінен де, тауынан да сұрап, беу-беулеп іздеу салады. «Қайда кеттің? Неғып бүгін терең сайда жоқсың?» деп ана-дауыс жып-жылы алақанымен қолын жайып, сай ішінде қалықтап жүргендей. Түн жамылған сай ішін жап-жарық Ай таң атқандай ағартып барады. «Құлыным-ай» деген ана-дауыс еміреніп келіп, сай ішін жағалап кетті. Сол-ақ екен, тып-тыныш бір әлем орнады да, көкірегі қарс айырылып, ана-бейне дауыс салды.

«Сен құрсақта жатқанда Дегелең тауының түбінен жер астын дүмпілдетіп жарылыс болып жатушы еді, сол басылды ма? Іңгәлап бесікте жатқан сен талай рет сол жарылыстан қорқып, шыр етіп, қолды-аяққа тұрмай безілдеп кетуші едің. Сол әдетің ес білгенше қалмап еді... Сен Шыңғыс тауының етегінен көтерілген ауадағы қып-қызыл, саңырауқұлақ іспетті лаулап тұрған алауға қызығып жүгіре жөнелетін едің, қазір ше? «Апа, тау жақтағы әуеде қалықтап тұратын саңырауқұлақ бүгін тағы да түсіме кірді», – дейтін ең. Сонда әжең жарықтық: «О, қарғатайым-ау! Сен де құдай жеткізсе, сол саңырауқұлақ сияқты жұрттың көзінің жауын алып, лаулап тұратын боласың», – деп мейірленіп, маңдайыннан сүюші еді. «Қазір қайдасың? Қайда кетіп қалғаның?» Сай ішіндегі дауыс әлсіреп сөніп, Ай көтеріліп, биіктеп бара жатқандай болды. Сол қалпы терең сайдағы әр тобылғының түбінен Ләйлә-қызды іздеп, кезіп барады. Бірақ бұл жолы Ай бетіне еміреніп қарайтын терең сайдағы қыз бейнесі көрінбеді.



♦ Ләйләның адамдармен түсінісе алмай, табиғатпен тілдесуінің сыры неде деп ойлайсындар? Неліктен Айды адам жанын түсінетін сырлас етті?

♦ «Бірі – жер баласы, бірі – түн баласы», Ләйләның Аймен сырласқан монологін өлең түрінде жазындар.

♦ «Мүгедек қызды да, жырым-жырым болып айырылған жердің бетін де менсінбей ... ұзап барады». Жер бетінің бұндай кейіпке түсуіне тікелей қатысты жайтты баяндандар.

Қарауылдағы той

Адамдар қарақұрым болып, көп жиналған жерден бойын аулақ салып, көзге түспеуге тырысып жүруші еді. Қатира қоярда-қоймай бұған жік-жапар болып жабысып алды.

– Жүр, Қарауылда той бар. Сонда барайық. Сен сорлы да бір сейіліп қайт.

Ләйлә не айтарын білмей, кезерген жұқалтан ернін тістелей берген: «Елдің көзі-ақ... Жұрттың сөзі...» Бұл ойын Қатіраға сездіріп, мүсәпір күй танытқысы келмеді. Сылтауратып: «Шаршап отырмын», – деген.

– Қой-ей, жүр енді, жүр! – деп, әйел қызды жұлмалай берді де, көнбейтін болғасын, қолын әр жерден бір сумаңдатып қытықтай бастады. Қыз қарқылдап кеп, қыстығып күле орнынан көтерілді де, үп-үлкен алақанымен әйелді кеудесінен итеріп қалды. Сол сәт Қатіраның өңі құп-қу болып кетті.

– Бармасаң қой әрі!

– Барамын! – Кенет Ләйлә әлдекімге ерегіскендей, «барамын» деді. «Шіркін-ай, шіркін-ай десейші! Менен басқаның бәрі де бақытты, бәрі де көңілді. Бұл дүниенің бар бақыты он екі мүшенің саулығында екен ғой. Көпке қиған бақыттың өзіне зар болған қандай сормандай едім». Ләйлә той өтіп жатқан үйдің көңілді адамдарына қызыға қарады. Бұршақ-бұршақ болып төгілген көз жасын әлсін-әлсін ел көзінен жасырып сүрте берді. «Білемін, өспеймін. Қүдірет-ау, басқа мазағын жетпегендей, әлі көрсетер қасіретің көп пе? Онан да біржола жоқ етіп неге жібермейсің? Неге, неге? Саған да керегім жоқ па, менің қасиетсіз бейнеме ыржалаңдап күлгің келе ме? Көңіліңе басқа ермек таппай, мәңгі өспейтін қыз тағдырын қызықтайын дедің бе?»

– Ләйлә, Ләйлек! Ақ Ләйлә!

Қыз жып-жылы жігіт даусына елең етті. Қаптаған жұрттың арасынан әлдекім жырылып қолын созып, бұған қарай жақындай түсті.

«Ой...й, – деп танданды қыз. – Құмарды кара, Құмар! Қандай әдемі болып өсіп кеткенсің. Ғажап! Өзіммен бір партада отырған Құмарым ғой, көршім ғой. Құмар... иә, сен мені үнемі «Ләйлек, Ақ Ләйлек дейтінсің. Ләйлек деген – құстың аты. Ол сондай нәзік, сүйкімді құс дейтінсің!»

Қыз біртүрлі есінен адасқандай есенгіреп тұрып қалды.

– Таныдың ба? – деді жігіт ақырын жымнып.

– Таныдым. Неге танымауым керек? Сен сондай өзгеріп, әдемі болып кетіпсің. Бақыттысың ғой... Кешір мені, ренжіме...

– Сен де... сен де бақыттысың, Ләйлек. Құмар, қыздың мәңгілік құрысып қатып қалған бала бейнесіне мән бермеді, көрмегенсіді, білмегенсіді. Қыздың онсыз да өзіне қадалған мұңлы жанарына жара салғысы келмеді. Оның ішкі дүниесінің ойсырап тұрғанын да сезбегендей, қыздың кіп-кішкентай нығына қолын салып:

– Ләйлек, жүр билейік. Мен сені биге шақыруға келдім...

– Тойға келіп едік. Ауылда ешкім де қалмауға айналған ба, қалай? Сені көріп қуанып кеттім...

Қыз жүзіне қызғылт рең пайда болды. Біртүрлі қысылып, ұялып тұр. Үстіне киген қып-қысқа шыт көйлегінен де, Қатираның қоярда-қоймай мұны бала сияқты етіп дәл төбесіне қып-қызыл бантик тағып бергеніне де намыстанып, күйіп барады. Бірі балалықтан қол үзіп, бозбаланың күйін кешіп жүр. Бірі, керісінше, болашақтан қол үзіп, мәңгілік, мәңгі бақи өспей, жетілмей мүтедек кейіпте қалған. Әлде тағдыр дегеннің өзі осы ма? Өзіне сөйлеп тұрған жігіттің даусы бұл жолы әсерсіз болды ма, әлде тағы бір сүренсіз, сұрғылт ойдың шырмауына түсіп кетті ме, әйтеуір, Құмардың бірде-бір сөзіне құлақ аспады. Меніреу адамша сілейіп қатып қалыпты. Қыз егделеп кеткен қолын жасыра қойды. Ұйқыдан ояғандай есін жнып, жан-жағына қарады. Жалғыз өзі.

– Құмар, Құмар! Қайдасын?..

Қыз жан-жағына жалтақтай қарады. Ығы-жығы халықтың арасынан жігітті іздеген қыз аласұрып, адамдарға тіксіне қарап:

– Құмар қайда? Қайда жібердіңдер, қайда кетті? Қайда... Қайда?! – деп сұрастыра берген. Өмірінде алғаш рет адамдармен қатарласып арман дүниесінің жалынын мықтап бір ұстағандай еді, ол да сусып қолынан шығып кетті. Жаңа ғана бар қасірет атаулыдан біржола арылып, әуеде қалықтап жүр еді, топ етіп қара жерге қайта түсті. Қыз тағы да жан ұшыра «Құмар!» деп дауыстап қалып еді, әлдекімдер мырс-мырс етіп күлгенін, пыш-пыш етіп сөйлегенін сезді...



- ♦ Қыздың шарасыз күйіне, қатал тағдырына кінәліні қайдан іздейсіңдер?
- ♦ Әңгімеде Құмар биден кейін Ләйланы жалғыз қалдырып кетеді. Сендердің ойларыңша бұл дұрыс па, бұрыс па?
- ♦ Қатира Ләйланы өзімен бірге тойға алып барғысы келгенде, ол қарсы болады. Неліктен?
- ♦ Құмар биге шақырғанда арман құшағына еніп, билеп жүрген Ләйланың бір сәтте оның ешбір сөзін естімей, меніреу күй кешуі қалай? Сол сәтте қыз санасын қандай ойлар мазалады?

Қарауыл қасіреті

Бұл кезде Қарауыл қаралы күйде еді. Қарттар жағы күңіреніп, таяғына сүйеніп, күрсініп тұрған. Қара жамылған әйелдер бір-бірімен дауыс салып көрісіп, сай-сүйегінді сырқыратып зарлап жүрген. Бастарын әрең көтеріп: «Айырылдык қой! – дейді. – Болашақтан үміт жоқ бейбақ болдык қой. Ұрпақсыз тұл қалдык қой. Ата-баба жері еді, күлін көкке ұшырды ғой».

Әлсіреген әйелдер бірінің нығына бірі басын сүйеп, еніреп жылауды. Есі шыққан Ләйлә Қатираны іздеп таба алмады. Қарауылға не болғанын, неге осынша анырап, зарлап жатқанын ұқпады. Көзі атыздай болып шарасынан шығып кете жаздап тұр.

«Ойпыр-ай, не күн туған? Не болған адамдарға?!» Қыздың қол-аяғы қалш-қалш етіп, көзі жұмылып бара жатты. Қарауылдың тұрғындары сол күні қақ айырылып, үнірейіп жатқан жерді көрді. Тартылған су мен тұтылған Айды көрді.

Сол күнгі еңіреген қалың жұрттың даусы әлдекімдердің құлағына жеткен бе, ақ киім киіп бейтаныс жандар түн ішінде келіп, жетілмей қалған мәңгілік бала бейне әулетінің бәрін жинап, бітеу кара машинаға тиіп жатты. Ішінен шыққан баласы емес пе, қимастықпен боздаған ата-ана зарлап қала берді. Бұл сәтте Ләйлә терең сайда еді. Оны іздегендер де, іздескендер де таба алмады. Әдеттегідей ел көзінен жасырынып келген Ләйлә-қыз терең сайға жетіп, жарық Аймен кездескен. Ұзақ үнсіздіктен кейін, балалық бар арман-тілегін, Құмарға деген қыз сезімінің бой көтергенін жасырмай, ағынан жарылып түнгі сай ішінде жалғыз өзі күбір-күбір еткен... Сонда Ай жарықтық қыз сезімінің тіршілігіне сүйсініп, дірілдеп, жылап тұрғандай көрінген. Сол түннің суық ызғарын да ұмытып, екі тізесін ебедейсіз өсіп кеткен екі қолымен құшақтап алып Ләйлә ұзақ отырды. Орнынан тұра бере, бұрынғыдай емес денесінің ауырлығын сезді. Бойын күздің кара суығы алып қалды ма, әлде ыстығы көтеріліп тұр ма – егде қолдарының күші қайтып, қайраты таусылып, Қатира үйінің есігін зорға ашты.

Әйелдің шатынаған көздері қадалып, мұның онсыз да жаралы жанын онан әрі жаныштап жіберді.

– Айтпады деме, енді кешігеді екенсің, күз болмақ түгілі, қыс болса да үйден қуып шығамын, білдің бе?

Қатира екіленіп алыпты. Қыздың құлағына алыстан талып қасқырдың ұлығаны естілді.

– Қумашы! – деді, жалына қарап иегі дірілдеп, көзі бозарып кетіпті...

Бас жағындағы өзін бағып отырғандарға көз салды. Екеуі де көрші ауданның басшы азаматтары сияқты.

– Өзіңнің көңіліңді де сұрай келдік, – дегендеріне Ләйлә масайрап, өні қашқан жүзіне қызғылт рең жүгіріп, көзін жерге салды. Осы келіп отырған екеуден қыз жақсылықтың нышанын күтіп, сөздің аяғын бақты.

– Қарағым Ләйлә, сенің де көрген қасіретің аз емес. – Жаңағы сөз бастаған күмілжіп отырып қалды да: – Ертен біздің ауданда қаралы жиын өтпек. Өзің сияқты балаларды өткенде қала жаққа алып кеткен. Содан әлі күнге дейін хабар жоқ. Енді, міне, көзге



көрінер өзін қалған екенсің. Ертең өтетін қаралы жиынға өзінді қолға ұстап көтеріп шықсақ деген ой келіп еді.

Сол-ақ екен, қыздың құлағы шулап, басы айналып кетті.

– Алапат күннің белгісі ретінде, ел басына қатер тұнған күннің белгісі ретінде. Иә... иә, әйтеуір, жақсылықтың емес, жамандықтың, тек жамандықтың белгісімін. О, Құдай...

– Ал, Ләйлә, жолға жиналсақ...

Қыз талықсып барып көзін ашты. Бұл жолы әлгі бір ағыл-тегіл болып жанарына толып кететін жас көрінбеді. Бірақ әлсін-әлсін өксіп берді.

– Жамандықтың белгісі болғым келмейді. Мені аяңдаршы. Мен ел көзіне оғаш, мүгедек болғаныммен, жақсылықты ғана аңсаймын. Мен тек жақсылықты...

Отырғандар түнеріп, үнсіз қалды. Қыздың онсыз да үзілгелі тұрған нәзік жанын ешкім түсіне алмады...

Төсек тартып жатқан қыз бетіне Ай сәулесі түсті.

Қарауылдың барлық терезесінен сығалап, іздеп, тінтіп жүріп Ләйлә-қызды әрең тауып алған сияқты. Әппақ болып, дөнгеленіп, ерекше бір нұрмен қыз бетіне төніп тұр. Науқас қыз Айға қарап алғаш рет жымиған. Көптен күткен жанашырын, сырласын терезе сыртынан байқап қалып, қыз жүрегі елжіреп сала берген. Өз тағдырына, адамдарға деген өкпесі сол күнгі ағыл-тегіл көз жасына айналды. Сол сәт жап-жарық Айдан мәңгілік адасып қалатындай тағатсыздана сүйсініп тағы да қарады.



«Невада-Семей» қозғалысына қатысушылар, 1989 ж.

– Қасірет шеккен жан несінің жалғыз ғана сырласы өзін екенінді ұмытпа! – деді.

Ай да, қыз да бір-бірімен ажыраса алмай, бірін-бірі қымай ұзақ аймаласты. Жарық Ай Ләйлә-қызды қара жерге қымады. Ләйлә да алғаш рет Айды түн қойнына қымаған. Ұзақ кідірістен кейін, екеуінің бір-біріне деген тартылыс сезімі әлсірей берді. Екеуі екі тіршіліктің елшісіндей елеңдеп, алшақтап қашып бара жатты...

Жан тапсырған төсектегі қыз суретін ұзақ аймалаған Ай бәіктеп, жылжып кетті. Мәңгілік қошпасып кетті. Екі тіршілік: бірі – жер баласы, бірі – түн баласы.

Қатира тойға дайындалып жүріп, әдеттен тыс ұзарып, сұлап жатқан Ләйләның қасына ентелеп жетіп барды да, үніле қарады:

– Ойбай, мына бейбақ өліп қалғаннан сау ма? Құдай-ау, өліп қалыпты. Енді қайттім? Қырсықты неменің дәл той күні өлетінін кім білген. Қатира өзінен-өзі сөйлеп, әрлі-бері жүріп сенделіп қалды.

«Қап, дәл той күні қылжия қалғанын көрмеймісің. Қасиетсіз неме. Той үстінде кімге барып атүсті өлімді хабарлайсың. Жатсын енді, менен басқа мұны әзір сезе қойған ешкім жоқ», – деген әйелдің сумақай жүйрік ойы бір сәтте шешім қабылдап, кезеріп жатқан қыз жүзін орамалмен жасырып жаба салған. Сол бойы үйден жүгіріп шыққан Қатира сасып қалды. Алыстан өзіне таныс зарлы әуен талып естілді. Қара жамылған Қарауылдың топ-топ адамдары анырап, тағы да керісіп жүр. Айтқан сөздерінен төбе құйқаң шымырлап, сай-сүйегің сырқырайды.

– Ойпыр-ау, өлтіре ме, қайтеді? Түнде тағы... тағы да... жарылыс болды.. Қатира дір-дір етті.

«Әлгінің өліміне сол жарылыстың әсері болмасын...» – деді іштей сыбырлап. Еніреп жатқан сонау қаралы топты той болатын үйіне жақындатқысы келмеді...

Сөз сандық

Тобылғы – сабағы өте берік, қатты, түзу, жапырағы қауырсын тәрізденіп тілімденген бұта.

Ләйлек – құтан, сидам сирақты құстар отрядына жататын жыл құсы. Осы ләйлекті кейбір жерлерде дегелек деп те айтады. Негізінен, екеуі екі басқа құс.



◆ Кішкене қыздың тағдыры арқылы үлкен адамзаттық мәселені көтерген шығарманың негізгі идеясы қандай?

◆ Кейіпкердің өмір сүрген ортасын жазушы қалай жеткізген?

◆ Ләйлә – трагедиялық образ. Шығармадан Ләйлә бейнесін ашатын үзінділерді дәлел ретінде келтіріңдер.

Теория садықшасы

ПАРАЛЛЕЛИЗМ (егіздеу) (грек. қатарлас, қанталдас) – екі затты не болмаса құбылысты жарыстыра отырып, қатарластыра бейнелеу. Көркем әдебиеттегі бұл әдіс жекелеген каламгерлердің көңіл күй құбылыстарын табиғатпен ұштастыра бейнелеулерінен көрінеді. Абай бастаған қазақ ақындарының поэзиясынан психологиялық параллелизм анық байқалады. Лирикалық кейіпкердің көңіл күй сезімдерін табиғат, жаратылыс құбылыстарымен сабақтастыра суреттеудің жоғары сапасы – психологиялық егіздеу.

Тек қана поэзиялық туындылар емес, барлық жанрлардағы көркем шығармаларда кейіпкердің жан дүниесіндегі көңіл күй сезімдерін табиғат құбылыстарымен салыстыра сипаттау оның эстетикалық әсемдігі мен оқырманға берер әсерін арттыра түседі.



♦ Хрестоматиядан шығарманы толық оқып, әңгімені үш бөлімге бөліп, әр бөлімге атау беріңдер. Неліктен осылай бөлгендеріңді түсіндіріңдер.

♦ «Бұл дүниенің бар бақыты он екі мүшенің саулығында екен ғой», – дейді Ләйлә. Кейіпкердің сөзін дамытып, пікір білдіріңдер.

♦ Гротеск сөзінің мағынасын, қолданылуын мысал келтіре отырып түсіндіріңдер.

♦ Ләйлә мен Ай арасындағы байланыс көркемдегіш құралдың қай түріне жатады?

♦ Шығармадағы психологиялық-эмоционалдық ахуалды табыңдар.

♦ Ләйланың басынан өткен қасірет – Қарауыл халқына ортақ қасірет. Семей полигонынан зардап шеккен адамдардың атынан «Солай ма, жарық Ай?» тақырыбында Айға хат жазыңдар.



♦ «Мәңгілік бала бейне» қойылымын көрдіңдер ме? Шығарманы оқығанда алған әсерлерің мен қойылымды көргендегі әсерлеріңді салыстырыңдар. Қойылымда қандай ерекшелікті байқадыңдар?

♦ Ләйлә – полигоннан келген қасіреттің бейнесі. Семей полигоны туралы ақпараттар мен деректерді жинақтаңдар. Ұлт басына төнген қасіреттің шығармаға арқау болу себебін түсіндіріңдер.

♦ Көрші ауданның басшы азаматтары Ләйланы қаралы жиында көтеріп шыққысы келді. Олар нені мақсат тұтты? Ләйланың қаралы жиынға барғаны жөн бе еді, әлде бармай қалғаны дұрыс болды ма?

♦ Ләйланың прототипі туралы мәліметпен танысыңдар. Шығарманың өмір шындығынан алынғаны мәлім. Семей полигонының зардабы әлі күнге дейін жойылған жоқ. Бұл туралы сеідердің пікірлерін.

♦ Н.Ораздың «Жылқының көз жасы», Д.Рамазанның «Сонғы дем» әңгімелерімен танысып, шығармалардағы әлеуметтік-саяси шындықты анықтаңдар.



♦ «Атам бомбасының зардабы туралы шығармалардағы ғасыр қасіреті» тақырыбында мақала жазыңдар.


Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» шығармасына әдеби сын

Шығарма оқиғаларының тізбегі ХХ ғасырдың соңындағы – 90-жылдардағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік жағдайын шынайы суреттейді. Өткен ғасырдың 90-жылдары депутаттыққа үміткер азаматтар мен азаматшалар соңынан шашпауын көтеріп, сөзін сөйлер нөкерлері мен сал-сері артистерді ертіп ауыл-аймақты аралауды «дәстүрге» айналдырғаны белгілі. Осындай бір топ пьесада Қарауылға да келіп жетеді. Қайтсе де көп дауыс алуды көздеген топ жергілікті халықтың қайғы-мұңын өз мүдделеріне пайдаланбақшы. Осы мақсатта Ләйланы «бетке ұстап», митинг өткізуді бұлар үгіт-насихаттың таптырмас әдісі деп табады. Ләйла өміріндегі осындай жағдайлар жас қыздың жарық дүниеден баз кешіп, өлімге бой алдыруымен түйінделеді.

Альмира Қалиева. Кіт.: ХХ ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі. Алматы: Арда, 2011.

«Нар идірген» сөзжұмбағын шешіндер

1. «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің авторы.
2. «Күй анызы» әңгімесіндегі жас күйш.
3. Ләйланың ауылы.
4. «Күй анызы» әңгімесіндегі тау.
5. «Айдағы жасырынбақтағы» теңіз аты.
6. Сартайдың мұғалімі.
7. Мергеннің планетолог әкесі.
8. Атом бомбасы сыналған тау.
9. «Нар идірген» күйін шығарған күйші.
10. «Дабыл» әңгімесіндегі басты кейіпкердің бірі.



Таным көкжиегі: Невада-Семей қозғалысы

Невада-Семей қозғалысы – 1989 жылы 26 ақпанда ядролық жарылыстарға қарсы дүниежүзіндегі ядролық сынақтарды жою мақсатында құрылған қоғамдық-саяси ұйым. Семейдегі сынақ полигонын жабу жолындағы антиядролық қозғалыстың жетекшісі – Олжас Сүлейменов. Ұйым ядролық сынақтарды қолдануды тоқтатуды талап етті. 1991 жылдың 29 тамыз күні Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы жарлыққа қол қойды. Ірі полигондардың бірін жабу елімізде тарихи оқиға болды.



«Өлімнен де күшті» монументі

2001 жылы 29 тамыз күні «Өлімнен де күшті» монументі Семей полигонының жабылуына 10 жыл толуына байланысты ашылды.

Монументтің биіктігі 25 метр, ені 10 метр, қалыңдығы 2 метр құлпытас тәрізді.

Құлпытастың төменгі бөлігінде мынадай үндеу жазылған: «Уа, жаратқан ие, біз көрген зұлматты енді ешкімнің басына бере керме! Қасиетті Жер-Ананың қасіретті азалы үні әлі естіліп тұр!»



Кері байланыс: «Бес саусақ»

Ақ паракка алақанымызды қойып, жиегін айналдырып бастырайық. Салынған саусақтарға төмендегі сұрақтар бойынша жауап жазайық.

Бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

Балтап үйрек – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?


Орған терек – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім?

**IV бөлім бойынша бақылау жұмыстары****1. Дұрыс жауабын белгілеңдер.**

- «Ләйлә, Ләйлек! Ақ Ләйлә!» деген кімнің сөзі?
 - анасының;
 - аудан басшысының;
 - Қапранның;
 - Құмардың.
- Жаңылдың «Екі күйші, өнерлеріңді бірдей салындар» деуінің мәні неде?
 - қыз екі күйшінің де күйін тыңдағысы келді;
 - Естеместің күйі нарды иіре алмайшы деп ойлады;
 - Естеместің қолқасына қарсы екенін білдірді;
 - әкесінің шешіміне келіскендіктен.
- «Айдағы жасырыпбақ» шығармасының тақырыбы:
 - айды зерттеу;
 - балаларға арналған ойындар;
 - табиғатты қорғау;
 - саяхат.
- Күнге галамшары ғарышкерлерінің тастағы жазуды қалдырудағы мақсаты не?
 - өздерінің жүрген бағытын белгілеп отыру;
 - адамзатты өз галамшарына шақыру;
 - адамдардың тұрмыс-тіршілігін зерттеу;
 - тасқа ойып жазған жазулардың таныс екенінен хабар беру.
- «Апа, тау жақтағы әуеле қалықтап тұратын саңырауқұлақ бүгін тағы да түсіме кірді». *Саңырауқұлақ* сөзін автор неліктен қолданған?
 - жұрттың көзінің жауын алатындықтан;
 - полигонның белгісі ретінде;
 - ғұмыры қысқа өсімдік болғандықтан;
 - Қарауылда саңырауқұлақ көп өсетіндіктен.
- «Мәңгілік бала бейне» шығармасындағы символды табындар:
 - Қарауыл;
 - Жарық Ай;
 - ләйлек деген құс;
 - сай.
- «Күй анызы» шығармасында оқиғаның дамуын көрсетіндер:
 - екі салт аттының жолға шығуы;
 - жолаушылардың жалғыз нарға кезігуі;
 - күйшілердің жалғыз қараша үйге тоқтауы;
 - Естеместің қыздың әкесіне қолқа салуы.



8. «Дабыл» әңгімесінде қандай жазу туралы сөз болады?
 а) төте жазу; ә) Талас жазуы; б) латын жазуы; в) араб жазуы.
9. Ауыл адамдарына төл жазуды үйретуші кім?
 а) Танатар; ә) Жасаған; б) Жанқуат Пазылұлы; в) Төлен.
10. «Айдағы жасырынбақ» әңгімесінде «қазақ халқы оны ежелден-ақ білген екен» дейді. Қазақ халқы не туралы білген?
 а) Айдағы көлеңке туралы; б) жана Айдың тууы туралы;
 ә) Айдағы тіршілік туралы; в) дағдарыс теңізі туралы.

2. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Фантастикалық әңгімелерге тән ерекшеліктер қандай? Бұл жанрдағы шығармалардың басқа әңгімелерден айырмашылығын жазыңдар.
2. «Мәңгілік бала бейне» шығармасында көтерілген басты мәселені анықтандар. Ол мәселенің шешу жолдарын қарастырыңдар.
3. Қазақ алфавитінің түп төркіні, шығу тегі туралы ой өрбітіндер. Латын алфавитіне негізделген жазуға қатысты көзқарастарыңды жазыңдар.
4. Айда ғылыми зерттеу жүргізген ғалымдар нені дәлелдеді? Оның жердегі тіршілікпен байланысы қандай? Ғалымның пікірімен келісесіңдер ме? Өз пікірлеріңді аргументтермен дәлелдеп жазыңдар.
5. Оқыған шығармаларыңда қиял мен шындық қалай көрініс тапты? Сендер үшін қиял қайсы, шындық қайсы? Жазушылардың оқырманға жеткізгісі келген ойы туралы жазыңдар.
6. Әңгіменің «Күй анызы» аталу себебін түсіндіріңдер. Өздерің әңгімеге қандай атау берер едіңдер?
7. «Мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі кейіпкерлер дүниесіне талдау жасаңдар.
8. «Мұны Алла Тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына шүкір етсін деп жаратқан. Солай ма, жарық Ай? Сонда бұл жұрт нені айтады? Мен кіммін осы?» Ләйла-қыздың жанайқайына себеп болған тарихи жағдайдың салдары жайында мақала жазыңдар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қорқыт ата кітабы. Алматы: Жазушы, 1990.
2. «Қорқыт ата» – энциклопедиялық жинақ. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.
3. Қожа Ахмет Насауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. Алматы: Мұраттас орталығы, 1993.
4. Ахмет Насауи. Аудармашы Е.Дүйсенбай. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009.
5. Келімбаев Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1991.
6. Он ғасыр жырлайды. Алматы: Дәуір, 2006.
7. XV–XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1982.
8. Алқаласа әлеумет (жыр жинағы). (Құраст.: Қ.Сыдықов, Ш.Керімов). Алматы: Жазушы, 1991.
9. Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы: Жазушы, 1989.
10. Бес ғасыр жырлайды. 2-т. Алматы: Жазушы, 1989.

Ш.Құдайбердіұлы

1. Базарбаев М. Шәкәрім ақын. Кіт.: Көрікті ойдан – көркем сөз. Алматы: Рауан, 1994.
2. Базарбаев М., Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қазақ әдебиетінің тарихы. 6-том. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті (Ұжымдық монография). Алматы: ҚАЗ ақпарат, 2006.
3. Шәкәрім шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қарасөздер). Алматы: Жазушы, 1988.

М.Дулатов

1. Дулатов М. Бақытсыз Жамал. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991.
2. 20–30-жылдардағы қазақ әдебиеті. Жанаша бажайлау. I кітап. Алматы: Ғылым, 1997.
3. Ысмағұлов Ж. Міржақып Дулатұлы. Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. 6-том. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті (Ұжымдық монография). Алматы: ҚАЗ ақпарат, 2006.
4. Қирабаев С. Тәуелсіздік идеясы – ғасыр басындағы әдебиеттің негізгі тақырыбы. Кіт.: XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі (Ұжымдық монография). Алматы: Арда, 2011.
5. Орда Г. 1920 жылдар әдебиетіндегі тәуелсіздік туралы ұғым мен көркемдік ізденістер. Кіт.: Сөз сыры. Қарағанды: Экожан, 2013.

Б.Момышұлы

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Алматы: Санат, 2005.
2. Майтанов Б. Батырдың дана қаламы. Кіт.: Сөз сыны. Алматы: Ғылым, 2002.
3. Орда Г. Момышұлы Бауыржан. Кіт.: Қазақ көркем сөзінің шеберлері: Анықтамалық. Қарағанды: Экожан, 2010.
4. Орда Г. Соғыс және адам. Кіт.: Қазақ романы: Өткені мен бүгіні (Ұжымдық монография). Алматы: Алматы баспа үйі, 2009.

Д.Исабеков

1. Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. Пьесалар. Алматы: Өлке, 2003.
2. Исабеков Д. Кіт.: Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. Алматы: Ана тілі, 2004.
3. Қалиева А. Дулат Исабеков. Кіт.: XXI ғасыр әдебиеті (2001–2011) (Ұжымдық монография). Алматы: Арда, 2011.

4. *Орда Г., Тәшімова М.* Бүгінгі драматургия. Кіт.: Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар. Алматы: Құсжолы, 2017.

М.Мақатаев

1. *Мақатаев М.* Аккулар ұйықтағанда. Кіт.: Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар. Құраст. Б.Айдарова. Алматы: Жазушы, 1989.

2. *Мақатаев М.* Кіт.: Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. Алматы: Ана тілі, 2004.

3. *Елеубаев А.* Мұқағали Мақатаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Кенес дәуірі (1956–1990) (Ұжымдық монография). Алматы: ҚАЗ ақпарат, 2005.

4. *Орда Г.* Мақатаев Мұқағали. Кіт.: Қазақ көркем сөзінің шеберлері: Анықтамалық. Қарағанды: Экожан, 2010.

Т.Ахтанов

1. *Ахтанов Т.* Боран. Роман, повесть, әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1968.

2. *Елеукенов Ш.* Тахауи Ахтанов. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). 9-том. Кенестік дәуір әдебиеті (1956–1990) (Ұжымдық монография). Алматы: ҚАЗ ақпарат, 2005.

3. *Елеукенов Ш.* Тахауи Ахтанов. Кіт.: Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. Алматы: Алатау баспа-полиграфиялық корпорациясы, 2006.

4. *Орда Г.* Соғыс және адам. Кіт.: Қазақ романы: Өткені мен бүгіні (Ұжымдық монография). Алматы: Алматы баспа үйі, 2009.

Ж.Сахиев

1. *Сахиев Ж.* Көктен келген көшпенділер: Ғылыми фантастика. Роман, әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1998.

2. *Марқабает Ә.* Қазақтың фантастикалық ұлы әңгімелері. Кіт.: Қазақ романы: Өткені мен бүгіні (Ұжымдық монография). Алматы: Алматы баспа үйі, 2009.

3. *Сахиев Ж.* Кіт.: Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. Алматы: Ана тілі, 2004.

4. *Снабаева Б.* Фантаст-жазушы – Жүніс Сахиев // Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газеті. 4 қараша, 2010. // <http://www.aktobegazeti.kz/?p=9227>

Р.Мұқанова

1. *Мұқанова Р.* Муза. Әңгімелер мен драмалық хикаяттар. Алматы: Жазушы, 2004.

2. *Мұқанова Р.* Кіт.: Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. Алматы: Ана тілі, 2004.

3. *Қалиева А.* Роза Мұқанова. Кіт.: XXI ғасыр әдебиеті (2001–2011 жж.) (Ұжымдық монография). Алматы: Арда, 2011.

4. *Мұқанова Р.* Көп томдық шығармалар жинағы. 2-т. Алматы, 2008.

5. *Асқарова Г.* Рабғузидың «Қисас-ул анбийа» ескерткішіндегі «Жүсіп Сыддық» киссасы (түп төркіні мен поэтикасы). Алматы, 2005.

Теориялық еңбектер

1. *Байтұрсынов А.* Әдебиет танытқыш (1926). Алматы: Жазушы, 1989.

2. Әдебиеттану терминдер сөздігі. (Құраст.: З.Ахметов, Т.Шоқбаев). Алматы: Ана тілі, 1998.

3. *Ысмайылов Е.* Әдебиет жайлы ойлар. Алматы: Жазушы, 1968.

4. *Кенжебаев Б.* Шындық пен шеберлік. Алматы: Жазушы, 1966.

5. *Жұматиев Қ.* Стиль – өнер ерекшелігі. Алматы: Жазушы, 1966.

6. *Базарбаев М.* Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Алматы: Жазушы, 1973.

7. *Қабдолов З.* Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992.
8. *Ахметов З.* Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973.
9. *Майтанов Б.* Қаһарманның рухани әлемі. Алматы: Жазушы, 1987.
10. *Нұрғали Р.* Өлең теориясы. Нұсқалық. Астана: Фолиант, 2003.
11. *Мақтырұлы С.* Өлең теориясына кіріспе. Алматы: Ана тілі, 1991.
12. *Дәдебаев Ж.* Өмір шындығы және көркемдік шешім. Алматы: Ғылым, 1991.

Қосымша әдебиеттер

1. *Базарбаев М.* Күдіретті өлең өнегесі. Мағжан Жұмабайұлының өлең әлемі. Кіт.: Көрікті ойдан – көркем сөз. Алматы: Рауан, 1994.
2. *Елеуенов Ш.* Мағжан (Өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы. Алматы: Санат, 1995.
3. XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі (Ұжымдық монография). Алматы: Арда, 2011.
4. XXI ғасыр әдебиеті (2001–2011 жж.) (Ұжымдық монография). Алматы: Арда, 2011.
5. *Дулатов М.* Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991.
6. *Аймауытов Ж.* Шығармалар жинағы. 5-т. Алматы: Ғылым, 1999.
7. *Жұмабаев М.* Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.
8. *Досмұхамедов Х.* Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАР

- <http://adebiportal.kz/kz/authors/view/2263> – Қорқыт ата
<http://kitaphana.kz/ru/downloads/referatu-na-kazakskom/239-tarikh/2770-ahmet-yasau.html> Қожа Ахмет Ясауи туралы
https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B8%D1%83%D0%B0%D0%BD%D0%B8_%D1%85%D0%B8%D0%BA%D0%BC%D0%B5%D1%82 – Диуани хикмет кітабы
<http://el.kz/m/articles/view/content-5023-> Ақтамберді Сарыұлы туралы
<http://ikitap.kz/index.php/catalog/audiobook/5157-tolhauy-> Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғау»
http://balkhashlib.kz/kk/resurs_16/id/3262 - Мұрат Мөнкеұлы «Үш қиян»
https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D2%B1%D1%80%D0%B0%D1%82_%D0%9C%D3%A9%D2%A3%D0%BA%D0%B5%D2%B1%D0%BB%D1%8B – Мұрат Мөнкеұлы туралы
<http://adebiportal.kz/kz/authors/view/1017> - Мұрат Мөнкеұлы
https://www.bilimland.kz/kk/content/lesson/7670-26_murat_mongkeuly_saryarqa - Мұрат Мөнкеұлы «Сарыарқа»
http://kitap.kz/index.php/catalog/book/5341-englik_kebek_anggimesi- Шәкәрім Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны
https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A8%D3%99%D0%BA%D3%99%D1%80%D1%96%D0%BC_%D2%9A%D2%B1%D0%B4%D0%B0%D0%B9%D0%B1%D0%B5%D1%80%D0%B4%D1%96%D2%B1%D0%BB%D1%8B Шәкәрім Құдайбердіұлы
https://bilimland.kz/kk/content/lesson/7700-43_shakarim_qudajberdiuly_zhastarha
 Шәкәрім Құдайбердіұлы «Жастарға» өлеңі

Міржакып Дулатұлы

- https://kk.wikipedia.org/wiki/Міржакып_Дулатұлы
https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/25008
https://www.zharar.com/.../9751-kazakh_dulatov_text_kaza...
abai.kz/post/12879
kineu.kz/kz/o-myryjakypne-dulatove/
e-history.kz/kz/contents/view/2692

Бауыржан Момышұлы

- [https://kk.wikipedia.org/wiki/Ұшқан_ұя_\(повесть\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/Ұшқан_ұя_(повесть))
<https://massaget.kz/blogs/507/>
<https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyrzhan.../35876/>
<https://www.youtube.com/watch?v=rQRHY2ON3Vg>
bilimdiler.kz/.../6903-bauyrzhan-momyshuly-ushkan-uya-ro...

Дулат Исабеков

- [https://kk.wikipedia.org/wiki/Әпке_\(драма\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/Әпке_(драма))
https://kk.wikipedia.org/wiki/Дулат_Исабеков
<https://surak.baribar.kz/410601/>
<https://surak.baribar.kz/454271/>
<https://www.youtube.com/watch?v=uCb4JF-3CPQ>

Мұқағали Мақатаев

- [https://kk.wikipedia.org/wiki/Аққулар_ұйықтағанда_\(поэма\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/Аққулар_ұйықтағанда_(поэма))
<https://surak.baribar.kz/607590/>

https://www.youtube.com/watch?v=k6DEYxv_Av0
<https://www.youtube.com/watch?v=k5qWtXJohjM>

Тахаун Ахтанов

[https://kk.wikipedia.org/wiki/Күй_анызы_\(әнгіме\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/Күй_анызы_(әнгіме))
<https://surak.baribar.kz/261139/>
<https://www.youtube.com/watch?v=FfZm7W2Kszw>
sanatez.net/akhtanov/

Жүніс Сахнев

https://kk.wikipedia.org/wiki/Сахнев_Жүніс
adebiportal.kz/kz/authors/view/1534
www.aktobegazeti.kz › Мәдениет
www.ktk.kz/kz/news/video/2011/12/01/44807

Роза Мұқанова

el.kz › Басты бет › Архив
<https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/teatr/1340/>
adebiportal.kz/kz/news/view/694
kaztrk.kz/.../roza-muqanova-mangilik-bala-beine-tuyndysy-..

Учебное издание

**Дарибаев Самалбай Дарибаевич
Орда Гүлжахан Жумабердикызы
Сатылова Айғаным Елубаевна
КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА**

Учебник для 8 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Оқулыққа суретшілер *Б.Баймен, К.Каметов, А.Дүзелханов, Т.Ордабеков, Б.Ақанов, Н.Сауытбеков, Қ.Шүкірбеков, А.Қабылбек, А.Айтжанов, Б.Дәлетқан, К.Үмбетова* және фотограф *С.Қызылбектің* еңбектері пайдаланылды.

Редакторы *Ж.Досбай*
Көркемдеуші редакторы *А.Ақыл*
Техникалық редакторы *Л.Садықова*
Корректоры *Г.Тұрмағанбетова*
Компьютерде беттеген *Ж.Бекбосынова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген



ИБ № 5689

Басуға 08.06.18 қол қойылды. Пішімі 70×100^{3/16}.
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 14,19. Шартты бояулы беттанбасы 57,40.
Есептік баспа табағы 11,75. Таралымы 70 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz

